

Шызыс жұлдыздары

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ

1

LIANT

Шызыл жұлдыздары

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ

1

ТОМ

СӨЗ ЗЕРГЕРЛЕРІ

•

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2011



Бердібек Сапарбаев

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

ҰЛТ ҰЛЫЛАРЫ ҰШҚАН ҰЯ

Биыл – еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық торқалы тойын атап өтетін ерекше қастерлі, айрықша ардақты жыл. Жігері жанып тұрған жас жігіттің жасындай бұл жиырма жыл, айтуға жеңіл болғанмен, қатпарына үніліп, парактай бастасаңыз, өзіндік терең тарихымен, биік болмысымен, көшелі көкжиегімен тарих төрінен

ойып өз орнын алып үлгергенін бағамдап, байқайсыз. Бұл жиырма жылда бодандықтың қамытынан босап, бостандықтың пырағына мінген кәдірменді халқымыз талай асқаралы асуларды артқа тастады. Ата-бабаларымыз атамекен үшін жан алысып, жан берісіп жүріп, ғасырлар бойы ұмтыла аңсаған асыл армандарына бүгінгі ұрпақтарының қолы

жете бастады. Осы жиырма жылда егемен мемлекетіміз құрылып, оны әлем таныды. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген көшбасшылығымен болашаққа – өркениет өлкесіне жол тартқан керуеніміздің жүгі салмақты, жолы – сара. Еліміздің экономикасы жылдан-жылға нығайып, өндірісіміз өрге басып, тіліміз бен діліміз буыны бекіп, әдебиетіміз бен мәдениетіміз толысып, ғылымымыз бен әлеуметтік салаларымыз кем-кетігін толтырып, заңымыз бен құқық қорғау орындарымыз бекемделіп, қоғамымыз биіктен биікке қол жеткізе бастады. Әлемдік қауымдастық Қазақстанды озық елдермен терезесі тең, қуатты мемлекет ретінде танып, алқасына алып, төрінен лайықты орын ұсынды. Осы жетістіктерге көз сүйіндіре отырып, тәуелсіздікке тәубе айтамыз. Алда алар асулар аз емес, даму жолы даңғыл бола бермейтіні ақиқат. Демократиялық, құқықтық зияткер қоғам құруға ұмтылыс жолында кездескен кедергілер кешеуілдеткенімен, дағдарыстарға доғарылмай, алған беттен қайтпай, қарышты қадам баса беру біздің алысты, биікті көздеген мақсат-мүддемізге сәйкеседі.

Сарыарқаның Абылай аспас сары беліне сәулетті де сәнді сарайлар салып, Астанадай асқақ елорданы орнатқан, айтып тауыса алмас ауқымды жобаларға жол ашқан жиырма жылда Елбасымыздың сындарлы саясаты мен білікті, дана басшылығы арқасында

республикамыздың барлық аймақтары мен өлкелері түбегейлі жаңғыруларды бастан кешіріп, өсіп-өркендеу сатысына өтті. Төрінде данышпан Абай атамыздың ескерткіші асқақтаған біздің Шығыс Қазақстан облысы, алты алаштың ақ бесігі атанған асыл Алтай мен ұлтымыздың ұлыларының киелі ұясы Семей, жағасында күллі түркі дүниесінің алыбы Күлтегіннің кіндік қаны тамған ұлы Ертіс, қоңыраулы көл атанған Зайсан мен ақық алқадай мөлтілдеген Марқакөл, тастарында Қаракерей Қабанбай батырдың тұлпарының ізі қалған барқытбел Тарбағатай өңірлері де еліміздің тарихындағы биік белес – тәуелсіздігіміздің жиырма жылдық торқалы тойын қоғам тіршілігінің сан саласындағы толағай табыстармен, жетістік-жеңістермен, лайықты тартулармен қарсы алып отыр. Қолдарыңыздағы «Шығыс жұлдыздары» атты кітап шуақты да шырайлы Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген халқымыздың біртуар тұлғалары, ардақты ақындары, қарымды қаламгерлері, күміскөмей, жезтаңдай әншілері, сахна саңлақтары, дәулескер күйшілері, өнерпаз өрендері туралы сыр шертеді. Кітап игі жақсылардың өмір жолы ұрпаққа өнеге, келешекке үлгі болса деген ниетпен шығарылып отыр.

Тәуелсіздіктің торқалы тойы тойға ұлассын! Отанымыз бейбіт, отбасымыз тыныш, ошағымыз аман болсын!



АБАЙ
(ИБРАҒИМ)





СӨЗ ЗЕРГЕРЛЕРІ





АБАЙ

Әлемдік деңгейдегі ұлы акын, ойшыл, ағартушы, композитор.

1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келген.

Болашақ ұлы акын ел анасы атанған әжесі Зеренің мол қазынадай аңыз-ертегілерін естіп, Шортанбай, Дулат, Бұқар, Марабай, Шөже се-



кілді акын-жыраулардың тағылымды сөзі мен ғибратты жыр-толғауларын тындап, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өсті.

8 жасында Ескітам медресесінде дәріс алып, ауыл молдасы Ғабитханнан оқыған. 10 жасқа толған соң әкесі оны Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Медресенің үшінші жылында осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқиды.

Құнанбай Абайдың ерекше зеректігін ерте сезіп, оны әрі қарай оқытпай қайтарып алып, ел басқару ісіне баулымақ болады. Сөйтіп 13 жастағы Абай әке ықпалымен әкімшілік-билік жұмыстарына араласады.

Ол әке қасында болған жылдарда қазақ даласындағы әлеуметтік өмір қайшылықтарын жан-жақты тани түседі. Патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен оның аярлығын түсінбей, өзара қым-қиғаш айтыс-тартысқа түскен, танымы таяз болыстар мен ел билеушілеріне қарсы күресуге бел буған Абай болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады. 1875-1878 жылдары Қоңыркөкше еліне болыс болады. 1886 жылы Е.П. Михаэлистің ұсынысымен Семей облыстық статистика комитетінің толық мүшесі болып сайланады.

1885 жылы мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам билыстары бас қосқан төтенше съезд өткізіліп, осы съезде төбе би болып сайланған Абайдың басшылығымен «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесі» әзірленеді. 93 баптан тұратын бұл ереже қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді.

Абай жалпы ел басқару қызметінде барынша әділ болып, халық қамын ойлаған, «Тура биде туған жоқ» ұстанымын ұстанған. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармашылыққа арнаған.

Акын алғашқы өлеңдерін 10 жасында шығарған. Ал қағаз бетіне 80-жылдардың ортасында түсіре бастайды.

Ол – қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз колдануына да жаңа сипат дарытқан акын. Жұртшылықтан ақындық сөзге зор маңыз беріп карауын, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуін талап еткен акын қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын



Абай және әжесі Зере. Суретші Е. Сидоркин

кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауызекі ақындық және ән өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемнің интонациялық-ритмикалық байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилистикалық мүмкіндіктерін молықтырды.

Абайдың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде жаңа, даралық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды.

Ақын «Масғұт», «Ескендір», «Әзім» поэмаларын жазған. Бұларға қоса ол Лермонтовтың «Вадим» атты көлемді прозалық шығармасын және «Демон» поэмасын өлеңмен аударуға кіріскенін ескерсек, поэма жанрындағы ақынның шығармашылық ізденістері аз болмаған. Алайда бұл екі аудармасы мен «Әзім» поэмасы бізге толық жетпеген.

Абай – әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік дара болмысы бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы терең мағыналы философиялық идеяларға толы. Даналықтың өлшемі бола

білген философ-ақынның рухани мұрасы шын мәнісінде қазақ халқының зерделі ойы мен өмірі тұрғысындағы энциклопедия секілді. Абайды танып, белсенді игере отырып, сол кездегі қазақ қоғамының экономикалық, саяси, құқықтық, отбасылық, мәдени-тарихи, моральдық хал-жайынан айқын да толық мағлұматтар алуға болады.

Ақын сусындаған негізгі үш қайнар көз бар. Ол ең алдымен қазақ эпосынан, ұлтымыздың төл ауыз әдебиетінен үйренді және жалпы Шығыстың рухани казынасының да ықпал-әсерінің аз болмағандығы сөзсіз. Себебі Абай күллі араб пен парсының батырлық дастандары мен жырларын, Шығыстың атағы жер жүзіне мәшһүр классик ақындары мен ғұламаларының тарихи еңбектерін, сондай-ақ логика ғылымының негіздері мен мұсылмандық құқық, шарият қағидаларын ұғындыратын білімдарлар еңбектерін жетік меңгерген.

Орыстың көрнекті ақыл-ой алыптары да ақынға елеулі әсер етті. Бұл орайда А.С. Пушкин, А.И. Герцен, М.Е. Салтыков-Щедрин, И.А. Крылов, И.С. Тургенев, Ф.М. Достоевский және тағы басқаларды атап айтуға болады. Абай



Абай және ұлдары Ақылбай мен Тұрағұл

бұлардың шығармаларымен өзі ғана таныс болып қойған жоқ, оларды қазақ тіліне аударды. Ал бұл аудармалары түпнұсқамен тең, тіпті асып түсіп жатты.


Батыс Еуропа мәдениеті де Абай дүниетанымының қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Қазақ кемеңгері Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Льюис, Дрепер, Милль, Бокль және тағы басқа көптеген авторлардың шығармаларын оқыған. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеттерін өз дүниетанымында тамаша ұштастырды.

Абайдың қара сөздері (ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығарма. Олар тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Ұлы ойшылдың бұл еңбегінде гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас қазақ халқының философия тұжырымдамасын құрайды.

Абай музыка саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың музыка өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ақынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, қаламқас», «Ата-ана-

ға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Амал жоқ, қайттым білдірмей» («Татьянаның хаты»), «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау», тағы басқа әндері арқылы ол халықтың ән өнерін сан жағынан байытып қана қойған жоқ, қазақ поэзиясында жаңа өлшем, жаңа түр тапқаны сияқты, қазақ әніне де жаңа әуен-ырғақ, жаңа үн, өлшем мен түр ала келген жаңашыл композитор болды.

А. Жұбанов пен Л. Хамиди ақын Абай әндерін операға пайдаланса, Е. Брусиловскийдің «Жалғыз қайың», А. Жұбановтың «Абай» атты симфониялық поэмалары, С. Шабельскийдің фортепьянолық триосы, М. Скорульскийдің фортепьянолық квинтеті Абай әндерінің негізінде туды. Ұлы ақынның өлеңдеріне қазақ композиторлары М. Төлебаев, С. Мұхамеджанов, Н. Тілендиев, Н. Мендіғалиев, Ә. Еспаев, М. Қойшыбаев, С. Тұрысбеков, тағы басқа композиторлар өздерінің ән-романстарын жазды. М. Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», С. Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» атты романстары – Абай сөзіне жазған вокалдық шығармалардың сәтті үлгілері.



Жидебайдағы Абай мен Шәкәрімнің кесенесі



Абайдың аналары Зере мен Ұлжанның кесенесі



Семейдегі Абай оқыған Ахмет Риза медресесі



Өскемендегі Абай ескерткіші

Елімізде ұлы ақынға жасалған құрмет ерекше. Абай атында қала (Қарағанды облысы), аудан (Шығыс Қазақстан облысы); Семей, Қарқаралы қалаларында, Жидебайда әдеби-мемориалдық мұражайлар бар. Қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі – абайтану ғылымы бүгінде ақын мұрасын кең ауқымда зерттеу мәселесімен шұғылданады. Абайдың әдеби мұрасын студент жастарға тереңдей таныстыру мен оның шығармаларын ғылыми тұрғыда зерттеу мақсатында 1969 жылы Алматы мемлекеттік университетінің (бұрынғы ҚазПИ-дің) қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан Абай кабинеті ашылған. Көптеген қалалардағы театрларға, көшелерге ақын аты берілген және ескерткіш-мүсіндері сомдалған. Абай атында шың, асу бар. Абай қоры жұмыс істейді. Ол туралы фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың классик жазушысы М. Әуезовтің бас кітабы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған. Бұл эпопея дүние жүзі халықтарының 120-ға жуық тіліне аударылды.

Қазақ халқының рухани тұрғыдан өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, 1904 жылы 59 жасында өз туған жерінде өмірден озған абыз Абайдың сүйегі Жидебайда жерленген.

АБАЙҰЛЫ АҚЫЛБАЙ



Ақын.

1861 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Шыңғыстау қонысында туған.

Абайдың үлкен ұлы. Атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған. Ауыл молдасынан білім алған.

Сазгерлік талантымен де халыққа танылған. «Бір ән тауып Әлекең бер деген соң» деп басталатын әні халық арасына кең тараған. Орыс, Еуропа әдебиетімен өз бетінше оқып танысқан. Әкесі Абайдың кеңесі бойынша үш поэма жазған. «Зұлыс» поэмасының оқиғасы ағылшын жазушысы Г. Хаггарттың (1856-1925) «Сүлеймен патшаның кеніші» атты әйгілі романынан алынған. Бұл поэма толық сақталмаған. «Жаррах» поэмасы мүлде жоғалып кеткен. Толық сақталған «Дағыстан» поэмасының та-

қырыбы – әділет пен зұлымдық күресі. Дастанға Дағыстан елінде, Кавказда болған оқиға өзек етіп алынғанымен, қазақ өмірі үшін зор мәні бар әлеуметтік мәселелер көтерілген. Өкінішке қарай, бүгінгі ұрпаққа Ақылбайдың 4-5 лирикалық өлеңі ғана жетті.

1904 жылы Семейде қайтыс болды.

АБАЙҰЛЫ МАҒАУИЯ

Ақын.

1870 жылы туған.

Абайдың бәйбішесі Ділдәдан туған кенже баласы. Жасында молдадан оқып, кейін Семейдегі қалалық училищеде дәріс алады. Мұнда үш жыл оқығаннан кейін науқасқа шалдығып, ауылға қайтады. Алайда өздігінен ізденіп, білімін толықтыра береді.

Әкесінің ақындық қасиетін қадірлеп, өзі де ақындыққа берілген Мағауия әдебиет тарихында абайлық дәстүрді бойына мол сіңірген ақын болып қалыптасты. «Еңлік – Кебек», «Абылай» және «Медғат – Қасым» поэмаларын әкесі Абайдың жөн сілтеуі бойынша жазған. Бірталай өлеңдері бар. Ал «Шәміл» атты поэмасы бізге жетпей, қолжазба күйінде жоғалып кеткен.

1904 жылы 14 мамырда қайтыс болған Мағауия Ақшоқы мекеніндегі Құнанбай бейітіне жерленді.

АБАЙҰЛЫ МЕКАЙЫЛ (МЕКЕШ)

Абай мұрасын насихаттаушы.

1884 жылы дүниеге келген.

Абайдың Әйгерімнен туған баласы. Жас кезінде мұсылманша, орысша сауат ашқан. Абай өлеңдерін түгелдей дерлік жатқа білген. Домбыра тартып, ән айтып, әкесі Абайдың мұрасын насихаттады. Мекайылдың Абай туралы әңгімелерін М. Әуезов жас шағында көп естіген.

1917 жылы патша өкіметі құлағаннан кейін, Алаш партиясы жетекшілерінің ықпалымен, жастардың «Талап» атты мәдени-ағарту ұйымын құрып, төрағасы болды. Осы ұйым арқылы Бүкілресейлік Құрылтай жиылысына сайлау науқанында Алаш партиясын қолдау үшін халық арасында үгіт-насихат жүргізді, Семейде «Абай» журналын шығаруға қаржылай демеушілік жасады.

Елде Кеңес өкіметі түпкілікті орнағаннан кейін қуғын-сүргінге ұшырап, 1931 жылы тобықты руының 70 адамымен бірге атылып кеткен.

АБАЙҰЛЫ ТҰРАҒҰЛ



Әдебиет зерттеуші, аудармашы, қоғам қайраткері.

1875 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында туған.

Абайдың кіші баласы. Жас кезінде мұсылманша, орысша сауат ашқан. Әкесі мен Оспан, Әбдірахман,

Мағауия ағалары қайтыс болғаннан кейін Құнанбай әулетінің басты адамы ретінде жергілікті билікке араласқан.

1922 жылдан біржола шығармашылық жолға бет бұрған Тұрағұлдың әдеби мұраларының ішіндегі ең құнды еңбегі – «Әкем Абай туралы» деп аталатын естелігі.

Шығармаларының негізін көркем аудармалар құрайды. Дж. Лондонның, М. Горькийдің, А. Неверовтың, Б. Прустің еңбектерін аударған. Немере ағасы Кәкітаймен бірге әкесі Абайдың шығармалар жинағын Петербургтен алғаш рет кітап етіп шығарды. Ақын ретінде де танылып, бірқатар өлең жазған.

1928 жылы Шымкентке жер аударылып, 1934 жылы сол өңірде өмірден өтті.

АБЫЛҚАСЫМОВ АЙЖАРЫҚ



Ақын.

1961 жылы 10 қазанда бұрынғы Семей облысы Мақаншы ауданының Жарбұлақ ауылында туған.

1979 жылы Жарбұлақ орта мектебін бітірген. Талдықорған заң техникумын, Семей мемлекеттік педагогтік институтының филология факультетін

бітірген.

тәмамдаған. 1979-1981 жылдар аралығында әскер қатарында болып, 1984-1986 жылдары ішкі істер саласында қызмет еткен.

«Сағынған көздің моншағы» (1992), «Жүректе бүгін сызат көп» (1995), «Махаббатым менің» (1996), «Ең бақытты шақтарым (2003), «Көңілдария» (2003) атты кітаптары жарық көрген.

Бірталай мүшәйраның жүлдегері. Өлеңдері республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

АБЫЛҚАСЫМОВ БОЛАТЖАН



Әдебиеттанушы.

1950 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қабанбай ауылында туған.

ҚазМУ-ді бітірген (1973). Мәскеу қаласындағы Шығыстану институтындағылыми тәжірибе (1977-1979) алмасты. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және

өнер институтында аға лаборант (1973-1975), кіші ғылыми қызметкер (1975-1977, 1979-1981), ғалым-хатшы (1981-1989), докторант (1989-1992); Қазақ мемлекеттік қыздар пединститутында декан, кафедра меңгерушісі (1992-2006); 2006 жылдан өмірінің соңына дейін Еуразия ұлттық университетінде профессор болған.

Ұлттық фольклористикаға деген жаңа көзқарас, соны ізденістерге толы құнды зерттеу еңбектер авторы.

Филология ғылымының докторы (1994), профессор (1996).

2009 жылы өмірден озды.

АЙТҰЛЫ НЕСІПБЕК

Ақын.

1950 жылы 22 қыркүйекте дүниеге келген.

Орта мектепті бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданының Баршатас ауылында бітірген. Еңбек жолын Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде бастаған. 1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

ОСНОВНОЙ ФОНД

№ 241033

«Жаңғырықтар» (1979) поэмалары кезінде «Жа-



1974-1984 жылдары «Балдырған» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі, «Жалын» баспасында редактор, 1984-1994 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1995-1996 жылдары «Ақын» қауымдастығының директоры, 1997-2001 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі болып, 2001 жылдан бері Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Президенттік мәдениет орталығында қызмет істеген және «Алтын тамыр» журналында бас редактор болған. Қазір С. Сейфуллин мұражайының директоры.

«Қозыкөш», «Жүректегі жаңғырықтар», «Әке туралы сыр», «Жаңбыр әні», «Түнде ұшқан тырнарлар», «Рухымның падишасы», «Мұқағали-Желтоқсан», «Бәйтерек», «Көз жасым», «Бөрітостаған», «Құланойнақ» және балаларға арналған «Балабақшаға барар жолда», «Желкілдеп өскен құрақтай», «Күміс күйме» («Серебряный сундучок»), «Қартаймайды күн неге?» атты кітаптары; «Ескендір қорғаны» (Ә. Науаи), «Игорь жорығы туралы жыр», тағы басқа аударма кітаптары шыққан. Түріктің VII ғасырда өмір сүрген ұлы ақыны Жүніс Еміренің, қытайдың көне дәуір ақыны Бо Цзыюдун, француз ақыны Дж. Родаридің, сондай-ақ М. Исаковский, А. Барто, С. Михалков, С. Баруздин, В. Берестов, Т. Сыдықов, С. Жусуев өлеңдерін тәржімалаған.

«Бас сүйектері» (1976), «Жасынның сынығы» (1977), «Найзағай» (1978), «Жүректегі

алы» альманахы жариялаған республикалық байқаулардың жүлделерін, «Мұхтар мен Абыз» толғауы М. Әуезовтің 100 жылдығына арналған мүшәйраның бас жүлдесін алған. «Мұқағали-Желтоқсан» поэмасы 2001 жылы республикалық әдеби байқаудың жүлдесіне ие болды. 2004 жылы ҚР Мәдениет министрлігі жариялаған республикалық патриоттық әндер байқауының бас жүлдегері. Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлығының және халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері. «Парасат» орденімен марапатталған.

АҚАТАЙ СӘБЕТҚАЗЫ



Сыншы, мәдениеттанушы.

1838 жылы Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында туған.

1956-1958 жылдары Қарақас балық зауытында әр түрлі қызметтер істеген. 1969 жылы Мәскеу мемлекеттік универ-

ситетін бітірген. 1969-1974 жылдары Алматы шет тілдер институтында дәріс оқыды. 1974-1988 жылдары Ықылас атындағы ұлттық аспаптар мұражайының директоры, 1988-1996 жылдары Мәдениет қызметкерлерінің санатын көтеру институтында кафедра жетекшісі, проректор, ректор, аға ғылыми қызметкер, ғылым бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Мәскеудегі «Жас тұлпар» атты қазақ жастары ұйымының құрамында студенттер кеңесін басқарды. «Азат» қозғалысының алғашқы тең төрағаларының бірі болған.

«Эзоп мысалдары», «Мінез-құлық мәдениеті», «Тереңнен тартқан тамырлар», «Күн мен көлеңке», «Тышқан жылғы қырғын», «Інжумаржан секілді», «Древние культы и традиционная культура казахского народа», «Қазақ халқының синкреттік дүниетанымы», тағы да басқа ғылыми еңбектердің авторы. «Қазақтың музыкалық фольклоры» атты іргелі монографияны дайындауға атсалысты. О. Сүлейменовтің «Азия» еңбегін қазақ тіліне аударған. 400-ден аса публицистикалық мақалалар жазған.

шығармалары орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылды. Ұлттық мәдениет тарихы, Абай мен Мұхтар, белгілі ақындар мен жыраулар туралы, қазақтың атбегілік, балуандық өнері жайлы ғылыми-көпшілік, этнографиялық мақалалары; ру-тайпалар туралы шежірелері баспасөзде көп жарияланған.

Қ. Алтынбаевтың ел аузынан жинаған ауыз әдебиеті нұсқалары Әдебиет және өнер институтының қолжазба және мәтінтану бөлімінде сақтаулы.

2002 жылы қараша айында туған ауылында дүниесін салды.

АМАНЖОЛ ҚАСЫМ

Журналист, режиссер.

1977 жылы бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданының Айғыз ауылында дүниеге келген.

Туған ауылындағы орта мектепті тәмамдап, ҚазМУ-дің журналистика факультетін және Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясын режиссер мамандығы бойынша бітірген. «Заман-Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», тағы басқа республикалық газеттерде қызмет істеді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасында еңбек еткен жылдары көкейкесті мәселелерге арналған тартымды да тағылымды төл бағдарламаларымен танылды.

Көптеген деректі фильмдердің, оның ішінде Абай, Шәкерім секілді толағай тұлғалар тағдырынан сыр шертетін телекөрсетілімдердің авторы.



Қазақстан Журналистер одағы, Қазақстан Жастар одағы сыйлықтарының және «Серпер» сыйлығының иегері. Қазақстан Кинематографистер одағының «Құлагер» сыйлығын еншілеген.

АМАНЖОЛОВ АЛТАЙ



Түркітанушы.

1934 жылы 2 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген.

1952 жылы Алматы қаласының № 33 орыс орта мектебін алтын медальмен бітірген. М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін (ММУ-дің Шығыс тілдері институты) түрік филологиясы бойынша тәмамдап, аспирантурасында оқиды.

Қазақ КСР Ғылым академиясында кіші ғылыми қызметкер; Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің Қазақстандық мемлекеттік әйелдер институтында аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі болды.

ҚазМУ-дің профессоры, жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1995 жылдың сәуір айынан осы уақытқа дейін жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры.

Екі жүзден астам еңбектері жарияланған. Соның ішінде бірнеше еңбегі шетелде ағылшын және түрік тілдерінде жарық көрді. Қытай мемлекетінің Пекин университетінде ғылыми сынақтан өтті. Ежелгі түркі жазбасын зерттеуге арналған «Бабалар сөзі» атты кітабы (қазақ тілінде) 1988 жылы Пекинде басылып шыққан. 1994 жылы Трабзон қаласында түрік және қазақ тілінде «Жалпы асыл мұра» атты кітабы жарық көрді.

Филология ғылымдарының докторы, академик. Қазақстан мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының құрметті мүшесі. «Еңбек ардагері» медалімен, «Құрмет» орденімен марапатталған. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы халықаралық сыйлығының иегері.

Филология ғылымдарының докторы, академик. Қазақстан мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының құрметті мүшесі. «Еңбек ардагері» медалімен, «Құрмет» орденімен марапатталған. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы халықаралық сыйлығының иегері.

АМАНЖОЛОВ СӘРСЕН

Әдебиеттанушы.

1903 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Егінсу ауылында туған.

1930 жылы Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген. 1931 жылдан ҚазПИ-де дәріс оқып, 20 жылдай осы жоғары оқу орнында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды. 1934-1936 жылдары Қазақтың ұлт мәдениетін зерттеу институтында директор, ғылыми хатшы қызметтерін атқарды. 1937-1942 жылдары КСРО ҒА Қазақстан филиалының Тіл және әдебиет секторын басқарды. 1942-1944 жылдары әскери үгітші, 1944-1958 жылдары «Қызыл Армия үгітшісі блокнотының» жауапты редакторы, 1946-1958 жылдары Қазақстан ҒА Тіл-әдебиет институтында бөлім меңгерушісі болды.

Жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалыптастыруда А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов бастаған ғылыми жұмысты ілгері жалғастырды. Ол жазған қазақ тілі



С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің алдына қойылған ескерткіш

оқулықтары мен бағдарламалары ана тілін оқытуды ғылыми жолға қоюға елеулі ықпал етті. Сонымен қатар әдеби тіл тарихын зерттеумен айналысты.

Алғашқы шығармашылық жолын өлең жазудан бастаған оның «Үнсіз сұлу», «Алтай суреттері», «Бозторғай», «Күрең ат», «Тарих жолы», тағы басқа өлеңдері 1927-1930 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті мен «Жаңа әдебиет» (қазіргі «Жұлдыз») журналында жарияланған. «Есімде қалғандар» (1922) мемуарлық шығармасы кейін «Балдырған» журналында басылды.

Қазақ ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жинап, жариялауға көп үлес қосқан ғалымның «Бөгенбай батыр» (1935), «Қазақ совет фольклоры» (1935), «Қазақтың халық жұмбақтары» (1940), «Тоғызқұмалақ» (1936), тағы басқа кітаптары жарық көрді. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты көлемді зерттеу мақаласы 1935 жылы «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының 5-санында жарық көрген.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі.

1958 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.

АҚЫЛБАЙҰЛЫ ӘУБӘКІР

Ақын, әнші, композитор.

1888 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Шыңғыстау бауырында дүниеге келген.

Абайдың Ақылбайдан туған немересі. Кішкентайынан Оспанның әйелі Еркежанның бауырында өседі. Абай тәрбиесінен де тыс қалмайды. Жастайыннан кисса, өлең-жыр жаттап, домбырада күй тартып, ән салған. Абайдың ықпалымен бірқатар сықақ өлеңдер жазған. Өлеңді қолма-қол суырып та, жазып та шығарған. Шығармаларында заманның келеңсіз құбылыстарын, әділетсіз билік жүргізушілердің пасық қылықтарын ащы мысқылмен аяусыз сынаған. Абай шығармаларын халық арасына таратуға да көп еңбек сіңірген.

Тарихи тақырыптағы «Мамай батыр», «Әнет бабан», «Ақтабан шұбырынды» және әлеуметтік мәселелерді арқау еткен «Оралбай мен Керімбала», «Әреке мен Береке» дастандары бар. Әйгілі ашаршылықтың ауыр көрінісін шебер бейнелейтін «Шыңғыстау» поэмасын жазған.

Халық арасында Әубәкірдің «Көкен қалқам», «Әліпби», «Әубәкірдің әні», «Дариға» атты әндері жиі айтылады.

Шығармалары Қазақстан ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасы мен Семейдегі Абайдың республикалық мұражайы қорында сақтаулы.

30-жылдар зобалаңы кезінде қуғын-сүргінге ұшырап, 1934 жылы қайтыс болған.

АҚЫШ НҮРДӘУЛЕТ



Жазушы.

1950 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Маңырақ ауылында туған.

1973 жылы ҚазПИ-ді бітірген. 1976-1979 жылдары «Мектеп», «Жалын» баспаларында редактор, 1980-

1984 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде аға тілші, 1984-1986 жылдары «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1986-1987 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында сценарийші, 1987-1990 жылдары «Қазақстан мұғалімі» газетінде бөлім меңгерушісі, 1990-1992 жылдары «Халық кеңесі» газетінде шолушы, алқа мүшесі, «Заң» газеті бас редакторының орынбасары, «Балауса» баспасының бас редакторы, «Білім» – «Образование» журналының бас редакторы қызметтерін атқарды. Бүгінде Әдебиет және өнер институтында қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі.

«Үндемейтін ұл» (1982), «Қияннан келген көгершін» (1984), «Сынық домбыраның сазы» (1985), «Таң алдындағы дабыл» (1987), «Жатақхана қыздары» (1990), «Ұры қыздың тағдыры» (2001), А. Қоразбаев туралы «Алтынбектің балалық шағы» (2003), «Балалар елін бағындыру» (2005) атты көркем шығармалар жинағы мен «Зұлмат кезең қазақ прозасында» монографиясы (2005) жарық көрген. Балаларға арналған «Жұмбақ іздер», «Әбдіреден шыққан қылыш», «Қиырдан келген көгершін», «Киелі көлдің қаракшылары», «Бейуақта жанған от», тағы басқа шығармалары бар.

Жазушының «Жұмбақ іздер», «Таң алдындағы дабыл», «Батпақты тоғай басында», «Киелі

көлдiң қарақшылары» шығармалары кезiнде «Жалын» баспасының жабық байқауында жүлделерге ие болған. «Жiгер» фестивалiнiң, Мәдениет министрлiгi байқауының жүлдегерi. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегерi. Халықаралық сыншылар қауымдас­тығының дипломанты. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесi.

АЛШЫНБАЕВ ТҰРДЫБЕК



Жазушы.

1936 жылы 25 сәуірде туған.

Шыңжаң мұғалімдер институтын бітіріп, осы қалада ұстаздық етті. Атамекенге оралған соң Семей қаласында жұмысшы болды. 1965-1988 жылдары «Жаңа өмір»,

«Қазақстан пионері» басылымдарында, «Жалын» баспасында, «Біздің Отан» газетінде қызмет еткен.

«Өткел» (1977), «Жалбыз иісі» (1980), «Асу да асу бел еді» (1987) кітаптары жарық көрді.

АПАШБАЙҰЛЫ АРҒЫНБЕК

Ақын.

1882 жылы Зайсан ауданы Қара Ертіс болысының Ақарал ауылында туған.

Жас кезінде мұсылманша оқып, хат таниды. Он жасынан өлең шығара бастаған. Керімберді Бабаевтың ықпалымен Қазандағы Шәмшиден Құсайыновтың баспасына кисса-дастандар жіберіп тұрған.

30-жылдары Алтайда басталған аласапыран кезінде Гоминданға қарсы көтерілісті қолдап өлең жазғаны үшін түрмеге түседі. Жат жерде жүрсе де, туған жерге деген сағыныш ақынның көптеген жыр шумақтарына шабыт береді. 1915-1925 жылдар аралығында «Қалам алып Арғынбек», «Жер – адамның анасы», «Жігіт сол», тағы басқа көлемді де терең ойлы өлең-толғаулар жазған. «Қазақ Сырдан ауғанда», «Ата жұртым – қазағым», «Россия туралы» дастандары бар. 1927-1928 жылдар аралығында ақын ерекше бір тың шабытпен бітімі бөлек, тілі шұрайлы «Жыр романын» жазады.

Арғынбек өлеңдері Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Түркия елдеріндегі қазақтар арасына кең тараған. Бірқатар туындылары ҚР ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасындағы қолжазба қорында сақталған. Туған жерге деген күңіреніске толы Арғынбектің мұрасы әлі толық зерттеліп, оқырмандарына жете қойған жоқ. Шертілмей жатқан шерлі шежірелері, қазылмай жатқан қазыналары аз емес.

1946 жылы Қытайдағы Алтай аймағында қайтыс болды.

АСҚАРОВ ӘЛІБЕК



Жазушы, тәуелсіз Қазақстанның баспа ісін қалыптастырушы, еліміздегі полиграфия саласының ірі ұйымдастырушысы.

1951 жылы 24 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданындағы Екіаша қыстағында туған.

Алматы көркемсурет училищесін, ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1975-1986 жылдары «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының көркемдеуші редакторы, әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы болды. 1986-1992 жылдары «Өнер» баспасының бас редакторы, 1992-1993 жылдары ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті аппараты Ішкі саясат бөлімінің аға референті, 1993 жылы ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары, кейін бірінші орынбасары, 1998-2005 жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Баспа және полиграфия департаментінің директоры болып қызмет істеді.

ҚР Президенті әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінде сектор меңгерушісі, бас инспектор болды. Қазір бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметінде.

«Құт мекен» (1979), «Тайга толғауы» (1981), «Жасыл әлемге саяхат» (1985), «Ерте түскен бозқырау» (1989), «Өр Алтай, мен қайтеін биігінді?!» (1998), «Мұнар тауды, мұзарт шынды аңсаймын» (2003), «Социализм әңгімелері» (2006), «Социализм хикаяты» (2007), «Шабанбайдай жер қайда?» (2008), «Кешегі күннің хикаясы» (2008), «Тау самалы» (2009), «Алтай – алтын бесік, атажұрт» (2010, сафари жанрында) кітаптарының авторы. «Өр Алтай, мен қайтеін биігінді?!» романы Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан басылып шықты (2005). Әңгіме-повестері «Родники рождаются в горах» (2000), «Скрип соленого сердца» (2006), «Стон дикой долины» (2008), «И смех, и слезы, и любовь» (2009) деген аттармен орыс тілінде жарық көрген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

АСЫЛБЕК ЕДІЛ



Ақын, журналист.

1952 жылы Семей қаласында дүниеге келген.

Семей пединститутының филология факультетін және Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын саясаттанушы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалімдіктен бастап, облыстық «Семей таңы» газетінде (әдеби қызметкерден редактордың орынбасарлығына дейін) және «Казахстанская правда» газетінің Семей облысы бойынша меншікті тілшісі, «Абай» журналының бөлім меңгерушісі, ТВК-6 телекомпаниясы ақпарат орталығының басшысы болып қызмет еткен.

Семей облысы әкімінің баспасөз хатшысы, қалалық қоғамдық келісім және тіл саясаты бөлімінің бастығы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды.

Өлеңдері 1968 жылдан газет-журналдарда жарияланып келеді. «Мерейлі мекен», «Шабит

қайнары», «Alma mater», «Семипалатинская лира» атты ұжымдық жинақтарға шығармалары енген. Екі тілде жазады. 2005 жылы «Көгілдір менің биігім» атты өлең жинағы жарық көрді

АХАНОВ КӘКЕН



Тілтанушы.

1928 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Бозанбай ауылында туған.

ҚазМУ-ді бітірген. Жоғары оқу орындарында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін атқарды.

1977 жылдан Алматы мемлекеттік шет тілдер институтының ректоры болды.

Қазақ тіл білімінің теориялық, методологиялық тұрғыдан жүйеленуін, негізделуін, сондай-ақ қазақ тілінің әлем тілдері арасындағы алатын орны мен ерекшеліктерін зерттеді. «Тіл білімінің негіздері» деген монографиялық еңбегі жоғары оқу орындарында негізгі оқулық ретінде қолданылып келеді. Ал орта мектепке арналған «Қазақ тілі» оқулықтары ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа ана тілінің ғылыми жүйесін меңгертуге қызмет етті. Жалпы тіл білімінің теориясын зерттеген ғылыми еңбектері отандық тіл ғылымына қосылған бағалы үлес болып табылады.

Филология ғылымдарының докторы (1966), Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі (1975).

1978 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.

АХМЕТЖАН ТАЛАПТАН

Жазушы, драматург.

1961 жылы 16 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Теректібұлақ ауылында туған.

1985 жылы Өскемен құрылыс-жол институтын бітіріп, құрылыс саласында еңбек етеді. Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомитетінде редактор; республикалық «Қазақ



әдебиеті» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі; Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде бас маман; «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы; «Парасат» журналында бас редактордың орынбасары; Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары; «Ан Арыс» баспасының бас редакторы қызметтерін атқарған.

«Тұма», «Сұлу мен суретші», «О дүниенің қонағы», «Ақиқат жолы», «Мұң» атты прозалық кітаптары, таңдамалы шығармаларының үш томдығы жарық көрген.

«Қараторғай» атты спектаклі он шақты жылдан бері Батыс Қазақстан облыстық театрының сахнасында қойылып келеді. Алматыдағы Ғ. Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрында «Екі жүрек», «Газша бала»; М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында «Сұлу мен суретші», Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрында «Қараторғай» атты спектакльдері қойылуда.

Шығармалары орыс, түрік, корей тілдеріне аударылды.

Қазақстан Жазушылар одағы Оралхан Бөкей атындағы сыйлығының (1995), Қазақстан Жастар одағы (1996) және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының (2002), халықаралық Валентин Пиккуль атындағы сыйлықтың (2008) иегері.

2009 жылы Алматы қаласында дүниеден озды.

АХМЕТЖАНОВА ЗӘУРЕШ

Тілтанушы.

1947 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай ауданында туған.

Павлодар пединститутының филология факультетін (1970) және Алматы мемлекеттік шет тілдер институтының аспирантурасын (1976) бітірген. Павлодар пединститутында орыс тілі кафедрасының ассистенті (1970-1973), Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер (1976-1990), Алматы мемлекеттік университетінде декан (1991-1993), кафедра меңгерушісі (1990-2002), диссертациялық кеңестің төрайымы (1999-2001), Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры (2002-2008) қызметтерін атқарды.

Ғылыми жұмыстарының бағыты – тіл теориясы, типология және салыстырмалы тіл білімі, әлеуметтік лингвистика, екі тілді лексикография, шет тілдер дәрісханасында қазақ тілі мен орыс тілін оқыту әдістемесі, аударманың лингвистикалық және лингводидактикалық мәселелері.

100-ден аса ғылыми жарияланымның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1989), профессор (2000).

АХМЕТОВ ЕРЖАН

Ақын, жыршы.

1879 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Шілікті ауылында туған.

Атақты Әсет Найманбайұлынан көп тәлім алып, өз жанынан өлең, ән шығарған, айтыстарға қатысқан. 1920-1956 жылдары Қытайдың Тарбағатай өңірінде болып, туған жеріне оралған соң жыршылық өнерін жалғастырды. Әсет, Жанұзақ ақындардың шығармаларын насихаттады. Өз елінің бостандығы үшін күрескен қаһарман туралы «Мырзаш батыр» атты көлемді дастан жазды. Ақын Әзмұхамбет Терлікбаевпен айтысы «Айтыс» жинағының 3-томында (1966) жарияланған.

Батырлар жыры мен ақындар айтысын жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге көп еңбек сіңірді. Ол жырлаған «Арқалық батыр», «Бердіқожа батыр», «Қабанбай батыр», «Бозжігіт», «Бактияр» және басқа да көптеген көлемді жырлар мен дастандар; Әсет пен Ырысжанның айтысы жинақтарға

еніп, ғылыми зерттеулерде пайдаланылды. Ол жинаған ауыз әдебиетінің үлгілері Әдебиет және өнер институтының қолжазба және текстология орталығында сақтаулы.

1967 жылы дүниесі салды.

АХМЕТОВ ЕРЛАН



Ақын.

1975 жылы 20 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында туған.

Орта мектепті үздік аяқтап, ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында, об-

лыстық «Дидар» газетінде қызмет істеген. Ертіс-Баян өңіріндегі «Кереку» апталық газетінің редакторы болған. Бүгінгі таңда республикалық «Руханият» газетінің редакторы, ҚМДБ-ның Павлодар облысы бойынша өкілдігінің баспасөз хатшысы, «Ислам және өркениет» газетінің меншікті тілшісі. 2008 жылдан «Жұлдыз» журналының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, «Қаламгер-Media» орталығының Павлодар облысындағы арнаулы өкілі.

«Ажарлы ауыл, ардақты қауым» атты қазақорыс тіліндегі деректі туындының, «Қамырау жері, Сәмек елі, аман бол!», «Павлодар өңірінің қажылары», «Білім көкжиегі. Горизонт знания» атты кітаптардың авторы. «Жастық әуен», «Айтты», «Баянауыл басынан» сияқты ұжымдық жинақтарға өлеңдері енген. «Оғыландарым», «Жарық дүние» жыр жинақтарының авторы.

Республикалық мүшәйралардың бірнеше дүркін жүлдегері.

АХМЕТОВ ЗӘКИ

Әдебиеттанушы.

1928 жылы 4 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетін (журналистика бөлімін) бітірген. 1947-1951 жылдары Ленинград қаласындағы Шығыстану институтының аспирантурасында оқыды.



1951-1975 жылдары Қыздар педагогтік институтында кафедра меңгерушісі, декан, 1975-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, кейін директоры болып жұмыс істеді. 1975-1984 жылдары Ғылым академиясы қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, 1984-1986 жылдары Ғылым академиясының вице-президенті, ал 1986 жылдан М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет теориясы және методологиясы бөлімінің меңгерушісі болды.

Негізгі монографиялары: «Лермонтов и Абай», «Казахское стихосложение», «Өлең сөздің теориясы», «О языке казахской поэзии», «Абайдың ақындық әлемі», «Современное развитие и традиции казахской литературы», «Әуезовтің роман-эпопеясы», «Әдебиеттану».

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының академигі. Қазақстан Республикасының ғылымға еңбек сіңірген қайраткері. ҚР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері. 1985-1986 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1996 жылы Абай мұрасын зерттеу және жарыққа шығару жұмыстарында

жеткен табыстары үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

2003 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

АХМЕТОВА САҚИНА

Тілтанушы.

1930 жылы Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында туған.

Алматы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітірген (1952).

Семей пединститутының оқытушысы (1952-1957), Мәскеу пединститутының аспиранты (1957-1959) болды. Алматы шет тілдер институтында оқытушы (1959-1986), Қазақ ұлттық техникалық университетінде шет тілдер кафедрасының меңгерушісі (1986-1996) қызметтерін атқарды.

Филология ғылымдарының докторы (1990), профессор (1992).







Ә



ӘБДЕШЕВ ЗАМАНБЕК



Ақын, аудармашы.

1949 жылы 27 қарашада Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Бақасу ауылында туған.

1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Облыстық телеарнада редактор; республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қыз-

меткер; «Жазушы» баспасында редактор; «Ақиқат» журналында бөлім редакторы болып жұмыс істеді. Қазір «Хабар» агенттігі жабық акционерлік қоғамында жауапты қызметте.

Борис Васильевтің «Тамылжыған таң» повестер мен әңгімелер жинағын, Георгий Караславовтың «Шешуші сағат» атты романын, «Қырғыз ертегілері» жинағын, «Неру» өмірбаяндық кітабын, Тәнзила Зұмақұлованың «Салтанат» атты жыр жинағын қазақ тіліне аударды. «Қазақфильм» киностудиясында көптеген фильмдерді тәржімалады. «Мектеп» баспасы қазақ тілінде шығарған С. Алексеевтің «Отанымыздың тарихы туралы әңгімелер» атты балаларға арналған кітабының тарауларын, Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» романын, Мулуд Маммеридің екі романын, Виктор Гюгоның «Аласталғандар» романын аударған. «Жанды табиғат», «Жануарлар әлемі», «Жоғалып жатқан жауһарлар», «Ал-

тын маймыл және басқалар» сияқты сериялы деректі фильмдердің, көркем фильмдер мен телехикаялардың аудармашысы.


ӘБЕНОВ ШӘКІР

Ақын, фольклоршы, композитор.

1900 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Құндызды ауылында туған.

Мұсылманша сауат ашып, Семейдегі шіркеу жанындағы мектепте 3 жыл оқыған. С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндермен етене араласып, С. Сейфуллинге атқосшы болған.

Ш. Әбеновтің халықтық дастанды жаңаша толғаммен жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы 1937 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланды. Сол жылы «халық жауы» атанып, ақыры көрші қырғыз еліне асып кетеді. 1939 жылы Алматыға қайтып оралып, Жанак, Сабырбай, Түбек, Дулат, Байкөкше ақындардың әдеби мұраларын алғаш жазып алып, Қазақстан ғылыми-зерттеу ордаларына тапсырды. Маман-зерттеушілер Әбеновтің орындауында ондаған ән-күйді нотаға түсірді. 1940-1941 жылдары Жамбылдың әдеби хатшысы қызметін атқарып жүргенде жалған айыптау негізінде ұсталып, Семей түрмесіне қамалды.



Ұлы Отан соғысы басталған соң өз еркімен соғысқа аттанып, Сталинград майданында ауыр жаракат алып, елге оралды. 1945 жылы қайта қуғындалып, Сібірге айдалды. 1955 жылы айдаудан босап, 1961 жылы толықтай ақталды.

Абайдың әдеби мектебінің кеңестік дәуірдегі белді өкілдерінің бірі ретінде танылған ақынның тарихи-танымдық тақырыптарды қозғаған «Кейпін батыр» (1939), «Таңшебер – Жапал» (1962), «Ортақ арал» (1968), «Қорқыт қобызы», «Пәрмен», «Алданған қыз», «Патша мен байғыз», «Ана махаббаты», «Тоқтамыс батыр» атты дастандары «Шыңғыстау» (1980), «Шыңғыстау сазы» (1985), «Дастандар» (1991) деп аталатын жыр жинақтарына, тағы басқа басылымдарға енген.

Айтыскер ретінде кеңінен танымал оның Т. Әміреновпен айтысы «Айтыс» (3-том, 1968) жинағында жарияланды. «Алтай аруы», «Сары жұлдыз», тағы басқа 20-дан астам төл ән-күйлері бар.

Қарт шежіреші, батагөй қария 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа салтанатты жағдайда халық атынан ақ бата берген.

1994 жылы 23 қазанда қайтыс болды.

ӘБДІКӘКІМОВ ТЫНЫШТЫҚБЕК



Ақын.

1953 жылы 20 маусымда бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1994 жылы Семей пединститутының филология факультетін бітірген. Қазақстан Жазушылар одағы Семей бөлімшесінің жауапты хатшысы болды. «Абай ауылы» газетінде, Абай мұражайында жұмыс істеген. «Абай» журналының әдеби кеңесшісі.

«Ақшам хаттары», «Рауан», «Қас Сақ Аңкымасы» жыр жинақтарының авторы.

Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері. Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған мүшәйраның бас жүлдегері. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.

Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері. Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған мүшәйраның бас жүлдегері. Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.

ӘБДІРАЙЫМ ТОЛЫМБЕК



Жазушы.

1955 жылы 1 қыркүйекте бұрынғы Семей облысының Аягөз қаласында туған.

Орта мектепті 1972 жылы бітіріп, Аягөз автомобиль жөндеу зауытында еңбек жолын бастады. ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Б. Майлин

ауылдық Кеңесінде, Шұбартау аудандық «Жаңа өмір», Талғар аудандық «Алатау жұлдызы», Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, Көкшетау телерадиокомитетінде қызмет еткен. «Қазақ әдебиеті» газетінің Астанадағы меншікті тілшісі болған. 2006 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне қарасты «Жас өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Астанадағы өкілетті өкілі.

Әңгімелері мен очерктері 1970 жылдан газет-журналдарда жарияланып келеді. «Елегізу» атты әңгімесі 1988 жылы «Арман канатында» жинағына енген. «Еркешора», «Мақтаншақ сары сағат», «Ине мен жіп», «Әуелеп ұшқан тырналар», «Дария шабыт», «Аюқұлақ», «Меңді қыз», Жалқаулыққа кім үйір?» кітаптары жарық көрген.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен марапатталған.

ӘБДІРАХМАНОВ ТӨКЕН



Жазушы, аудармашы.

1917 жылы 5 мамырда Семей өңіріндегі Ақсуат ауданының Қызылтас деген жерінде туған.

Зайсандағы педагогтік училищені, Абай атындағы ҚазПИ-дің тіл-әдебиет факультетін тәмамдаған. 1942

жылдан 1944 жылға дейін Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Майданнан елге оралғаннан кейін Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде қызмет істейді. 1946-1951 жылдары «Пионер» журналының редакторы, 1949 жылы Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бюро мүшесі болған. ҚазПИ-де дәріс оқыған.

«Қарғаш», «Қожанасыр хикаялары», «Екі ертегі», «Қарша қыз» кітаптарының авторы. «Жаңа ғасыр көгінде», «Бекет Өтетілеуов және орыс әдебиетін қазақ тіліне аудару дәстүрі» монографиялары, бастауыш сыныптарға арналған «Ана тілі» оқулығы жарық көрген. Ғ. Тоқайдың, С.В. Михалковтың, В.А. Овсееваның, тағы да басқа қаламгерлердің шығармаларын қазақ тіліне аударған.

«Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. Филология ғылымдарының кандидаты.

ӘБДІРАХМАНОВА ТҮРСЫНХАН



Акын, әдебиеттанушы.

1921 жылы 5 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында туған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында мұғалім, мектеп директоры, Абай, Аягөз аудандық комсомол комитеттерінде бірінші хатшы,

Шар аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі, 1947-1949 жылдары Алматы Жоғары партия мектебінде тыңдаушы, Алматы қаласы Совет аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1950-1954 жылдары «Қазақстан әйелдері» журналының бөлім меңгерушісі, 1954-1956 жылдары ҚазМУ-де студент, 1959-1963 жылдары аспирант болды. Кейін Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетте аға редактор, Қазақ КСР ҒА-сында ғылыми хатшы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болды.

«Ән», «Әннен – әнге», «Танисыз ба бұларды?», «Шырқау», «Көгершін көңіл», «Белый луч», «Кілт», «Кемел», «Мерей», «Наз көңіл», «Радость», «Замана сазы», «Қазағым қайда барсам танытқаным», «Сөйле, қалам», тағы басқа

жыр жинақтары мен «Акын сыры», «Қасым Аманжоловтың поэтикасы» монографиялары жарық көрді. Жекелеген өлеңдері чех, неміс, ағылшын, испан, француз, араб, корей және басқа шетел тілдеріне аударылды. Евг. Юнганың «Даңқы өшпес кеме» повесін, М. Стельмахтың Лениндік сыйлық алған «Адам қаны – су емес» романын, А. Маяковскаяның «Владимир Маяковскийдің балалық және жастық шағы» атты әңгімесін, тағы басқа шығармаларды қазақ тіліне аударды.

Халық жазушысы. Қазақ КСР Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иесі. Филология ғылымдарының докторы, ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының толық мүшесі. «Парасат» орденінің иегері.

2003 жылы қайтыс болды.

ӘБІШЕВА САЙРАШ

Журналист.

1942 жылы туған.

ҚазПИ-дің тарих-филология факультетін бітірген. «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің редакциясында ғылыми қызметкер, «Қазақстан әйелдері» журналының жауапты хатшысы, «Қазақстан мектебі» журналының бас редакторы, «Бастауыш мектеп» қосымшасының редакторы қызметтерін атқарды. Қазір «Қазақстан мұғалімі» журналының бас редакторы.

Ғылыми-зерттеу еңбегінің нәтижесінде «Жыр арқауы – бейбітшілік» деген кітабы жарық көрді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР білім беру ісінің үздігі. «Парасат» орденінің, «Ы. Алтынсарин» медалінің иегері.

ӘДІБАЕВ ХАСЕН

Жазушы, әдебиеттанушы.

1924 жылы 6 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Қосағаш ауылында туған.

Ұлы Отан соғысына қатысып, одан оралған соң Аягөз ауданында комсомол қызметінде болды. 1955 жылы ҚазМУ-дің философия бөлімін, 1959 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасын бітірген.



«Уақыт және суреткер», «Көкжиөк» әдеби сын еңбектері, «Талант, талғам, тағдыр» монографиясы, орыс мектептерінің IX-X сыныптарына және арнаулы орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарына арналған «Казахская литература» оқулықтары

жарық көрген.

«Таңбалы адам», «Отырар ойраны», «Әуілдек», «Гибель Отрара», «Созвездие близнецов», «Өмірдария», «Абай патшалығы» шығармаларының авторы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі», «Құрмет» ордендерімен, екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

ӘЗІМЖАНОВА ГҮЛСІМ

Тілтанушы.

1948 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Кеңтармақ ауылында туған.

Алматы шет тілдер институтын бітіріп (1972), осы оқу орнында оқытушы, аға оқытушы, доцент (1972-2000), ал 2000 жылдан ҚР Ұлттық қауіпсіздік академиясында доцент, профессор болды.

Стилистика мен лингвистика салалары бойынша 60-қа жуық ғылыми жарияланымның, оның ішінде «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті» монографиясы мен бірнеше әдістемелік оқу құралдарының авторы.

Филология ғылымдарының докторы (2007).

ӘЛЖАНОВ ОТЫНШЫ

Қоғам қайраткері, ағартушы, фольклоршы.

1873 жылы бұрынғы Семей облысы Зайсан ауданының Нарын болысында туған.

Зайсандағы орыс-қазақ училищесін (1887), Омбы гимназиясын (1890) және Омбы мұғалімдер семинариясын (1894) үздік бітірген. Дала генерал-губернаторы кеңсесінің іс жүргізушісі (1894-1995), Ақмола облысы сотының тілмашы (1895-1907), Көкпекті орыс-қазақ училищесінің

менгерушісі (1907-1909) болды. 1907 жылы Петербургте бұратана халықтардың оқу ісі мен мектептері туралы Ережені қайта қараған комиссияның жұмысына қазақ халқының өкілі ретінде қатысып, қазақ еліндегі оқу-ағарту ісінің күрделі проблемалары туралы баяндама жасаған. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкереледі. Осы істері Ресей өкіметінің отарлау саясатына қарсылық деп танылып, Жетісу облысы Лепсі уезіне 5 жылға жер аударылды.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Жетісу облысындағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі болды. Уездік, облыстық, жалпықазақтық съездерге түгелдей қатысып, II Жалпықазақ съезінде (Орынбор) Алашорда үкіметіне мүше болып сайланды. Жетісуда құрылған Алаш әскерінің қолбасшысы болып, большевиктерге қарсы соғысты. Кейін Кеңес өкіметі оның ұрпақтарын қырғынға ұшыратты.

1918 жылы Семей облысының Мақаншы кентінде қызылдардың қолынан қаза тапты.

ӘЛІМБЕТОВ САПАРҒАЛИ

Айтыскер акын.

1888 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Шамақ ауылында дүниеге келген.

Ақындық, айтыскерлік жолға түсуіне I. Жансүгіров ықпал етеді. Өлең-толғаулары облыстық, республикалық газеттерде жарияланады. «Мейір батыр», «Молдабай балуан», «Қамбадағы айқас», «Қос жалшының өлімі», «Ақтардың әрекеті», «Койгелді батыр» дастандары бар.

Е. Құнанбаевпен, М. Жапақовпен, Қ. Жапсарбаевпен, Қ. Терібаевпен, М. Орынбаевпен айтысқан.

Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

1956 жылы қайтыс болды.

ӘМІРЕНОВ ТӘЦІРБЕРГЕН

Ақын, айтыскер.

1907 жылы 15 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Сарыжал ауылында туған.

Ауыл мұғалімінен оқып, хат таныған. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін көшіріп, жаттауды үрдіс



еткен. Абай ауданында, Семей қаласында түрлі қызметте болды. Отызыншы жылдардан бастап өлеңдері жергілікті газеттерде жарияланып тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдары Семейдің эстрадалық концерт бюросында қазақ труппасын басқарды.

М. Жапақовпен, Ж. Нұрмағамбетовпен, Ш. Әбенәпәпен, Қ. Алтынбаевпен айтысқан. Шығармалары «Айтыс» жинақтарының 3-томында (1966), «Пернедегі термелер» (1965), «Ленин деп халық жырлайды» (1969) жинақтарында басылды. «Жұмбақ тас» (1967), «Қанды қанжар» (1973), «Жол мұраты» (1977) атты өлең-жыр жинақтары жарық көрді. 1985 жылы «Жазушы» баспасынан «Өмір өткелдері» атты өлеңдері мен сықақтары жеке жинақ болып шықты.

1985 жылы қайтыс болды.

ӘРІПЖАН ТОҚТАРХАН

Ақын, жазушы, фельетоншы.

1938 жылы Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының Кіндіктөбе ауылында туған.

ҚазМУ-ді бітірген (1975). Еңбек жолын ауылда бастап, 1963-1965 жылдары Самар аудандық «Жаңа өмір» газетінің әдеби қызметкері, жауапты хатшысы, 1965-1967 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің меншікті тілшісі, 1967-1978 жылдары осы газеттің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, 1978-1986 жылдары Семей облыстық «Семей таңы» газетінде хабар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1998 жылдан «Қазақтелеком» мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік тіл және аударма жөніндегі менеджері.

«Сокқы» сықақ әңгімелер жинағы (1986) мен «Алтын арқау» дастандар жинағы (1992) жарық көрген. Фельетондары мен көркем әңгімелері көптеген жинақтарға енген. Шырын Мамасеріковамен айтысы жеке кітапша болып шыққан. Әуесқой композитор ретінде де белгілі.

ӘСЕМҚҰЛОВ ТАЛАСБЕК



Жазушы, домбырашы.

1955 жылы 1 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданына қарасты Ақтоғай теміржол стансасында дүниеге келген.

1980 жылы ҚазПИ-ді тәмамдаған. «Жазушы» баспасында редактор, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында мұғалім боп істеді.

1985 жылы «Жалын» альманахында «Атайы» атты тұңғыш әңгімесі жарық көрген. «Шымдан» повесі мен «Тал түс» романының, бірқатар әңгімелер мен әдеби-сын мақалалардың, бірнеше сценарийлердің авторы.

Жазушылықпен қатар шебер домбырашы ретінде де көпшілікке кең танымал талант.

ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ЖАНАТ

Ақын, әдебиеттанушы.

1966 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қарасу ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

1972-1982 жылдары осы ауданның Құйған ауылындағы орта мектепте оқып, 1982-1987



жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алған.

1987-1995 жылдары Тарбағатай ауданы Құйған ауылындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. 1995-2000 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы болды. 2000 жылдан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ және шетел әдебиеті кафедрасында қызмет істейді.

«Қазақтың 100 романы» оқулығын, «Әдебиет теориясы» оқулық-хрестоматиясын жазуға атсалысты. «Миф дүниесі және көркемдік әлем», «Даңғыл», «Көркемдік өріс», «Мифтің поэтикадағы қызметі» атты монография мен ғылыми зерттеулері, «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (3-бөлім, 1960-1990 жж.), «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», жалпы білім беретін орта мектептің 10-11-сыныптарына арналған (академик Р. Нұрғали, доцент Қ. Байтанасовалармен бірге) оқулықтары жарық көрген. «Өлең өлкесінде» атты қазақ табиғат лирикасы антологиясының, «Севанның салқар самалы» атты қазіргі армян әдебиеті шығармаларының құрастырушысы әрі редакторы. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы М. Лермонтов, А. Чехов, «XX ғасырдағы орыс поэзиясы», «Еуропа поэзиясы. XX ғасыр» жинақтарын құрастырып, түсініктемелерін әзірлеген. «Антикалық дәуір драматургиясы», «Махабхара», «Жапон розасы» кітаптарына арайы редактор болып, алғы сөздерін жазған. Француз ойшылы, әдебиеттанушы А. Моруаның «Әдебиет портреттер» еңбегін, жапон классикалық поэзиясы үлгілерін қазақ тіліне аударған.

«Әлем әдебиеті» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі.

1995 жылы «Қарлығаш» жас ақындар жинағына өлеңдері енген. «Ғарыш билер ғұмырымды» (1999), «Қаракөз бұлақ» (2001), «Қаңтардағы қызыл гүл» (2001), «Көктүріктер әуені» (2002), «Қаз қанатындағы ғұмыр» (2007) жыр жинақтары шыққан.

2010 жылы ҚР ҰҒА академигі Р.Нұрғалидың кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғады. Халықаралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінің жеңімпазы. Республикалық мүшәйралардың жүлдегері. Әбдіраштың Жарасқаны атындағы сыйлықтың иегері.

ӘУБӘКІРТЕГІ ҚАРЛЫҒАШ

Айтыскер акын.

1986 жылы 21 шілдеде бұрынғы Семей облысы Шар ауданының Көшек ауылында дүниеге келген.

2007 жылы Семей мемлекеттік педагогтік университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша үздік бітірген. Қазіргі таңда Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті қазақ филологиясы факультетінің магистранты.

2003 жылдан республикалық ақындар айтысына қатыса бастады. 2006 жылы «Жүрсіннің жұлдесі» атты республикалық ақындар айтысында бас бәйге, сол жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық айтыста 1-орын, Ысқақ атаға арналған республикалық айтыста бас бәйге, «Алматы-құрылыс» компаниясының республикалық айтысында 1-орын, Сүйінбай Аронұлының 190 жылдығына арналған халықаралық ақындар айтысында 2-орын және тағы басқа айтыстарда жүлделі орындарды иеленген. С.Торайғыровтың 110 жылдығына арналған жазба ақындар мүшәйрасының дипломанты.



ӘУЕЗОВ МҰХТАР



Ұлы жазушы, ғұлама ғалым, қоғам қайраткері.

1897 жылы 28 қыркүйекте бұрынғы Семей уезі Шыңғыс болысындағы Қасқабұлақ деген жерде туып, балалық шағы көшпелі ауылда өтті.

Болашақ жазушы ұлы Абай өз шығармаларында сонша терең әрі жан-жақты суреттеген сол кездегі қазақ қоғамының сипаты мол, қайшылыққа толы өмір-тұрмысын көзімен көрді. Семей қаласында медреседе, одан соң бес сыныптық орыс мектебінде, ал 1915-1919 жылдары мұғалімдер семинариясында білім алған.

1917 жылы семинарияда оқып жүрген кезінде халық аңызы бойынша «Еңлік – Кебек» пьесасын жазады. Бұл қазақ ұлттық драмасының қарлығашы еді. Осы пьесасы мен 1921 жылы жазылған «Қорғансыздың күні» атты алғашқы әңгімесі арқылы өзінің жазушылық ерекше дарынын танытты. Сол жылдары Семейде, Орынборда әр түрлі қызмет істей жүріп, Алаш партиясының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, басқа да белгілі әдебиет, мәдениет қайраткерлерімен араласады. «Абай» журналын шығаруға атсалысады. «Оян, казак!» деп ұран тастаған қозғалыс, олардың демократиялық идеялары Әуезовтің

өмірлік мақсат-нысанасын белгілеуіне тірек болды. Алашорда қайраткерлері өкімет орындарынан, ресми саясаттан ығыстырыла бастаған соң, 1923 жылдан бастап көркем әдебиет саласына бар күш-қуатын жұмсап, өнімді еңбек етуге кіріседі. 1923-1926 жылдары «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» әңгімелерін жазады.

1923-1928 жылдары Ленинград университетінде оқып, тіл-әдебиет факультетін бітіреді. Одан кейін Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында Шығыс фольклоры бойынша маманданды. Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербург) оқыған соңғы жылында «Қараш-Қараш» пен «Көксерек» повестерін жазған.

Саяси қызметтен бас тартып, бірыңғай шығармашылыққа ойысқан кезде де саясаттың шырмауынан құтыла алмады. Ондаған жылдар бойы оған ұлтшылдық, байшылдық идеяларды жақтаушы деген кінә тағылып келді. Қудалау көріп, 1930-1932 жылдары қамауда да болды.

Әуезовтің тарихи тақырыпқа баруының тамыры тереңде. Тұңғыш көркем туындысы «Еңлік – Кебек», одан кейін «Хан Кене» мен «Қилы заман», «Айман – Шолпан», «Қара қыпшақ Қобыланды» драмалары да осыны аңғартады. Бұлардың кейбіреуі ел арасында кең тараған, бұрыннан белгілі сюжетке құрылса, «Хан Кене», «Қилы заман» тарихта болған нақтылы оқиғаларды арқау еткен.

Аса қарымды каламгер 20-жылдардың өзінде проза мен драматургияда келелі туындылар беріп, қазақ әдебиетінің классигіне айналды. Отызыншы жылдары бір топ әңгіме («Қасеннің құбылыстары», «Іздер», «Шатқалан», «Құм мен Асқар», «Бүркітші»), пьесалар («Айман – Шолпан», «Тастүлек», «Шекарада», «Түнгі сарын») жазады.

30-жылдарда Абай мұрасына әр қилы баға беріліп, одан кейін де қым-қиғаш пікірлер айтылып жүрген шақта Абайды тереңдеп, кеңінен тануды өзіне өмірлік мақсат ету ол кезде біліктілік, даналық қана емес, үлкен ерлік те бол-

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

АБАЙ
ЖОЛЫ

1

ғаны хақ. Кесек, кең тынысты, сан миллион оқырмандардың жүрегіне жол табатын көркем шығарма арқылы Абайды әлемге әйгілеу үшін Әуезов қандай қажет болса, Әуезовтің дүние жүзі мәдениетінің биігіне көтерілуіне Абай мұрасы, Абайдың өнерпаздық, ойшылдық дәстүріндей үлкен тірек сондай қажет еді.

1936 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Татьянаның қырдағы әні» дейтін прозалық үзінді жарияланды. Бұл болашақ романның бір тарауы еді. Осыдан соң, 1940 жылы, Л. Соболевпен бірлесіп «Абай» трагедиясын жазды.

М. Омарханұлы 15 жыл бойы «Абай жолы» атты өзінің 4 томдық даңқты тарихи роман-эпопеясын жазды. Мұның «Абай» аталған бірінші кітабы 1942 жылы, екіншісі 1947 жылы жарық көрді. «Абай жолы» эпопеясынан кейін дәуір шындығын суреттейтін кең ауқымды жаңа эпопея жазуға кіріскен еді. Соның «Өскен өркен» атты 1-кітабының нұсқасын салып кетті. Ол 1962 жылы жарияланды. Шығармаларының жалпы көлемі 50 том шамасында.



М. Әуезов жұмыс үстінде

Көркем тәржіме жұмысына белсене атсалысып, И. Тургеневтің «Дворян ұясын» аударды, КСРО жазушыларының II съезінде көркем аударма туралы арнаулы баяндама жасасты.

Кемеңгер ғалым, аса білікті педагог Әуезов қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, әдебиет кадрларын даярлау ісіне шексіз көп еңбек сіңірді. Абайтану ғылымының негізін салды, көп томдық



М. Әуезов шәкірттер ортасында



Мұхтар Әуезов. Суретші Н. Исабаев

«Қазақ әдебиеті тарихының» қазақ фольклорына арналған томының (1960) негізгі авторы және редакторы болды. Қырғыздың «Манас» эпосы туралы монография жазды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА-ның академигі (1946), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957). Орыс тіліне аударылған «Абай» романының екі кітабы 1949 жылы 1-дәрежелі КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды. Төрт кітаппен біткен эпопея 1959 жылы Лениндік сыйлыққа ие болды. «Абай жолы» атты бұл эпопея 30 тілге аударылып, дүйім дүние оқырманынан өте жоғары баға алды.

КСРО Жазушылар одағы Президиумының, Бейбітшілікті қорғау кеңесі комитетінің, Лениндік сыйлықтар жөніндегі комиссияның мүшесі, Қазақ мемлекеттік университетінің көп жылдар бойы профессоры болған Әуезов 4-5-сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде де зор қоғамдық міндет атқарды. Әдеби еңбегі үшін жазушы 1957 жылы Ленин орденімен марапатталды.

1961 жылы 27 маусымда қайтыс болғаннан кейін Қазақ КСР ҒА-ның Әдебиет және өнер институтына, Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына М. Әуезовтің есімі берілді. Жазушының әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды. Алматы қаласының бір ауданы, еліміздегі көптеген мектептер, көшелер, оқу орындары, өнер-мәдениет ошақтары қаламгер есімімен



Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры алдындағы ескерткіші

аталады. Туғанына 100 жыл толуына орай мерекесі ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік деңгейде аталып өтті. Шығармалар жинағының 36 томы жарық көрді (1998-2008).

ӘУКЕБАЕВ ЕСЕТ

Ақын.

1921 жылы 23 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Теректі ауылында туған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1956 жылдың шілдесіне дейін шекара округтерінің шекара отрядтарында қызмет атқарған. Әскери атағы – полковник.

Әскерден босаған соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі,



республикалық «Жазушы» баспасында бас редактор болып істеген. 1963 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

Алғашқы өлеңі 1937 жылы Зайсан аудандық «Социалды жол» газетінде жарияланған. Алғашқы

кітабы – «Сақшы сыры» (1954). Бұдан кейінгі кітаптары: «Таң шапағы» (1966), «Досыма хат» (орыс тілінде, 1968), «Асқар таулар» (1973), «Бірлік бәйтерегі» (орыс тілінде, 1977), «Кеңшілік» (1980), «Өмір – бақыт» (1983), «Күн мен көлеңке». «Сонеттер» (2000).

2-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Мінсіз қызметі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Халхин Голдегі жеңіс», басқа да көптеген медальдармен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

2008 жылы дүниеден өтті.

ӘШІМХАНҰЛЫ ДИДАХМЕТ

Жазушы.

1950 жылы 16 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Жаңаүлгі ауылында туған.

1978 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1978-1980 жылдары



«Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), 1981-1992 жылдары «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдебиет, сын бөлімін басқарды. 1992-1994 жылдары халықаралық «Заман-Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі және редактордың орынбасары болған. 1994 жылдан еларалық «Түркістан» газеті редакторының орынбасары, 2003 жылдан «Алаш» баспасының директоры.

«Аққабаның толқыны» (1981), «Он бірінші күз» (1987), «Каменная падь» (1990), «Жер аңсаған сары атан» (1998), «Самырсын сазы» (2000) атты әңгімелер мен повестер жинақтары жарық көрді. Жеке шығармалары өзбек, қырғыз, қытай, монғол, орыс, украин, мары тілдеріне аударылған. А. Курчаткин, Т. Минулмен, А. Аширов, Х. Абдуллин, П. Пурзверу, тағы да басқа қаламгерлердің шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.









БАБАТАЙҰЛЫ ДУЛАТ

Ақын.

1802 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Сандықтас-Ақжайлау деген жерінде туған.

Туған елінің тарихи бір кезеңін жырлап өткен ақын – патшалық Ресейдің қазақ өлкесін күшпен отарлау кезеңін, одан туған зобалаңдарды өз көзімен көріп, соған барынша наразылық білдірген адамдардың бірі. Отарлау саясатының қазақ елін талан-таржыға салу, халықтың дербестігін біржола жойып, тәуелді жұртқа айналдыру әрекетіне қарсы шыққан, халықты күреске үгіттеу міндеттерін алдына мақсат қылған нағыз ел қамқоры, күрескер азамат.

Ескіше оқыған, сауатты ақын өз өлеңдерін қолжазба кітап етіп тізіп жүрген. Адуынды жырау Ақтамбердінің бірталай жыр-толғаулары да халыққа Дулат арқылы жеткен.

Ақынның алғашқы жинағы «Өсиетнама» деген атпен 1880 жылы Қазанда басылды. Кешегі кеңестік кезеңде де жекелеген өлең-жырлары оқулықтар мен түрлі жинақтарда жарияланған. 1991 жылы ақынның шығармалары «Замана сазы» деген атпен жинақ болып шықты.

Халқымыздың Абайға дейінгі ұлы ақын-жырауларының ішіндегі ерекше даралана көзге түсер шайыры 1874 жылы туған өңірінде дүниеден өтті.

БАЙБАТЫРОВ ҒАЛЫМ

Ақын, журналист.

1949 жылы 12 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында туған.



1967 жылы Зайсан ауданының Дайыр ауылындағы орта мектепті, 1976 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған.

1968-1970 жылдары әскер қатарында қызмет етті. 1971-1976 жылдары Зайсан аудандық «Достық» газетінде әдеби қызметкер,

ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, 1976-2001 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде жауапты хатшы болған. 2007 жылдан КТВ-5 телеарнасында редактор болып қызмет істейді.

Өлеңдері 1966 жылдан бастап баспасөзде жарияланған. 1982 жылы «Сәуір самалы», 1999 жылы «Үміттің оты сөнбейді», 2000 жылы «Арман дүние» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. «Шежірелі Шығыс өңірі» (2006), «О дүниенің табалдырығы» (2007), «Жүрегімнің жанары» (2008) атты кітаптардың авторы. «Өңім бе, ойбай, түсім бе?!», «Албасты операциясы», «Отан үшін» пьесалары сахнада қойылған.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, бірнеше мүшәйралардың жүлдегері.

БАЙБАТЫРҰЛЫ ИМАШХАН



Жазушы.

1938 жылы туған.

1964 жылы ҚазПИ-ді бітірген.

1964-1982 жылдары Моңғолия Жазушылар одағының қазақ бөлімшесін басқарып, «Шұғыла» журналының редакторы, 1982-1988 жылдары Моңғол Халық

Республикасының Министрлер Кеңесі жанындағы цензураның аймақтық өкіл-редакторы, 1991-1992 жылдары орта мектепте мұғалім болған. 1992 жылы атамекені Семей облысының Мақаншы ауданына көшіп келді. Мақаншы

аудандық оқу бөлімінде оқу ісінің инспекторы болып қызмет атқарды.

Көптеген еңбектердің авторы. 11 кітабы қазақ тілінде, 3 кітабы моңғол тілінде басылған, 3 пьесасы сахнада қойылған. Шығармалары орыс, болгар, серб, мажар, бурят, алтай тілдеріне аударылған.

1970 жылы Моңғолия Жазушылар одағының сыйлығын иеленіп, 1989 жылы Моңғол Халық Республикасының «Алтын Жұлдыз» орденімен марапатталған.

2000 жылы дүние салды.

БАЙҒАРА БИ

Атақты би, шешен.

1699 жылы дүниеге келген.

Кие қонған текті әулеттен тарайды. Атасы Нарымбай би Ташкентке бек болса, әкесі қу дауысты Құттыбай жезтаңдай шешен атанған.

Зиялы ортада тәрбиеленген Байғара 16 жасында оңтүстіктегі әулиелердің өлісіне зиярат етіп, тірісіне қол берген. Тауарихтық жолға ерген. Ата-бабасының жолын үлгі етіп, билікке ерте араласқан.

Жетім-жесірге пана болған Байғара бидің әділдігін, шешендігін Дулат, Әсет ақындар жырға қосса, Біржан мен Сара айтысында оның өз заманының айтулы адамы болғандығы тілге тиек етіледі.

Баласы Ақтайлақ би – Байғараның мектебінен шыққан 17 ақынның бірі.

Ел басқарған көсем, жұрт аузында сөзі жатталған шешен ғана емес, қыдыр дарып, бақ қонған қасиетті де әулие адам ретінде ел жадында қалған би 1775 жылы дүниеден өткен.

Мазары Сарыарқа ауылынан 4 шақырым жерде. Жергілікті халық көріпкел әулие тұтып, зиратына мінәжат етеді.

БАЙҒОТАН БИ


Би әрі шешен.

1739 жылы дүниеге келген.

Байғотан би жас кезінде батаны Бекназардан шыққан Қожагелді Томан биден алған екен.

Ел арасындағы дау-дамайды әділ шешіп, бұлтартпай билік айтуымен танылған.

1834 жылы 95 жасында қайтыс болған.



Байғотан бидің кесенесі

Кірпіштен өрілген күмбезі бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданындағы Алғабас ауылының жерінде, «Бабаң өзені» деп аталатын өзеннің оң жағалауында, Қайнар – Баршатас тас жолынан үш шақырым жерде тұр.

1998 жылы қыркүйек айында Бабаңның бұрынғы күмбезінің сыртынан ақ кірпіштен мазар тұрғызылып, ас берілді.

БАЙМҰРАТОВ НҮРЛЫБЕК



Ақын, айтыскер.

1887 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай ауданында туған.

Өлең-жырлары 1924 жылдан бастап баспасөзде жарияланып тұрды. Ескіше де, жаңаша да сауатты болған. Абай, Әріп, Әсет шығармаларынан тәлім алған. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, халық арасында насихаттаумен

шұғылданған. Иса (1922), Нартай (1939), Маясар (1943), Төлеу (1944), тағы басқа ақындармен айтысқа түскен.

«Ер Төлеген» (1945), «Қанды жорық» (1962) дастандары жеке кітап болып басылды. «Қазына» (1982) атты жыр жинағы жарық көрген. Шығармаларының жалпы жинағы 1957 жылы шыққан.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

1969 жылы қайтыс болды.

БАЙХОНОВ СЕРІК



Жазушы.

1953 жылы 12 мамырда туған.

ҚазМУ-ді (1976), Алматы Жоғары партия мектебін (1980) бітірген. Республикалық басылымдарда, «Қазақфильм» киностудиясында қызмет істеді. Қазақ телерадиокомитетінде бас редактор болды. Қазір «Қазмырыш» ААҚ-да қызмет етеді. Қазақстан Жазушылар одағы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры.

«Жалғасым менің – жалғасым», «Ең ыстық маусым», «Қос шатырлы үй», «Сал үстіндегі маусым», «Арналарға тіл бітсе», тағы басқа кітаптардың авторы.

Қазақстан Жазушылар одағы А. Байтұрсынов атындағы сыйлығының иегері.

БАЛШАБЕКОВ ХАМИТ



Ақын.

1939 жылдың 20 желтоқсанында дүниеге келген. Семей педагогтік институтын бітірген.

1970 жылдан Тарбағатай ауданының Шілікті ауылындағы орта мектепте ұстаздық қызмет атқарды.

«Жылқышы әні», «Өмір-өзен», «Балтамыр», «Қантамыр», тағы басқа жыр кітаптарының авторы.

Ақынның облыста айтыс өнерінің дамуына да мол еңбегі сіңді.

Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы. 2007 жылы дүниеден озды.

БАТЫР ДӘЛЕЛБЕК



Жазушы.

1955 жылғы 6 маусымда туған.

1983 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1980-2010 жылдары газет редакцияларында, баспаларда қызмет атқарған («Жезқазған туы», «Әдебиет айдыны» газеттері, «Мектеп», «Қазақ энциклопедиясы» баспалары).

«Жұмақ құсы» (1998), «Ақ барыс» (2001), «Махаббат оты» (2005), «Жарсыз өткен ғұмыр» (2008) романдары, «Тілеп алған қасірет» (2010) повестер жинағы және «Ұлт тағдырын ойласақ» (2009) атты публицистикалық-сараптамалық жинағы жарық көрген.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

БЕГАЛИН САПАРҒАЛИ

Жазушы.

1895 жылы 24 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Дегелең ауылында туған.

1915 жылы Семей қаласындағы орыс-казак училищесін бітірген. 1929-1935 жылдары Дегелең облыстық атқару комитетінің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі, бөлім менгерушісінің орынбасары, аудандық халық судьясы болды. Қазақ Егіншілік халық комиссариатында, Түркісіб басқармасында жауапты жұмыстар атқарды. 1935-1956 жылдары «Теміржолшы» газетінде, Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында (қазіргі Әдебиет және өнер институты), Қазақстан Жазушылар одағында қызмет етті.

Алғашқы «Қазақ бозбалаларына» өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналының 9-санында басыл-



ды. «Қыран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963) өлеңдер мен поэмалар жинақтары, «Көксегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұтақ» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976), «Екі томдық шығармалары» (1976), тағы да басқа әңгіме-повестер жинақтары, «Замана белестері» (1975) романы жарық көрді.



С. Бегалин жас оқырмандар ортасында

Халық акындарының шығармаларын сұрыптап, жинақ етіп шығарды («Халық акындары», 1953; «Өмір жыры», 1953), өнер саңлақтары жөнінде («Сахара сандуғаштары», 1976), жыр алыбы Ж. Жабаяев туралы монография жазды. Көптеген туындылары шетел тілдеріне тәржімаланды.

Халықтар Достығы, «Құрмет Белгісі» (2 рет) ордендерімен және медальдармен марапатталған.

1983 жылы қайтыс болды.

БЕГЕШ ШЕШЕН

Ел жадында қалған айтулы шешен.

Көнекөз қарттардың айтуынша, Бегеш Сабанұлы 1834 жылы бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданындағы Бақанас өзенінің бойында туған.

Абайдың тұстасы.

Артына өлмейтұғын сөз қалдырған шешен.

Халық арасында қадірлі, аузы дуалы, талай шаршы топта сөз бастаған адам ретінде белгілі.

Бегеш Сабанұлы 1911 жылы өзінің туған жерінде қайтыс болған.

Зиратының басында кейінен (1986 жылы) қойылған тас бар.

Ескерткіште «Бегеш – Абайдың досы, атақты шешен, «Абай жолы» эпопеясының кейіпкері. Жерлестері» деген сөз бар.

Зират өзінің туған ауылы жанында тұр.

2000 жылдың жазында ұрпақтары мен жергілікті Байқошқар ауылы тұрғындарының қолдауымен Бегеш шешен зираты қайта бой көтерді.

БЕЙСЕНОВ ЖАБАЙЫЛ



Акын, педагог.

1935 жылы 9 қарашада дүниеге келген.

1943-1951 жылдары Толы ауданындағы орталау мектепте білім алып, 1952-1956 жылдары Шәуешек қаласындағы қазақ гимназиясында оқыды. 1961 жылы Үрім-

жі қаласындағы пединституттың тіл және әдебиет факультетін бітірді. 1962-1996 жылдары бұрынғы Мақаншы ауданының Жарбұлақ орта мектебінде ұстаздық етті.

«Ауыл әуендері», «Алтын бесік ауылым», «Алакөлім – аяулым», «Күнгейім менің», «Балалық қызық, бал күндер», «Тасадағы тұма» атты кітаптардың авторы. «Достық толғауы», «Үржар вальсі», «Үржарым – құтты мекен», «Жас ұлғайып», «Батыр баба», «Шапанай сазы», «Күнгейім менің», «Ауылым» секілді танымал әндердің мәтінін жазған. «Баспалдақ» атты әдебиет үйірмесін құрып, көптеген жас таланттарды тәрбиеледі.

Халық ағарту ісінің үздігі, Үржар ауданының Құрметті азаматы. Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

БЕЙСЕНОВА ШӘРБАНУ



Жазушы.

1947 жылы 14 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

1969 жылы ҚазМУ-ді бітірген. «Парасат» (бұрынғы «Мәдениет және тұрмыс») журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1980 жылдан «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі болды. Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің Баспа істері жөніндегі департаментінде бас маман әрі жаңадан жарық көрген кітаптардың насихатымен айналысқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде «Кітап әлемі» қосымшасының редакторы болды.

Алғашқы әңгіме-новеллалары облыстық «Дидар» (бұрынғы «Коммунизм туы») газеті мен «Қазақстан әйелдері» журналында тұрақты жарияланып тұрды. Жекелеген шығармалары ұжымдық жинақтарға енген. «Тойға келген келіншек», «Топжарған қыздар», «Сезімтал жүрек», «Тағылымды тағдырлар», «Қамсыздандыру агенті», «Мизамшуақ», «Сүзгенің соңғы күндері» кітаптары жарық көрген. В. Дроздың, Е. Ермановтың, Анардың, Д. Рукшаненің, армян жазушыларының жекелеген шығармаларын,

Х. Андерсеннің ертегілерін, Ж. Амадудың «Құм жағалаудың капитандары» атты романын қазақ тіліне аударған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. «Тағылымды тағдырлар» кітабы үшін халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

БЕКОВ ОРЫНБЕК



Жазушы, драматург, қоғам қайраткері.

1898 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

1912 жылы Спаск-кідегі 2 сыныптық училищені бітірген. 1914-1922 жылдары Спасск ревкомы

мен Депутаттар кеңесінің төрағасы, 1923-1928 жылдары Қарқаралы уездік милициясының бастығы, Семей губерниясы атқару комитетінің бөлім меңгерушісі, Еңбек халкомының жауапты қызметкері болды. 1928-1930 жылдары «Тілші» газетінің редакторы, 1930-1937 жылдары Қазақ драма театрының директоры қызметтерін атқарған.

«Ұлы істің игілігі үшін», «Советбике» атты екі жинағы шыққан. Ұлттық театр өнерін өркендетуге бағытталған мақалалар да жазды. 1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының I-съезінде М. Әуезов екеуі қазақ драматургиясының жай-күйі жайында баяндама жасады.

Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны.

1937 жылы қайтыс болған.

БЕРДІҰЛЫ ЕСЕНТАЙ

Халық ақыны, педагог.

1894 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Көкбай ауылында дүниеге келген.

1905-1910 жылдары Көкбай медресесінде, 1911-1914 жылдары Семей қаласындағы орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1918 жылы Алаш

қаласында (Жаңа Семей) облыстық жер басқармасы ашқан үш айлық мұғалімдер курсына, 1921 жылы қазақ педагогтік техникумының негізгі бөлімінде бір жыл оқыған.

1918 жылдан Дос болысында (қазіргі Абай ауданы) мұғалім болған. 1924-1928 жылдары ағартушы ұстаз Т. Жомартбаев негізін қалаған Маян мектебінде Семейден мұғалім апарып, екі тілде бала оқытқан. 1928 жылдан Қарауыл ауылындағы мектептің меңгерушісі болады. Сол жылдары «Шәкірттерге», «Еңбекшіге», «Октябрь», «Активтерге айтылған жыр», «Мақтаныш», «Ауыл суреті», «Қазақстан табиғаты», тағы басқа өлеңдерін жазады. 1918 жылы Қазанда «Жастарға тағылым» деген кітабы шыққан.

1937 жылы жалған саяси айыппен 10 жылға, 1949 жылы қайтадан тағы да 10 жылға сотталып, 1956 жылы елге оралған. Өмірінің соңғы жылдарын жазуға арнаған. «Қыз Жәкен» (1959), «Екі ойшыл» (1962), «Қанды асу» (1968) атты дастандары жеке кітап болып басылып шықты.

1967 жылы Аягөз қаласында қайтыс болған.

БЕРІКҚАЖЫҰЛЫ ДӘУРЕН



Ақын.

1974 жылы 15 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Қарабұта ауылында дүниеге келген.

Қазақ мемлекеттік әлем тілдері университетінің (қазіргі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) түлегі. 1996-1999 жылдары орта мектепте, 1999-2002 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазМУУ-де ағылшын тілінен дәріс берді. Қазір «Қазақстан» телерадиокомпаниясының аударма және дубляж бөлімінде қызмет етеді.

Өлеңдері 1994 жылдан бастап республикалық газет-журналдарда жарияланып келеді. Шығармалары 2000 жылы жарық көрген «Сборник. Избранное», «Жас ақындар жырларының антологиясы» жинақтарына енген. 1996 жылы жарық көрген «Оттегім менің, от демім менің – жырларым» және 2001 жылы «Отырар кітапханасы» сериясымен шыққан «Antle meridiem» жыр

жинақтарының авторы. 2008 жылы «Гүл мен қылыш жырлары» атты жинағы жарық көрген.

БОҚАЕВ ҚУАНБЕК


Журналист.

1942 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Рожков (қазіргі Біржан) ауылында туған.

Өскемен педагогтік институтының жаратылыстану факультетін, Мәскеу полиграфиялық институтының баспа редакторы бөлімін бітірген.

«Мектеп», «Қазақстан» баспаларында, ҚазТАГ-та редактор; «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан»), «Сұхбат», «Халық Кеңесі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде журналист, бөлім редакторы болып істеген.

Қаламгерлік жолын өлең жазумен бастады. Зайсан аудандық «Достық» газетінде, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде алғашқы өлеңдері мен дастандары жарияланды. Халық өнерпаздары туралы көптеген көркем очерктер жазды. Белгілі әншілер, ел арасындағы көптеген әуесқой өнерпаздар және халық театрлары мен ансамбльдері туралы туындылары «Өнерпаз болсан арқалан», «Өнерлі өрге жүзер» деген атпен басылып шыққан. Жекелеген шығармалары бірқатар ұжымдық жинақтарға енген.



Қазақтың ұлттық мүдесін қорғау, қазақ ұлтын кемсітушілікке қарсы өткір мақалаларымен республикаға кең танымал. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары шовинистік, тоталитарлық саясатты әшкерелеуге баспасөз арқылы белсене қатысқан.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

«Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

БӨЖЕЕВ МҰРАТБЕК

Әдебиеттанушы.

1910 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан өңірінде дүниеге келген.

Саратов мемлекеттік университетін, Мәскеу пединститутын бітірген. ҚазПИ-дің, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің оқытушысы, Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институтының кіші ғылыми қызметкері, Қазақ КСР ҒА Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері болған.

Ғылыми еңбектерінің негізгі тақырыбы – әдебиеттану мәселелері, қазақ фольклоры, Абайдың ақындық мектебі. Қазақ әдебиетінің 6 томдық тарихын және М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағын баспаға әзірлеуге, ғылыми түсініктерін жазуға қатысты.

Филология ғылымдарының докторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

1980 жылы дүниеден өтті.

БӨКЕЕВ ОРАЛХАН

Жазушы, драматург.

1943 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылында туған.

1969 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1965-1968 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Большенарым ауданының «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары болып істеп, кейіннен Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде әдеби қызметкер, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде (1968-1974), «Жұлдыз» журналында (1974-1983) бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары (1983-1991) және бас редакторы (1991-1993) болды.



«Қамшыгер» (1970), «Үркер» (1971), «Қайдасың, қасқа құлыным?» (1973), «Мұзтау» (1976), «Ән салады шағылдар» (1978), «Үркер ауып барады» (1981), «Біздің жақта қыс ұзақ» (1984) әңгімелер мен повестер жинағы, «Өз отынды өшірме» (1983), «Атаукере» (1991) романдары, «Құлыным менің» (1986) пьесалар жинағы, «Өнерге өлердей ғашық едім» (1995) эсселер жинағы жарық көрген. «Алданған ұрпақ» трилогиялық романы қолжазба күйінде аяқталмай қалған. «Құлыным менің» (1974), «Текетірес» (1976), «Қар қызы» (1982), «Зымырайды поездар» (1984), «Жау тылындағы бала» (1985), «Мен сізден қорқамын» (1987) пьесалары қазақ және орыс тілдерінде республикалық, облыстық, бұрынғы одақтас республикалар театрларында қойылған.

Бөкеев шығармалары бойынша «Кісікиік» (1985), «Сайтан көпір» (1986) көркем фильмдері түсіріліп, «Кербұғы» әңгімесінің желісі бойынша балет-спектакль (1986) қойылды. Шығармалары бұрынғы КСРО және көптеген шетел халықтары тілдеріне аударылған.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының (1976), Н. Островский атындағы бүкілодақтық әдеби сыйлықтың (1978), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері.

1993 жылы қайтыс болды.



О. Бөкеев – Алтай жыршысы

БУЛАНОВА ЗОЯ



Аудармашы.

1957 жылы 1 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданында туған.

1982 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Ұзақ жылдардан бері Үржар аудандық «Уақыт тынысы» газе-

тінде қызмет етіп келеді.

Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясын орыс тіліне аударған. Бұл аудармасы «Қабанбай батыр» деген атпен 2005-2006 жылдары жарық көрген. Д. Селихановтың «Өскен өркен» кітабын аударып, «Временем рожденное поколение» деген атпен шығарған.

Көптеген медальдармен, Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

БҮРКІТБАЙҰЛЫ ЖҮНІСҚАН

Акын.

1896 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Белтерек ауылында дүниеге келген.

Әріп, Уәйіс, Иманбазар, Көкбай, тағы басқа акындардан үлгі алып өседі. Есімі айтыс арқылы белгілі болған. Жүнісканның Көкбаймен, Еркөкше Көкеұлымен, Иманбазар Қазанғапұлымен, Жанбатырмен, басқа да акындармен айтыстары сақталған. Айтыстарының ішіндегі ең құндысы – Шекермен айтысы.

«Бай кеткен соң бәйбіше», «Сақып байға», «Құнанбай атаң болса Құдай емес», «Қамауда», «Жағыпар болысқа» өлеңдеріне әлеуметтік мәселелерді арқау етеді. «Мәликеге», «Төртеуінде сегіз жыр», «Менің атым Жүніскан», «Шідерінің ақауы», «Нұрзи атынан», «Бағыла» өлеңдерінде әйел теңдігі, махаббат тақырыбын қозғайды. «Қайран елім» өлеңі 1916 жылғы ұлт-азаттық

көтеріліс кезінде жазылған. Кеншілер өмірі туралы кең тынысты «Бөке кеніші» дастаны бар.

1926 жылы қайтыс болған.

БІКЕҰЛЫ МҮРСЕЙІТ

Абай шығармаларын жинап, насихаттаушы.

1860 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

Семейде орыс мектебінде, кейін Бұхарада білім алған. Семей оязының кеңсесінде тілмаш әрі писарь, мектепте мұғалім болған. Абай оны ауылына алдырып, бала оқыттырды.

Мүрсейіттің балаларға жазып берген «Жарапазан» өлеңін оқыған Абай оған өз өлеңдерін жинап, жазып жүруді тапсырған. Абай өлеңдері 5 дәптерге жазылып алынған, екеуі Қазақстан ҒА кітапханасының қолжазбалар қорында, біреуі «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында сақтаулы. Абайдың Семейдегі мұражайында дәптерлердің фотокөшірмелері бар.

1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағын даярлау кезінде ол Тұрағұл мен Кәкітайға көп көмек көрсеткен. Абай шығармаларының түпнұсқасы сақталмағандықтан, Мүрсейіт қолжазбалары негізгі нұсқа саналады.

1917 жылы қайтыс болған.



В



ВАСИЛЬЕВ ПАВЕЛ



Ақын.

1909 жылы Семей губерниясында дүниеге келген.

Көптеген жинақтардың авторы.

1991 жылы Павлодар қаласында ақынның мұражай-үйі ашылды.

Өскемен қаласындағы бір көше бүгінде П. Васильев атымен аталады.

1937 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болды.

ВОЛКОВ АЛЕКСАНДР



Жазушы, драматург, аудармашы.

1891 жылы Өскеменде туған.

1907 жылы Томск мұғалімдер институтын бітірген. Мектепте, училищеде дәріс берген. Кейін Мәскеу-

дегі түсті металл және алтын институтында оқытушы, доцент болды.

Шығармалары көптеген тілдерге аударылып, олардың жалпы саны 25 миллион таралымға жеткен.

1986 жылы Өскемен қаласының бір көшесіне қаламгер есімі берілді.

1977 жылы Мәскеу қаласында қайтыс болды.







ГРЕБЕНЩИКОВ ГЕОРГИЙ



Жазушы, ақын.

1882 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданының Каменевка ауылында туған.

Тұңғыш кітабы 1906 жылы жарық көрді. Зерттеуші ретінде Алтай аймағын әр қырынан таныта түсуге үлес қосқан.

Қазан төңкерісін қабылдамаған қаламгер негізгі шығармаларын шетелдерде жүріп жазды және ол еңбектері шетелдерде жарияланып жатты. Мәселен, басқа кітаптарын былай қойғанда, тек 1922-1923 жылдары ғана Парижде оның 6 томдық шығармалары жарық көрді. Жат жерде жүрсе де өнімді еңбек еткен қаламгер соңына жалпы көлемі 30 том мұра қалдырды. Олардың ішінде бірқатар жанрадағы туындылар бар.

1964 жылы қайтыс болды.







ҒАББАСОВ САБЫРЖАН



Журналист.

1889 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында туған.

1879 жылы Сергиополь (Аягөз) қаласындағы медреседе білім алып, 1905-1912 жылдары Қазан қаласында оқыған.

1912 жылдан Сергиопольде мұғалім болып қызмет етеді. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырумен айналысып, қазақ, татар, орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдарға мақалалар жариялап тұрды. «Айкап» журналының жұмысына белсене араласып, онда қазақтардың шаруашылығы, мәдени өмірі, тарихы туралы 15-ке жуық мақала жариялады. Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен әскери қызметке алынды.

1917 жылдары Семей қаласында әдеби-драмалық үйірме ұйымдастырды. 1918 жылы Верныйда шығатын «Вестник Джетысуйского трудового народа», «Заря свободы» газеттерінің редакциясында қызмет етті. Азамат соғысы кезінде Жетісу майданының соғыс жөніндегі нұсқаушысы және Сергиополь соғыс комитетінің мүшесі ретінде Сергиопольді ақ гвардияшылардан қорғау ісіне басшылық етті.

1918 жылы 19 маусымда ақ гвардияшылармен болған шайқаста қолға түсіп, Аягөз маңындағы Балтерек деген жерде азаппен өлтіріледі.

ҒАББАСОВ СОВЕТХАН

Жазушы, педагог әрі дәрігер ғалым.

1939 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Сұңқар ауылында туған.

1957 жылы мектеп бітіріп, екі жылдай жылқышы болып істеген. 1965 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін, кейіннен Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары курсты аяқтаған. Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қазақтың эксперименттік және клиникалық ғылыми-зерттеу хирургиялық институтында ғылыми қызметкер, Алматы қалалық емханаларында дәрігер-хирург, ординатор-хирург болып қызмет еткен. Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы «Мектеп» кеңесін басқара жүріп, Ы. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылыми-зерттеу институтының кеңесшісі, республикадағы «Қазақстан» және «Достық» қоғамдарының Президиум мүшесі, Мектепке дейінгі тәрбие ғылыми-зерттеу институтының директоры болып қызмет еткен. Қазір С. Демирель және Д. Қонаев атындағы университеттердің профессоры.

«Қыран кия», «Ана жүрегі», «Өскен ұя», «Серпер», «Порыв», «Нәзік сезім», «Кәусар»,



«Мейірім», «Воззрение», «Көңіл құсы» кітаптары, «Ізгілік әліппесі» оқулығы, «Халықтық педагогика негізі» монографиясы жарық көрген. «Қан жүрісі – жүрек тынысы (1968), «Дәрігер келгенге дейінгі көмек» (1973), «Қатерлі ісіктің алдын алуға бола ма?» (1980) секілді кітапшаларын шығарған.

Педагогика ғылымдарының докторы, медицина ғылымдарының кандидаты. «КСРО денсаулық сақтау үздігі» белгісімен марапатталған. Зайсан ауданының Құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың иегері.

ҒАБДУЛЛАҰЛЫ СЕРІК



Ақын.

1937 жылы 17 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Шымқора ауылында дүниеге келген.

Туған ауылындағы С. Аманжолов атындағы орта мектепті, 1966 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Отыз жылға таяу облыстық «Дидар» (бұрынғы «Коммунизм туы») газетінде журналистік жұмыс атқарады.

1991-1995 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық ұжымының төрағасы болып қызмет етті. 2001 жылдан Өскеменде шығатын аймақтық әдеби-мәдени және қоғамдық «Ақ Ертіс» журналының бас редакторы және 1997 жылдан Өскемен қаласында өзі ұйымдастырған жас ақындардың «Шабыт» мектебін басқарады.

1991-1995 жылдары Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Шығыс Қазақстан облыстық ұжымының төрағасы болып қызмет етті. 2001 жылдан Өскеменде шығатын аймақтық әдеби-мәдени және қоғамдық «Ақ Ертіс» журналының бас редакторы және 1997 жылдан Өскемен қаласында өзі ұйымдастырған жас ақындардың «Шабыт» мектебін басқарады.

«Көктем лебі» (1975), «Бұқтырма сарыны» (1978), «Көктем – көкөрім шағым» (1982), «Ақ босаға» (1993), «Жылдардан жеткен жаңғырық» (1995), «Сөйле, менің жүрегім» (1998), «Алтай асу» (2003), «Ұлан-ғайыр» (2003) жинақтары жарық көрді.

ҒАФУРОВ АСЛАН

Айтыскер ақын.

1979 жылы 3 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қабанбай батыр



ауылында дүниеге келген.

Өскемен қаласындағы Жамбыл мектеп-гимназиясының түлегі. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-ді тәмамдаған. Бүгінде осы университетте «Жастар саясаты орталығы» бастығының орынбасары болып қызмет атқарады.


мет атқарады.

Республикалық оқушылар арасында өткен ақындар айтысының 1-орын иегері. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің айтыс номинациясы бойынша лауреаты. Қырғызстанда, ҚХР-да өткен халықаралық ақындар айтысында 2-орын иеленген. Моңғолиядағы Баян Өлгий қаласына 70 жыл толуына арналған ақындар айтысында жеңімпаз атанып, МДП-ның 20 жылдығына арналған «Достық» медалімен марапатталған. М. Мерәліұлының туғанына 165 жыл толуына арналған халықаралық айтыста 3-орын, Форт-Шевченко қаласының құрылғанына 160 жыл толуына арналған республикалық айтыста 2-орын иеленген. Қ. Алтынбаевтың 80 жылдығына арналған республикалық айтыста 1-орынды жеңіп алған. «Нұр Отан» ХДП-ның 10 жылдығына орай өткізілген республикалық айтыстың 3-орын, Ш. Құдайбердіұлының туғанына 150 жыл толуына арналған республикалық айтыстың 1-орын жүлдегері. Астана қаласының 11 жылдығына арналған «Астана мыңжылдықтар тоғысында» атты республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері.

2010 жылы өлеңдер мен айтыстардан құралған «Толағай» атты жинағы жарық көрді.









ДҮЙСЕНҒАЗИН СЕРІКЗАТ

Айтыскер ақын.

1974 жылы 8 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Тарбағатай ауылында дүниеге келген.

1992 жылы Тарбағатай ауылындағы орта мектепті бітірді. 1997 жылы ҚазМҰУ-дің филология факультетін бакалавр дәрежесі бойынша аяқтап, 1999 жылы әдебиеттану саласы бойынша магистр дәрежесін алды. 1999-2001 жылдары ҚазМҰУ Студенттер клубы директорының орынбасары, директоры, 2001-2002 жылдары Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 2002 жылдың ақпан айынан Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы. Университеттегі «Топжарған» жас айтыскерлер мектебінің жетекшісі.



2006 жылдан филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқаруда.

Ж. Жабаевтың 150 жылдығына орай өткен Семей облыстық ақындар айтысының, халық ақыны Т. Көбдіковтің 130 жылдығына арналған, «Қорғалжын – құтты мекенім» атты республикалық айтыстардың бас жүлдегері. «Ауылым – алтын бесігім», «Асқақта, Астана!», «Туған тілім – тұғырым» және Астана қаласының 10 жылдығына, 12 жылдығына арналған республикалық айтыстардың 2-орын иегері. Отыздан аса республикалық, халықаралық айтыстарда ел қошеметіне бөленген ақын.

Жазба өлеңдерінің топтамасы «Жас ақындар антологиясы» жинағында, «Жалын», «Парасат» журналдарында, «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ» газеттерінде жарық көрді. «Қазақстан» ұлттық телеарнасы, Қазақ радиосы, «Қазақ әдебиеті» газеті бірлесіп өткізген «Бір өлең – бір әлем» атты республикалық жыр мүшәйрасында 2-орын иеленген.

«Шетел әдебиетінің тарихы» оқулығының (2010), «Халық поэзиясы және Ғабдіман Игенсартов мұрасы» (2007) атты ғылыми монографияның авторы. «Наурыз айтысы» (2003), «Қазіргі айтыс» (2004), «Астана көшелерінің атаулары» (2006) жинақтарының құрастырушысы.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.







ЕГЕУБАЕВ АСҚАР

Ақын, әдебиеттанушы.

1950 жылы 6 наурызда Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы Қыстау Күршім ауылында дүниеге келген.

1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін үздік бітіріп, аспирантурасында оқыған. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында, «Қазақстан Энциклопедиясының» бас редакциясында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, ҚР Парламент Сенаты аппаратында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының «Мәдениеттану, мемлекеттік қызметті тілдік камту» бағдарламасының директоры болды.

Алғашқы өлеңдері Зайсан аудандық «Достық» газетінде 1964 жылдан жарық көре бастады. «Мөлдір тұма», «Жүректегі жұлдыздар»,



«Құс жолы», «Әділет», «Движение», «Сыр мен сымбат», «Сөз жүйесі», «Кісілік кітабы», «Аламан», «Құтадғу білік» (Құтты білік), «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» атты поэзия, әдеби сын, зерттеу еңбектердің авторы.

Ежелгі түркі ескерткіштерін зерттеп, аударған. 1986 жылы Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанын тұңғыш рет толық аударып, жеке том етіп жариялатты. Бұл еңбегі Пекиндегі «Ұлттар» баспасында араб әліпбиімен жарық көрген (1989, 1997). Осы дастанының әдеби сөздігін жасап, ол туралы талдау еңбектерін жарыққа шығарды. М. Қашқаридің көп томдық «Диуани лұғат-ит-түрік» атты шығармасын тұңғыш қазақшалап, зерттеп, жариялатты.

Филология ғылымдарының докторы. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері. Жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік XII фестивалінің (Мәскеу, 1985) дипломанты. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

2006 жылы Алматы қаласында дүние салды.

ЕГОРОВ АЛЕКСАНДР



Жазушы, журналист.

1926 жылдың 10 сәуірінде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының Кутиха ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдары Шығыс Қазақстан облыстық телестудиясында, «Рудный Алтай», «Мысль», «Шмель» газеттерінде журналист болған. «Жазушы» баспасында редактор қызметін атқарған.

Зейнетке шыққаннан кейін Өскеменге көшіп келіп, шығармашылықпен айналысқан. Көптеген повестер мен әңгімелердің, очерктер мен фельетондардың, «Таежный затворник» романының авторы.

Шығыс Қазақстан өнер мұражайы жанындағы облыстық әдеби бірлестігінің төрағасы қызметін атқарды. «Восток» журналының нөмірлерін дайындауға қатысты.

Отан соғысы, 3-дәрежелі Даңқ орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

ЕЛГЕЗЕК АҚБЕРЕН



Ақын.

1980 жылы дүниеге келген.

Семей облысы Шұбартау ауданы Мәдениет ауылының Е.Рахмадиев атындағы орта мектебін бітірген. Эл-Фараби атындағы ҚазМУУ-дің тарих факультетінің түлегі.

«Көлеңкелер күбі-рі» атты өлеңдер жинағының авторы.

Қазақтан Жазушылар одағының мүшесі. Мемлекеттік «Дарын» және «Серпер» жастар сыйлығының, Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері.

ЕЛҒОН ЕЛТАЙ



Жазушы.

Шығыс Қазақстанның тумасы.

Өскемендегі педагогтік институтты бітірген. 1954-1979 жылдары Ұлан аудандық халық ағарту жүйесінде еңбек етіп, кейін «Білім» қоғамы облыстық ұйымында

референт, облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде тілші болған. Қазақ және орыс тілдерінде жазады.

«Ерлігімен ән туғызған», «Наймандар» кітаптарының авторы. Орыс тілінде 2001 жылы «От Алтая до Алаколя», 2004 жылы «Приближали как могли» атты кітаптары шықты. 2002 жылы Мәскеудің «Братина» альманахында «Кетбуга», «Пегий жеребец Сарыкула», «Балжынгер» әңгімелері жарық көрді. 2003 жылы қазақ тілінде аңыздар, хикаяттар, очерктер топтастырылған «Атамекенде» жинағы жарыққа шықты.

Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің үздігі.

ЕЛЕУКЕНОВ ШЕРИАЗДАН

Әдебиеттанушы, жазушы.

1929 жылы 3 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Аршалы ауылында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетіндегі орыс журналистикасы бөлімін үздік бітірген. 1951-1959 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевигі», кейін «Коммунизм туы» газетінде істейді. 1963 жылы КОКП Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы әдебиет теориясы бөлімінің аспирантурасына түседі. 1967-1971 жылдары ҚКП Орталық Комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, баспасөз, радио және теледидар секторының меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1971-1986 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы болды. 1986 жылдан М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкері болып істеді.

Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытовтардың өмірі мен шығармашылығы туралы «Жаңа жолдан» еңбегі, «Газет жанрлары» атты оқу құралы, «Ка-



захский роман и современность» атты монографиясы, «Замандас парасаты», «От фольклора до романа-эпопеи», «Әдебиет және ұлт тағдыры», «Сұлулыққа іңкәрлік», «Ғасырмен сырласу», «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде», «Казахская литература: новое прочтение», «Тәуелсіздік биігінен», «Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі» атты кітаптары, «Әтген, дүние» романы мен «Мұхаметжан – Мархума» атты деректі повесі, «Кітаптану негіздері», «Қазақ кітабының тарихы» (Ж. Шалғынбаевамен бірге) оқулықтары, «Мағжан Жұмабаев» кітапшасы және мектеп оқушыларына арналған «Мағжан Жұмабаев» атты оқулықтары жарық көрді. «Емтихан» атты сатиралық комедиясы Абай атындағы Жамбыл облыстық және Н. Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрларында қойылды. Бірқатар пьесаларды қазақ тіліне тәржімалады.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Қазақ ПЕН-клубының Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық сыйлығының иегері. Көркем публицистикасы үшін Қазақстан Журналистер одағының Смағұл Сәдуақасов атындағы сыйлығы берілген. Екі дүркін ҚКП Орталық Комитетінің құрамына, үш мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы болды. Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы орталық кеңесінің мүшесі, ГДР-мен достықтың Кеңес қоғамы қазақ бөлімінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның мүшесі секілді қоғамдық жұмыстарды ұзақ жылдар бойы атқарды. «Құрмет Белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Ғылым академиясының Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Баспа және полиграфия ісінің қайраткері. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Филология ғылымдарының докторы, профессор.

ЕЛІКБАЕВ СЕРІК

Ақын.

1969 жылы 10 маусым күні бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Көкжыра ауылында туған.



1994 жылы Ш. Құдайбердіұлы атындағы Семей мемлекеттік университетін бітірген.

Осы жылы аталған университеттің қазіргі қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушы болып қабылданды. 1996-1997 жылдары

Екібастұз жоғары педагогикалық колледжінде оқытушы, 1997-2002 жылдары Павлодар университетінің аға оқытушысы, доценті болып жұмыс істеді. 1999 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде аспирантурада оқыды. 2002 жылдан бастап С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қазақ, орыс тілдерінің практикалық курсы кафедрасының доценті. 2004 жылдан бастап ПМПИ жанындағы аймақтық әдебиеттану орталығы директорының орынбасары ретінде көптеген жұмыстарда іскерлігі мен ұйымдастырушылығын көрсете білді. Қазір ПМПИ-дің проректоры.

1999 жылы «Назым» атты өлеңдер жинағын шығарған. 2001 жылы шыққан «Жас ақындар антологиясы» жинағына өлеңдері енген. 2002 жылы «Қазақ өлең өрнектері» атты ғылыми-әдістемелік құрал шығарған.

2000 жылғы «Шабьт» халықаралық фестивалінің поэзия номинациясы бойынша бас жүлде иегері. Филология ғылымдарының кандидаты.

ЕЛУБАЙ ОҢДАСЫН



Жазушы, журналист.

1950 жылы 22 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Саржыра ауылында туған.

1967 жылы Өскемен қаласындағы Жамбыл мектеп-интернатын бітіріп, облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Ди-

дар») газетінде корректор болып жұмыс істеген. 1973 жылы ҚазМУ-дің журналистика

факультетін, 1986 жылы Алматы Жоғары партия мектебін тәмамдаған. Облыстық газетте және облыстық телерадиокомитетте редактор, тілші, бөлім меңгерушісі болған. 1990 жылдан «Егемен Қазақстан» газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі.

«Алтайым – алтын тамырым», «Аялайық Алтайды», «Жүрегімде жастықтың ізі қалды», «Шымыр келер Шығыстың ұл-қыздары», «Жанарымда – жасыл құрлық», «Париж-Сидней – саңлақтар самғауы», «Азиатский аккорд мирового футбола», «На земле древней Эллады», «Уроки Турина», «Турин тағлымы» сияқты жинақтардың авторы.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері және Қазақстан Республикасының Құрмет Грамотасымен, «Қазақстан спортына сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісімен марапатталған. Зайсан ауданының Құрметті азаматы.

ЕРЕЖЕҚЫЗЫ ӘСЕМ



Айтыскер акын.

1980 жылы 8 қаңтарда бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданының Байқошқар ауылында дүниеге келген.

1997 жылы Байқошқар орта мектебін бітіріп, 1997-2001 жылдары Шәкерім атындағы Семей мем-

лекеттік университетінің филология факультетінде оқыған. 2005 жылы Семей мемлекеттік пединститутының магистратурасын тәмамдаған.

Жазба өлеңдері мен топтамалары «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», тағы басқа басылымдарда жарық көрген. 2001 жылы «Зерде» қоғамдық қоры өткізген республикалық жыр мүшәйрасының жүлдегері. Республикалық, халықаралық акындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы және жүлдегері болды.

ЕРЕМЕЕВ СЕРГЕЙ

Акын, жазушы.

1959 жылы Өскемен қаласында дүниеге келген.

Балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. Кітаптарының жалпы таралымы 7 миллион шамасында.

Ресейдің мәртебелі сыйлықтарының иегері және осы елдің Жаратылыстану ғылымдары академиясының толық мүшесі.

ЕРҚАСОВ КӨПЕН



Акын.

1952 жылы 4 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты Тесікқұя ауылында туған.

1968 жылы Марқакөл ауданындағы Горный орта мектебін бітіріп, Майтерек ауылдық клубында меңгеруші болып жұ-

мыс істеген. Өскемен ауылшаруашылық техникумын, 1979 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Марқакөл аудандық «Шамшырақ» газетінің редакциясында, 1998-2001 жылдары Өскемен қаласындағы НТК-Восток телеарнасында қызмет еткен. Қазір Шығыс Қазақстан облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасында бас маман-аудармашы болып қызмет атқарады.

Өлеңдері «Қарлығаш» (1984), «Төрткүл дүние» (1998) ұжымдық жыр жинақтарында жарияланған. 2003 жылы «Ағажай Алтай» атты кітабы жарық көрді.

ЕСДӘУЛЕТ ҰЛЫҚБЕК

Акын.

1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында туған.

Еңбек жолын 1971 жылы облыстық «Коммунизм туы» («Дидар») газетінде корректорлықтан бастаған. 1977 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, «Жазушы» баспасының поэзия редакциясында қызмет істеген. 1983-1985 жылдары М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты бітірген. «Қазақстан» телеарнасының жастар редак-



циясында, «Жазушы» баспасының сын редакциясында редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде сын бөлімінің қызметкері, 1988-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, 1991-1993 жылдары «Жас қазақ» газетінің бас редакторы, 1993-1997 жылдары ҚР Сыртқы істер министрлігінің ЮНЕСКО істері және мәдени байланыстар басқармасында, 1997-2001 жылдары ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінде бөлімдер басқарған. 2001 жылдың басынан бері ҚР Үкіметінің әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің сектор меңгерушісі. 2002-2008 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 2008 жылдан «Жұлдыз» журналының бас редакторы. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.

«Көздеріңе ғашықпын» (1974), «Жұлдыз жарығы» (1977), «Алтайдың алтын тамыры» (1979), «Ұлыстың ұлы күні» (1982), «Ақ керуен» (1985), «Жаратылыс» (1989), «Жүректегі жарылыстар» (1995), «Перевалы Алтая» (1988), «Заман-ай» (1999), «Киіз кітап» (2001), «Ахиллеова пята» (2003), «Қара пима» (2006), «Ынтық зар» (2009), «Әбілхаят» (2009) кітаптары, таң-

дамалы шығармаларының 2 томдығы (2006), шығармалар жинағының 6 томдығы (2006-2009) жарық көрген.

Бірқатар өлеңдеріне сазгерлер ән жазды. «Заман-ай» өлеңі халықаралық антиядролық қозғалыстың гимніне айналған. Республикалық жабық байқаудың жүлдегері «Қара пима» поэмасы бойынша көркем фильм түсірілген. Өлеңдері көптеген халықтар тілдеріне аударылған.

Аударма саласында да өнімді еңбек етіп, үнді, түрік, фин, араб, украин, әзірбайжан, қырғыз, моңғол, абхаз ақындарының жырларын, М. Лермонтов, А. Блок, Н. Рубцов шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған.

Қазақстан Журналистер академиясының толық мүше-академигі, Гуманитарлық ғылымдар академиясының құрметті академигі, М. Әуезов атындағы Семей университетінің құрметті профессоры, Еуразия әдеби журналдары Конгресі тұрақты кеңесінің мүшесі. «Құрмет» орденімен, Ресейдің «Есенин» алтын медалімен, Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығымен марапатталған. Қазақстан Жастар одағы және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлықтарының иегері. «Киіз кітап» жинағы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығын иеленді (2002).

ЕСДӘУЛЕТОВ АЙТМҰХАНБЕТ



Журналист-зерттеуші.

1957 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында туған.

1978-1984 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. Еңбек жолын 1984 жылы Алматы облысы Іле аудандық «Путь Ильича» газетінде тілші болып бастаған. 1985-1991 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы баспасөз құпиясын қорғау жөніндегі бас басқарманың редакторы, 1991-2001 жылдары ҚазМУ-де аға оқытушы, доцент, журналистика факультеті деканының орынбасары болып еңбек еткен. 1992-1993 жылдары республикалық «Мәдениет» газетінде тілші, 2002-2005 жылдары ҚР Әділет министрлігінің қылмыстық атқару жүйесі комитетінің «Жазаларды орындау» – «Исполнение наказания» журналының бас редакторы және негізін салушылардың бірі, 2004 жылы «Мұнайлы ел» журналының бас редакторы болды. 2007 жылы АҚШ-тың Талахаси қаласында, Вашингтон Штаты университетінің Миррор атындағы Журналистика мектебінде оқу үрдісімен танысып, тәжірибе алмасып қайтты. 2001 жылдан бері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті журналистика кафедрасының доценті, 2004-2008 жылдары кафедра меңгерушісі болып еңбек етті. Қазіргі уақытта аталмыш оқу орнында журналистика факультетінің баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті.

Әр түрлі басылымдардағы ғылыми мақалалар саны елуден асады. «Печать Казахстана в годы перестройки» (2009) атты ғылыми басылымның авторы.

Филология ғылымдарының докторы.

ЕСПЕНБЕТОВ АРАП



Әдебиеттанушы.

1945 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

Семей пединститутын (1965) және ҚазМУ-дің аспирантурасын (1975) бітірген. Семей пединститутында оқытушы (1967-1972), аға оқы-

тушы (1978-1979), деканның орынбасары, декан (1978-1989), аға ғылыми қызметкер (1989-1991), доцент (1991), кафедра меңгерушісі, проректор, Семей мемлекеттік университеті гуманитарлық институтының ректоры (1993-1996) қызметтерін атқарды.

Ғылыми еңбектері қазақ әдебиеттану саласының өзекті мәселелеріне арналған. 100-ден астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты монографияның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1993), профессор (1994). Халық ағарту ісінің үздігі (1987).

ЕСІМЖАНОВ ТӨЛЕУҒАЛИ



Жазушы.

1942 жылы 24 наурызда бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданының Алғабас ауылында туған.

1965 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Осы жылы мектепте мұғалім, 1966-1970 жылдары аудандық «Жаңа

өмір» газетінде бөлім меңгерушісі, 1970-1975 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1975-1976 жылдары «Ара» – «Шмель» журналында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген.

Алғашқы кітабы 1967 жылы «Дала тынысы» деген атпен жарық көрді. «Бір ұяның қарлығаштары», «Тау самалы», «Аяулым», «Мамыр айы – махаббат айы», тағы басқа жинақтары шыққан.

1978 жылы қайтыс болды.

ЕШЕНҰЛЫ ТАЛҒАТ

Ақын.

1974 жылы 15 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Тарбағатай ауылында туған.

1991-1996 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыды. 1996-1998 жылдары «Заман-Қазақстан», «Жас Алаш»



газеттерінде жұмыс істеді. 1998-2004 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде жауапты қызметтер атқарды. 2004-2005 жылдары «Жас Алаш» газетінің Астанадағы тілшілер қосынының жетекшісі, 2005-2008 жылдары «Жас қазақ» республикалық қоғамдық-саяси апталығының бас редакторы, 2008-2009 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі болды. 2009 жылдан бері «Нұр Отан» партиясы Төрағасы бірінші орынбасарының кеңесшісі.

«Шабыт» халықаралық шығармашылық жастар фестивалінің жеңімпазы (1998). Ж. Нәжімеденов, Т. Айбергенов атындағы сыйлықтардың, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері (2006 жыл).







ЖАҚИЯНОВ СЕРІКХАН

Айтыскер ақын.

1959 жылы 18 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Қабанбай ауылында дүниеге келген.

1974 жылы 8-сыныпты тәмамдап, комсомол жастар бригадасында еңбек етті. Кәсіптік-техникалық училищені бітіріп, кеңшарда тракторшы болып жұмыс істеді. 1977-1979 жылдары әскер қатарында болды. 1987 жылы ауылдық Мәдениет үйінің директоры, 1988 жылы аудандық мәдениет бөлімінде автокөліктер клубының меңгерушісі болып қызмет еткен.

Алғаш 1986 жылы аудандық, облыстық ақындар айтысында 1-орын алған Серікхан кейін Талдықорған қаласында өткен «Біржанның інілері, Сараның сіңлілері» атты республикалық



айтыста, Ақтөбе облысының 120 жылдығы мен Қ. Жұбановтың 90 жылдық мерейтойына арналған айтыстарда, Алматы қаласында өткен халықаралық ақындар айтысында жүлдегер атанған. Ы. Алтынсарин атындағы және Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысының 1-орын иегері. Торғай облысында «Үш арыс» деген атпен өткен және Семей қаласында Желтоқсан оқиғасына арналған республикалық ақындар айтысының бас жүлдегері.

ЖАҚСЫЛЫҚОВ АСЛАН



Жазушы, аудармашы, әдебиеттанушы.

1954 жылы Шығыс Қазақстан облысының Самар ауылында туған.

1979 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдаған. 1979-1990 жылдары Қыздар педагогтік институтының әдебиет кафедрасында қызмет еткен. 1990 жылдан бері әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де қазақ әдебиеті кафедрасының доценті. 2000-2005 жылдары қазақ әдебиеті кафедрасының, 2005 жылдан көркем аударма теориясы және әдеби шығармашылық кафедрасының профессоры.

1998 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Көркем әдебиеттегі діни сарындар» атты кітабы шықты. «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» монографиясының (1999), «Қазақ әдебиетінің тарихы бойынша практикум» (С. Есенбековпен бірге, 2001), «Аударма теориясы мен практикасы бойынша библиографиялық анықтамалық» (С. Есенбековпен бірге, 2007), тағы басқа оқулықтардың, «Сны окаянных» трилогиясының (2005), «Философия всеединства и саморегуляции» (1994) зерттеу еңбектерінің, бірталай прозалық шығармалардың авторы. С. Елубайдың «Ақбоз үй» трилогиясын, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының жекелеген тарауларын орыс тіліне аударған.

Филология ғылымдарының докторы. 1998 жылғы Буккер әдеби байқауының жүлдегері.

ЖАҚЫП БАУЫРЖАН



Ақын, әдебиеттанушы.

1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Аққора ауылында туған.

ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Осы оқу орнында стажер-зерттеуші, ассистент, аға оқытушы, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, журналистика факультетінің деканы қызметтерін атқарды. 2009 жылдан «Қазақ Энциклопедиясының» бас директоры.

Ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы, дамуы, теориялық және шығармашылық мәселелері. Жалпы 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Филология ғылымдарының докторы (2004), профессор (2007), Қазақстан Журналистика академиясының академигі (2006) және ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (2007), Семей мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (2009). Қазақстан Жазушылар (1990), Журналистер (1998) одақтары сыйлықтарының және «Дарын» мемлекеттік жастар (1999) сыйлығының иегері.

ЖАҚЫПОВ ЕСЕНГЕЛДІ

Әдебиеттанушы, аудармашы.

1928 жылы 10 сәуірде бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.



ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Республикалық газет-журналдарда, Қазақ телевизиясының әдебиет-драма редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағының драматургия секциясында қызмет атқарған. М. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының қазақ кеңес әдебиеті бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып істеді.

Шығармашылық жолын студенттік жылдарда фельетон-очерктер жазумен бастаған. «Дастаннан – драмаға», «Эпос на сцене» секілді монографиялық еңбектер жазған.

С. Құдаштың «Ұмытылмайтын күндер» кітабын, О. Туманянның «Ертегі-әңгімелерін», А.П. Чеховтың «Апалы-сіңлілерін», Л. Зориннің «Транзит», Э. Володарскийдің «Парыз», А.Ирзагитовтің «Жамбастағы жылан», Анардың «Шынжыр», Т. Миннуллиннің «Осында туып, осында ержеткендер» пьесаларын аударған.

Филология ғылымдарының кандидаты.

ЖАНБОЛАТ СЕРІКБЕК

Журналист.

1964 жылы 14 қыркүйек күні бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1981 жылы орта мектепті бітіріп, «Совхоз туы» газетінде тілші болды. 1989 жылы ҚазМУ-ді бітірген. Осы жылдан Қазақ республикалық телевидениесінің Жастар бағдарламалары редакторы, 1993-1996 жылдары «Мұрагер» шығармашылық бірлестігі бас редакторының орынбасары, 1997-1998 жылдары «Бағдар» коммерциялық студиясы бас редакторының орынбасары қызметін атқарған. Осы жылдары «Ақшам» ақпараттық бағдарламасының редакторы, «Хабар-Қуат» экономикалық-аналитикалық бағдарламасының редакторы әрі жүргізушісі де болды. 1998 жылдан «Хабар» агенттігіндегі «Сәлем, Қазақстан!» бағдарламасының продюсері, Ақпараттық дирекция-



ның продюсері әрі корреспонденті, «Жеті күн», «Бетпе-бет» саяси-аналитикалық бағдарламаларының редакторы және жүргізушісі болған.

2002 жылы «Шыңғыстау» тарихи-этнографиялық экспедициясын құрған. 2002-2003 жылдары «Қуат» холдингтік компаниясының менеджері, 2004-2007 жылдары республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінің бас редакторы, 2007 жылдан «Қазақстан» ұлттық ТРК қоғамдық-саяси бағдарламалар бас продюсері, бас директордың орынбасары, «Қазақстан» арнасындағы «Көкпар» сараптамалық токшоуының авторы әрі жүргізушісі. 2008 жылдан республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық «Алаш айнасы» газетінің бас редакторы.

Ел арасына танымал бірқатар әндердің авторы.

2005 жылы ҚР Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығын, 2010 жылы «Мәдениет қайраткері» белгісін иеленді.

ЖАНҒАЛИЕВ ТӨЛЕГЕН

Ақын.

1950 жылы 27 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.



1973 жылы Семей пединститутын, 1982 жылы Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. 1982-1999 жылдары Абай аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, аудан әкімінің орынбасары болып істеген.

Жыр топтамасы алғаш рет республика жас ақындарының «Қарлығаш» (1978), сонан соң «Сыр сапар» (1980), «Тоғыз перне» (1981) атты ұжымдық жинақтарында жарияланды. «Жүрегім сөйлеп тұрғанда», «Шыңғыстау шындығы», «Оңалған ойдың сәулесі», «Біз жұмаққа бармаймыз», «Атом мен ақын», «Баба жайлы балладалар» атты кітаптары жарық көрді.

Жас ақындардың республикалық «Жігер» фестивалінің (1978), Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың (1996) иегері. Шығыс Қазақстан облыстық жазба ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері.

ЖАНПЕЙІСОВ ЕРБОЛ

Тілтанушы.

1930 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Токтамыс ауылында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетін (1953) және аспирантурасын (1956) бітірген. 1957 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі институтында кіші, аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер болды.

70-тен астам ғылыми мақаланың авторы.

Филология ғылымдарының докторы.

ҚР ҰҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері (1993).

ЖАНҰЗАҚОВА ФАРИДА

Жазушы, аудармашы.

1935 жылы Семей қаласында туған.

1957 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің орыс журналистикасы бөлімін бітіреді. «Ленинская смена» газетінде, «Жазушы» баспасында қызмет істеген. Очерктері, проблемалық мақалалары, сын-рецензиялары «Өмірбаян жана



басталды» (1957) деген жинақта жарық көрді.

М. Гумеровтің «Әкемнің әкесі» (1968) атты әңгімелер жинағын, «Балаларға базарлық» атты ұжымдық жинақты (1969), Ә. Әбішевтің «Белгісіз батыр» пьесасын (1970), Б. Тілегеновтің «Көктем де ызғарлы» (1972), К. Исаевтың «Соңғы тәулік» (1973) романдарын, Б. Тоғысбаевтың «Ар» (1975), М. Дүйсеновтің «Гүлжан» (1969) повестерін және Қ. Байсейітовтың «Құштар көңіл» (1983) атты өмірбаяндық повесін орыс тіліне аударған.

«Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. 1993 жылы дүниесін салды.

ЖАНҰЗАҚҰЛЫ ӘРІМЖАН

Ақын.

1878 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы Маңырақ тауының бөктерінде Жанұзақ ақынның шаңырағында дүниеге келеді.

«Сатыда бұлбұл мен едім» деп өзі жырлағандай, аса талантты ақын Әрім өз заманында әнші, күйші, домбырашы және керемет киссагер де болған.

Шығармаларының көпшілігі туған жерге деген сүйіспеншілікке толы. Өлеңдерінде Тарбағатай өңірінде өмір сүрген, қоғамда өзіндік із қалдырған болыс-билер, тағы да басқа белгілі адамдардың аттары жиі ұшырасады, әр түрлі деректер мол. Ақын өлеңдері сонысымен де құнды.

Арабша, татарша, орысша да сауатты болған, заман ағымын дұрыс болжап, оқу-білімнің қажеттігін түсініп, оған өзінің пікірін білдіріп отырған Ә. Жанұзақұлы – орыс пен қытай шекараларында кезек толқыған қазақтың мұңы мен зарын, халықтың басына түскен зобаланды дәл бейнелеп айтқан. Өйткені ол зар өз басынан да өткен.

Ақын дастандар да жазған. «Ер Кешубай», «Сағат», «Ағыбай батырдың үш өкініші», «Марғұзарын» атты дастандары бар.

1946 жылы өмірден өтті.

ЖАППАСҰЛЫ ЕРКІН



Жазушы, сықақшы.

1954 жылы 6 маусымда Семей облысы Ақсуат ауданының Екпін ауылында туған.

1971 жылы Ақсуат қазақ орта мектебін бітірген. 1971-1973 жылдары Ақсуат аудандық Пионерлер үйінің директоры қызметін атқарған. 1975 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп оралып, аудандық музыка мектебінде ұстаз болған. 1982 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, республикалық «Қазақкітап» кітап саудасы бірлестігінің насихат редакциясында еңбек еткен. Қазір «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары.

Алғашқы сықақ шығармалары 1967 жылдан бастап облыстық «Семей таңы», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» газеттерінде, «Ара» – «Шмель» және «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында жарияланған. «Кімге күлкі, кімге түрпі?», «Ой, қытығым келеді», «Мыңқетпес мыңқ етер емес», тағы басқа сатиралық кітаптары жарық көрген. Шығармалары орыс, қытай тілдеріне аударылған. «Қазақстан», «Хабар» телеарналары эзіл-сықақ бағдарламаларының, «Тамаша» ойын-сауық отауының тұрақты авторы.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

ЖАНҰЗАҚ

Ақын.

Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы аумағында (туған, өлген жылы белгісіз) XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген. Атақты Қабанбай батырдың жақын серігі. Дәулетбай батырдың немересі. Жастайынан ақындыққа бой ұрып, өз кезіндегі ел басқарған болыстар мен билердің қарапайым халыққа істеген қиянат қылықтарын уытты өлең тілімен әшкерелеген. Заман жайлы, ел тіршілігі мен туған жер туралы толғаған өлең-жырлары халық арасына кең тараған.

ЖАНАТАЙҰЛЫ КӨКБАЙ



Акын, ағартушы.

1861 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Тақыр ауылында дүниеге келген.

Абайдың шәкірті әрі інісі. Ұлы акынның «Жаз», «Күлембайға» деген өлеңдері тұңғыш Көкбай қолымен 1888-1989 жылдары «Дала уәлаятының газетінде» жарияланған.

Көкбай бала кезінде хат танып, үш жыл-

дай Төлетай молдадан дәріс алған соң, Семейдегі Қамали хазірет медресесінде, уездік училищеде оқыған. Елге келген соң үнемі Абайдың жанында болады. 1901 жылы өз қаржысына медресе ашып, онда сол өңірдегі қазақ ауылдарының балаларын оқытады. Сабақ мұсылманша, орысша қатар жүрген. Оқулық ретінде шәкірттеріне «Араб тілінің қағидаларын» өлеңмен жазып шығады. 1908 жылы биік мұнаралы мешіт салдырады. 1913 жылы Меккеге барып қажы атанған. Жаңа оқу жүйесі шыққанда медресесін мұғалімдерге босатып береді.

Жастайынан айналасына өткір тілді, өжет, суырыпсалма акын ретінде танылады. Абай ұстазына «Семейге Абай келсе бізге думан», «Абайдай ұлы тумағы болар ғайып», «Абайдан сабақ алдым бала жастан», «Жаннатта жаның болғыр Абай құтып» секілді өлеңдерін арнаған. «Сабалак», «Құлынды», «Қандыжап», «Ғаділ патша киссасы», «Арон Рашид киссасы» дастандары белгілі. Көкбайдың акындық талантына М. Әуезов жоғары баға берген.

Акынның өлеңдері мен айтыстары «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «Бес ғасыр жырлайды» (1989, 1-т.), «Айтыс» (1988, 2-т.), «Абайдың акын шәкірттері» (1994, 2-кіт.) жинақтарына еніп, ол туралы зерттеу мақалалар «XX ғасырдағы қазақ ақындары» ұжымдық монографиясы (1988) мен Қ. Мұхамедханұлының «Абайдың акын шәкірттері» кітабында (1994) жарияланған. 2005 жылы «Абайдан сабақ алдым бала жастан» атты кітабы (кұрастырып, түсініктерін жазған С. Ыдырысұлы) жарық көрген.

1925 жылы Мәскеуге емделуге бара жатқан сапарында дүние салған.

ЖӘКЕНОВ ЗАМАНБЕК



Жазушы.

1930 жылы 4 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туған.

Ата-анасы 1932 жылы Шығыс Түркістан өлкесінің Дөрбілжін ауданындағы Ақтас дейтін жерге қоныс аударған. 1947 жылы

орта мектепті тәмамдап, Құлжа қаласындағы офицерлер дайындайтын әскери мектепте оқиды. 1954 жылы Үрімжідегі Жоғары партия мектебін бітірген. 1955 жылы Қазақстанға қайтып оралып, жұмысшы, кітапхана меңгерушісі болып еңбек еткен. Алғашқы өлеңдері мен әңгімелері осы уақыттан мерзімді баспасөз беттерінде жариялана бастады. 1963-1968 жылдары Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Екпінді еңбек» газетінің редакциясында бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары болған. 1968-1990 жылдары Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде қызмет істеген.

«Аяулы қарындас», «Таң самалы», «Қайта айналып келгенше», «Күн көтеріліп келеді», «Бозқараған» кітаптары жарық көрді.

1996 жылы дүниеден өтті.

ЖӘНІБЕК ҚЫЗЫР

Акын.

1949 жылы Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауылында туған.

1966 жылы Алтай орта мектебін бітіріп, еңбек жолын жүргізушіліктен бастайды. 1972 жылы аудандық «Арай» газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Содан бері осы газет редакциясында бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары міндеттерін атқарды. Қазір де сол аудандық газетте қызмет істеп жүр.

Өлеңдері «Ағажай, Алтайдай жер қайда?» жыр жинағына енген. 2003 жылы қаламгер



Қ. Назырбаевпен бірге от ауызды, орақ тілді жерлестерінің шымшы-маларын жинастырып, «Ел ішіндегі бірқақпайлар» атты кітапша шығарды. Жеңістің 60 жылдығына байланысты жерлестерінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі жайлы «Ерлік-дастан» атты жеке

кітап құрастырып, оқырмандарына ұсынды. Ауданның 80 жылдығына орай оның құрастыруымен «Жер жаннаты – Қатонқарағай» атты кітап оқырмандар қолына тиді. 2009 жылы «Ақбұлақ» атты жыр жинағы жарық көрді.

«Елім менің», «Алтайымдай айбарлы», «Ақ құсым», «Алтайым» атты өлеңдеріне ән жазылған. «Қатонқарағайды таныстыру», «Не пайда?» атты толғауы мен термесі ел арасында айтылып жүр.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ЖЕТПІСБАЕВА БИГҮЛ

Әдебиеттанушы.

1955 жылы Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Жалғызтөбе ауылында туған.

Қазақ мемлекеттік қыздар пединститутын (1977), Алматы мемлекеттік университетін (2001) және аспирантурасын (1992) бітірген. «Қазақ Совет Энциклопедиясында» ғылыми редактор (1977-1989), ҚазҰПУ-де оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор (1992-2003), кафедра меңгерушісі (2003-2006) болған. 2006 жылдан ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында зерттеу орталығының меңгерушісі.

100-ден астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы.


Филология ғылымдарының докторы (1999), профессор (2001).

ЖОБАЛАЙ БИ

Белгілі би әрі батыр.

1700 жылы дүниеге келген.

Халыққа жастай танылып, 12 жасында Бала би атанған.



Жобалай бидің кесенесі

Көнеден жеткен деректерге ден қойсақ, 1760 жылы Алтайдағы он екі ата абақ керейді Дағанды, Бақанас, Құр, Қорық, Малгелді, Сары және Қусак өзендерінің бойына бастап әкеліп, қоныстандырған осы Жобалай би екен.

1770 жылы дүниеден өткен Жобалай би Дағанды өзенінің Балқашқа құйылысынан жоғары Мәдениет ауылына қарасты жерде жерленген.

2000 жылдың жаз айында ұрпақтарының, қалталы азаматтардың қаржылай көмегімен және Мәдениет ауылы халқының атсалысуы арқасында Жобалай биге ақ кірпіштен әшекейленіп, кең де еңселі күмбез тұрғызылды.

ЖОМАРТБАЕВ ТАЙЫР

Жазушы, драматург, педагог.

1884 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Мұқыр ауылында дүниеге келген.

Көкбайдың медресесінде білім алып, 1911 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген. 1911-1915 жылдары Семей қаласы маңындағы Жакия қажы мектебінде сабақ берді. 1915-

1928 жылдары Зайсан қаласында, Маңырақ болысында мұғалім болып қызмет істейді. 1928-1930 жылдары Семейдегі №14 мектептің директоры, 1930-1937 жылдары Семей педагогтік техникумында оқытушы болған.

Семейдегі «Жәрдем» баспаханасынан жастарды адамгершілікке, ізгілікке, оқу-білімге үндейтін «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағы, 1912 жылы төңкеріске дейінгі қазақ қыздарының әлеуметтік жағдайын көтерген «Қыз көрелік» романы басылып шықты. Журналистикамен де айналысып, «Айқап», «Жана мектеп» журналдары мен «Қазақ», «Алаш» газеттеріне мақала, фельетондар жазып тұрды.

Жомартбаевтың «Сары сүйек құда», «Осы ма, қазақ, өмірің?» атты пьесалары Зайсан, Семей театрларында қойылған.

1937 жылы саяси жаламен тұтқындалып, Семейде үштіктің шешімімен ату жазасына кесілген. 1956 жылы ақталды.

ЖҰМАДІЛОВ ҚАБДЕШ



Жазушы.

1936 жылы 24 сәуірде дүниеге келген.

Ауылда бастауыш білім алып, кейін Шәуешек гимназиясын бітіреді. 1956 жылы Қытай үкіметінің жолдамасымен Алматыға келіп, ҚазМУ-дің филология факультетіне оқуға түсті. Университеттің 2-курсынан кейін екі ел арасындағы саяси жағдайға байланысты кері шақырылып, 1958-1962 жылдар аралығында Қытайда қуғын-сүргінге ұшырады. 1962 жылы империя шекарасын бұзып өткен қазақ көшімен

бірге атамекенге қайтып оралып, ҚазМУ-дегі аяқталмай қалған оқуын қайта жалғап, 1965 жылы бітіріп шықты. «Қазақ әдебиеті» газетінде (1965-1967), «Жазушы» баспасында (1967-1976), Мемлекеттік баспалар комитетінде (1976-1981) жауапты қызметтер атқарды. 1981 жылдан бірыңғай шығармашылық жұмыста.

Жазушының әдеби қызметі Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде басталған. 1954 жылы «Шынжан газетінде» алғашқы өлеңдері жарық көрді. «Жамал» атты тырнақалды әңгімесі 1956 жылы «Шұғыла» журналында басылды.

Жастық шақта жазылған өлеңдері 1967 жылы «Жас дәурен» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Осыдан кейін жазушы бірыңғай проза жазуға ойысқан. «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, «Көкейкесті» романы 1969 жылы жарық көрді. Содан бері жазушы қаламынан көптеген әңгіме-хикаяттар, он шақты роман туды. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Екі кітаптан



Қ. Жұмаділов жазған «Дарабоз» романының бас кейіпкері Қаракерей Қабанбай батырға қойылған ескерткіш

тұратын «Соңғы көш» (1974-1981), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988) романдары Шыңжаң қазақтарының өмірінен жазылған.

Қос томдық «Дарабоз» романы тарихи тақырыпқа, «Саржайлау», «Сәйгүліктер», «Бір қаланың тұрғындары», «Бір түп тораңғы» атты шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналса, «Қылкөпір» романы мен соңғы жылдары жазылған бір топ әңгімелерінде тәуелсіздіктен кейінгі өтпелі дәуір шындығы көрініс тапқан. Жазушы «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романында өзі өмір сүрген орта мен замандастары жайында сыр шертеді. «Мәңгілік майдан» кітабы жарық көрген.

«Көкейкесті», «Соңғы көш», «Атамекен», «Дарабоз» романдары мен хикаяттар топтамасы орыс тіліне аударылып басылған. Жекелеген әңгіме-хикаяттары қырғыз, өзбек, ұйғыр, украин, белорус, грузин тілдерінде, «Соңғы көш» романы түрік тілінде жарық көрді. Бүгінге дейін отызға тарта кітабы шықты. Негізгі еңбектері 2003-2004 жылдары «Қазығұрт» баспасынан шыққан он екі томдық шығармалар жинағына топтастырылған.

«Соңғы көш» дилогиясына 1983 жылы М. Әуезов атындағы әдеби сыйлық, «Тағдыр» романына 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді. Медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Қазақстанның халық жазушысы. «Парасат» орденінің иегері. Тарбағатай, Үржар және Аягөз аудандарының Құрметті азаматы.

ЖҰМАТОВ СЕРІК



Айтыскер ақын, сатирик.

1953 жылы Семей облысы Бородулиха ауданында дүниеге келген.

1970 жылы Ақсуат орта мектебін бітірген. Семейдің Абай атындағы мәдени-ағарту училищесінде режиссер мамандығы бойынша оқыған. 1982 жылдан бүгінгі күнге дейін аудандық Мәдениет үйінің директоры әрі режиссері болып қызмет етіп келеді.

Бірнеше ұжымдық жыр жинақтарына өлеңдері енген. «Ел сыйлаған азамат», «Жаны жайсаң Захаң» кітаптарының авторы. Драма жанрында да бақ сынаған қаламгердің «Вампир күйеу» атты спектаклін Қызылорда облыстық Н. Бекжанов атындағы театры сахналаған.

Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалдерінің лауреаты. Республикалық көркемөнерпаздар фестивалінің жүлдегері. Майлықожаның 155 жылдығына, И. Байзақовтың 90 жылдығына, Қабанбай батырдың 300 жылдығына, Ә. Найманбайұлының 125 жылдығына арналған айтыстардың және 1994 жылғы Наурыз айтысының жүлдегері. «Ара» журналы жариялаған «Жатыпатар» бәйгесінің жеңімпазы.

ЖҰМАХАНОВ ЖЕКЕН



Жазушы, аудармашы.

1913 жылы 5 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданындағы Қарауыл ауылында туған.

Семей педтехникумын бітірген. 1935 жылы Алматыдағы Қазақ коммунистік журналистер институтына түсіп, айрықша дипломмен бітірген. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакциясында ұзақ жылдар меншікті тілші, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Шығармаларына негізінен майдангерлер ерлігін арқау етті. «Солдат жолы» (1958), «Әлия Молдағұлқызы» (1959), «Әлия» (1958), «Жазылмаған кітап» (1959), «Келін» (1960), «Қаракөз қарындасым» (1962), «Үш бәйтерек» (1965), «Екі жол» (1966), «Соқпақ соңы» (1967), «Адам тау қопарады» (1967), «Мен жұмысшымын» (1972), «Шұбартау таны» (1975), «Махаббат пен мансап» (1974) «Қиядағы қайын» (1974), «Үш бәйтерек» (1989) кітаптары шыққан.

Гогольдің «Рим» деген әңгімесін, В. Орловтың «Батыл ой», М. Торездің «Халық ұлы» кітаптарын, М. Садовянуудың «Митра Кокорь» повесін қазақшалады. Әңгіме-повестері орыс тілінде кітап боп шықты.

1978 жылы қайтыс болды.

ЖҮРТБАЙ ТҮРСЫН



Жазушы, акын, әдебиеттанушы.

1951 жылғы 15 тамызда бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Шаған ауылында туған.

1969-1974 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыды. 1974-1976 жылдары Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, 1976-1980 жылдары «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының әдеби қызметкері, редакция меңгерушісі, 1980-1990 жылдары «Жұлдыз» журналының әдеби сын, проза, поэзия, очерк және публицистика бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында М. Әуезов мұраларын зерттеу бөлімінің (мұражай-үйінің) аға ғылыми қызметкері (1990-1992), бөлім (мұражай) меңгерушісі (1992-1996), ҚР ҰҒА-ның «М. Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының директоры (1996-1998), Әдебиет және өнер институтының докторанты, аға ғылыми қызметкері (1998-2001) болды.

1990 жылдан Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде, ҚазМУ-де, одан соң Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік қызмет академиясында, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде абайтану, әуезовтану, жазушының шығармашылық психологиясы, Еуразия романдары, Еуразия романдарының типологиясы, халық ауыз әдебиеті – тарихи дереккөзі ретінде, әдебиеттанудың өзекті мәселелері, туындыны ғылыми талдау, сөз мәдениеті (саяси шешендік) бойынша арнайы курстардан дәріс береді. 2006 жылы Қытай Халық Республикасының Орталық мемлекеттік ұлттар университетінде

(Пекин қаласында) профессор ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихы, бүгінгі қазақ әдебиеті, абайтану, әуезовтану пәндері бойынша дәріс оқыды.

«Замандасым, сырласым» (1976), «Қоңыр қаз» (1978), «Жүрегімде жұмыр жер» (1980), «Бесқарагер» (1982), «Дара тұлға» (1984), «Жербесік» (1985), «Бабочка под снегом» (1990), «Талант Калибека» (1992), «Болашақтың бәйтерегі» (2007) атты көркем шығармалардың авторы. Бұл туындылар қаламгердің өзіндік жазу мәнері мен философиялық-лирикалық сипаты арқылы ерекшеленеді.

«Бейуак» (1990), «Дулыға» (1-2-кітап, 1994), «Кетбұға» (1996), «Бесігіңді түзе!», «Талқы» (1997), «Мұхтар Омарханович Ауэзов» (түрік, орыс тілдерінде, Анкара, 1997), «Күйесің, жүрек... сүйесің!» (2001), «Бесігіңді аяла!» (2002), «Құнанбай» (2004), «Сүре сөз» (2005), «Дулыға» (қайта басылымы, 2007), «Ұраным – Алаш!...» (2007) атты деректі ғылыми-зерттеу кітаптары шықты.

Т. Жұртбайдың ғылыми жетекшілігімен «М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (1997), «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» (1997), «Әуезов әлемі» (1997), «Абай жолы» роман-эпопеясының ғылыми-текстологиялық салыстырудан өткен басылымы (1997), М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағының 1-7 томдары (1997-2001), М. Әуезовтің «Ескермедім, қабылдамадым...» (1998) атты ашықхаттар жинағы жарық көрді және оның қатысуымен «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясы дайындалды.

Көркем шығармалары мен зерттеу еңбектері әлемнің он бес тіліне, ал ғылыми еңбектері ЮНЕСКО-ның ресми тілдеріне аударылған. М. Икбалдың, С. Тогэнің, Л. Шералидің, В. Шефнердің, Р. Рождественскийдің, С. Қапаевтың және тағы басқалардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Филология ғылымдарының докторы, профессор. Ш. Құдайбердіұлы және І. Жансүгіров атындағы әдеби сыйлықтардың, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.

ЖҮНІСОВА КҮЛИМАН

Жазушы.

1924 жылы 20 қазанда Семей өңіріндегі Абай ауданының Қайнар ауылында туған.



Орта мектепті бітіріп, сол аудандағы қаржы мекемесінде еңбек етті. Аудандық партия комитетінің жауапты буындарында, аудандық газет редакциясында жауапты хатшы болып қызмет атқарды. 1960 жылы Алматы Жоғары партия мектебін бітіріп,


облыстық газеттерде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болған.

Әңгімелері 1960 жылдан мерзімдік баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрды. «Шұғыла», «Жасыл жапырақтар», «Кәмшат», «Құстар әні», «От пен гүл», «Қимаймын сені» прозалық жинақтары жарық көрген.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

1999 жылы қайтыс болды.

ЖҮНІСОВ АХМЕТ



Жазушы.

1926 жылы 20 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат ауданының Қызылтас ауылында туған.

ҚХР-дің Үрімжі қаласында педагогтік институт бітірген. Осы қалада шығатын «Шұғыла» журналы-

ның редакторы болған. 1961 жылдан Семейдің Ақсуат ауылындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. 1995 жылдан өмірінің соңына дейін «Ана тілі» газетінде жұмыс істеді.

«Жанасыл» (1964), «Өмір іздері» (1971), «Аласапыран кез» (1978), «Ақжелең» (1987), «Екі ошақтың түтіні» (1998), «Фәниден бақиға дейін. Әдет-ғұрып әліппесі» (2001), «Боғда» (2004) атты еңбектері шыққан.

1998 жылы қайтыс болды.

ЖҮСІПОВ НАРТАЙ



Әдебиеттанушы.

1970 жылы Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында туған.

ҚазМУ-ді (1994) бітірген. Екібастұз жоғары педагогтік колледжінде оқытушы болды. 1998 жылдан Павлодар мемлекеттік университетінде аға

оқытушы, доцент, профессор.

200-ге жуық ғылыми-зерттеу жарияланымдар авторы.

Филология ғылымдарының докторы (2007), профессор (2005).







3



ЗАИТОВ РИНАТ



Айтыскер ақын.

1983 жылы бұрынғы Семей облысының Аягөз қаласында туған.

Семей музыкалық колледжін, Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университетін бітірген.

Айтысқа 2001 жылдан қатыса бастады. Анырақай шайқасының 270 жылдығына, Дәулетбай батырдың 300 жылдығына, О. Бөкейге, Оспан батырға арналған айтыстарда, Әзіл айтыста, Студенттер айтыстарында, Мәскеу, Париж, Ташкент қалаларында өткен ақындар сайысында, тағы басқа халықаралық және республикалық жыр додаларында жеңімпаз атанған.

«Қазақстан» ұлттық телеарнасы өткізген «Жекпе-жек» айтысының бас жүлдегері.

ЗАКОНҰЛЫ ТҮРСЫНХАН

Жазушы, тарихшы.

1962 жылы дүниеге келген.

1986 жылы Шыңжаң университетінің тарих факультетін, 1989 жылы Пекин ұлттар институтының тіл-әдебиет факультетін бітірген.

Қытай, ұйғыр, өзбек, парсы, түрік тілдерін меңгерген.

Көптеген прозалық, поэзиялық шығармалары газет-журналдарда жарияланған. «Гүлбаршын»,



«Балқан тауға барғандар» жинақтары жарық көрген.

2001 жылы ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық әдеби байқауда «Көк бөрілердің көз жасы» тарихи романы үшін жеңімпаз атанған.

ЗАУТДИН ШӘМШІ



Ақын, журналист.

1947 жылы 9 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданындағы Нұғыман ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде бастаған. Тұңғыш өлеңдер жинағы

«Жырлайды жүрек, сыздайды жүрек» деген атпен 2003 жылы жарық көрген. 2004 жылы «Сол бір түн» атты жинағы жарыққа шықты.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ЗӘКЕНОВ КЕҢЕСХАН



Журналист, жазушы.

1937 жылы 20 тамызда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан өңірінде туған.

ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Оқи жүріп түрлі тақырыптарға мақалалар жазды.

Университетті бітіріп шыққан жас талап «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің, кейін «Социалистік Қазақ-

стан» («Егемен Қазақстан») газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болды. «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясына қызметке алынып, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып 26 жыл қызмет істеді.

Оқырмандарға «Жанартау», «Тау жолы», «Миллионер», «Жұлдызды дәурен» атты әңгіме-хикаят жинақтарын ұсынды. Халық емшісі С. Юлдаштың «Емші» кітабын әдеби өңдеп шығарды. «Сезім сәулелері» кітабы 2001 жылы басылып шықты.

Құрмет Грамоталарымен, медальдармен марапатталған.

1993 жылы қайтыс болды.









ИБРАЕВ ӘДІЛ



Журналист.

1953 жылы Өскемен қаласында туған.

М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, Алматы саясаттану және басқару институтын бітірген.

ҚазТАГ-тың редакторы, аға редакторы, шығарушы редактордың орынбасары болған.

1982-1988 жылдары «Ленинская смена» газеті бас редакторының орынбасары, 1988-1990 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының кеңесшісі, көмекшісі, 1991-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті және Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлім меңгерушісінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі жетекшісінің орынбасары, 1993-1994 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті және Министрлер Кабинеті Аппараты ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Іс басқармасының бөлім меңгерушісі, 1997-2002 жылдары Алматы қаласы әкімінің орынбасары, 2003-2004 жылдары Қазақстандағы Ресейдің «Известия», «Комсомольская правда» және «Труд» басылымдары Менеджмент, маркетинг және жарнама департаментінің директоры қызметтерін атқарды. 2004 жылдан Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат

және спорт министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің жетекшісі, «Атамекен» одағы Алматы филиалының атқарушы директоры болған. Қазір «Караван» газетінің бас редакторы.

ИБРАЕВА ҒАЛИЯ



Журналист, педагог, саясаттанушы.

1952 жылы дүниеге келген.

1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, Қазақ телевизиясында редакторлық қызмет атқарған. М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дің аспиран-

турасын бітірген.

3 монографияның, 3 оқу құралының, 2 кітап пен 70-тен астам ғылыми және публицистикалық мақалалардың, телевизиялық деректі фильмдердің авторы. Оның ғылыми жетекшілігімен 2 саяси ғылымдар кандидаты ғылыми жұмыстарын қорғады. Мәртебелі шетелдік ұйымдар мен АҚШ, Австрия, Италия, Грекия, Ұлыбритания, Германия, Малайзия, Үндістан сияқты елдердің журналистік мектептерімен халықаралық байланыстар орнатуға ұйытқы болды. Шетелдік жоғары деңгейлі университеттерде ағылшын тілінде дәріс оқыған.

1992 жылдан Дж. Картер (Атланта, АҚШ) орталығының жанындағы теледидар саясаты комиссиясының мүшесі, коммуникация және мәдениет мәселелері бойынша айналысатын ЕС комиссиясының сарапшысы. Саяси ғылымдар докторы, профессор, ҚР Саяси ғылымдар академиясының академигі, ҚР ЖМ ҒА корреспондент-мүшесі. ҚР Журналистер одағы сыйлығының, Мак Артур (АҚШ) қоры грантының иегері.

ИБРАГИМОВ ТӨКЕН

Жазушы, әдебиеттанушы.

1939 жылы 18 ақпанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының «Жаңа несіп» ұжымшарына қарасты Кезеңшілік ауылында туған.



1957 жылы орта мектепті, 1964 жылы КазПИ-дің тарих-филология факультетін және 1975 жылы аспирантурасын бітірген. 1964-1969 жылдары мектепте тәрбиеші, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәндерінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет істеген. 1969-1976 жылдары Семей облыстық телевидениесінде редактор, аға редактор, 1976 жылдан Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайының және Қазақстан Жазушылар одағы Семей калалық филиалының директоры болды.

Алғашқы сын, зерттеу мақалалары газет-журналдар беттерінде 1961 жылдан жариялана бастаған. «Өлең өрісі», «Толқын толғау» атты монографиялары жарық көрген. «Индираға хат», «Оймен оңаша» кітаптарының, «Сағыныш», «Қара бұзау», «Сары құс» әңгіме-повестерінің авторы.

Мұражай ісі саласында «Жидебай», «Бөрілі» жол танытқыш кітаптарының және абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану тақырыптарында жүздеген әдеби-сын, ғылыми-зерттеу еңбектері шықты. «Ұлылар мекені», «Абайдың Жидебайдағы мұражай-үйі», «Ахмет Риза медресесі», «Абай мемлекеттік қорық-мұражайы», «Алаш арыстары», «Қалың елім, қазағым», «Евгений Онегин» кітаптары мен жинақтарының редакторы әрі жауапты шығарушысы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері, Абай ауданының, Семей қаласының Құрметті азаматы. «Құрмет» орденімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл»,

«Қазақстан Парламентінің 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

ИВАНОВ АНАТОЛИЙ



Жазушы.

1928 жылдың 5 мамырында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауылында дүниеге келген.

1946-1950 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде білім алған. 1948 жылдан Семей қаласында шығатын «Прииртышье» газетінде журналист болып істеп, кейін әскери қызметке ауысқан. Бұдан кейін Новосібір облысында «Ленинское знамя» деп аталатын аудандық газетке редактор болған. 1954 жылдан бері прозалық шығармаларын жариялай бастады. 1958-1964 жылдар аралығында «Сибирские огни» журналында редактордың орынбасары, 1972 жылдан «Молодая гвардия» журналының бас редакторы қызметін атқарды. 1985 жылдан РСФСР Жазушылар одағында басшылық қызметтерде болды.

«Тени исчезают в полдень», «Вечный зов» романдарының, бірталай повестер мен әңгімелердің авторы, 1996 жылы телеэкрандарға шыққан «Ермак» шағын сериал сценарийінің телавторы.

КСРО Жоғарғы Кеңесі ІІ-шақырылымының депутаты болды. 1971 жылы РСФСР-дің М. Горький атындағы Мемлекеттік сыйлығымен, 1979 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығымен, Әдебиет пен өнер саласындағы М. Шолохов атындағы халықаралық сыйлықпен марапатталған. Социалистік Еңбек Ері (1984), «Ленин» (1984), екі дүркін Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері. Өскемен қаласының Құрметті азаматы.

1999 жылы Мәскеу қаласында дүниеден өтті.

ИГІСІН ҚҰСЫМАН

Журналист, жазушы.

1940 жылдың желтоқсан айында Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданындағы Жетіарал ауылында дүниеге келген.



Аудан орталығы Ақжардың Абай атындағы орта мектебін бітіріп, әскер қатарына шақырылды. 1963-1968 жылдары ҚазМУ-де оқыды.

Шығармашылық еңбек жолын 1966 жылы сол кездегі телерадио хабарларын тарату комитетінде бастаған. 1975 жылдан Қазақ теледидарында қызмет істеді. Онда жастарға арналған хабарлар дайындайтын «Құрдастар» редакциясында, 1984 жылы арнайы ашылған «Алатау» атты ұлттық арнада бас редактор болды. Сол қызметінде жүріп университеттегі журналистика факультетінің студенттеріне ұстаздық етті. Осылайша Қ. Игісін 40 жыл дерлік ғұмырын тек бір ғана қарашанырақта – қазіргі «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясында өткізді. Қазақ теледидарының қалыптасуына зор үлес қосқан азаматтардың бірі.

«Теледидардың алтын ғасыры» деп бағаланып жүрген 1970-1990 жылдары Қ. Игісіннің «Атамекен», «Алтыбақан», «Арай», «Поэзия кештері», «Шаңырағыңыз биік болсын», «Дөңгеленген дүние», т.б. телетоптамалары көрермен ықыласына ие болды. Қазақтың өнер тарландары туралы «Есінде ме сол бір кез?», «Жадында ма жастығың?» атты 42 топтамасы «Хабар», КТК арналарында сақтаулы. «Қазақстан» ұлттық арнасының алтын қорында оның «Қой жылының көктемі», «Тастүлек», «Карабах қасіреті», «Таукымет», «Ел мен жер», т.б. деректі фильмдері мен «Қу түлкі» дейтін мультфильмі бар.

Атақты диктор Ә. Байжанбаевтың шәкірті болған, қалам мен микрофонды қатар ұстаған

телерадиожурналист төл туындыларын эфирге тек өз даусымен шығарып отырды. «ҚР Президентінің телерадио кешені», «Қазақстан», «Хабар», КТК, Гала ТВ, т.б. телеарналардың «Алтын қорында» Қ. Игісіннің даусымен оқылған 16 фильм бар.

«Қазақстан» ұлттық арнасы өзінің алтын қорына ол туралы арнайы «Келбет» хабарын жасады.

Республикалық басылымдарда, ғұмырнамалық жинақтарда Қ. Игісіннің мақалалары мен естелік, эсселері жиі жарияланып тұрады.

Қазақ телерадиосы «Алтын жұлдызының», Қазақстан Журналистер одағы Ә. Байжанбаев атындағы сыйлығының иегері. ҚР мәдениет қайраткері.

ИГІСІНОВ ЖҰМАҒАЗЫ



Жазушы.

1953 жылы Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында дүниеге келген.

ҚазМУ-ді тәмамдаған. Журналистік еңбек жолын 1974 жылы Тарбағатай аудандық «Ленин туы» газетінде тілші болу-

дан бастап, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде қызмет етті. Қазақ радиосының Шығыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1999 жылдан бері Өскемендегі «Казцинк» акционерлік қоғамында аудармашы.

«Шынарым» және «Қоңыр қоржын» жинақтарының авторы.

КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі. Қазақстан Журналистер одағы Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлығының иегері.

ИСАБАЙҰЛЫ БЕКЕН

Абайтанушы.

1930 жылы 16 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Көкбай ауылына қарасты Маян қорығында дүниеге келген.



Абай ауданының Күлмен ауылкеңесіне қарасты Шолақеспеді 1937-1941 жылдары бастауыш мектепте, 1944-1947 жылдары Қасқабұлақтағы Күлмен орталау мектебінде оқыған.

1950 жылы Крупская атындағы Семей педтехникумының филология факультетін бітірді.

Абай ауданының Күлмен орталау мектебінде мұғалім, директор; 1954-1959 жылдары аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы, хатшысы; 1959-1963 жылдары «Қызылту» кеңшарында партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды.

1985 жылы Б. Исабайұлының «Совхоздар күніне» жазған «Биіктен бәрі анық көрінеді» пьесасы байқауда бірінші жүлдеге ие болған.

Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының дамуына қомақты үлес қосқан шежіреші Бөрілідегі Мұхтар Әуезов мұражай-үйі бөлімінде ұзақ жылдар бойы қызмет істеп келеді (1987 жылдың қыркүйек айынан). Осы кезден бастап Шыңғыстау – Тобықты елі мен жері, өткені жайында қалам тартып, шығармашылықпен ден қоя айналыса бастады. Абайды, оның ақындық-өнер айналасын көрген, ақынның өмірін жете білетін адамдарды көп тыңдап, әңгімелесті. Осы кездесулер мен сұхбаттар, мол мағлұмат қоры нәтижесінде 2001 жылы «Ұлылар мекені» монографиясы жарық көрді. Кітаптың бөлім, тарауларының үзінділері Абайдың 150 жылдығына орай өткізілген байқауда арнайы сыйлыққа ие болды. Бұл іргелі еңбек 2010 жылы қайта басылып шықты.

Б. Исабайұлы Абай, Шәкәрім, М. Әуезов мұраларын насихаттауда ұлан-ғайыр еңбек етті. Тарихи тұлғалар, тарихи орындар жөнінде жүзге жуық мақалалары, жергілікті, республикалық басылымдарда жарық көрді.

2005 жылы Абайдың 160 жылдығы қарсаңында «Қазақстан» телеарнасы әзірлеген «Анық Абай» хабарлар топтамасының толымды болуына Б. Исабайұлының құнды деректері мен естеліктері өз септігін тигізді.

ИСАҚАНОВА ҒАЛИЯ

Кітапханашы-библиограф.

1961 жылы 25 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар пединститутын кітапханашы-библиограф мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген.

А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханада библиограф, аға библиограф, С.Торайғыров (қазіргі Ә. Ережепов) атындағы Шыңғыстай орта мектебінде мұғалім болды. 1990 жылдан А.С. Пушкин атындағы кітапханада библиограф, 1991-1998 жылдары ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Республикалық маркетингтік зерттеу орталығында жетекші маман, инженер; 1998-2004 жылдары Заң академиясы – «Әділет» жоғары құқық мектебінің кітапхана меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2008 жылы Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Ғылыми-талдау орталығына ғылыми қызметкер ретінде қабылданып, 2009 жылдан аталған кітапхананың ғалым-хатшысы және жыл аяғынан жарық көре бастаған ғылыми-танымдық, әдістемелік бағыттағы «Кітап патшалығы» журналының бас редакторы. Сонымен қатар «Бір ел – бір кітап»



сериясымен жарық көретін зерттеу мақалалар жинағы бойынша жоба жетекшісі.

2010 жылдың желтоқсанынан бастап ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы бас директорының орынбасары қызметіне тағайындалды.

ИСМАИЛОВ ТӨЛЕУЖАН



Ақын.

1932 жылы бұрынғы Семей облысының Абыралы ауданындағы Қайнар ауылында дүниеге келген.

1951 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Қазақтың көркем әдебиет баспасында директор, Қазақстан Жа-

зушылар одағы басқармасында әдеби кеңесші болған. «Қызыл ту» (Кереку), «Ленин туы» (Қызылжар) облыстық газеттерінің редакцияларында қызметтер атқарды. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде еңбек етті. Өмірінің соңғы жылдарында туған ауылына барып шопан болған.

1951-1961 жылдар аралығында «Есіл», «Дала министрі», «Жылқышы», «Үгітші» поэмаларын, қырыққа жуық өлең, отыздан астам сатира жазған. «Әлдекімге бір шапалақ», «Есіл», «Сырымды айтам» жинақтары жарық көрді.

А.С. Пушкиннің «Батыс славяндар жырларын», М.Ю. Лермонтовтың «Мцыри» поэмасын, В.В. Маяковскийдің өлеңдерін, Т. Драйзердің «Америка трагедиясын» қазақшаға аударған.

1973 жылы өмірден өтті.

ИССА (ИСАБАЕВ) САЯ



Журналист, жазушы.

1956 жылы 9 тамызда бұрынғы Семей облысы Жарма ауданының Георгиевка ауылында туған.

Семей педагогтік институтын бітіріп, мектепте мұғалім бол-

ған. «Иртыш» облыстық газетінде, «Советы Казахстана» газетінде жауапты қызметтер атқарған. «Простор» журналы бас редакторының орынбасары болды.

Алғашқы әңгімесі аудандық газетте 1984 жылы жарияланды. Бірталай прозалық шығармалардың авторы.

1986 жылы «Жігер» фестиваліне қатысқан.







КӘКЕНОВ АБАШ



Айтыскер ақын.

1956 жылы 28 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ахметдұлақ ауылында дүниеге келген.

1964-1974 жылдары орта мектепте оқыған. Тұғыл кентіндегі құрылыс училищесін бітірген. Кеңшарда жұмыскер, мектепте ағаш шебері болып жұмыс істеген. 1979-1981 жылдары әскер қатарында болды. 1981-1982 жылдары Қарағандыдағы киномеханик дайындайтын курсы тәмамдап, 1982-1989 жылдар аралығында мамандығы бойынша жұмыс істеді.

Айтысқа 1988 жылдан бері қатысып келеді. Халықаралық, республикалық, аймақтық айтыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері. Әнші, термеші ретінде де кең танымал.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері. Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы.

КӘПҰЛЫ ДӘУЛЕТКЕРЕЙ

Ақын.

1977 жылы 9 тамызда дүниеге келген.

С. Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінде, Алматыдағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын республикалық Абай атындағы №2 мектеп-интернатында, Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық Абай атындағы мектеп-лицейінде оқыған. Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің филология факультетін, (1995-1999) Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің магистратурасын (2000-2002) бітірген.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы (1999-2005), Абай атындағы ҚазҰПУ-дің қазақ филологиясы факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы (2006-2008) болды. Астана қаласы Мәдениет басқармасының жауапты маманы, Астанада жарық көрген «Алтын тамыр» әдеби-танымдық журналының шеф-редакторы қызметтерін атқарды. Бүгінде Астана қаласындағы «Фолиант» баспасы директорының орынбасары.

И. Байзақовтың 100 жылдығына, Моңғолиядағы Баян Өлгий аймағының 60 жылдық мерейтойына, М. Өтемісұлының 200 жылдығына, Дәулетбай батырдың 300 жылдығына, Ш. Құдайбердіұлының 150 жылдығына арналған республикалық және халықаралық айтыстардың жеңімпазы. Мәскеу қаласында өткен қазақ ақындары айтысының, Бішкек қаласында өткен Ұлы Жеңіс ақынға арналған халықаралық айтыстың (осы жыр додасында 1-дәрежелі «Ардақ» белгісін де иеленген), сондай-ақ Иа-



сауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің 10 жылдығына, Кенесары Қасымұлының 200 жылдығына, «Қазақ әдебиеті» газетінің 70 жылдығына, М. Ғабдуллиннің 90 жылдығына арналған республикалық айтыстардың және Маңғыстауда өткен Қ. Күржіманұлы атындағы жыр сайысының бірінші жүлделерін иемденген.

«Жұлдыз» журналы жариялаған А. Ыбыраев атындағы және Аягөз ауданының 80 жылдық мерейтойына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйраларында, III халықаралық шығармашыл жастардың «Шабыт» фестивалінде поэзия номинациясы бойынша бас жүлделерді иеленген.

«Жыр тәңірі», «Өленге әркімнің-ақ бар таласы», «Жас ақындар жырларының антологиясы», «Байбесік тұмалары», «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы», «Шабыт», «Жидебай», тағы басқа ұжымдық жинақтарда өлең-жырлары жарияланған. «Сүтті інір», «Бүлдірген ағып түскенше...» атты жеке жыр жинақтары жарық көрген.

Түркияның Адана (Тарсус) қаласында өткен түркі тектес халықтардың Қаражолан атындағы сегізінші еларалық поэзия фестивалінің лауреаты. «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері. «Астана қаласына 10 жыл» мерекелік медалімен, Моңғолия Қазақ жастары одағының «Көшбасшы» алтын медалімен және Моңғол Мемлекеттік Демократиялық партиясының «Азаттық» орденімен марапатталған.

КӘРІПЖАНӘУЛЕТІ АМАНҒАЗЫ



Ақын.

1964 жылы бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Қызылкесік ауылында туған.

ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. Желтоқсан оқиғасына байланысты оқудан және комсомол қатарынан шығарылып,

Қауіпсіздік комитетінің тергеуіне алынады. Университетті 1992 жылы тәмамдады. 1993 жылдан республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші, 1995 жылдан Қазақ теле-

дидарында редактор қызметін атқарған. Әдебиет пен мәдениеттің көптеген саласына арналған телебағдарламалар авторы.

Өлеңдері республикалық газет-журналдар мен Қытай Халық Республикасында шығатын «Шұғыла» журналында жарияланып келеді. «Жаралы Желтоқсан» жыр жинағы жарық көрген.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері. Шақшақ Жәнібекке арналып Қазақстан Жазушылар одағында өткен жыр мүшәйрасының бас жүлдесін, Бұқар жырауға арналған республикалық жыраулар байқауының үшінші жүлдесін және бірнеше ақындар айтысының жүлделі орындарын иеленген.

КЕМЕЛБАЕВА АЙГҮЛ



Жазушы.

1965 жылы 21 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Құндызды ауылында дүниеге келген.

1984-1987 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. 1989-1994

жылдары Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институтының негізгі (проза) бөлімін бітірді.

«Жетінші құрлыққа саяхат» атты балаларға арналған повесть және «Тобылғысай», «Мұнара» атты әңгімелер жинағының авторы. Республикалық баспасөзде жүз шақты әдебиерттеу мақалалары, эсселері, аудармалары жарияланған.

1983 жылы «Жалын» баспасының республикалық жабық байқауында балалар әдебиетіне арналған 2-жүлдені, 1997 жылы М. Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы құрметіне жарияланған шығармашылық байқауда 3-орын иеленді. Жастар одағы және Журналистер одағы сыйлықтарының иегері (1998). «Сорос-Қазақстан-Дебют» байқауының, «Сорос-Қазақстан» қорының «Қазіргі заманғы қазақстандық роман» атты байқауының лауреаты (2000). Халықаралық, республикалық бәйгелердің бірнеше дүркін жеңімпазы.

КЕНЖЕҒҰЛОВА НАРБИН

Жазушы.

1948 жылы 26 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Алексеевка ауылында туған.

1974 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. «Сельское хозяйство Казахстана»

– «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналында бөлім меңгерушісі (1978-1986), Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде жетекші маман (1987-1988), республикалық Кітап палатасында директордың орынбасары (1988-1989), Жазушылар одағының көркем аударма және әдеби байланыстар алқасында бөлім меңгерушісі (1989-1994) болып қызмет істеді. 1994 жылдан әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетінде ұстаздық қызметте.

Қазақ және орыс тілдерінде жазады. Бірқатар қазақ жазушыларының шығармаларын орыс тіліне аударған. М. Кадафидің «Жасыл кітабын» қазақ тіліне аударған. «Мойылқара», «Қиын шешім», «Жерұйыққа саяхат», «Қызыл сәуле», тағы басқа фантастикалық шығармалар жинақтарында әңгіме-повестері жарияланған. Кейінгі жылдары «Дорогу осилит идущий» ғұмырнамалық хикаяты, Т. Айтбайұлынан тәржімалаған «Тысяча одна ночь и тысяча один день» романы жарық көрді.

«Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының фантастикалық шығармалар бойынша 1978 жылғы жүлдегері, фантаст-жазушылардың 1987 жылғы Бүкілодақтық кеңесіне (Юрмала, Дубылты) қатысушы. Филология ғылымдарының кандидаты.

КЕНЖЕҒҰЛ ШЕШЕН

Белгілі би, шешен.

Кенжеғұл Сейтенұлы туралы жазба деректер тым аз. Тек «Жеті Сейтеннің» бірі екендігі белгілі.

Көнекөздердің айтуынша, Кенжеғұл жасынан билікке араласқан, көптеген жерде билік айтқан.



Кенжеғұл шешеннің кесенесі

Өз заманының данышпаны, шынжыр балак, шұбар төс Құнанбайдың өзі құда болып, тұңғышы Тәкежанға қызын еперуінің өзі көп жайды аңғартса керек. Кенжекең Құнанбаймен терезесі тең жан болған.

Кенжеғұлдың жасы Құнанбайдан он шақты жастай үлкен болуы керек, шамамен 1794-1795 жылдары туған.

Өз заманындағы тобықты мен сыбанның жер дауының бел ортасында болған дуалы ауыз шешен, әйгілі би.

Кенжеғұлдың зираты Құндызды ауылының жанында. Өлерінде өзін сол жерге қоюды ұрпақтарына тапсырыпты.

КЕҢЕСБАЕВ ТАЛҒАТ

Жазушы.

1961 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Саржал ауылында туған.

1992 жылы Семей пединститутын бітірді.

Алғашқы шығармалары 1980 жылдары баспасөз беттерінде жариялана бастады. «Француз әтірінің иісі» атты тұңғыш кітабы 1990 жылы шыққан. Кейін басқа да жинақтары жарық көрді.

1988 жылғы республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты.

КЕҢГІРБАЙ БИ

Атақты би.

1735 жылы туған.

Абайдың төртінші атасы (Кеңгірбай – Ырғызбай – Өскенбай – Құнанбай). Кеңгірбай туралы тарихи деректерде, естелік жырларда,



дастандарда, шежіре жазбаларында көп айтылады. Абайдың Байкөкше ақынға жаздыртқан «Кенгірбай би» дастанында да би өмірінен деректер молынан қамтылған. Сол сияқты «Абылай хан» тарихи дастанында: «Кенгірбай, Боранбай би – ел үлгісі, Избасты, Бұқар жырау – сөз үлгісі. Дұғағөй Шақшак Жәнібек тағы да бар, Жан досы Абылайдың молда кісі», – деп жазылған. Ш. Құдайбердіұлы, М. Әуезов, А. Құдайбердиев, С. Мұқанов, Ә. Әлімжанов, М. Мағауин секілді көптеген белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында Кенгірбай тұлғасы жан-жақты сомдалған.

1825 жылы Шыңғыстауда қайтыс болды.

КЕРЕЕВА-ҚАНАФИЕВА ҚАЛСІМ

Әдебиеттанушы.

1920 жылы 22 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шар ауданында дүниеге келген.

1942 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1942 жылдан осы университетте оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Орыс баспасөзі, орыс-қазақ әдеби байланыстарына арналған ғылыми еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1972), профессор (1974). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері (1981).

КӨБДІКОВ ТӨЛЕУ



Ақын.

1874 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданында туған.

Жас шағында шығарған өлеңдері сақталмаған, кейін тұрмыс жағдайымен Батыс Сібір, Алтай жаққа қоныс аударып, ақындық өнерден уақытша қол үзген. Қыркыншы жылдардың басында туған жерге оралған соң өлеңді өндірте шығарады.

Ұлы Отан соғысы кезінде ақынның өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. Облысаралық ақындар айтысына (1943) қатысты. Баспа жүзін көрген алғашқы өлеңі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арналған. «Алып күшті Отаным» (1948), «Өмір жыры» (1953), «Өлеңдер» (1955), «Жырларым» (1975) атты жеке жинақтары басылды.

«Қазақ КСР-інің халық ақыны» атағы берілген.

1954 жылы дүниеден өтті.

КӨКСЕГЕНОВ АҚАШ



Ақын.

1949 жылдың 1 қаңтарында туған.

1977 жылы ҚазМУ-ді журналист мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1967 жылы Семей облысы Шұбартау аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастады. 1968 жылдан Шұбартау

ауданының «Шұбартау» кеңшарында есепші, аға шопан болды. 1971-1972 жылдары Шұбартау аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі, 1972-1986 жылдар аралығында Шұбартау аудандық «Жаңа өмір» газетінде әдеби қызметкер, мәдениет және тұрмыс бөлімінің, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1986 жылдан 1997 жылға дейін Шұбартау аудандық мәдениет бөлімінің, 1997 жылдан Аягөз аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, кейінгі жылдары аудандық мәдениет және спорт бөлімінің меңгерушісі болған. 2005 жылдан Аягөз аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы.

Өлеңдері мерзімдік басылымдарда жарияланып тұрады. Жинақтары жарық көрген.

КУЗНЕЦОВ ПАВЕЛ



Жазушы, акын, аудармашы.

1909 жылы 7 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Солдатское ауылында туған.

Өскемендегі «Приходская школада», Семейдегі 2 басқышты мектепте оқып, білім алған.

Жиырмамыншы жылдардың аяғынан журналистік қызметте істеді. 1938-1944 жылдары «Литература и искусство Казахстана» журналының редакторы болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1941-1943 жылдары 8-гвардиялық дивизияның «За родину» газетінің редакторы, 1943 жылдан «Правда» газетінің тілшісі болды.

«Сом алтын» (1937), «Ертіс жағасында» (1940), «Майдан лирикасы» (1942), «Солдат дәптері» (1944), «Жол сокпақтары» (1946), «Жол дәптері» (1962) атты өлең кітаптардың, «Алтай тауларында», «Торғай даласы», «Панфиловшылар» (1942-1943) атты поэмалардың авторы. «Алматыдан Берлинге дейін» (1945), «Ұлы достық» (1948), «Тастағы гүл» (1967) атты очерк, әңгіме, повесть жинақтары шыққан. Жамбылдың өлеңдерін, айтыстарын, «Сұраншы батыр», «Туған елім», «Менің өмірім», тағы басқа поэмаларын орыс тіліне аударды. Жамбыл

өмірі жайлы «Бақытын тапқан адам» атты тарихи роман жазды (1950, қазақ тілінде – 1959).

Жамбыл атындағы республикалық 1-сыйлықтың иегері. Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

1957 жылы дүниеден өтті.

КУРДАКОВ ЕВГЕНИЙ



Акын.

1940 жылы 27 наурызда туған.

Әдебиет әлемінде үздік акын ретінде танылған ол орыс тілді оқырмандар жүрегіне қазақ халқының ұлы ақыны Абай шығармаларының көркемдігін жеткізді.

Өзінің дарынын флористика, ағаш жону, проза мен публицистика саласында да танытты. Шығармаларынан тарих, этнография, әдебиетке әуестігі ерекше көрініс тапты, ол жасаған мүсіндер мен композицияларының мазмұны біздің еліміздің табиғаты, тарихы, қазақ халқының өмірі мен тұрмысына арналған. Ол оннан астам кітаптың авторы, көптеген жинақтар мен альманахтарды әзірлеп, шығаруға қатысқан. Кітаптарының көпшілігі Қазақстанда жарық көрді.

Ресей Жазушылар одағының мүшесі. Көптеген сыйлықтардың иегері, соның ішінде 1998-1999 жылдары Пушкин атындағы сыйлыққа ие болды. Мәскеу қаласындағы Халық шығармашылығы бүкілодақтық фестивалінің дипломанты атанды.







ҚАБАНБАЙҰЛЫ МАРАТ



Жазушы.

1948 жылы 22 наурызда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында туған.

1975 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1966-1968 жылдары аудандық «Достық»

газетінде корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі; 1987-1994 жылдары шығармашылық жұмыста, 1995-1997 жылдары «Ана тілі» газеті редакторының орынбасары, 1999 жылдан өмірінің соңына дейін «Солдат» газетінің бас редакторы болды.

Шығармаларының дені балалар мен жасөспірімдерге арналған. Негізгі тақырыбы – заман келбеті, жастардың өмір-тіршілігі; идеясы – адамды сүю. «Бақбақ басы толған күн» (1975), «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» (1977), «Жиһанкез Тити» (1982), «Пысық болдым, мінеки» (1983), «Қала мен қыз бала» (1984), «Қазақ, қайда барасың?» (1995), «Сурет салғым келмейді» (1995) атты повестер мен әңгімелер топтамалары, «Көркем дәм» (1977), «Айшылық алыс жол» (1987) романдары жарық көрді. Орыс тілінде «Вот он я – бывалый» (1986), «Горький вкус» (1989), «Эхо» (1991) кітаптары басылып шықты. Жекелеген туындылары украин, молдован, латыш, неміс тілдеріне аударылған.

Бірталай республикалық, халықаралық сыйлықтардың иегері.

2000 жылы қайтыс болды.

ҚАБЫШҰЛЫ ҒАББАС



Жазушы.

1935 жылы 9 сәуірде Шығыс Қазақстан облысындағы Ұлан ауданының Ұранхай ауылында дүниеге келген.

1955 жылы облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар») газетінде корректор, бөлім меңгерушісі, жауапты

хатшы болды. 1966 жылдан «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшының орынбасары, көркем әдебиет, әдеби сын бөлімдерінде меңгеруші болып істеді. 1962-1968 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде сырттай оқыды. 1974 жылдан КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, 1983 жылдан «Ара» – «Шмель» сатира журналының бас редакторы, 1989 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс бас редакциясы алқасының бөлім меңгерушісі, 1994-1996 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы болды.

Әзіл-сықақ, әңгіме, хикаят, сын, көркем очерк, көсемсөз, мақала жазды. 14 жинақтың авторы. Орыс әдебиетінен А. Чехов, Д. Ленч, С. Михалковтың, украин әдебиетінен О. Вишнянның, серб әдебиетінен Б. Нушичтің әңгімелерін, түрік әдебиетінен Ә. Несиннің «Футбол королі» сықақ романын, таңдаулы әзіл-сықақ әңгімелерін (жиыны 2 кітап), молдаван әзілқойы А. Бусуйоктың «Менің париждік нағашым» хикаятын аударған.

«Жан қайығын жарға ұрдым» (І. Жансүгіров туралы естеліктер жинағы), «Менің Сәбитім» (С. Мұқановтың жұбайы Мәриям апайдың естелігі), «Көргенім, көңілге түйгенім», «Күлкіңді жүрміз сағынып», «Әлем таныған Әнуар. Признанный миром Ануар»; «Хақім. Михаил Иванович. Мәке» жинақтарын, О. Әубәкіровтің және Х. Есенәлиевтің 4 томдық тандамалыларын құрастырып, ұйымдастырып шығарды.

«Мінездеме», «Мысықта сақал неге жоқ?», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Тарихта қалғың келе ме?», «Бұл әлгі кім ғой...», «Халіңіз қалай?» «Кадр мәселесін... мәселе шешеді», «Жетім жиналыс», «Смех и слезы», «Екі хикая», «Көлденең кітап», «Сағыныш сазы», «Адамның

кейбір кездері», «Жолаушылар», «Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...», «Төрт хат», «Тарғыл тағдыр», «Удай уәде», «...изация», «Арыңның сөзін айта біл. Скажи все по совести», «Анауынауизация», тағы басқа кітаптардың авторы.

Әзіл-сықақ шығармалары «Қымызхана», «Тамаша» театрларының сахналарында қойылған.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

ҚАЙРАН ӘБУБӘКІР



Ақын.

1958 жылы 28 ақпанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданында дүниеге келген.

1981 жылы Семей пединститутының тіл-әдебиет факультетін үздік бітіріп, Алматы облысының Күрті ауданында екі жыл

мұғалім болған. 1983-1985 жылдары республикалық «Балдырған» журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі, бұдан кейінгі уақыттарда «Жалын» баспасында редактор, «Қазақстан мектебі» журналында, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, халықаралық «Дала» журналында, «Қазақ тарихы» журналында бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Қазір ғылыми-педагогикалық «География және табиғат» журналының бас редакторы.

1980 жылы «Бастау» сериясымен тұңғыш кітабы жарық көрді. «Ақ сәуле», «Мазасыз әлем» және балаларға арналған ұжымдық жинақтарға өлеңдері енген. «Маңдайдағы жазулар» (2003), «Атбегінің әліппесі» (2005), «Мен ғашықпын ғаламға» (2008) жыр жинақтары оқырмандар қолына тиді.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (2005). Халықаралық, республикалық мүшәйралардың жүлдегері.

ҚАЙСЕНОВ ҚАСЫМ

Жазушы, аудармашы, әйгілі партизан.

1918 жылдың 23 сәуірі күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асубұлақ ауылында туған.



1938 жылы Өскемен саяси-ағарту техникумын бітіріп, 1939-1940 жылдары Павлодар облыстық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеген. 1940-1941 жылдары арнаулы әскери дайындық мектебінен өтіп, Ұлы Отан соғысы жылдарында жау тылында партизандық қозғалысты ұйымдастыруға белсене қатысты. Украина, Закарпатье, Молдавия, Румыния, Чехословакия жерін неміс басқыншыларынан азат етуге үлес қосып, көптеген күрделі операцияларды жүзеге асырды.



Соғыстан кейін Қазақстан Жазушылар одағында, баспа орындарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумында, Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандық Кеңестерінің атқару комитеттерінде жауапты қызметте болды.



Өскемен қаласында орнатылған ескерткіші

Партизандық өмір жолын, қарулас жолдастарының қаһармандығын бейнелейтін «Жас партизандар» (1954), «Илько Витряк», «Переяслав партизандары» (1956), «Ажал аузында» (1959), «Жау тылындағы бала» (1961), «Жау тылында» (1973), «Партизан сокпақтары» (1978), тағы басқа көптеген шығармалар жазды. Олардың бірсыпырасы шетел (орыс, украин, қырғыз, т.б.) тілдеріне аударылған.

Аудармашылы ретінде М. Муратовтың «Ломоносовтың жастық шағы», Николай Томанның «Сабылтан сағым», Мамед Джалилдің «Почта жәшігі» кітаптарын құнарлы тілмен оқушы жүрегіне жеткізді.

Қазақстанның Халық Қаһарманы. 3-дәрежелі «Б. Хмельницкий», «Чехословакия партизаны» және 2 рет 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен, есімі жазылған қарумен марапатталған.

2006 жылдың 30 желтоқсанында қайтыс болды.

ҚАЙЫРБЕКОВ ӘДІЛҒАЗЫ



Ақын.

1955 жылы 10 қаңтарда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Қожагелді ауылында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын 1978 жылы С. Мұқановтың әдеби-мемориалдық мұражай-үйінде экскур-

сывод болып бастаған. Қазақ телевизиясының Жастар редакциясында редактор (1979-1981), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі (1981-1991), «Халық кеңесі» газетінде руханият бөлімінің меңгерушісі (1991-1996), «Қазақ елі» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, «Шалқар» қосымшасының редакторы (1996-1999), «Қазақ Энциклопедиясы» бас редакциясының жетекші маманы (1999-2000) қызметтерін атқарған. 2000 жылдан бері С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық мұражай-кешенінің директоры.

«Бастау», «Ақ тұма», «Шамшырақ», «Шер шертер», «Бөрітостаған» жыр жинақтары, «Сөз бен іс» деректі әңгімелер мен очерктер жинағы, «Намыс найзағайы» деректі хикаяты, «Саға», «Ардакүрен» эссе, әдеби сын-зерттеу, сыр-сұхбат, ой-толғам кітаптары, тағы да басқа еңбектері жарық көрген.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Филология ғылымдарының кандидаты. ҚР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі.

ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ РҮСТЕМ



Айтыскер ақын.

1986 жылы 26 қаңтарда бұрынғы Семей облысы Тарбағатай ауданының Үштөбе ауылында туған.

12 жасынан айтысқа қатысып, мектеп оқушылары арасында өткен айтыстарда үнемі топ жарған. Әл-Фараби атындағы

ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірді. Қазір осы оқу орнының тәрбие бөлімінде жұмыс істейді. «Жас ақындар» үйірмесінің жетекшісі.

2002 жылы республикалық Наурыз айтысында, 2004 жылы Оралхан Бөкейге арналған айтыста бас жүлде иеленген. Бірнеше республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегері.

ҚАЛИЕВ ҒАБДОЛЛА

Тілтанушы.

1929 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында туған.

ҚазПИ-ді (1956) бітірген. Осы оқу орнында оқытушы, аға, жетекші ғылыми қызметкер (1958-1993), кафедра меңгерушісі (1993-2003), университеттің оқу-әдістемелік бірлестігі бойынша проректоры (1993-1998) қызметтерін атқарды.

Негізгі ғылыми еңбектері қазақ әдеби тілінің тарихы, диалектологиясы, лексикологиясы, лексикографиясына арналған. 100-ден астам

ғылыми жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1990), профессор (1990).

ҚАЛИЕВ СЕРІК



Айтыскер акын.

1972 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында дүниеге келген.

1990 жылы Алматы қаласындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектеп-интернатты бітірген. 1995 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің филология

факультетін тәмамдады. Аталмыш университеттің аспирантурасында оқыған.

Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің Студенттер клубының директоры, Қазақ радиосында бөлім бастығы болып қызмет істеді. Қазір «Атамұра» баспасының аға редакторы.

Республикалық акындар айтыстарында жеңімпаз және жүлдегер атанды. «Толқыннан толқын туады», «Жас акындар жырларының антологиясы», «Туған жер – алтын бесігім» кітаптарына топтама өлеңдері енген. 2007 жылы «Көзайым» атты жыр жинағы жарық көрген.

Е. Хасанғалиев, Х. Әбілжанов, А. Дүйсенов, Д. Сыздықов, Г. Өмірбаева, тағы басқа танымал композиторлар әндерінің мәтінін жазған. Жеке-леген өз әндерін де белгілі әншілер орындап жүр.

2010 жылы «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы жариялаған «Елім деп соққан жүрегім» атты республикалық байқауының «Ең үздік авторлық ән» номинациясы бойынша жеңімпазы. ҚР мәдениет қайраткері.

ҚАМШЫҒЕР САЯТ

Акын.

1978 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Кезеңсу ауылында дүниеге келген.



Алматы мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетін 1999 жылы үздік аяқтаған.

Алматыдағы М. Базарбаев атындағы №138 гимназияда мұғалім, қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын республикалық мектеп-интер-

натта оқытушы, «Қайнар» университетінде аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болған. 2005 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасында әдеби кеңесші.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» атты студент акындардың жыр жинағына, «Жас толқын» ұжымдық жинағына өлеңдері енген. 2001 жылы «Отырар кітапханасы» сериясымен «Сары гүл» атты тұңғыш кітабы жарық көрген. 2008 жылы «Жүректегі ағыстар» атты жыр жинағы шықты. «Сәуір құрылтайы. 2002 жыл» (2007), «Алматының жүрегіндей Алмалы» (2006) кітаптарының құрастырушысы.

1996 жылғы «Поэзия көктемі» жыр мүшәйрасының жеңімпазы. 1998 жылы «Жұлдыз» журналы ұйымдастырған Артығали Ыбыраев атындағы жас акындар мүшәйрасының, халықаралық «Шабыт» фестивалінің, Ауған соғысы ардагерлеріне арналған мүшәйраның, Астананың 10 жылдығына арналған республикалық мүшәйраның, «Алаш және рух» жыр мүшәйрасының жүлдегері.

ҚАҢТАРБАЕВ ӘЛІБЕК

Драматург, жазушы, акын.

1947 жылы 23 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Топқайың ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Семей пединститутының филология факультетін бітіріп, өз ауданындағы білім беру



саласында ұзақ жыл еңбек еткен. 1997 жылдан Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде қызметте.

Қаламгердің өлең топтамалары «Ағажай, Алтайдай жер қайда?» жинағына енген. «Қыран ғұмыр», «Сол бір кез есімде», «Армандастар», «Алаш азаматы», «Досыма хат» кітаптары жарық көрген.

2005 жылы «Армандастар» атты драмасы Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы театрында қойылды.

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

ҚАРАЕВ МЫЛТЫҚБАЙ

Әдебиеттанушы.

1934 жылы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Үржар ауылында туған.

ҚазМУ-ді (1964), Қазақ педагогтік ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын (1970) бітірген. Мектепте мұғалім (1964-1966), Оқу министрлігінде әдіскер, кабинет меңгерушісі, Алматы шет тілдер институтында аға оқытушы, доцент (1967-1986), ҚазПИ-де оқытушы, кафедра меңгерушісі (1987-2000) қызметтерін атқарған.

90-нан астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1996), профессор (1998), ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі.

ҚАРАМЕНДИН СЕЙІТҚАЛИ

Ауыз әдебиетін зерттеуші, Абай мұрасын насихаттаушы.

1913 жылы 10 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында туған.

Семей малдәрігерлік техникумында оқыған.

Жас кезінен ауыз әдебиеті мұраларын, Абай шығармаларын, ол туралы аңыздар мен әңгімелерді жинаған. Көкбай Жанатайұлы туралы ел аузында жүрген шығармаларды алғаш жүйелеп, топтастырушы және оның «Сабалақ», «Төрт төре», «Наурызбай – Фатима» дастандарын «Абылай» деген атпен жеке кітап етіп шығарған.

Қарамендин жинаған шешендік сөздер мен халық ақындарының өлеңдері, билер айтыстары,

тағы басқа ауыз әдебиеті үлгілері Әдебиет және өнер институтының Қолжазба және текстология бөлімінде сақтаулы.

1997 жылы 10 маусымда Алматы қаласында қайтыс болған.

ҚАСЕНҰЛЫ ТҮРЛЫҚАН



Ақын, қоғам қайраткері.

1902 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Қапанбұлақ ауылында туған.

1920 жылы сегіз айлық мұғалімдер даярлайтын курсты, 1928 жылы Семей педагогтік техникумын бітірген. Қызылмола, Қандығатай болыстарында оқытушы, 1928-1930 жылдары Аягөз ауданы оқу бөлімінің инспекторы, 1930-1933 жылдары Көкпекті ауданы оқу бөлімінің меңгерушісі, аудандық «Үлгілі малшы» газетінің редакторы, 1934-1936 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық жазушылар ұйымының төрағасы қызметтерін атқарған. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз жапа шегеді.

«Кім күшті?» (1929), «Ерлер әңгімесі» (1934), «Оспан комсомол» (1934), «Нүкен» (1935) поэмаларының авторы. Оның қолға алуымен 1935 жылы Семей қаласында Шығыс Қазақстан ақын-жазушыларының «Еңбек» атты әдеби альманахы тұрақты шығып тұрған.

Өнер зерттеуші А. Затаевич Т. Қасенұлынан 13 халық әнін жазып алған.

1997 жылы ақынның өлең-жырлары, әңгіме, очерктері мен мақалалары топтастырылған «Тұрлықан ақын» жинағы жарық көрді. Өзі туып-өскен Қапанбұлақ ауылындағы орта мектеп бүгінде ақын есімімен аталады.

1942 жылы қайтыс болған.

ҚАСИМАНОВ САДЫҚ

Ақын, педагог, этнограф, абайтанушы.

1902 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында туған.

1938 жылы ҚазМУ-ді бітірген. 1923-1960 жылдары мұғалім болып жұмыс істеді. 1960-1970 жылдары Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері болды.

Жас кезінен ауыз әдебиеті мұраларын, казак ақындарының шығармаларын жинап, Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорына тапсырған. Абай мұраларын жинап, зерттеу ісіне көп еңбек сіңірген.

1977 жылы Алматы қаласында көз жұмған.

ҚАСҚАБАСОВ СЕЙІТ



Әдебиеттанушы.

1940 жылы 24 маусымда Семей қаласында туған.

1957 жылы Алматыдағы №12 қазақ орта мектебін, 1964 жылы Абай атындағы ҚазПИ-ді үздік тәмамдаған. 1967 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген. 1970-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде ғылыми хатшы әрі «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары» атты журналының жауапты хатшысы, 1981-1983 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Горький атындағы Әлем әдебиеті институтында аға ғылыми қызметкер, 1983 жылдан М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға, жетекші ғылыми қызметкер болды.

1988 жылы ҚКП Орталық Комитетіне консультант қызметіне тағайындалып, әдебиет пен өнер саласына жауапты болған және саяси репрессияға ұшыраған арыстарымызды ақтау жұмысына қатысып, қажетті құжаттарды дайындаған. 1990 жылы Орталық Комитет-

те жаңадан құрылған Саяси процестер социологиясы орталығын басқарып, идеологиялық комиссияның мүшесі әрі орталық жетекшісі ретінде кезінде қате қабылданған көптеген саяси-партиялық құжаттардың күшін жою және жазықсыз жазаланған ақын-жазушылар мен қайраткерлерді ақтау туралы жұмыс тобына жетекшілік еткен. 1991-1992 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппаратында Мәдениет секторының жетекшісі, Білім, ғылым және спорт, жастар ісі бөлімі бастығының орынбасары болған. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары Аттестациялық Комиссиясының төрағасы боп тағайындалып, ЖАК-ты құрып, ғылыми дәрежелер мен атақтарды беруге және ғалымдарды аттестациялауға қажетті Ережелерді жазған.

1993 жылы ТМД елдері Жоғары Аттестациялық Комиссияларының қауымдастығын құрып, оның төрағалығына сайланған. 1994-1997 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында директордың орынбасары, Қолжазба және текстология бөлімінің меңгерушісі болды. 1997-2001 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Еуразия» ғылыми орталығын, шығыстану факультетін ұйымдастырып, басқарған, казак фольклоры мен әдебиет тарихы бойынша дәріс оқыған. 2001 жылдан бері М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры.

«Казахская волшебная сказка» (1972), «Қазақтың халық прозасы» (1984), «Родники искусства» (1986), «Колыбель искусства» (1990), «Казахская сказочная проза» (1992), «Абай және фольклор» (1995), «Золотая жила» (2000), «Жаназық» (2002), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Қыз Жібек. Қазақтың ғашықтық жырлары» (2003), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (2005), «О фольклоре и не только» (2005), «Елзерде» (2008) сияқты монографиялар мен зерттеулер кітабының және 300-ден аса зерттеу жұмыстарының авторы.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Ш. Уәлиханов, Жамбыл және Махамбет атындағы сыйлықтардың иегері. Халықаралық фольклоршылар қоғамының мүшесі (Финляндия, 1992), ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі (2003), Халықаралық Айтматов академиясының мүшесі (Қырғызстан, 2007).

ҚАСЫМОВ АЙТМҰХАМБЕТ

Жазушы.

1950 жылы 29 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Аюлы ауылында туған.

1965 жылы Жоғары Тайынты сегіз жылдық мектебін, 1967 жылы Өскемендегі Жамбыл атындағы мектеп-интернатты бітірген. 1973 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітіріп, Большенарым ауданындағы Парамоновка, Алыбай мектептерінде мұғалім, директордың орынбасары, мектеп директоры болып қызмет істеген. 1977 жылғы қыркүйектен бастап облыстық «Коммунизм туы» газетінде (қазіргі «Дидар») әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, 1997 жылдан бас редактордың орынбасары болып еңбек етті. 2009 жылғы ақпан айынан осы газеттің бас редакторы.

«Алтайдан ұшқан ақиық» (1999), «Арулар әлемі» (2000), «Үміт патшалығына саяхат» (2003), «Қызыл қырғынның құрбаны» (2004), «Қазақ халқының тұңғыш әскери ұшқышы Жақыпбек Малдыбаев» (2007) атты бес деректі-көркем кітаптың және «Дидар» газетінің 75 жылдық тарихын баяндайтын «Тарихи жол» (2006) атты ғылыми-зерттеу еңбектің авторы.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен, «Астанаға 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

ҚОЙТАНҰЛЫ ЖӘКЕ

Би, шешен.

1830 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Сайқан тауында дүниеге келген.

Он жеті жасынан ел ісіне араласып, билік айтып, шешендігімен танылады. Түрлі дау-дамайларда әділдігімен көзге түскен. Тарбағатай, Алтай, Қобданы билеген қытай ұлықтары салық салу, жер мәселесін Жәке бимен келісіп шешкен.

Ел ішінде сауат ашу ісіне де ат салысып, 1889 жылы Ласты өзенінің бойынан медресе ашқан. Зайсаннан Нұғман хазіретті шақыртып, бала оқытқан. Сол медресе кейін «Жәке медресесі» аталып кетеді.

Жәке бидің айтқан билік, нақыл сөздері Алтай аймағының Сарсұмбе қаласынан шыққан «Таңшолпан» журналының 1947 жылғы 2-санында жарияланды. 1944 жылы немересі Қабыл тәйжінің аузынан І. Омаров жазып алған Жәке бидің шешендік сөздері М. Әуезов мұражайында сақтаулы тұр.

1914 жылы қайтыс болған.

ҚОҢЫРОВ ТҰРАҒҰЛ

Тілтанушы.

1935 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауданының Қарғалы ауылында туған.

ҚазПИ-ді және осы оқу орнының аспирантурасын бітірген. 1967 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы шет тілдер институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Филология ғылымдарының докторы (1988), профессор (1990).

1995 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

ҚОРАБАЙ СЕРІКҚАЗЫ

Әдебиеттанушы.

1957 жылы 13 шілдеде бұрынғы Семей облысы Жарма ауданының Белтерек әкімшілік аумағында туған.



1976 жылы Қазақстан ЛКЖО ОК республикалық комсомол мектебін, 1981 жылы Өскемен пединститутының филология факультетін бітірген.

1974-1976 жылдары Семей облысы Шар аудандық «Достық туы» газетінің әдеби қызметкері, «Белтерек» кеңшары комсомол комитетінің хатшысы,

1981-1984 жылдары Белтерек орта мектебінің мұғалімі болды. 1984-1993 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қазақ әдебиеті тарихы бөлімінің аға лаборанты, кіші ғылыми қызметкері, ғылыми қызметкері, 1993-1998 жылдары осы институттың ғалым-хатшысы, 1998-2000 жылдары докторанты, 2000 жылы жетекші ғылыми қызметкері, қазақ әдебиеті тарихы бөлімінің меңгерушісі, 2000-2005 жылдары институт директорының орынбасары, 2005-2008 жылдары ежелгі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, 2009 жылдан бастап институттың әдебиет тарихы секторының модераторы әрі абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі.

Ғылыми еңбектері қазақ фольклоры мен әдебиеті тарихы мәселелеріне арналған. 300-ден астам ғылыми мақалалар мен екі монографиялық зерттеу авторы, жиырмаға жуық жинақтың құрастырушысы. «XIX ғасырдағы қазақ ақындары», «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», «XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» ұжымдық монографиялардың, он томдық «Қазақ әдебиеті тарихы» авторларының бірі. Төрт томдық «Қазақ ССР-і» қысқаша энциклопедиясы, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, «Ақмола», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ өнері», «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялары авторларының бірі. Жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясы 56-60-томдарының, 20 томдық «Әдеби жәдігерлер» сериясының жауапты редакторы. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясы төрағасының орынбасары. 1993-2004 жылдары «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы. Тіл, әдебиет сериясы» журналының жауапты хатшысы, 1999-2004 жылдары «Әдебиет және өнер мәселелері» ғылыми мақалалар жинағының жауапты хатшысы болды

(жеті басылым шықты). Ресейде, Қытайда және Түркияда ғылыми мақалалары жарық көрді.

Филология ғылымдарының докторы. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Аягөз ауданының Құрметті азаматы.

ҚОРДАБАЕВ ТӨЛЕУБАЙ

Тілтанушы.

1915 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының 9-ауылында туған.

ҚазПИ-ді бітіріп, Моңғолияның Баян Өлгий аймағында қызмет істеді. ҚазПИ-де, Қазақ мемлекеттік қыздар пединститутында, Жоғары партия мектебінде, Қарағанды мемлекеттік университетінде кафедра меңгерушісі, Қазақстан Ғылым академиясының Тіл білімі институтында бөлім меңгерушісі болды.

10-нан астам оқулықтың, ғылыми-зерттеу еңбектер мен монографияның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1968), профессор (1970). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1976). Еңбек Қызыл Ту орденін, Моңғол Халық Республикасының жоғары мемлекеттік марапатын иеленген.

2000 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

ҚУАНТАЙҰЛЫ НҮРЖАН



Ақын, прозашы.

1971 жылы 22 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының Үлгілі ауылында туған.

1993 жылы әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1993-1994

жылдары Қазақ радиосында аға редактор, шолушы, 1995-1996 жылдары Қазақстан Журналистер одағына қарасты журналистерді қолдау қорының вице-президенті, 1996-2000 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дің журналистика факультетінде аға оқытушы, доцент, 2000-2002 жылдары республикалық «Жас Алаш» газетінің

шолушысы, 2002-2004 жылдары «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы, 2004-2005 жылдары «Айқын» газетінің саяси шолушысы, 2005-2009 жылдары «Алматы ақшамы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары болып қызмет еткен. 2009 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысындағы «Шығыс ақпарат» Media орталығының директоры.

2001 жылы «Қаламгер» баспасынан «Адырна» атты өлеңдер кітабы шыққан. «Қараөзек» атты прозалық, «Күмбір» атты поэзиялық кітаптарының авторы.


Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.

ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШӘКЕРІМ

Ақын, ойшыл, композитор, аудармашы.

1858 жылы 24 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбайұлының қолында тәрбиеленген. Орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиетін зерек білді. Жеті жасынан бастап өлең жазып, өмірінің ақырына дейін ағартушылық бағыт ұстанды. Абайдың



жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ





Шәкерімнің Семейдегі ескерткіші



Шәкерім Саятқорасында

өмірінде болған оқиға-құбылыстарға қызу үн қосып, «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық», «Жастар туралы», «Кәрілік туралы», «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», «Қалжыңбас», «Тойымсыз нәпсі» сияқты өлең-жырларын жазды, Абайдың кеңесі бойынша «Қалқаман – Мамыр» дастанын дүниеге әкелді. «Еңлік – Кебек», «Қодардың өлімі», «Крез патша» дастандарының авторы.

1905 жылы қажылыққа сапар шегеді. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, Стамбул, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқиды. Осылай жинаған материалдар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабын, «Мұсылмандық шарты» еңбегін жазды. Өзін ғұмыр бойы Толстойдың шәкіртімін деп санады, онымен хат жазысып тұрды. Американдық жазушысы Гарриет Бичер-Стоудың «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н. Толстойдың «Асар-хайдон патша», «Үш сауал», тағы басқа әңгімелерін, А. Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физулидің «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын нәзира үлгісімен жырлады.

Қазақ елі тәуелсіздік алған соң ойшыл ақын мұралары туған жұртының ортақ игілігіне айналып, шығармалары жарық көрді.

1931 жылы қайтыс болды.

ҚҰЛАХМЕТ ҒАБИДЕН

Ақын, жазушы.

1955 жылы 14 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Шолпан ауылында дүниеге келген.



1976 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1989 жылы Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институтының жоғары курсы бітірген. Еңбек жолын 1976 жылы «Жалын» баспасында редактор болып бастап, 1987

жылға дейін Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде, Қазақ теледидарында жауапты қызметтер атқарған. 1990-1992 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында, Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамында, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті тарихы кафедрасының ғылыми тобында жұмыс істеді. 1990-1995 жылдары «Қазақ жастары және бизнес» бейресми орталығында бас үйлестіруші болып қоғамдық қызмет атқарды. 1996-2001 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары болды. Алғашқы өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1966 жылдан, топтамалары «Жыл он екі ай» (1969), «Көктем тынысы» (1975) жинақтарында жарияланған. 1979 жылы Мәскеу қаласында өткен жас ақын-жазушылардың Бүкілодақтық VII кеңесіне қатысқан. «Көзімнің қарасы» (1978), «Ақ бастау» (1980) жыр жинақтары мен «Үйірі жоқ көкжал» романы (2001), «Көл түбіне кеткен ел» (1989), «Ұрпағың үзілмесін» (1991), «Ердің сыны» (1994), «Серінің соңғы сәлемі» (1998) хикаяларының авторы.

Шығармалары орыс, поляк, монғол, шешен, украин, белорус тілдерінде жарық көрген.

«Жалын» баспасы ұйымдастырған республикалық жабық бәйгенің екі дүркін жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

2006 жылы қайтыс болды.

ҚҰМАРБЕКОВ МҮСІЛІМ

Жазушы, журналист.

1939 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

ҚазМУ-ді бітірген.

Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде ұзақ жыл



қызмет істеген. «Ақ Ертіс» – «Иртыш» атты қазақша-орысша шығатын әдеби-мәдени журналда редактордың орынбасары қызметін атқарды. Қазір облыстық «Дидар» газеті редакторының орынбасары.

«Алтайдың ардагері», «Қыз күлкісі», «Асау Ертіс», «Шынар», «Алтайым – алтын бесігім», «Жастық жағалауы», «Жар жағасындағы үй», «Тауқымет» атты кітаптары бар.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҚҰМАРҰЛЫ КӘП

Ақын.

1933 жылы 8 наурызда дүниеге келген.

1952-1955 жылдары Моңғолияның астанасы Ұланбатырдағы мұғалімдер даярлайтын мектепті тәмамдаған. 1955 жылдан 2005 жылға дейін – 50 жыл ұстаздықпен айналысты.

1992-2005 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Абыралы ауданының Қайнар мектебінде, Үржар ауданының Көкөзек мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен дәріс берген. Осы жылдары «Халықтық педагогика – ұлттық қазына» атты оқу құралын жазып, бұл еңбегі



облыстық білім департаментінің мақұлдауымен мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылған.

1974 жылы «Қызыл ту», 1982 жылы «Қос қанат», 1996 жылы «Қос ішек», 2001 жылы «Таудай болғым келеді», 2008 жылы «Арпагер», 2010 жылы «Тайқызыл» жыр жинақтары жарық көрген.

Моңғолия Білім министрлігінің «Халыққа білім беру ісінің үздік қызметкері» атағымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Моңғолия, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЕСЕНСАРЫ

Ақын.

1890 жылы бұрынғы Семей облысы Аягөз ауданының Таңсық ауылында дүниеге келген.

Сәдір ақыннан тәлім-тәрбие алып, он үш жасынан өлең шығарады, халық ауыз әдебиеті үлгілері мен Абай, Әріп, Әсет ақындардың шығармаларын жаттап, ел ішіне таратады. Бірнеше жыл Әсет Найманбаевтың қасына еріп, оның ақындық, әншілік мектебінен өтеді.

Есенсары айтыс ақыны ретінде де танымал болған. 1939 жылы халық ақындарының республикалық слетіне қатысып, жыр алыбы Жамбылмен сөз қағыстырады. 1945 жылы белгілі халық ақыны Сапарғали Әлімбетовпен айтысқа түседі.

«Гүлбаһрам – Сәбит», «Қазақ қызы», «Тобағұл батыр», «Бөдес батыр», «Ғаббасұлы Сабыржан», «Мәлік батыр» дастандары және «Жекедара ана» хикаясы жұртшылыққа танымал.

1961 жылы қайтыс болған.

ҚҰСАНБАЕВ СЕРІК

Айтыскер ақын.

1963 жылдың 24 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дүниеге келген.

Зайсан қаласындағы М. Әуезов атындағы орта мектепті тәмамдаған, әскери борышын Қара теңіз флотында өтеген. Семейдің Шәкерім атындағы пединститутының түлегі. Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің қызметкері болды.



1989-1990 жылдардағы Наурыз айтысының, 1989 жылғы республикааралық айтыстың (Ташкент), 1990 жылғы III республикалық айтыстың және әнші Мұхиттың 150, Ы. Алтынсариннің 150, С. Сейфуллиннің 100, Абайдың 150, Ғ. Мүсіреповтің 100, Ж. Жабаевтың 160, Қарасай батырдың 400 жылдығы мен Қорқыттың 1000 жылдығына арналған республикалық айтыстардың жеңімпазы. Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойындағы жыр сайысының, 1999 жылғы О. Бөкеевті еске алуға арналған айтыстың, тағы басқа жоғары деңгейлі көптеген жыр додаларының жүлдегері.

Айтыс өнерімен бірге жазба поэзияға да ден қойған ақынның «Байғыз» атты тұңғыш жыр жинағы 2001 жылы жарық көрді.

Айтыс өнері саласындағы еңбегі мен шығармашылық жетістіктері үшін 1995 жылы ҚР Министрлер Кабинетінің, 2000 жылы ҚР Президенті Н. Назарбаевтың, 2007 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің Грамоталарымен марапатталған. Мәдениет қайраткері.

ҚЫДЫРХАНҰЛЫ УАҚАП



Жазушы, аудармашы. 1933 жылы 23 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Ақарал ауылында дүниеге келген.

Кеңестік империяның қыспағы салдарынан туған жерден ауа көшкен қауыммен бірге 1933-1955 жылдары Шығыс

Түркістанда тұрған. Гимназия тәмамдап, мұ-

ғалім, газет тілшісі болған. Шыңжаң Халық радиосында қазақша хабарлар бөлімін ашып, басқарған. 1955 жылы Қазақстанға оралып, ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде, Қазақ радиосында, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, еларалық «Шалқар» газетінде бас редактор қызметін атқарған.

Бір топ жыры 1960 жылы жас ақындардың «Жырға сапар» жинағында, «Ант» повесі «Жол басы» атты ұжымдық жинақта жарық көрді. «Шаңқай түс», «Таң нұры», «Тасқайнат», «Алтын ай» атты әңгіме-повестер жинағының, «Сағыныш саздары» атты диаспоралық шежіре кітаптың, бірнеше деректі кітапшалардың авторы. Орыс және түркі халықтары тілдерінен кітаптар аударған. 1991 жылы Құран Кәрімнің түсіндірмелі-мағыналық тәржімасын жасады. Тарихи-деректік қос кітабы «Әттең, Алтай», «Марқакөл» деген атпен 2008 жылы жарық көрді.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Зайсан қаласының Құрметті азаматы.

ҚЫЗЫҚБАЙ ТОҚТАРБЕК



Ақын.

1940 жылы 2 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дүниеге келген.

1958 жылы орта мектепті бітіріп, аудандық «Совет туы» (қазіргі «Достық») газетінде еңбек жолын бастады. 1962 жы-

лы облыстық «Коммунизм туы» газетіне шақырылып, әдеби қызметкерден бас редактордың бірінші орынбасарына дейінгі жолдан өтті. 1975 жылдан «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бес жыл бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. Он жыл «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат») журналының бөлім меңгерушісі болды. 1994-

1998 жылдары Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің аға референті, консультанты болып жұмыс істеді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде мемлекеттік тіл жөніндегі бас маман қызметін атқарды.

«Қыр гүлдері», «Алтай әуендері», «Темір тізгін», «Парыз», «Арайлы шақ», «Жүрек оты», «Жусан иісі», «Жылдар жаңғырығы», «Сәуір лебі», «Көңіл қоңырауы», «Зайсан», «Өмір – сапар» жыр жинақтарының авторы.

«Құрмет Белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

2005 жылы дүниеден өтті.







МАҒАУИН МҰХТАР



Жазушы, әдебиеттанушы, тарихшы.

1940 жылы 2 ақпанда бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданында туған.

1962 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін, 1965 жылы аспирантурасын бітірген. 1965-1967 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, 1967-1971 жылдары «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары, Қазақ КСР Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болған, Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша арнайы лекциялық курстар жүргізген. 1983-1984 жылдары еркін шығармашылық жұмыста, 1984-1986 жылдары «Жазушы» баспасының бас редакто-

ры, 1987 жылы еркін шығармашылық жұмыста, 1988-2006 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы болды.

Алпысыншы жылдары негізінен әдебиет зерттеушісі ретінде танылды, кейін көркем прозаға ден қойды. Шығармалары орыс тіліне аударылған, шетел тілдерінде басылған. «Қобыз сарыны» монографиясы, «Көк мұнар» романы, «Бір атаның балалары», «Көк кептер» повестер мен әңгімелер жинақтары, «Шақан шері», «Ғасырлар бедері», «Тасқа басылған қолжазбалар», «Шыңғыс ханның шарапаты», «Гибель борзого», «Змеиное лето», «Голубое марево» кітаптары, «Аласапыран», «Мен», «Вешние снега» роман-дилогиялары, он үш томдық шығармалар жинағы, «Жармақ» романы, тағы басқа кітаптары жарық көрген.

Филология ғылымдарының кандидаты. «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақстанның халық жазушысы. Түркияның халықаралық «Түркі дүниесіне қызмет» сыйлығының, «Тарлан» сыйлығының иегері.

МАМЫРАЕВ БЕЙБІТ

Әдебиеттанушы.

1957 жылы 5 ақпанда дүниеге келген.

1980 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіреді. Орта мектепте мұғалім, Қарағанды мен Алматының жоғары оқу орындарында оқытушы болып қыз-



мет атқарды. Көп жылдар бойы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы жүйесінде еңбек етті, ғылыми хатшы, бөлім меңгерушісі, ҚР ҰҒА М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болды. 2000 жылы ҚР Президенті Әкімшілігіне жұмысқа шақырылып, бірқатар жыл білім және ғылым секторын басқарды.

2004-2006 жылдары шетелдік іссапарда болды. Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасы Елшілігінде кеңесші, Кеңесші-Уәкіл қызметін атқарды. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып тағайындалды. 2008 жылдың сәуірінен С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры. 130-дан астам ғылыми еңбектің авторы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Еуразия Халықаралық Экономика академиясының академигі. Қазақстандық ПЕН-клубтың мүшесі. Елшілік шені бар. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің мүшесі.

МАРАТҰЛЫ ФАРХАТ



Айтыскер ақын.

1987 жылы 29 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Сұлусары ауылында дүниеге келген.

Мектеп қабырғасында жүргенде Семей қаласындағы «Наркескен» ақындар мектебінен тәлім алды.

Бүгінгі күнге дейін біршама республикалық, халықаралық айтыстардың жүлдегері атанды. 2005 жылы Талдықорған қаласында өткен Сүйінбай Аронұлының 190 жылдығына арналған халықаралық айтыста және 2006 жылы Өскемен қаласында өткен «Ана тілім – ардағым» атты республикалық студент жастар айтысында 1-орын, 2007 жылы Семей қаласында өткен республикалық «Ақ орда» айтысында 2-орын, 2009 жылы Ташкент қаласының 2200 жылдығына арналған халықаралық айтыста бас жүлдені иеленді.

МАТАЙҰЛЫ СЕЙІТҚАЗЫ



Публицист.

1954 жылы 31 қазанда дүниеге келген.

1980 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Ақпараттық агенттіктің Торғай, Қарағанды облыстары бойынша меншікті тілшісі, «Индустриальная Караганда» газеті бас редакторының орынбасары, «Известия» газетінің Қазақ КСР-і бойынша меншікті тілшісі, ҚР Президентінің баспасөз хатшысы, ҚР Премьер-министрінің баспасөз хатшысы қызметтерін атқарған. 1996 жылдан Ұлттық Баспасөз клубының президенті.

Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы. ТМД журналистік ұйымдар конфедерациясының вице-президенті. ҚР Президенті жанындағы БАҚ жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы. 1981 жылы «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. ҚР Журналистер академиясының академигі.

МАТЫЖАНОВ КЕНЖЕХАН



Әдебиеттанушы.

1957 жылы 8 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Покровка ауылында дүниеге келген.

1974-1978 жылдары ҚазПИ-де білім алған. 1977 жылдан бері

көптеген фольклорлық және этнографиялық экспедициялар құрамында Қазақстанның барлық өңірлерін аралап шықты. Балаларға арналған

және отбасылық-ғұрыптық материалдар, қазақтардың этнографиясына қатысты деректер жинап, оларды баспа бетіне жариялады.

Ауыл мектебінде мұғалім, Республикалық кітап мұражайында аға ғылыми қызметкер, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, ҚР Ғылым академиясының Алқасында қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғалым-хатшысы, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, ҚР Президенті Аппараты ішкі саясат бөлімінің және ҚР Министрлер кабинетінің референті, ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Тілдер жөніндегі комитет төрағасының орынбасары, ҚР Ұлттық саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы, ҚР Үкіметі Аппаратының әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің кеңесшісі, Білім және мәдениет министрлігінің Тіл саясатын үйлестіру департаменті директорының орынбасары, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бөлім бастығы, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы директорының орынбасары, ҚР Тұңғыш Президенті мұражайының директоры, Алматы қалалық Мәдениет департаменті директорының орынбасары секілді жауапты қызметтерде болды. Қазіргі уақытта Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасының бастығы.

«Ақ сандық, көк сандық», «Тал бесіктен жер бесікке дейін», «Абылай», «Ел қазынасы – ескі сөз», «Алтын сандық» жинақтарының, балаларға арналған «Үйлену тойы», «Тойбастар, жар-жар», «Киелі жерлер», «Асыл сөз аталары», «Қазақтың зергерлік бұйымдары», «Қазақтың үй жиһаздары» кітаптарының, сондай-ақ 6-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығының авторы. Жүзден аса ғылыми және ғылыми-танымдық мақала, бес кітап жазған.

Филология ғылымдарының докторы (2004). 2005 жылы «Конституцияға 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (2007).

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісін иеленген.

МАШАҚОВ СӘДУ

Ақын.

1906 жылы 27 карашада бұрынғы Семей облысының Жаңасемей ауданындағы Воскре-



сеновка ауылында туған.

1952 жылы Семей пединститутының филология факультетін бітірген. Облыстық «Семей таңы» газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, Қазақ телеграф агенттігінің аударма бөлімінде аға редактор, Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысындағы өкілі, Ұлы Отан соғысы жылдары әскерде үгітші-лектор, Калинин майданында шыққан «Алға, жауға қарсы!» газетінің редакторы, Кеңес Армиясы Жоғары саяси басқармасының аға нұсқаушысы қызметтерін атқарған.

Алғашқы жыр жинағы «Колхоз жыры» деген атпен 1932 жылы жарық көрді. «Балға жыры» (1933), «Жартас» (1934), «Отан үшін» (1938), «Кезеңдер» (1959), «Жылдар мен жолдар» (1962), «Сапарда» (1972) жыр жинақтары, «Ақ көңіл» (1986) деген атпен таңдамалы өлеңдері мен поэмалар жинағы шыққан. А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, Ф. Тютчевтің, Д. Бедныйдың, тағы басқа орыс классиктерінің, Х. Тақташтың, М. Кәрімнің өлеңдерін тәржімалады. Чех жазушысы Ян Дрданың «Үнсіз баррикада» әңгімелер жинағын аударды.

Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.


1995 жылы қайтыс болды.

МӘЗІБАЕВ ТАЛҒАТ

Ақын, әнші.

1979 жылы жылы 30 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында туған.

М. Әуезов атындағы Ақжар ауылдық орта мектебінде, Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-гимназиясында Қ. Бітібаеваның сыныбында оқыған. 1996-2000 жылдары С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дің тарих факультетін, 2000-2002 жылдары магистратурасын тәмамдаған. 2002-2004 жылдары Астана қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы экономикалық университеттің мемлекеттік басқару факультетін бітірген.



1996 жылы Ж. Жабаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған республикалық оқушылар айтысында бірінші орын иеленген. Облыстық, республикалық ақындар айтысының жүлдегері.

1998 жылы аймақтық «Жігіт сұлтаны» атағын жеңіп алды.

Дзюдодан спорт шеберлігіне үміткер.

ШҚО Дзюдо федерациясының вице-президенті.

МӘУКЕНҰЛЫ НҰРЛАН



Ақын.

1960 жылы 25 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында туған.

1984 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1990 жылы КИМЭП-тің саясаттану бөлімін бітірген. Еңбек жолын құрылысшы болып бастаған. «Ана

тілі» – «Жалын» бірлескен басылымы бас редакторының орынбасары болып істеді.

«Аудитория», «Қарлығаш» жыр топтамаларында өлеңдері жарияланған. 1995 жылы «Бойтұмар», 2008 жылы «Сұңқарбұлақ» атты поэзиялық кітаптары шықты.

Бірнеше мүшәйраның, Алматыда өткен Түркі дүниесі поэзиясы фестивалінің жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

2003 жылы дүниеден озды.

МИРОГОЛОВ ВИКТОР



Жазушы, аудармашы.

1939 жылы бұрынғы Семей облысының Қазаншұңқыр кенішінде туған.

1961 жылы ҚазМУ-дің геология-география факультетін бітірді. Инженер-гидрогеолог, мектепте оқу ісінің меңгерушісі, «Золотая Чукотка» газетінде бөлім бастығы, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының деректі хроникалық бірлестігінде бас редактордың орынбасары, «Жаңа фильм» журналында бас редактордың орыс әдебиеті жөніндегі орынбасары, «Жазушы» баспасы бас редакторының орынбасары болған, «Простор» журналында қызмет істеген.

Мәскеу, Алматы баспаларынан «Голоса тишины», «Каждый за всех», «Роза ветров» прозалық кітаптары жарық көрген. Отыздан астам деректі және ғылыми-көпшілік фильмдердің сценарийлерін жазған.

Ә. Таразидің, Д. Досжановтың, О. Бөкеевтің, Ә. Нұршайықовтың шығармаларын, І. Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясын орыс тіліне аударды.

1998 жылы дүниеден өтті.

МОЛДАЖАНОВ ІЛИЯС

Ақын, журналист, қоғам қайраткері.

1900 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Бөденелі ауылында дүниеге келген.

1914 жылы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін бітірген. 1918 жылы Семейде Алашорда жасақтаған атты әскерге алынып, Жетісу майданында шайкасты. 1920 жылы наурызда Кеңес өкіметі жағына өтіп, 3-қазақ атты әскер полкінің соғыс комиссары болған. 1921-1924 жылдары Орынбор мен Семейде партиялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. «Қазақ тілі» газетінің редакторы болды. 1925 жылы Павлодар уезінде, 1926-1928 жылдары Қызылжар губерниясында басшылық қызметтер атқарды. 1929-1935 жылдары Гурьев, Қостанай округтік атқару комитетінің, Алматы облаткомның төрағасы, 1935-1937 жылдары Қазақ АКСР Қаржы халық комиссары болды.

1938 жылы саяси қуғынға ұшырап, 1956 жылы 30 маусымда КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының шешімімен ақталды.

Онға жуық дастаны мен қиссасының қолжазбалары Қазан университетінің ғылыми кітапханасында сақтаулы.

1938 жылы 25 ақпанда дүниеден өтті.

МОЛДАХАНОВ ӘДЕБИЕТ

Әдебиеттанушы.

1936 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

ҚазПИ-ді (1960) бітірген. Сол оқу орнында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1962-1992), Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде доцент, кафедра меңгерушісі (1992-1998) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Ақтөбе мемлекеттік университетінде профессор.

100-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (1998), профессор (1999).

МУСИН МЕНҒАЛИ

Жазушы, журналист.

1927 жылы Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Үлкен Нарын ауданында туған.

1944 жылы әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысты. 1964 жылы Жоғары партия мектебін бітіріп, көп жылдар бойы бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеді.

Шығыс өңірінің тарихынан сыр шертетін және басқа да жинақтары жарық көрді.



П. Бажов атындағы әдеби сыйлықтың, халықаралық Қытай радиосы әдеби сыйлығының иегері.


МУҚАМӘДИҚЫЗЫ ЕГЕУХАН

Ақын, айтыскер.

1940 жылы 1 сәуірде дүниеге келген.

Баяннур орта мектебінде отыз жылдай кітапхана меңгерушісі болып қызмет істеді.

Шығармалары Моңғолияда, Қазақстанда шыққан оннан аса топтама жинақтарға енген. «Ақ қайын» (1971), «Ару арманы» (1977), «Қос канат» (1982), «Алмийн цэцэрлэг» (моңғол



тілінде, 1989), «Қос ішек» (1996), «Қайтқан қаз» (2005), «Махаббат жетегінде» (2010) атты жеке жыр жинақтары жарық көрген.

1971, 1976, 1978 жылдары «Жаңа өмір» газетінің, 1984, 1986 жылдары республикалық телерадио саласының кезекті сыйлықтарын иеленген. Мәдениет министрлігінің, Жазушылар, Журналистер, Бейнелеу өнері одақтарының Құрмет дипломдарымен, Моңғол Халық Республикасының 50, 60, 70 жылдық медальдарымен, I, II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған. МХР-дің еңбек ардагері. Он алты жасынан айтысқа түскен ақын Моңғолия қазақтарының айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Айтыс ақыны» атағына, 1998 жылы Үржар ауданының 70 жылдық мерейтойындағы айтыста «Ана қыран ақын» атағына ие болған. 1989, 1992 жылдары Алматыда өткен халықаралық ақындар айтысында, 1998 жылы Бақтыөраз батырға ас беру айтыстарында жүлдегер атанды. Абай мен Жамбыл мерейтойларында облыстық, аудандық айтыстарға, 1999 жылы «Мың жылдық думан Астана» аясында өткен «Айтыстың сағындырған саңлағы» атты айтысқа арнайы шақырумен қатысқан.

1983 жылдан Моңғолия Журналистер одағының, 1990 жылдан Моңғолия Жазушылар одағының, 1993 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Моңғол Халық Республикасының 2-разрядты шахматшысы. Он бала тәрбиелеп өсірген «Алтын алқалы» ана. Мәдениет қайраткері.

МҰХАМЕДХАНОВ ҚАЙЫМ

Жазушы, драматург, әдебиеттанушы.

1916 жылы 5 қаңтарда Семей қаласында туған.

1937 жылы екі жылдық мұғалімдер курсы, 1941 жылы Семей педагогтік институтының филология факультетін бітірген. Әдебиет пәнінің мұғалімі, Семей пединститутының аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, Абай мұражайының аға ғылыми қызметкері, директоры болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Алғашқыда өлең-жыр, драматургия жанрында бірқатар шығармалар жазды, аударма жасаумен де шұғылданды. Әдебиет зерттеуші ғалым ретінде Абай мұрасын зерттеуге мол үлес қосып, «Абай шығармашылығының текстологиясы» атты іргелі еңбек жазды. «Абайдың ақын



Жас абайтанушы Қ. Мұхамедханов



Қайым Мұхамедханов пен Шәкір Әбенов

шәкірттері» атты төрт кітаптан тұратын жинақ құрастырып, «Абай» журналының қайта жарық көруіне көп еңбек сіңірді. Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаевпен бірлесіп Қазақ КСР-інің алғашқы мемлекеттік Әнұраны мәтінін жазды. «Комиссар Ғаббасов» пьесалар жинағы жарық көрген.

«Толқын», «Майданнан – майданға», «Ер Білісбай» пьесаларының авторы. Әзірбайжан драматургі У. Гаджибековтің «Аршин мол алан», татар драматургі Ш. Камалдың «Қажы әпенді үйленеді» пьесаларын қазақшаға аударған.

1996 жылы «Абай» энциклопедиясын шығарудағы еңбегі үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. КСРО және Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі. Семей қаласының Құрметті азаматы. Абайдың дүниежүзілік академиясының алтын медалімен марапатталған.

2004 жылы дүниеден өтті.

МҰҚАНОВА РОЗА

Жазушы.

1964 жылы 14 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Көлденең ауылында дүниеге келген.

1987 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдады. 1987 жылы Орталық мемлекеттік мұражайдың әдебиет және өнер бөлімінде, 1989 жылы Қазақстан Жазушылар одағының Аударма коллегиясында аға редактор болды және ҚР Ақпарат министрлігінде қызмет істеді. 2007 жылдан ҚР Парламент Сенатында жауапты қызметкер.

«Жарық дүние» (1994), «Дүние кезек» (1997) әңгімелер жинағы, «Күдірет-Кие» (2001) әңгімелері мен драмалық хикаяттары, екі томдық



шығармалар жинағы (2007) жарық көрді. 2008 жылы «Көркем әдебиет» сериясымен «Жазушы» баспасынан әңгімелер жинағы шықты. 2001 жылы Рабғузидің «Қисса-сұләнбия» кітабын алғаш рет қазақ тіліне тәржімалады.

1996 жылы Қазақтың мемлекеттік М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында «Мәңгілік бала бейне» пьесасы қойылды. 1997 жылы Ғ. Мүсірепов атындағы мемлекеттік академиялық жастар мен балалар театрында М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінің желісімен драмалық қойылымы сахналанды. 2001 жылы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Қыз жылаған» әңгімесінің желісімен кино түсірді.

«Мысықтар патшалығы» пьесасы «Самсунг» компаниясының «Қазіргі заман драматургиясы» жұлдесіне ие болды. «Шатыр астындағы Мен» атты пьесасы мемлекеттік грант жұлдесін иеленді.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, «Жалын» журналының Т. Айбергенов атындағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

МҰСАҰЛЫ ЫРЫСХАН



Жазушы.

1933 жылы бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Құндызды ауылында дүниеге келген.

1958 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін журналист мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын

«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде бастады. 1964 жылдан Семейдің облыстық газетінде қызмет істеді. «Абай» журналының бас редакторы болған.

«Аға сұлтан» атты романы, осы романның негізінде жазылған «Тауан» атты пьесасы 2000 жылы жарық көрді. Екі томдық романдар жинағы шықты. «Лениншіл жас», «Семей таңы» газеттерінде көптеген әңгіме, новеллалары, очерктері жарияланды.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1979), Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1983) марапатталған.

МҮСТАНБАЕВ ЫДЫРЫС

Әдебиет сыншысы, абайтанушы, Алаш қозғалысының қайраткері.

1898 жылы 8 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында дүниеге келген.

Тінібай медресесін, екі сыныпты орыс-қазақ училищесін бітіріп, Семей гимназиясында оқыған. Еңбек жолын пошта телеграфисі болып бастады. 1918 жылы Семейде Алаштың атты әскер полкін жасақтауға қатысты. 1919-1921 жылдары Семей губревкомы мен губаткомының мүшесі болып, Семей, Өскемен, Аягөз, Зайсан уездерінде ұйымдастырушылық-басшылық қызметтер атқарды. 1920 жылы Қазақ АКСР-інің Құрылтай съезінде ОАК-тің мүшелігіне сайланды. 1921-1923 жылдары Орал, 1924-1925 жылдары Ақмола губерниясының прокуроры, 1925-1926 жылдары Сырдария губаткомының төрағасы, ОАК-тің нұсқаушысы қызметтерін атқарды.

1926 жылы «Сырдария ісі», «Шаян ісіне» қатысты жауапқа тартылды. 1926-1927 жылдары Қазақ АКСР-інің Байланыс халық комиссары болды. Өмірінің соңғы жылдары Қызылорда мен Алматыда әр түрлі қызметтер атқарды. Қазақстандағы жер мәселесі, ауылдағы тап тартысы, байларды тәркілеу, мекемелерді қазақыландыру, тағы басқа социалистік қайта құрулар мен голощекиндік ұлт саясатына қарсы күрескені үшін қудаланып, бірнеше рет партия қатарынан шығарылды.

Әдеби сынға өзіндік үлес қосып, қазақ әдебиетінің тағдырына қатысты талас-тартысқа белсене араласты. Абай, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтардың шығармашылық мұрасын таптық-идеологиялық шабуылдан қорғады.

1937 жылы 15 қарашада Алматыда қайтыс болған. 1991 жылы 18 ақпанда ақталды.

МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ АЛМАХАН



Ақын.

1962 жылы 4 желтоқсанда бұрынғы Семей облысы Мақаншы ауданының Жарбұлақ ауылында дүниеге келген.

Семей пединститутының филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Жаңасемей ауданының «Ақиқат» газетінде

тілші болып бастады. 1983-1985 жылдары Торғай облыстық халық театрында автоклуб меңгерушісі, 1989-1991 жылдары Семей техникалық училищесінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы, 1992-2010 жылдары Абайдың Семей қаласындағы мемлекеттік қорық-мұражайының аға ғылыми қызметкері болды. Бүгінде Қазақстан-Ресей университеті жанындағы «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының директоры.

Ақынның «Жансая» (1999), «Тылсым сыры» (2002), «Жыр-ғұмыр» (2003) атты жыр жинақтары жарық көрген. «Шәкәрім», «Құрсақсыз ана», «Донор және тек» атты поэмалары бар. «Абай поэзиясына – 100 жыл» айдарымен республикалық және облыстық басылымдарға Абайдың он тоғыз өлеңіне талдау жасаған мақалалар жариялады. Өлең-жырлары мен зерттеу мақалалары баспасөзде жиі жарық көреді. «Донор және тек» поэмасы «Отанымыздың тәуелсіздігіне тарту» атты үздік әдеби жинаққа енгізілген.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жазба ақындардың аймақтық мүшәйрасында (1999) 1-орын, ақын Мерғали Ибраевтың 60 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық мүшәйрада (2002) бас жүлдені иеленді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған республикалық мүшәйраның (2006) жүлдегері.









НАҚТЫБАЙҰЛЫ ЕСІМЖАН



Айтыскер ақын.

1987 жылы 16 қаңтарда дүниеге келген.

1994-2004 жылдары орта мектепте білім алған. 2004-2008 жылдары С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. 2008-2010 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық дарынды жасөспірімдерге арналған мамандандырылған Өскемен қазақ-түрік лицейінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 2010 жылдың 10 қаңтарынан Шығыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасында қызмет етуде.

2004 жылы Қарағанды қаласында өткен республикалық оқушылар олимпиадасында «Үздік ауыл мектебінің оқушысы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. 2007 жылы облыстық студенттер арасындағы айтыста бас жүлде, сол жылы Павлодар қаласында өткен «Ертіс жұлдыздары» халықаралық фестивалінде «Айтыс» номинациясы бойынша 2-орын иеленді.

2007-2008 жылдары «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Аламан айтыс» республикалық тележобасында, 2009 жылы Ш. Құдайбердіұлының туғанына 150 толуына орай Өскемен қаласында өткен республикалық ақындар айтысында өрелі өнерімен танылды.

Поэзиялық шығармалары мерзімдік басылымдарда жарық көріп тұрады.

НАЗЫРБАЕВ ҚАЙЫРДЫ

Журналист, баспагер.

1947 жылы 2 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Таңба ауылында туған.

Орта мектепті бітірген соң «Өрел» кеңшарында шопан, мәдениет қызметкері, Еңбек сегіз жылдық мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған.

Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, Қатонқарағай, Үлкен Нарын және Зырян аудандары бойынша меншікті тілші, Күршім аудандық «Коммунистік еңбек» – «Коммунистический труд» газеттерінде аудармашы, Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомитетінде редактор, Қатонқарағай аудандық «Арай» – «Луч» газетінде редактордың орынбасары, редактор болды. Астанадағы мемлекеттік «Елорда» баспасында редактор, «Аударма» баспасында редактор, директор қызметтерін атқарған. Қазір «Нұра-Астана» баспасының директоры.

Өлеңдері мен әңгімелері аудандық, республикалық газет-журналдарда жарияланған. 1999 жылы Астанадан шыққан «Ағажай, Алтайдай жер қайда?» атты ұжымдық жинаққа өлеңдері енген. «Алтайдың алтын алқасы», З. Алпысованың «Ұстаз тағылымы», Ш. Мұртазаның «Ақындар мен әкімдер», «Соғыстың соңғы жесірі» және «Қаратай елінің ақындары», «Ел ішіндегі бірқакпайлар» жинақтарын құрастырып шығарған. «Нобель сыйлығының лау-



реаттары», «Шытырман оқиғалар және фантастика», «Жыр-жауһар», «Әлем әдебиеті», «Тарих. Таным. Тағдыр», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Қазақ халқының философиялық мұрасы» серияларымен шыққан кітаптардың ұйымдастырушысы. 2007 жылы «Таудағы таңба» кітабы жарық көрген. «Әлем әдебиеті» журналының алқа мүшесі.

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет Грамотасымен, «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Баспа және полиграфия ісінің қайраткері, Қатонқарағай ауданының Құрметті азаматы.


НАЙМАНБАЙҰЛЫ ӘСЕТ

Акын, әнші, композитор.

1867 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Бақты ауылында дүниеге келген.

Ескіше оқып, сауат ашқан. Ерте жетім қалып, жоқшылықтың зардабын тартқан. Үркіншілік кезінде Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болады.

Оның жас кезінде шығарған әні «Інжу-Маржан» – ән өнерінің үздік үлгісі. Одан басқа «Мақпал», «Қарагөз», «Майдақоңыр», «Гауһар қыз», «Қоңыр қаз», «Қисмет», «Әпитөк», тағы басқа әндері белгілі. Ол Біржан сал, Ақан серіден



кейін Арқа әндерінің дәстүрін жалғастырып, дамытты.

«Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан?», «Сабаздар санасы жоқ сатылып жүр», «Жас жігіт надандықпен алданады» сияқты өлеңдерінде акын өз ортасының ащы шындығын



*А. Байтұрсынов бастаған Алаш зиялыларымен оң жақта отырған Ә. Найманбайұлы.
1918 жыл, Шәуешек қаласы*

бейнелейді, халқының ауыр тағдырына күйзеле отырып, өзінің ақындық шеберлігін, азаматтық үнін танытады.

Ақын жана үлгідегі, оқиғалы дастан жан-рын дамытуға мол үлес қосты. «Салиха – Сәмен», «Ағаш ат», «Перизат», «Үш жетім қыз», «Нұғыман – Нағым», «Мөлік – Дарай», «Жәмсап», «Кешубай» сияқты бірқатар кисса-дастандары бар.

Әсет айтыс ақыны ретінде Ырысжан, Бактыбай, Кәрібай, Әріп, Қали, Сәмет, Қосымбай, Қызыр, Кемпірбай және Мәлике кызбен айтысқан. Солардың ішіндегі аса құндылары – Ырысжанмен, Кәрібаймен айтыстары. Ырысжанмен сөз қағысуы жұмбақ айтыстың үздік үлгісі болып саналады.

Ақын шығармалары суырыпсалмалық заңдылықтарына сәйкес туған. Кейбір өлеңдерін жазып шығаруы да мүмкін. Бірақ оның өз қолымен жазылған немесе көзі тірісінде біреуге жаздыртқан әдеби мұрасы бізге беймәлім. Қолжазба қорларындағы нұсқалар түгелдей ел аузынан жиналған. 1910 жылы Қ. Халиди ақынан бірнеше өлеңін жазып алып, жариялаған. Кеңес дәуірінде Әсет өлеңін алғаш С. Сейфуллин (1925) бастырған.

Әсет өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы мақала тұңғыш рет 1936 жылы жарияланды (Б. Ысқаков). Шығармаларының тұңғыш жинағы 1968 жылы Б. Адамбаевтың құрастыруымен басылды. Бұл жинақта 34 өлеңі (әнін қоса), 4 айтыс-қағысы, 4 дастан-қиссасы жарияланса, 1988 жылғы «Әсет» жинағына (құрастырған Б. Нұржекеев) 29 ән мәтіні, 71 өлеңі, 10 айтыс-қағысы, 8 кисса-дастаны енгізілген.

1922 жылы 22 наурызда Қытайдың Құлжа қаласында көз жұмған.

НЕМЦОВ МИХАИЛ



Ақын.

1956 жылы 16 мамырда Шығыс Қазақстан облысының Лениногорск қаласында туған.

Орта мектептің 8-сыныбын бітіріп, Лениногорск кен-металлургия техникумында оқыған. Әскер

қатарында әскери тілші болды. Лениногорскінің өндіріс орындарында жұмыс істеген.

Мәскеудегі М. Горький атындағы Әдебиет институтында дәріс алды. «Родство», «Голоса Беловодья», «...А все остальное слова!» өлең жинақтары жарық көрген.

НҰҚАЙ ТҰРҒАЗЫ



Ақын, жазушы.

1937 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Тұяқ ауылында дүниеге келді.

ҚазПИ-дің тарих, тіл-әдебиет факультетін бітірді. 1960-1966 жылдары орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі,

директор, 1966-1997 жылдары облыстық партия комитетінде нұсқаушы, облыстық «Дидар» («Коммунизм туы») газетінде жауапты хатшы, бас редактордың бірінші орынбасары болып еңбек етті. «Казцинк» ашық акционерлік қоғамында «Казцинк жаршысы» газетінің редакторы қызметін атқарды.

«Тұңғыш», «Ұлы даланың ұлымын» жыр жинақтары, «Өз ағамыз Әдекен», «Ана арманы», «Жарқыраған жұлдыз» деректі хикаяттары жарық көрген.

2001 жылы қайтыс болды.

НҰРҒАЛИЕВ РЫМҒАЛИ

Әдебиеттанушы, жазушы.

1940 жылы 1 маусымда бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданының Қайнар аулында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін (1963), аспирантурасын (1967), докторантурасын (1972) бітірген. 1962-1965 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Целиноград, Қостанай облыстарындағы меншікті тілшісі болып, очерк-эңгімелер жазып, фольклор нұсқаларын жинады. 1966-1968 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші болған. 1968-2000 жылдары



ҚазМУ-де доцент, профессор, факультет деканы, 1986-1997 жылдары «Қазақ Энциклопедиясында» бас редактор қызметтерін атқарған. 2000-2010 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды.

«Сабыр Шәріпов» атты тырнақалды ғылыми еңбегі 1961 жылы университет баспасынан жарық көрді. М. Әуезов шығармашылығының алғашқы кезеңдерін, ұлы қаламгердің драматургиясын монографиялық тұрғыдан зерттеді. Қазақтың алғашқы режиссері, көрнекті драматург Ж. Шанин мұрасын жан-жақты танытты. 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті туралы ұжымдық монографияны дайындауға үлкен үлес қосты.

«Абай» энциклопедиясының бас редакторы, 11-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы авторларының бірі. «Қазақ ССР-і», «Ол кім? Бұл не?», «Ислам», «Абай», «Философиялық сөздік», «Әлемде талай қызық бар», «Боздақтар» сияқты энциклопедиялар мен сериялардың, жобалардың, әдебиет пен өнер, эстетика мен театр мәселелерін сөз ететін көптеген эссе, портрет, шолу, мақалалар циклінің авторы. «Трагедия табиғаты», «Талант тағдыры», «Күретамыр», «Қазақ драматургиясы», «Өнер алды – қызыл тіл», «Өнердің эстетикалық нысандары», «Поэтика драмы», «Трагедии Мухтара Ауэзова», «Айдын», тағы басқа монографиялары, «Сырлы сөз», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», «Көкейкесті әдебиеттану», «Драма өнері» ең-

бектері, «Дән» новеллалар жинағы, «Ою», «Жартастағы қарағай», «Ай қанатты арғымақ» көркем шығармалары жарық көрген. 2005-2006 жылдары Астанадағы «Фолиант» баспасынан жеті томдық шығармалар жинағы шықты.

Л. Толстойдың «Әзәзіл» повесін, Н. Погодиннің «Салтанат жыры» пьесасын, Ә. Кешоковтың «Соңғы шақырым» драмасын, П. Брагиннің «17 жайлы хикая» повесін, эстон әңгімелерін, бірнеше көркем фильмдерді қазақ тіліне аударды. «Жұмат Шанин» деректі фильмінің сценарийін жазды.

Ғалымның құрастыруымен, алғы сөз, соңғы сөз, түсініктерімен және редакциялауымен Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ж. Шанин, М. Әуезовтің энциклопедиялық сипаттағы томдары, І. Есенберлиннің он томдық шығармалар жинағы, Б. Кенжебаев, Ш. Әбенев, Қ. Бадыров, Т. Ысмайылов, Ф. Онғарсынова кітаптары басылып шықты.

Қазан, Рига, Душанбе, Бішкек, Тбилиси, Ереван, Баку, Мәскеу, Кишинев қалаларында



Туған жері Таңбалы таста

өткен ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. Америка, Ұлыбритания, Франция, Германия, Үндістан, Венгрия, Иран, Түркия, Моңғолия, Қытай, Оңтүстік Корея, Чехия, Словакия елдеріндегі түрлі мәртебелі жиындарда сөз сөйлеген.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі. ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері. Жоғары мектептің үздік қызметкері, ҚР ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер, Халықаралық ақпараттандыру, Айтматов академияларының академигі. ЖОО-ның үздік оқытушысы грантының, А. Байтұрсынов сыйлығының иегері. Білім беру ісінің құрметті қызметкері. «Парасат» орденімен, «М.Шолохов», «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы», «Астананың 10 жылдығы» медальдарымен марапатталған.

2010 жылы қайтыс болды.

НҮРҚАСЫМ ҚҰСМІЛИЯ



Ақын, әнші, композитор.

1949 жылы 25 мамырда бұрынғы Семей облысы Үржар ауданының Елтай ауылында дүниеге келді.

Елтай ауылының орта мектебін бітірген. Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне

оқуға түсіп, онда Қ. Мұхамедханұлы, Қ. Шаяхметов, Қ. Мәшһүр-Жүсіпов тәрізді тамаша ұстаздардан дәріс алды.

Мұғалім, мектеп директоры, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, ұжымшар партия ұйымының хатшысы, Үржар аудандық білім бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Бүгінде Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы.

ҚР Үкіметіне енгізген Алаш қозғалысының 90 жылдығын атап өту туралы ұсынысы қолдау тауып, республика көлемінде аталып өтті. Шәкерімнің 150 жылдық тойы қарсаңында Семейде ақынның және әнші Ә. Қашаубаевтың ескерткішін, Қ. Мұхамедханұлының мемориалдық кешенді ескерткішін орнатуға мұрындық

болды. «Ұмытпаңдар мені» атты естелік кітабы жарық көрген.

Айтыс өнерінде өзіндік ізін салған ақын. Қазақстанның 70 жылдығына, Қабанбай батырдың 300 жылдығына арналған республикалық айтыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Үржар аудандық «Уақыт тынысы» газетінің ашылуына және Ақсуат аудандық театрының 30 жылдығына арналған облыстық ақындар айтыстарында жеңімпаз атанды.

Ұлы Абайдың 150 жылдығындағы Семейдегі гала-концерт оның «Абай тойына тойбастарымен», ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығындағы Астана қаласындағы мерекелік концерт оның «Тәуелсіздік толғауымен» ашылды. «Астана – Байтақ», «Тарбағатай», «Семей – Алаш», Абайдың сөзіне жазған «Өлсем орным қара жер...», «Қалалық казак», «Мен сені сағынғанда», «Барқытбек тауым – байрағым», «Төлегетай», «Соқырдың зары» секілді әндері бар.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

НҮРШАЙЫҚОВ ӘЗІЛХАН



Жазушы.

1922 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы Келінсүйегі елді мекенінде («Ақбұзау» ұжымшары) туған.

Ауылдағы орталау мектепті бітіріп, Алматы Тау-кен институтының жұмысшы факультетінде, Семейдің Абай атындағы қазақ педагогтік училищесінде, одан соң педагогтік институтында оқыды.

Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысып, өлең-әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық және облыстық газет беттерінде



Бауыржан Мамышұлы және Әзілхан Нұршайықов

жиі басылып тұрды. Соғыстан соң ҚазМУ-дің филология факультетін бітіріп, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінің бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі және редактордың орынбасары, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет істеген. «Қазақ Совет Энциклопедиясы» тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болған. Көп жылдар бойы Қазақстан Жазушылар одағы проза кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды.

Алғашқы очерк-әңгімелер жинағы «Алыстағы ауданда» деген атпен 1956 жылы шыққан. «Махаббат жыры», «Тоғыз толғау», «Автопортрет» кітаптары, «Махаббат, қызық мол жылдар» романы және «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі, «Екі естелік», «Жамбылға хат» атты әскери естеліктері, тағы басқа шығармалары жарық көрді. Бұл туындылардың бірқатары бірнеше дүркін орыс тілінде де басылып шықты. «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі украин және чех тілдеріне аударылып, жарияланды. Жекелеген шығармалары қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне аударылған.

Тәуелсіздік таңынан соң «Менің замандастарым» роман-естелігі, «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы мен «Мәңгілік махаббат жыры» прозалық поэмасы, он томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді. Оқырманның ерекше ықыласына ие болған «Махаббат, қызық мол жылдар» романы 2008 жылы оныншы мәрте қайта басылып шықты.

Аударма саласында да еңбек етіп, И. Буниннің шығармаларын, М. Шолоховтың «Адам

тағдыры», П. Павленконың «Жарияланбаған хат» әңгімелерін, А. Якобсонның «Қорқау» пьесасын және басқа да туындыларды қазақшалады.

1980 жылы «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогі үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері болды. 3-дәрежелі Даңқ, «Құрмет Белгісі», Халықтар Достығы және 2-дәрежелі Отан соғысы, «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен, үш мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Қазақстанның халық жазушысы. А. Фадеев атындағы сыйлықтың, күміс медалінің иегері. М. Әуезов атындағы Семей университетінің және Шәкерім атындағы Семей пединститутының құрметті профессоры. Жамбыл облысындағы Сарысу ауданының, Семей қаласының Құрметті азаматы.

2011 жылы дүниеден өтті.

НІЛБАЕВ ӘУБӘКІР



Акын.

1928 жылы 10 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында дүниеге келген.

Зайсан педучилищесін, ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор

болып қызмет атқарған. 1959 жылдан Зайсан аудандық «Достық», Алматы облыстық «Жетісу», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы фольклор секциясының кеңесшісі болып қызмет еткен.

«Таңғы тыныс» (1967), «Болашақ осылай басталған» (1970), «Ақмарал» (1970), «Жыр жалау» (1972), «Қоңыр жел» (1973), «Алаулаған армандар» (1974), «Көңіл көзі» (1976), «Аққуқаздар» (1977), «Іңкәр жүрек» (1978), «Күнім менің» (1980), «Жер жүрегі» (1984), «Жиһан жиһазы» (1987), «Асыл адам» (1989), «Мың сөз» (2001) жыр жинақтары жарық көрген. «Советский писатель» баспасынан «Звезды степи» деген жыр жинағы шыққан (1985).

Эсхилдің «Бұғауланған Прометейін», «Буырқанған бұла жыр» деген атпен шыққан Азия

және Африка ақындарының өлеңдерін, «Ленинді әлем жырлайды» атты кітапты, Пәкстан ақыны Мұхаммад Икбалдың таңдамалы өлеңдері мен поэмаларын, Э. Потъенің өлеңдері мен поэмаларын, М. Лермонтовтың, В. Маяковскийдің, Н. Забловскийдің, М. Светловтың, тағы басқалардың өлеңдерін аударды. «Махабхарата», «Ригведа», «Бхагавадгита», «Рамаяна» деген аударма кітаптары жарық көрді. «Дхаммапада» және Р. Тагордың таңдамалы шығармаларын аударып, бастырған. 1983 жылы оның құрастыруымен Моңғолия ақындарының кітабы қазақ тілінде жарық көрсе, 1986 жылы Мәскеудегі «Современник» баспасынан «Степное солнце» деген атпен қазақ ақындарының өлеңдері орыс тілінде басылып шыққан.

Үндістан Республикасының Падма Шри сыйлығының, Пәкстан Республикасы Икбал академиясының «Икбалдың Алтын ескерткіші» сыйлығының иегері. «Жеңістің 60 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.







ОЛЖАЙ ҚАЙНАР



Жазушы, журналист.

1958 жылы 29 маусымда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Ақжайлау ауылында дүниеге келген.

1974 жылы Қызылкесік ауылында орта мектепті бітірген. 1976-1981 жылдары ҚазМУ-дің журналистика факультетінде

оқыды.

1982-1988 жылдары «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде корректор, тілші, аға тілші, Қарағанды, Жезқазған және Целиноград облыстары бойынша меншікті тілші болған. 1988-1993 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінде аға тілші, бөлім меңгерушісі, редколлегия мүшесі қызметтерін, 1993-1997 жылдар арасында «Атамұра», «Бірлік» және «Түркістан» газеттерінде редактор және редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. 1997-2006 жылдар аралығында «Хабар» агенттігі) АҚ-да комментатор, жаңалықтар дирекциясы директорының орынбасары, «Хабар-2» телеарнасының директоры, агенттіктің бас директорының орынбасары, бас продюсер қызметтерін атқарды. «Мың бір мақал», «Көзкөрген», «Солай болған», «Бармысың, бауырым?», «Парасат парактары», «Тіл», «Ел ағалары» және басқа бағдарламаларды дайындап, эфирге ұсынды.

2006 жылғы мамыр айында «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамына бас продюсер қызметіне шақырылды. 2007 жылғы мамыр айынан осы АҚ басқарма төрағасының шығармашылық жөніндегі орынбасары әрі телеарнаның бас директоры болды. Бүгінгі таңда «Қазақстан» ТРК-да продюсер болып қызмет етеді.

Мұнда «Бастау», «Бітімгер», «Құрбы-құрдас», «Ілік септігі», «Сөзмерген» және басқа бағдарламаларды эфирге шығарды. «Ұлттық арна ұлағаты» атты кітапты құрастырды.

«Президент пырағы», «Қара нары қазақтың» атты кітаптары, «Атамыз Аласанбай» сатиралық романы жарық көрген.

1992 жылы ТМД Журналистер одағының сыйлығын иеленді. «Хабар-2» телеарнасындағы жаңа бағдарламалары үшін 2000 жылы ҚР Президенті грантының иегері атанды.

ОМАРБАЕВА ДӘМЕТКЕН



Акын.

1950 жылы туған.

Жетіарал орта мектебін бітірген. 1975-1985 жылдар аралығында аудандық, облыстық акындар айтысына қатысып, жүлделі орындар ала бастады әрі мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді.

Республикалық деңгейдегі көптеген айтыстарда өзінің даусыз талантын дәлелдеп, сан мәрте жеңімпаз атанды. Семей қаласындағы Жастар шығармашылық сарайы жанынан ашылған акындар студиясының, яғни ҚР Мәдениет министрлігінің шешімімен 2002 жылдан «Халықтық акындар орталығы» атанған акындар мектебінің жетекшісі ретінде жас таланттарды шыңдау ісіне зор үлес қосып келеді.

ҚР мәдениет қайраткері. Республикалық айтыстарда көптеген шәкірттері жүлделі орын алғаны үшін «Ең үздік бапкер-ұстаз» деген атақ берілген. Шығыс Қазақстан облыстық және Семей қалалық мәдениет басқармалары Дәметкен Омарбаева атындағы республикалық акындар сайысын өткізген.

ОМАР ҚҰРАЛАЙ



Акын.

1983 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Жамбыл ауылында дүниеге келген.

2000 жылы Өскемен қаласындағы Жамбыл атындағы облыстық гимназия-интернатын бітірген.

2004 жылы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін тәмамдаған.


2008 жылы «Ақ қар» атты жинағы шықты.

2004 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінде Ерік Асқаров атындағы арнайы сыйлықты алған. 2006 жылы «Жалын» журналының Төлеген Айбергенов атындағы сыйлығын, 2007 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінде бас жүлдені иеленген.

ОРАЗАЛИН КӘМЕН

Жазушы.

1920 жылы 16 маусымда бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Құндызды ауылына қарасты Қылышбек жайлауында туған.



1939 жылы орта мектепті тәмамдасымен Қызыл Армия қатарына алынып, кіші командирлер мектебін бітіреді. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Семей пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін 1947 жылы бітірген. Абай ауданындағы орта мектепте зейнетке шыққанға дейін мұғалім болып еңбек етеді.

1950 жылы алғашқы «Жексен» повесі жарық көрген. Бұдан соң «Ақ жазық» (1959), «Көктем салқыны» (1961), «Абайдан соң» (1-кіт. 1982; 2-кіт. 1987; 3-кіт. 1989; 4-кіт. 1995), «Аттаным» (1985), «Абай ауылына саяхат» (1995), «Абайдан соңғы арыстар» (1-кіт. 2002; 2-кіт. 2003; 3-кіт. 2004) романдары жарық көрді.

2008 жылы дүниеден өтті.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. Қазан Революциясы, 3-дәрежелі Даңқ ордендерінің, «Парасат» орденінің және көптеген медальдардың иегері. Төрт рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Абай ауданының Құрметті азаматы.

ОРАЗАЛИНОВ СҰЛТАН



Жазушы, сыншы, теледраматург.

1941 жылы 30 сәуірде бұрынғы Семей облысының Аягөз қаласында туған.

1964 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін үздік бітірген. Семей облысының Абай аудандық «Социалистік мал шаруашылығы» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек жолын бастады. Аягөз аудандық комсомол комитетінде қызмет істеген, Қазақ радиосы мен телевидениесінде редактор, аға редактор, күнделікті хабарлар бағдарламасының бас редакторы болған. 1969-1984 жылдары Қазақ телевидениесінде бас редактор, 1984-1986 жылдары ҚКП Орталық Комитетінде нұсқаушы, көркем әдебиет секторының меңгерушісі, 1986-1993 жылдары «Өнер» баспасында директор, 1993-1995 жылдары ҚР Тіл комитетінің төрағасы, 1995-1997 жылдары Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары, 1997-1998 жылдары Білім және мәдениет министрлігінің Тіл саясатын

үйлестіру департаментінің директоры, 1998-2000 жылдары Авторлық құқық жөніндегі агенттік төрағасы, 2000-2001 жылдары ҚР Әділет министрлігінің Авторлық құқық жөніндегі комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды. 2001 жылдан бері ҚР Әділет министрлігінің алқа мүшесі, Құқықтық насихат, мемлекеттік тілді дамыту және көпшілікпен байланыс департаментінің директоры. Республикалық терминология және ономастикалық комиссия төрағасының бірінші орынбасары (1993-1997), Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік сыйлық беру комиссиясының (1986-1998), Қазақстан Халықтары Ассамблеясы кеңесінің (1994-1998), Қазақстан Президенті жанындағы Ұлттық саясат жөніндегі комиссияның (1993-1998) мүшесі болды.

«Сұхбат», «Халық қазынасы», «Шұғыла», «Қымызхана», «Кездесу», «Айтыс» телехабарларын алғаш ұйымдастырып, сценарийлерін жазған, эфирде жүргізген. Көптеген әдеби сценарийлер мен ғылыми-зерттеу мақалалардың авторы. «Шындық және көркемдік шешім» монографиясы, қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі «Абай елі» альбом-шежіресі, «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Жүректің көзі ашылса», «Авторды қолдау – руханиятты қолдау» еңбектері жарық көрген.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (2001), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1981). Халықаралық Телевизия және радио академиясының (IATR) академигі (2003), өнертану профессоры (2003). Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының, Абай атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың иегері (1995). ҚР Президентінің «Алтын Барыс» белгісімен (2001), «Парасат» орденімен марапатталған (2006).

ОРАЗБЕК МАҚТАГҮЛ

Әдебиеттанушы.

1970 жылы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Тарбағатай ауылында туған.

Семей пединститутының филология факультетін (1992) бітірген. Павлодар мемлекеттік университетінде оқытушы (1992-1994), Қазақстан ҰҒА-ның Әдебиет және өнер институтында аспирант (1994-1998), «Қайнар» университетінде деканның орынбасары (1998-

2004) болды. 2008 жылдан кафедра меңгерушісі қызметін атқарады.

Ғылыми жұмысының негізгі бағыты – авторлық позиция қырлары мен түрлерін, автордың шығармашылық тұлғасын психологиялық, философиялық және эстетикалық тұрғыдан қарастыру мәселесі. 40-тан астам ғылыми жарияланымның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (2007).

ОСПАНОВ МҰРАТБЕК

Ақын.

1962 жылы 26 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1989 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдаған. Абай аудандық «Совхоз туы» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы болды. Семей облыстық «Семей таңы» газетінде еңбек етті. 1990-1992 жылдары «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінің шығыс облыстардағы меншікті тілшісі қызметін атқарған. 1992 жылдан «Абай» журналының жауапты хатшысы, 2003 жылдан бас редакторы болып қызмет істейді.

Өлеңдері жастардың «Аудитория» атты ұжымдық жинағына енген. 1997 жылы «Сандықтас», 2004 жылы «Дүние-дидар», 2005 жылы «Сүмбіле» атты жыр жинақтары жарық көрген.

Бірнеше жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

ОСПАНОВ ОМАРҒАЗЫ



Жазушы, аудармашы.

1910 жылы 8 қарашада бұрынғы Семей облысының Бесқарағай ауданындағы Семияр стансасында туған.

1921 жылы үш жылдық мектеп бітіріп, молдадан (төте оқу) хат таныған. Техникум, рабфак, жоғары оқу орнына түсуге даярлық курстарынан соң ауыл шаруашылығы институтында оқыған. Екі курсын бітіріп, газет жұмысына ауысқан. 1932 жылы Семей

облыстық газеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1933-1935 жылдары Алматы облыстық газетінің, 1935-1937 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты хатшысы болған. Осы кезден бастап көркем әдебиет аудармасымен айналысқан. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943-1944 жылдары Қазақ КСР Радио және телевизия хабарлары мемлекеттік комитетінің төрағасы, 1957-1958 жылдары Қазақстан Кинематографистер одағының хатшысы болып, одан соң республикалық баспа орындарында қызмет істеген.

А. Пушкиннің, М. Горькийдің, И. Тургеневтің, А. Новиков-Прибойдың, С. Айнидің, С. Залыгиннің, Д. Граниннің, И. Шуховтың көптеген шығармаларын қазақшалаған.

Қызыл Жұлдыз (1943), Отан соғысы (1985) ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

1986 жылы дүниеден өтті.





ӨСКЕНБАЙҰЛЫ ҚҰНАНБАЙ

Би, аға сұлтан.

1804 жылы Шыңғыстауда дүниеге келген.

1834 жылы әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған.

1849-1952 жылдары Қарқаралы округінің аға сұлтандығына сайланды.

Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған нисамын», шариғат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп білді. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинакорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты



Құнанбай қажы және Нұрғаным

уағыздады. Мешіт-медресе салдырып, шариғат білгірлерін аулына көшіріп әкеліп, бала оқыттырды.

Сырттай Кенесары қозғалысына қарсы күрескер ретінде көрінгенімен, оған астыртын қолдау жасап, көмек берді.


Балаларының ішінде Абайдың болашағынан ерекше үміт күтіп, оны 13 жасынан қасына ертіп, билікке баулыған. Абай да әкесінің билік жолын үлгі тұтты.

Ел арасында Құнанбай айтты деген нақыл сөздер кең таралған. Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, бір ізге түсірген – М. Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Құнанбайдың бейнесі кеңестік идеология ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

Патша өкіметінен 1946 жылы хорунжий атағы берілген.

1886 жылы қайтыс болды.





Қарқаралыдағы Құнанбай қажының мешіті



ПЕРМИТИН ЕФИМ




Жазушы, журналист.
1895 жылы Өске-
менде туған.

1923 жылы Өске-
мен қаласында аң-
шылық тақырыбына
арналған «Охотник
Алтая» әдеби-көркем
журналын шығарды.
Көптеген прозалық
шығармалардың ав-
торы. Кейін Ресейде


тұрып, РСФСР Жазушылар одағының хатшысы
қызметін атқарды.

РСФСР Мемлекеттік сыйлығының иегері.
Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.
Өскемен және Новосибирск қалаларында қалам-
гер атында көшелер бар.

1975 жылы Мәскеуде қайтыс болды.









РАИСОВА БАҚЫТЖАН

Ақын.

1959 жылы Қатонқарағай ауданының Еңбек ауылында дүниеге келген.

1976 жылы орта мектепті аяқтап, ҚазМУ-ге оқуға түседі. 1981 жылы университетті бітіріп, «Қазақ университеті» газетінде қызмет істейді. Қатонқарағайдағы аудандық газетте аудармашы, аудан мектептерінде ұстаз болып еңбек етеді. Қазір Өскемендегі дарынды балаларға арналған Жамбыл мектеп-гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Өлеңдері «Балауса», «Ағажай, Алтайдай жер қайда?» атты топтама жинақтарға енген. 2000 жылы «Ай мен Алтай», 2005 жылы «Сезім сәулесі», 2009 жылы «Шағылға біткен шынармын» атты жыр жинағы жарық көрді.

РАҚЫМЖАНҰЛЫ ТӨЛЕГЕН

Ақын.

1938 жылы 20 қазанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Еңбек ауылында туған.

1961 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін тәмамдап, Қатонқарағай ауданының «Олень» кеңшарындағы орталау мектепте қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы болып еңбек жолын бастаған. Еңбек сегіз жылдық мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет істеген.

Өлеңдері мерзімді басылымдарда жарияланып тұрады. 1999 жылы Алматыдан шыққан

«Ағажай, Алтайдай жер қайда?» жинағына өлең-жырлары енген. «Туған жер, сені жырлаймын», «Буырқанған Бұқтырма», «Асылдарым», «Қаратай елінің ақындары» атты жинақтары жарық көрген.

1998 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасымен, 2000 жылы «Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

РАМАЗАН АЙГҮЛ



Әдебиеттанушы.

1965 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген.

1987 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін үздік дипломмен тәмамдаған.

1995 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жур-

налистика тарихы кафедрасында аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарды. 2006-2009 жылдар аралығында Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының докторанты болды.

Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің халықаралық журналистика кафедрасының доценті болып еңбек етіп жүр.

1998 жылы «Әлем баспасөзі тарихынан» (авторлық бірлестікте), 2006 жылы «Шетел журналистикасының тарихы» атты оқу құралдарын жарыққа шығарды. 40 шақты ғылыми мақаланың, бірнеше типтік бағдарламаның авторы.

Филология ғылымдарының докторы.

РАМАЗАН ДУМАН

Жазушы, драматург, журналист, аудармашы, зерттеуші.

1967 жылы 1 тамызда бұрынғы Семей облысының Абай ауданына қарасты «Қызылту» кеңшарында дүниеге келген.

1992 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірді. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын тә-



мамдады. Республикалық «Халық кеңесі» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар және жасөспірімдер театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Саяси зерттеулер орталығының бас директоры болды. Қазір «Әлем әдебиеті» журналы бас редакторының орынбасары.

«Көкжал», «Хан Кененің қазасы», «Алланың әмірі» прозалық кітаптарының, тарихи, әдеби зерттеулердің авторы. Көркем әңгімелері мен хикаяттары республикалық басылымдарда жиі жарияланып жүр. Харуки Мураками, Юкио Мисима, Джон Голсуорси, Уильям Сароян секілді әлемге әйгілі қаламгерлердің шығармаларын қазақ тіліне аударған. «Кенесары» атты деректі фильмнің сценарийін жазып, кеңесші ретінде оны түсіруге белсене атсалысқан. «Бала Қазыбек», «Жүрек қалауы», «Кенесары – Күнімжан» атты драмалық шығармалары бар. «Кенесары – Күнімжан» пьесасы Астананың Қ. Қуанышбаев атындағы драма театрында сахналанды.

Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, Қазақстан Журналистер одағы Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығының иегері. Кенесары хан

атындағы республикалық әдеби байқаудың және «Алтын қалам» байқауының бас жүлдегері.

РАХЫМЖАНОВ КЕЛІС



Жазушы.

1957 жылы бұрынғы Семей облысы Аякөз ауданының «Ақшатау» кеңшарында туған.

1984 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін тәмамдады. 1992 жылға дейін ауыл мектебінде мұғалім болған. 1992-1994 жылдары «Жалын» журналында, 1994-1997 жылдары Қазақ радиосының әдебиет және өнер бөлімінде қызмет істеді. 2003 жылдан М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер.

«Ашық сабақ», «Оралу», «Қанатты жылдар», «Шилі өзен», тағы басқа кітаптары жарық көрген.

РӘШ МЫҢБАЙ



Акын, сатирик.

1930 жылы 19 қазанда бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданының 10-ауылында туған.

Абай атындағы ҚазПИ-дің тіл және әдебиет факультетін бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Ара» – «Шмель» журналдарында бөлім меңгерушісі болған. Қазақ КСР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінде қызмет істеген. «Ғылым» баспасы бас редакторының орынбасары, «Қазақстан» баспасының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметтерін атқарған.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1955 жылы «Алғашқы борозда» деген атпен жарыққа шықты. Сықақтары, фельетондары мен мысалдары

шетелдер тілдеріне аударылған. «Терек пен тікенек», «Біле қойдым», «Суылдақ», «Қисық айна», «Бетің қисық болса...», «Тес... тісіңнен шығарма», «Мұржа мұрын», «Кері тартқанды бері тарт» әзіл-сықақ жинақтары, «Қанатты қиял», «Тоғыз жүз күн», «Бастау», «Чубартауские изумруды», «Бес белес», «Шаттық шапағаты», «Дәуір-дастан», «Киелі домбыра», тағы да басқа өлең-поэмалар жинақтары жарық көрген.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

РЫМЖАНОВ ТАУПЫҚ



Жазушы.

1937 жылы 21 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Абыралы ауданының Дегелең ауылында туған.

1962 жылы Семей пединститутының физика-математика факультетін бітіріп, Аягөз, Жаңасемей аудандарындағы орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор болған. 1976 жылдан Петропавловка ауылындағы орта мектепте ұстаз.

«Өткелдер» атты тұңғыш әңгімесі 1965 жылы облыстық «Семей таңы» газетінде жарық көрді. Балалар әдебиеті саласында қалам тартып келеді. «Кұба жон», «Зәйтүн қарлығаштың ерлігі», «Өлместің жұлдызы», «Алтын ара», «Қарабек, Жәки-Жамал және шайтандар», «Гүл ағашы» ертегі-повестер жинақтары, «Жалықпас шежіресі» (Ядролық полигонға айналған Дегелең жеріндегі байырғы тұрғындардың шежіресі) кітабы шыққан.

Бородулиха ауданының Құрметті азаматы.







САБЫРБАЙҚЫЗЫ ҚУАНДЫҚ

Акын, әнші.

XIX ғасырдың ортасында Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Құндызды өңірінде дүниеге келген.

Әкесі – әйгілі айтыс ақыны Сабырбай қызын жас күнінен өнерге баулиды. Қуандық қыз Абаймен сөз қағысып, өз өлеңдерін сынатқан. Абай өлеңдері мен кара сөздерін жаттап, елге таратушылардың бірі. Оның бұл еңбегіне М. Әуезов жоғары баға берген.

Қуандықтың өмірі мен ақындық өнері толық зерттелмеген. Ақынның өз әкесі Сабырбаймен, Абаймен сөз қағысулары, басқа да айтыстары Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорында сақтаулы.

XX ғасырдың басында Шұбартау ауданында қайтыс болған.

САҒЫНДЫҚҰЛЫ ЖАНАҚ

Акын.

1870 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абыралы ауданының Жақсы Абыралы қонысында дүниеге келген.

Ауыл молдасынан дәріс оқып, хадимше хат танып, діни білім алған. Әкесі Сағындық құсбегі кейіннен Түркістан өңіріндегі Қарнак медресесінде, Ташкент қаласындағы медреседе оқытқан.

1790-1797 жылдары Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, қозғалыс жаршыларының бірі болады.

1846 жылы жазда ел аралаған поляк А. Янушевич жазған Жанақ – осы Жанақ. Ақын қазақтың батырлық эпостарының, махаббат дастандарының көбін жатқа білген. Көптеген дастан, өлең-толғаулар шығарған Жанақты Ш. Уәлиханов жоғары бағалаған. Оның жырларын алғаш рет Ы. Алтынсарин мен В. Радлов жинаған. Бірнеше өлеңі «Бес ғасыр жырлайды» (1985, 1-том) жинағында басылған. Ақын өмірін зерттеуші С. Тәбәрікұлы «Жанақ акын» атты зерттеулер мен мақалалар кітабын (1997) жарыққа шығарды. Шығармалары Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы.

1945 жылы қайтыс болған.

САҚАБАЙҰЛЫ КӨКЕЙ



Жазушы.

1930 жылы 1 қазанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Көкжыра ауылында туған.

1954 жылы Алматыдағы тау-кен институтын бітірген. Жезқазған, Лениногорск, Өскемен қалаларында мамандығы бойынша инженер болып жұмыс істеді.

«Өткел аузында», «Кенші келбеті», «Көктас», «Төлеген Тоқтаров» секілді прозалық және бірнеше очерк кітаптарының авторы.

1995 жылы қайтыс болды.

САЛЫҚБАЙ ГҮЛНАР



Акын.

1963 жылы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Жамбыл ауылында туған.

1986 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Арай» – «Заря» журналында, Дүние жүзі қазақтарының

қауымдастығында қызмет істеді. «Атамұра» баспасында редактор, «Алаш» баспасында бас редактор, «Қазақстан» телерадиокорпорациясында «Жан» бірлестігінің жетекшісі, «Қазақстан» телеарнасында бас редактор болды. Қазір «Ел» продюсерлік орталығында сценарлық топтың жетекшісі.

«Бір жұтым ауа, қызыл күн», «Жан» атты жыр кітаптары жарық көрген. М. Цветаеваның өлеңдерін аударып, «М. Цветаева» деген атпен кітап болып шықты.


Т. Айбергенов атындағы сыйлықтың, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған мүшәйраның жүлдегері.

САПАЕВ ҒАЗИЗ

Жазушы.

1926 жылы 10 қазанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданына қарасты Ақмектеп ауылында туған.

1947 жылы Семей мұғалімдер институтын, 1952 жылы педагогтік институтын бітірген. Шығыс Қазақстан облысының аудандарында және Семей қаласында он екі жыл мұғалім болып, мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ берген. 1959-1981 жылдары Семей облыстық «Семей таңы» газетінде мәдениет және оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді. 1981 жылдан шығармашылық жұмыста.



«Жыл жемісі» (1963) «Менің көгершінім» (1969), «Гүлдана» (1977), «Туған жерден алыста» (1982), «Жол үстінде» (1989) әңгімелер мен повестер жинақтарының, «Сағыныш» романының (2002) авторы. Пьесалары Семей облыстық драма театрында қойылып жүр.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, медальдармен марапатталған.

САПАРАЛЫ БЕЙБІТ

Жазушы.

1962 жылы 8 ақпанда бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.



1984 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналының әдеби қызметкері (1984-1997), бөлім меңгерушісі (1987-1989), «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеті бас редакторының орынбасары, бас редакторы (1989-1991), «Заман-Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, бас редакторы (1991-1994), «Қазақстан» телерадиокорпорациясының вице-президенті (1994-1995) қызметтерін атқарған. 1995-1997 жылдары шығармашылық жұмыста болды. 1997 жылдан бері «Қағанат» ғылыми-мәдени орталығының президенті.

«Адалбақан» (1992), «Құнанбай қажы» (1995), «Байшөгел» (1995), «Президенттің балалық шағы» (1995), «Олжастың балалық шағы» (1996), «Раббымыз бір – күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад – один мир» (2002) атты кітаптары жарық көрген.

«Адалбақан» (1992), «Құнанбай қажы» (1995), «Байшөгел» (1995), «Президенттің балалық шағы» (1995), «Олжастың балалық шағы» (1996), «Раббымыз бір – күншығыс, күнбатыста. Восток и Запад – один мир» (2002) атты кітаптары жарық көрген.

САРИН ҚАЛҚАМАН

Акын.

1978 жылдың 2 қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Аркат ауылында дүниеге келген.

1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті-



нің тарих факультетін бітірген. 2001-2003 жылдары аспирантурада оқыған. Еңбек жолын ұстаздықтан бастап, 1998 жылдан 2008 жылға дейін Қазақ ұлттық музыка академиясында оқытушылық қызмет атқарған. Қазір Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Қазақстан тарихы кафедрасында аға оқытушы.

«Арманымның бейнесі» атты жыр жинағының авторы. «Жібек сезім – Жүрек сөзім» деп аталатын өлеңдеріне жазылған әндер мен өлеңдерінің авторлық ұнтаспасын шығарған. Ел ішіне кеңінен танылған «Қызыма», «Күзгі бак», «Жібек сезім», тағы басқа ән мәтіндерін жазған.

Бірнеше халықаралық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы.

САСАН БИ

Би, шешен.

1780 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Құлбабас ауылында дүниеге келген.

Біржан сал мен Сара, Әсет пен Кәрібай айтыстарында және ел аузындағы әңгімелерде Сасан би елден шыққан игі жақсылардың бірі ретінде бейнеленеді. Тарбағатай өңірінде «Сасан қорығы», «Сасан тақтайы» деген жерлер бар.

1991 жылы ұрпақтары Сасан би қабіріне күмбезді мазар орнатып, ас берді. Құлбабас ауылындағы орта мектепке Сасан би есімі берілген.

1872 жылы дүниеден өткен.

САХАРИЕВ БАЛАМЕР

Жазушы, әдебиеттанушы.

1929 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында туған.

1950 жылы ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген. 1951 жылдан «Халық мұғалімі» журналында әдеби қызметкер, кейін



бөлім меңгерушісі, Қазақ КСР ҒА-ның М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеді.

«Уақыт тынысы», «Күндестер тұлғасы» атты әдеби сын, зерттеу еңбектері жарық көрген. М. Ба-

зарбаевпен бірге «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазды. «Ғылым» баспасынан шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихы» авторларының бірі. Жүзден астам ғылыми сын мақалалар мен рецензиялардың авторы. Мақалалары орыс, өзбек, қырғыз тілдерінде де жарияланды.

Н.К. Крупскаяның көптеген педагогтік еңбектерін, парсы жазушыларының бірнеше әңгімесін, И Буниннің, О. Туманянның бір топ әңгімелерін, Куба жазушысы Д. Олеманның «Төңкеріс түлектері» повесін, Поповтың «Семья», Корнейчуктің «Днепр айдынында» пьесаларын қазақшаға аударды.

Филология ғылымдарының кандидаты.

1979 жылы қайтыс болды.


СӘРСЕКЕ МЕДЕУ

Жазушы.

1936 жылы 2 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қайнар ауылында туған.

1958 жылы Қазақ кен-металлургия институтын инженер-металлург мамандығы бойынша тәмамдап, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің редакциясында жұмысшы жастар бөлімін басқарған. 1959 жылы Семей цемент зауытына ауысып, қатардағы инженерден техникалық бөлім бастығына дейінгі қызметтерді атқарды. 1963 жылдан «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Өскемендегі меншікті тілшісі болып істеді. 1965 жылдан әдеби жұмысқа біржола ауысып, Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы міндетін атқарды.

Ең алғашқы ғылыми-фантастикалық «Ғажайып сәуле» повесі 1959 жылы жарық көрген. Содан бергі уақыттарда «Жетінші толқын» (1964-



1977), «От және атом» (1965), «Айшықты мезет» (1968) повестері мен әңгімелері, «Туған жердің асылы» (1974) новеллалары, «Жаңғырық» (1979), «Көмбе» (1983) романдары, орыс тілінде «Взрыв» («Советский писатель», 1983) және «ЖЗЛ» сериясымен «Сатпаев», «Букетов», «Бекмаханов» атты деректі ғұмырнамалық кітаптары шыққан. Соңғы бірнеше жыл мұғдарында Астанадағы «Фолиант» баспасынан Қ. Сәтбаев туралы «Феномен», «Дара» және «Ебіней Бөкетов», «Ермұхан Бекмаханов» ғұмырнамалық еңбектері жарық көрді. А. Беляевтің «Қосмекенді адам» романын қазақ тіліне аударды. Драматургия жанрында да еңбек етті.

Академик Қ. Сәтбаев өмірін айшықтаған туындылары 1980-2009 жылдар аралығында қазақша және орысша 10 мәрте басылып, жиынтық таралымы 324000 дана болып, әлемнің 112 еліне тараған.

«Құрмет» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Халықаралық Ақпарат академиясының академигі, Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің құрметті профессоры, Семей қаласы мен Баянауыл ауданының Құрметті азаматы.

СӘУКЕТАЙ ТҰРЫСБЕК



Жазушы, аудармашы.

1950 жылы 14 қарашада туған.

1968 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім орта мектебін бітіріп, 1970 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне түскен. 1975 жылы Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясына орналасып,

16 жыл бойы сонда еңбек еткен. 1989 жылдан бері «Жұлдыз» журналында қызмет істейді. Қазір осы журналдың бас редакторының орынбасары.

«Сүткенже», «Айлы түн еді», «Қайындар, аппақ қайындар», «Көлеңкелер патшалығы» атты прозалық кітабы мен «Ай қараңғысы», «Желқайық» романдары жарық көрген.

Аударма саласында да өнімді еңбек етіп, екі жүзден астам киносценарий мен Ги де Мопассанның, Амброз Бирздің новеллаларын, Голдо Мейердің «Менің өмірім» кітабын тәржімалаған.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

СЕГІЗБАЙ КӘДІРБЕК

Жазушы, аудармашы.

1941 жылы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Жарсу ауылында дүниеге келген.

1960 жылы Зайсан қаласындағы қазақ орта мектебін бітірген. Ұжымшарда екі жыл жұмыс істеп, 1962 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түседі. 1967 жылдан «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газеті, «Білім және еңбек» («Зерде») журналы, «Жалын» альманахы редакцияларында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып істеді. Баспа саласында («Жалын», «Қазақ энциклопедиясы», «Санат», «Атамұра» баспаларында) бас редактордың орынбасары, бөлім меңгерушісі, бас редактор, баспа директоры қызметтерін атқарды.



Алғашқы әңгімесі республикалық баспасөзде 1968 жылы жарық көрді. «Ашылмаған сыр», «Қойнауадағы ауыл», «Өртеңге өскен гүл», «Жылдың ең қысқа күндері», «Люди дальних дорог», «Этот зеленый, зеленый мир», «Жол», «Беласқан», тағы басқа прозалық кітаптары және үш томдық шығармалар жинағы жарық көрген.


А. Лихановтың «Менің генералым» романын, словак жазушысы М. Дрючкованың «Ақ ханша» ертегілерін, поляк ғалымы Б. Залескийдің «Қазақ даласының өмірі» және К. д'Оссонның «Шыңғыс ханнан Әмір Темірге дейін» деректі хикаяттарын, Ивлин Воның «Брайдсхедке оралу» роман-повестерін, «Көне романдар мен әңгімелер» кітаптарын аударған.

«Жап-жасыл әлем» повесі жастар мен жасөспірімдерге арналған шығармалардың республикалық жабық байқауында 1981 жылы 1-жүлдеге ие болса, «Біз қалада тұрамыз» жинағы үшін 1984 жылы Қазақстан Жазушылар одағының М. Әуезов атындағы сыйлығы берілді. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

СЕЙСЕНБАЕВ РОЛАН

Жазушы, драматург.

1946 жылы Семей қаласында туған.



1970 жылы Семей инженерлік-технологиялық институтын бітіріп, облыстық комсомол комитетінде қызмет істеген. М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы КСРО Жазушылар одағы басқармасының қазақ әдебиеті жөніндегі кеңесінің жауапты хатшысы болған.

Алғашқы повесі 1975 жылы жарық көрді. «Аңсау», «Өзімді іздеп жүрмін», «Өмір сүргін келсе», «Сағынып жеткен жаз еді», «Последний снег», «Всего одна ночь», «Если хочешь жить», «Возвращение Казыбека», «Тау басында түйіскен жол», «Трон сатаны» прозалық кітаптары шыққан. Пьесалары республикалық театр сахналарында қойылған.

Абайдың қара сөздерін орыс тіліне аударуға атсалысты.

Бүкілодақтық жас драматургтер байқауының жүлдегері. Қазақстан комсомолы сыйлығының, ВЦСПС пен КСРО Жазушылар одағы сыйлығының иегері. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

СЕЙІТЖАН ЗУФАР

Әдебиеттанушы.

1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында туған.



ҚазМУ-ді бітірген. Ауыл мектебінде мұғалім (1965-1975), Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтындағылыми қызметкер (1975-1991) болды. 1992 жылдан ҚазҰУ-де доцент, профессор.

100-ден астам ғылыми жарияланымның, оның ішінде 6 монографияның авторы.

Филология ғылымдарының докторы (2000), профессор (2001).

III. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (1991).

СЕЙІТХАНОВ АМАНГЕЛДІ

Ақын, тележурналист.

1969 жылы 11 мамырда бұрынғы Семей облысы Мақаншы ауданының Мақаншы ауылында дүниеге келді.

1989 жылы ҚазМУ-ге түсті. Жоғары оқу орнында білім алған жылдары айтыс өнеріне бет бұрып, бірнеше жыр додасында бәйге алды. Абайдың 150 жылдық торқалы тойында Семей облысының бас ақыны ретінде сынға түсті. Үржарда өткен республикалық жыр додасында бас жүлде алып, Алматы облысында ұйымдастырылған жыр алыбы Жамбыл мерейтойының бәйгесінде де жүлдеге ілінді. Көкшетауда өткен Ақан сері тойында да жыр сайысына қатысып, жүлдегер атанды.

«Қазақстан» телеарнасында қызмет істеді. Жастар мен әскери тәрбие және спорт бөлімінде



бірнеше жобалар дайындап, спорттық және әскери тақырыптағы хабарларды жарыққа шығарды. Спорт жаңалықтарына арналған алғашқы ақпараттық «Құмсағат» бағдарламасы мен футболды насихаттау жөніндегі «Футбол, футбол...» бағдарламасы бірнеше байқауларда жүлде алды.

1997 жылы «Хабар» агенттігінен шақырту алып, бүгінге дейін сол телеарнада еңбек етуде.

Елбасы Алғыс хатын алып, жылдың үздік журналисі атанды. С. Бердіқұлов атындағы сыйлықтың иегері. «Қазақ спортына сіңірген еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

СҮЛТАНБЕКОВ МҰРАТ

Ақын, драматург.

1938 жылы 28 қаңтарда Семей қаласында туған.

1960 жылы Семей пединститутының филология факультетін тәмамдаған. 1962 жылы Н. Крупская атындағы Мәскеу пединститутының аспирантурасында оқыған. Семей қаласындағы №3 мектепте мұғалім, облыстық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі, Абай мұражайында ғылыми қызметкер, Семей пединститутында аға оқытушы, Талдықорған мемлекеттік пединститутында кафедра меңгерушісі, Семей малдәрігерлік институтында аға оқытушы, облыстық білім басқармасында инспектор, Семей облыстық әкімшілігінде аудармашы, республикалық «Абай» журналында аға ғылыми қызметкер болып қызмет істеген.

«Новые стихи», «Иртышский остров», «Ақылбай Кунанбаев. Дагестан», «Всю жизнь с Абаем», «Поэтическое вдохновение: Абай, Шакарим и Мухтар», «Шакарим. Казах в зеркальном отражении» сияқты жыр жинақтары мен аударма кітаптары жарық көрген.

2003 жылы Семейдің облыстық Абай атындағы драма театры «Жұлдызды аспан» – «Звездное небо» атты пьесасын казак және орыс тілдерінде сахналаған.

Филология ғылымдарының кандидаты. Көптеген Құрмет Грамоталарымен, Халықаралық «Аттила» (2003) медалімен марапатталған.









ТАБЕЕВ ҚАЙЫМ-МҰНАР



Жазушы.

1956 жылы 5 мамырда бұрынғы Семей облысы Аягөз ауданының «Шолпан» кеңшарында дүниеге келген.

Қазақ мемлекеттік заң университетін және аспирантурасын бітірген. 2002 жылы Алматы мемлекеттік

басқару институтында, 2004 жылы ҚР Президенті жанындағы Қызмет академиясының мамандықты жетілдіру курсына оқыған.

Шығармашылық жолын 1981 жылы республикалық «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінен бастап, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі міндеттерін атқарды. 1994-1996 жылдары Қазақстан Президенті Баспасөз қызметінің кеңесшісі, 1996-1997 жылдары ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің бас маманы, Алматы қаласы әкімі аппараты Тіл басқармасының бас маманы, бастығы, Ішкі саясат департаменті БАҚ және ақпараттық саясат бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Қазір Алматы қаласы әкімі аппараты ұлт саясаты жөніндегі бөлімінің меңгерушісі. 1989 жылы Қазақстан Жазушылар одағы жанынан құрылған Адам құқық қорғау комиссиясының жауапты хатшысы, 2006 жылы Қазақстан Халықтары Ассамблеясының мүшесі және Алматы қалалық

атқару хатшылығының меңгерушісі болып сайланған.

«Шырқа, керней» (1983), «Ар өлшемі» (1984), «Қатарда жүр қарт солдат» (1985), «Халық қалаулылары» (1987), «Байғазы» (1989), «Алматы. Желтоқсан – 86» (1991) жинақтарында деректі әңгімелері жарияланды. «XX ғасырдың обасы» (1989), «Үш күннің дерекнамасы» (1993), «Мұзда жанған алау» (1993), «Қайсар рухты қазақ» (1994), «Қазақтың желтоқсаны» (2006) атты кітаптары жарық көрді.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының жас зерттеушілерге арналған байқауының және «Парасат», «Қазақстан әйелдері», «Денсаулық» журналдары, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттері ұйымдастырған байқаулардың жеңімпазы. Қазақстан Журналистер одағы мен Қазақстан Жастар одағы сыйлықтарының иегері. «Астананың 10 жылдығы» медалімен, бірнеше Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

ТАСҚАРАҰЛЫ АЗАМАТ



Ақын.

1990 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Жоғарғы Тайынты ауылында дүниеге келді.

2007 жылы дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мектеп-интернатты бітірген. Қазір облыстық «Ақ Ертіс» журналының қызметкері.

«Күзгі дем симфониясы» кітабының авторы.

2010 жылғы халықаралық «Шабыт» фестивалінің Гран-при иегері. М. Мақатаев атындағы республикалық ақындар мүшәйрасында 2007 жылы 2-орын, 2008 жылы бас жүлде алған. Республикалық Абай атындағы жыр сайысының жеңімпазы, Аягөз қаласының 80 жылдығына

орай өткен мүшәйраның 3-орын иегері. Т. Нұқай атындағы дәстүрлі жыр додасының 2006 жылғы 3-орын, 2008 жылғы бас жұлде иегері.

ТАСТАҒАНОВ МҰРАТ



Акын.

1953 жылғы 10 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Мар-какөл ауданында дүниеге келген.

1980 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген.

Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» (бұрынғы «Коммунизм

туы») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Өскемен қалалық ұйымының төрағасы, Шығыс Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясында жетекші редактор қызметтерін атқарған. Республикаға тарайтын «Ертіс өңірі» апталық газетінде тілші, бас редактордың орынбасары болып істеді.

Шығыс өңіріне көптеген ән мәтіндерінің авторы ретінде де жақсы танымал.

Екі кітабы – өлеңдер және эссе, толғау, очерктер жинағы шыққан.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ТАУАСАРОВ ӘДІЛБЕК



Жазушы, драматург.

1947 жылы 10 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Ақарал ауылында дүниеге келген.

1970 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Республикалық телевидениеде редактор-

лықтан бас редакторлыққа дейінгі жауапты қызметтер атқарған. ҚР Мәдениет министрлігінде репертуарлық бөлімнің бас редакторы болған.

«Аса құрметті ИКС», «Сен болмасаң, кім?», «Арманшыл қыз», «Махаббат аралы» сияқты драмалары театрларда қойылып келеді.

2003 жылы прозалық, драмалық шығармалар жинағы жарық көрді. 2008 жылы «Аққу әні», 2009 жылы «Махаббат аралы» атты екі томдық шығармалар жинағы шықты.

1999 жылы дүниеден өтті.

ТӘҢІРБЕРГЕНОВ ӘРІП

Акын.

1856 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданындағы Жыланды деген жерде дүниеге келген.

11-12 жасында ауыл медресесінде, бастауыш орыс мектебінде оқыды. Татар, орыс тілдерін жетік білуімен қатар араб, түрік, қытай, парсы тілдерін жақсы меңгерген. 1877 жылы Семей уездік училищесіне оқуға түсіп, оны 1881 жылы үздік бітіреді. Семейде оқыған кезде Абай Құнанбаевпен танысып, оны өзіне ұстаз тұтқан.

1884-1887 жылдары Қытайдағы Шәуешек қаласында тілмаш болып қызмет атқарады. Одан кейін Қапалда, Бішкек және Алматы қалаларында әр түрлі қызметте істейді. 1890 жылы өзі туып-өскен Қандығатай, Еңірекей болыстарында тілмаш болады.

Бірнеше дастан жазған. А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын еркін аударма үлгісінде қазақшаға аударған.

1924 жылы туған жерінде дүниеден өтті.

ТОҚТАМЫСОВА САРА

Айтыскер акын.

1986 жылы 29 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген.

2003 жылы Семейдің №5 гимназия-мектебін тәмамдап, 2008 жылы Семей қаласындағы Шәкерім атындағы пединститутты филолог мамандығы бойынша үздік дипломмен бітіреді.

2003 жылы республикалық «Тілім менің, түңілмегің» атты ақындар айтысына қатысып, 2-орын алды. Д. Бабатайұлының 200 жылдығына арналған айтыста жеңіс тұғырынан көрінді. Т. Рысқұловтың 110 жылдығына, «Қазақ әдебиеті» газетінің 70 жылдығына, Н. Оңдасыновтың 100 жылдығына, Ә. Марғұланның



80 жылдығына арналған республикалық айтыстардың 1-орын иегері болған. 2004 жылы Мәскеу қаласындағы айтыста жүлдегер атанды. Бішкек қаласында қазақ-қырғыз ақындарының арасында өткен айтыста және 2005 жылы Ташкентте Абайдың 160 жылдығына орай өткізілген жыр додасында жүлделі 2-орынға ие болды. Райымбек батырдың 300 жылдығына арналған айтыстың бас жүлдегері. Қазақ хандығының 550 жылдығына, Д. Қонаевтың 95 жылдығына орай өткізілген айтыстардың 1-орын иегері.

2006 жылы 17-27 сәуір аралығында Қытайдың 12 қаласына өнер сапарымен барып қайтты. 2008 жылы Франция мемлекетінде Қазақстаннан барған 12 ақынмен бірге өнер көрсетті.

ТӨГІСОВ КӨЛБАЙ

Жазушы, драматург, журналист, қоғам қайраткері.

1879 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Шорға ауылында туған.

1900-1907 жылдары Зайсан уезіндегі сотта хат таратушы, тілмаш, адвокат болған. 1916 жылы Ташкентте демократиялық бағыттағы «Алаш» газетін шығарады. 1917 жылы «Үш жүз» атты қазақ социалистік партиясының негізін салып, төрағасы болады, осы партия ОК-нің аптасына бір рет шығатын «Үш жүз» газетіне басшылық етеді. 1917 жылы Бүкілресейлік шаруа депутаттары Кеңесінің мүшесі болып сайланады. Осы жылдың басында Ақмола, Семей облыстары жер мен мемлекеттік мүліктер басқармасының комиссары болып тағайындалып, Омбы революциялық трибуналының тергеу комиссиясына енгізілді. «Айкап» журналының белсенді ав-

торы болып, К. Ильминский деген бүркеншек атпен қазақ даласындағы жаңалықтар туралы мақалалар жариялап тұрған. Семейде шыққан «Семипалатинский листок» газетінде Төлеңгітов деген атпен қазақ жері, отырықшылыққа көшу мәселелері туралы мақалалар жариялаған. Өзі басшылық еткен «Алаш», «Үш жүз» газеттерінде публицистикалық мақалалары жарық көрді.

Басты әдеби мұрасы – «Надандық құрбаны» кітабы 1915 жылы Уфада жарық көрген. Кітаптың беташар бөліміне «Зарымыз», «Қош», «Құрбыға», «Қайғы» өлеңдері еніп, «Надандық құрбаны» пьесасы жарияланған. Бұл – қазақ әдебиеті тарихындағы тұңғыш драмалық шығарма.

К. Төгісов туралы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында айтылып, жазушының ірі күрескер тұлғасына жоғары баға беріледі.

1918 жылы ақ гвардияшылар қолына түсіп, Омбы қаласындағы Колчак түрмесінде атылған.

ТУҒАНБАЕВ ҚАШАФ



Ақын.

1924 жылы 20 мамырда бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Қайнар ауылында туған.

Мектеп бітіргеннен кейін аудандық «Социалды шаруа» газетінде жауапты хатшы болып қызмет істейді. Ұлы Отан

соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдарда Семей облыстық лекция бюросында лектор, облыстық «Екпінді» газетінде бөлім меңгерушісі, Абайдың мемориалдық мұражайында директор, Абай атындағы Семей облыстық театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болды.

Лирикалық өлеңдер мен дастандардан құралған тұңғыш кітабы «Партбилет» деген атпен 1958 жылы шыққан. 1979 жылы «Бұлақ» өлеңдер жинағы жарық көрді. Ұжымдастыру тұсындағы ауыл өмірін бейнелейтін «Қызыл Катран» пьесасы облыстық театр сахнасында қойылған.

1993 жылы қайтыс болды.

ТҮҢҒАТАРҰЛЫ КӘРІБАЙ

Ақын.

1861 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында туған.

1910 жылы Алакөл маңындағы Көктұма деген жерде атақты ақын Әсетпен айтысқан. Кәрібайдың Әсетпен айтысы «Айтыс» жинағында (1965, 1-т.) және Әсет Найманбайұлының «Шығармалар» жинағында (1988) жарияланған.

1931 жылы аштық кезінде елмен бірге Қытай жеріне ауып бара жатқанда ГПУ қызметкерлерінің қолынан қаза тапқан.

ТҰРСЫНБАЕВА АЙНҰР

Айтыскер ақын.

1977 жылы Семей облысы Ақсуат ауданының Көкжыра ауылында туған.

Тараз қаласындағы орталық мәдени және өнер колледжін, ҚазМУУ-дің журналистика факультетін бітірген.

Республикалық мектеп оқушылары айтысының, Жамбылдың 150 жылдығына, Төле бидің 330 жылдығына, Желтоқсан құрбандарының рухына, О. Бөкейді еске алуға арналған айтыстардың, «Абылай салған сара жолмен» атты жыр

додасының, тағы басқа да көптеген халықаралық және республикалық ақындар сайысының жеңімпазы және жүлдегері.

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

ТҰРСЫНБАЕВ БӘДЕЛ



Жазушы.

1905 жылы Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында туған.

1926-1930 жылдары ауылдық Кеңестің хатшысы, бастауыш мектеп мұғалімі болып істеген. 1930 жылы газет қызметкерлерінің қысқа мерзімді курсынан өтіп, Семей Комвузының ауыл шаруашылығы бөлімінде оқиды. 1935-1949 жылдары Алматы облысындағы Байсерке орта мектебінде мұғалім, директор болып істейді. Жамбыл мұражайында біршама уақыт қызмет етіп, 1952 жылдан мұғалімдік қызмет атқарады. 1957 жылы ҚазПИ-ді сырттай оқып бітірген.

«Базар батыр», «Көңілді болашақ» өлең-поэма жинақтары, «Түлкі мен бақташы», «Қуыршақтар», «Не қымбат?», «Біздің ауылдың жігіті», «Мақтаншақ қызылша жайлы хикая», «Ауыл мұғалімі», «Айнымас достар» әңгіме-повесть жинақтары жарық көрген.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. 1967 жылы дүниеден өтті.

ТҮГЕЛ СӘДІБЕК

Жазушы.

1955 жылы 23 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Амангелді ауылында туған.

1980 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін, 1990 жылы Алматыдағы политология-басқару институтын тәмамдаған. Әскери міндетін өтеп келген соң Алматы мақта иіру фабрикасында слесарь болып жұмыс істеген.

1977-1978 жылдары Ұлан аудандық «Расцвет» – «Өркен» газетінде аудармашы, 1978-1979 жылдары Ұлан аудандық атқару комитетінің





ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, 1979-1984 жылдары бөлім меңгерушісі, 1990-1991 жылдары аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1991-1992 жылдары халық депутаттары аудандық Кеңесі тексеру комиссиясының төрағасы, 1992-1994 жылдары аудандық «Ұлан таңы» – «Уланские зори» газетінің редакторы қызметтерін атқарған. Мемлекеттік емтихан комиссиясының 1990 жылғы шешімімен политолог, жоғары және орта дәрежелі оқу орындарында әлеуметтік-саяси мәселелер оқытушысы мамандығын алған. 1994-1998 жылдары Қазақ телерадиокорпорациясында жауапты қызметтер атқарып, 1998-2003 жылдары Астана қаласының баспасөз хатшысы, баспасөз орталығының жетекшісі, Астана Халықаралық баспасөз орталығының бас директоры міндетін атқарған. 2003-2005 жылдары ҚР Парламенті Сенатының бұқаралық ақпаратпен байланыс бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еткен. Қазір ҚР Ұлттық Ат спорты түрлері федерациясының президенті.

Шығармалары мерзімдік басылымдарда жарияланып тұрады. «Қайдасың, қазағымның қазанаты?!» деректі повесі, «Асыл жиреннің киесі» әңгімелер жинағы жарық көрген.

ТЛЕГЕНОВ БЕКЕЖАН

Жазушы.

1934 жылы 10 наурызда бұрынғы Семей облысы Жарма ауданының Георгиевка ауылында туған.

ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. Республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш»)



газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Алматы қалалық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері болды. 1969

жылдан ҚКП Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, әдебиет секторының меңгерушісі қызметін атқарған. 1975-1989 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1993-1996 жылдары ҚР Тіл комитетінің бөлім бастығы болған.

«Таң нұры», «Көктем де ызғарлы», «Аққайнар», «Повторится ли весна?», «Олар жазда кездесті», «Белый простор», «Уақыт», «Где тебя найти?», «Время», «Қара жел», «Тұйық өмірдің құпиясы», «Тауқымет», «Сексен алтыншы жыл», «Өмір-өзен», «Әдебиет – менің Отаным!», «Қас пен көздің арасында», тағы басқа кітаптары жарық көрді.

Филология ғылымдарының кандидаты. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

1998 жылы өмірден озды.

ТІЛЕУЖАН НҰРТАЙ



Ақын, әнші.

1969 жылы 3 қарашада дүниеге келген.

Аудандық, облыстық, республикалық ақындар айтысында жүлделі орындар иеленген.

Өлеңдері баспасөз бетінде жарық көрген.

Қазір Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық Мәдениет үйінің әншісі.

«Тәуелсіздіктің 10 жылдығы» медалімен марапатталған.

ТІЛЕУЖАНҰЛЫ ЗЕЙНОЛЛА



Ақын, аудармашы.

1942 жылы 29 қарашада бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының «Қызылқайың» ұжымшарында дүниеге келген.

1968 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. «Жетісу» облыстық газетінде, кинемато-

графия комитетінде, «Жаңа фильм» – «Новый фильм», «Еңбек таңы» журналдарында және Мәдениет министрлігі жанындағы Халық шығармашылығы үйінде қызмет атқарды.

Тырнақалды жырлары республика жас ақындарының «Жас керуен» жинағына енген. «Солидарность» ұжымдық жинағынан бір топ өлеңдері орын алды.

«Лебіз», «Толағай тау», «Ой ағысы», «Сарыарқа», «Махаббат дастаны», «Аспанға көшкен ауыл», «Күнге табынғандар» атты жеке жыр кітаптары шыққан.

Көптеген шетел ақындарының өлеңдерін, 100-ге тарта кинофильмдерді қазақшаға аударған.

ТІЛЕУХАНОВ ТӨЛЕК



Жазушы.

1939 жылы 18 шілдеде бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданында туған.

1964 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірген. 1964-1969 жылдары мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор, 1970-

1988 жылдары «Жазушы» баспасында редактор, редакция меңгерушісі, 1992-1995 жылдары «Айқап» баспасында бас редактор, 1996 жылдан «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болды.

1965 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында алғашқы әңгімесі жарияланған. «Көрші

келіншек» (1971), «Шарапатты жан» (1973), «Өзгенің бакыты үшін» (1975), «Өмір арнауы» (1977), «Келешек кіріспесі» (1984), «Мәуелі бәйтерек» (1986), «За счастье других» (1991), «Үш ұрпақ мұңы» (1996), «Ұрпақты жалғап ұрпаққа» (2001), «Базарлы дәурен, балғын шак» (2003) кітаптары шыққан.

А. Маршаллдың «Мен секіріп ойнай аламын» повесін, Р. Тагордың, А. Чеховтың, А. Плавактың, Х. Нәзірдің, А. Беляевтің, А.М. Нуридін әңгіме-повестерін қазақшаға аударған.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.









ҰЗАҚБАЕВА КҮЛӘНДА



Жазушы, аудармашы.

1926 жылы 23 желтоқсанда бұрынғы Семей облысының Шұбартау ауданында туған.

1949 жылы ҚазМУ-дің тарих-филология бөлімін үздік бітірген. Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл

және әдебиет институтында ғылыми қызметкер, «Жазушы» баспасында редактор болып жұмыс істеген.

Негізінен көркем аударма саласында еңбек етіп, Ш. Пьерроның «Ғажайып ертегілерін» (1952), Л. Воронкованың «Қаладан келген қыз» повесін (1954), Д. Родаридің «Телефонмен айтылған ертегілерін» (1973), С. Алексеевтің «Суворов және орыс солдаттары туралы» әңгімелерін (1965), С. Разияның «Суман» атты романын (1977), Э. Эриликтің «Марыкчан балалары» повесін (1957), С. Қапаевтың «Таза су толғауы» повесін (1983), И. Қапаевтың «Сынтасты туралы толғауын», балаларға арналған «Азия халықтарының ертегілерін», «Қызыл телпек» ертегілер жинағын (2006) және үш көркем фильмді қазақшаға аударған.

Соғыс және еңбек ардагері. Медальдармен, «Баспа үздігі» белгісімен марапатталған.







ФИЛАТОВ ВАЛЕНТИН



Жазушы.

1929 жылы 18 маусымда Семей қаласында туған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Республикалық газеттерде әдеби қызметкер болды. 1963 жылдан

шығармашылық қызметке көшкен.

1961 жылы «На Миусе» атты алғашқы повесі жарық көрді. 1970 жылы «Февраль – короткий месяц» повесть және әңгімелер жинағы шыққан.

КСРО-ның бірнеше медальдарымен марапатталған.



Наш путь-это путь
развитых и процв



который ведет Казахстан в число
тающих стран мира. Н.Назарбаев





ХАМЗИН ТОҚТАРБЕК



Ақын.

1979 жылы 20 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Жамбыл ауылында дүниеге келген.

1996 жылы Өскемен қаласындағы мектеп-гимназияны бітірген. 2000 жылы Шығыс Қазақстан

мемлекеттік университетін, 2002 жылы Еуразия ұлттық университетінің магистратурасын тәмамдаған. 2002 жылдан ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет істейді.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» (1999) атты студенттер жыр жинағына, «Жас ақындар антологиясына» (2001), «Жас толқын» ұжымдық жинағына өлеңдері енген. «Аспан» (2001) атты жеке жинағы жарық көрген.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің екі дүркін лауреаты (2003, 2005). «Жұлдыз» журналы ұйымдастырған А. Ыбыраев атындағы жыр мүшәйрасының жүлдегері. Шығыс Қазақстан облыстық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткізілген «Астана – Бәйтерек» республикалық байқауының сын номинациясы бойынша үшінші жүлдегері (2006).

ХАСЕНОВ МҰХАММЕТҚАЛИ



Жазушы, драматург. 1927 жылы 1 қаңтарда бұрынғы Семей облысы Үржар ауданының Науалы ауылында туған.

Орта мектепті бітірген соң 1953 жылға дейін Павлодар облыстық «Қызыл ту» және Гурьев облыстық «Прикаспийская

Коммуна» газеттерінің меншікті тілшісі, жауапты хатшысы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ТАСС және ҚазТАГ тілшісі болған. 1953-1962 жылдары Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы қызметін атқарады. 1962-1963 жылдары Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің репертуар-редакциялық алқасының аға, бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағында драматургия секциясының әдеби кеңесшісі болған. 1968-1986 жылдары Балалар және жастар республикалық театрының әдеби бөлімін басқарды. 1959 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтын бітірген.

«Сарыарқа», «Жоғалған күнделік», «Сырласу», «Қайсар», «Тағы да махаббат туралы», «Махаббат неге оянбайды?», «Тергеуші», «Пай-пай, жас жұбайлар-ай!» секілді пьесалары қойылып жүр. 1973 жылы пьесалар жинағы шықты. «Ботагөз» (А. Филипповпен бірге, 1957), «Біздің Күләш» (1967), «Шәкен Айманов» (1974) атты көркем және деректі фильмдер сценарийінің авторы.

КСРО Кинематографистер одағының мүшесі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен марапатталған.

1987 жылы дүниеден өтті.

ХАСЕНОВ НҮРКЕНЖЕ

Ақын.

1943 жылы 30 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Таскескен ауданының Шолпан ауылында туған.



Ата-анасынан жастай айырылып, 1956 жылы Семей қаласындағы мектеп-интернатқа қабылданады. 1961 жылы мектеп-интернатты бітірген соң өзі туған ауылда екі жыл еңбек етіп, 1963 жылы ҚазМУ-дің филология факультетіне

оқуға түскен. «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет істеген.

1969 жылы алғашқы жыр жинағы «Сырлы толқын» деген атпен жарық көрді. «Туған топырақ» (1971), «Жасырынбақ» (1973), «Ақ таңсық» (1978), «Күмбез» (1980), «Нұрлы кітап» (1982), «Мен сенің ұлыңмын» (1984), «Ақ түнек» (1968), «Жарқын жастық» (1991), «Өрік» (1991) атты кітаптары шыққан.

2008 жылы дүниеден өтті.





ЧЕРЕПАНОВ ДМИТРИЙ



Журналист, жазушы.
1907 жылы 16 маусымда қазіргі Шығыс Қазақстан облысында туған.

Жеті жылдық мектепті, Өскемендегі педтехникумды бітірген. Педагогтік институтта, КИЖ-де сырттай оқыған. Үш жыл мұғалім болып істеген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ұзақ уақыт Семей облыстық газетінде еңбек етті.

«Крутизна» (1956), «Ветер в лицо» (1968) романдары, «Час прощания» (1977), «Сквозь годы» (1982), «Камень на дороге» (1982), тағы басқа кітаптары жарық көрген.

Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

ЧЕРНЫХ СТАНИСЛАВ

Жазушы, өлкетанушы.

1934 жылы Өскемен қаласында туған.

Павлодар әскери-авиациялық мектебін, Сталинград әскери-авиациялық училищесін бітіріп, өз мамандығы бойынша еңбек еткен. Кейін Мәскеудегі тарихи мұрағат институтын тәмамдады. Өскемендегі облыстық мұрағатта қызмет істеді.



Шығармашылық саласында өнімді еңбек етіп, әсіресе деректі проза жанрында тамаша туындылар жазды. Бұл еңбектерінде Шығыс Қазақстан өңірінің өркендеу жолы көркем кестеленген.

Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Көптеген медальдармен

марапатталған.

1991 жылы дүниеден өтті.







ШАБДАНҰЛЫ ҚАЗЫҒҰМАР

Жазушы.

1925 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданында туған.

1932 жылы 7 жасында аштық апатына байланысты отбасымен бірге Шәуешек шекарасы арқылы Қытай асқан. 1940 жылы Дөрбілжін орталау мектебін аяқтаған. 1941-1945 жылдары Үрімжі қаласындағы пединститутта оқыған, 1945-1950 жылдары Дөрбілжін қаласындағы өзі оқыған мектепте мұғалім болған. 1951 жылы Үрімжі қаласына қызметке шақырылып, Шыңжаң Жазушылар одағында жауапты қызметтер аткарып, «Шұғыла» журналының бас редакторы болды.



1958 жылы басталған «Стиль түзету» науқанына байланысты қуғын-сүргінге ұшырады. «Оңшыл, ұлтшыл» деген айдар тағылып, Тарым лагеріне жер аударылды. 20 жыл қатаң қыспақта жазасын өтеген. 1978 жылы Шәуешекке оралып, шығармашылық жұмыспен айналысты. 1986 жылы желтоқсанда тағы 15 жылға сотталды. Жазушының жалпы 40 жыл өмірі абақтыда өтті.

Алты томдық «Қылмыс» және «Бакыт жолында», «Өгейлер», «Жат ұрпақ» романдарының авторы. Поэзия, публицистика жанрында да қалам тербеді. Жалпы әдеби мұрасы 12 томнан асады.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

2011 жылы өмірден озды.

ШАҢБАЙ ТҮРДЫҚҰЛ

Әдебиеттанушы.

Шығыс Қазақстан облысының тумасы.

«Шәкерімтану» орталығының жетекшісі ретінде ойшыл ақынның мұрағаттарда шаң басып қалған еңбектерін жинақтап, текстологиясын қайтадан құруға мұрындық болды.

«Шәкерім», «Семей – Алаш», «Дарабоз» және «Алтай қазақтары» энциклопедияларын, басқа да кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындауға басшылық жасады. «Шәкерімтану мәселелері» сериялық ғылыми жинағының, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығатын ғылыми-педагогтік «Шәкерім» журналының басты дайындаушысы, «Шәкерімтану» библиографиялық көрсеткішінің авторы.

«Қазақ Энциклопедиясы» бас редакциясында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар орталығын басқарды. 100-ден астам кітаптың авторы.

Филология ғылымдарының докторы.

ҚР мәдениет қайраткері (2009), ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (2009).

ШӘКЕРІМҰЛЫ АХАТ



Ақын.

1900 жылы Шығыстау бөктерінде туған.

Шәкерім Құдайбердіұлының ұлы. Семей педагогтік техникумын (1927), ҚазПИ-ді бітірген (1935). 1927-1934 жылдары туған ауылындағы, 1934-1939 жылдары

Шымкент қаласындағы, Жамбыл облысы аудандарындағы орта мектептерде, 1967 жылға дейін Алматы облысы мектептерінде ұстаздық еткен. 1969-1984 жылдары Абайдың Жидебайдағы мұражайының директоры болып қызмет етті.

Ел тағдырын, халықтың әлеуметтік хал-ахуалын терең толғайтын көптеген өлең-жырлары, кең тынысты туындылары бар.

Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

1984 жылы Семей қаласында өмірден озды.

ШӘКЕРІМҰЛЫ ЗИЯТ

Ақын, драматург.

1908 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

Шәкерім Құдайбердіұлының ұлы. 1931 жылы ел басына түскен қиыншылықта әке ақылымен жұртпен бірге Қытайға кетуге мәжбүр болған. 1934 жылы Шығыс Түркістандағы Сарысүмбе қаласында қысқа мерзімді оқытушылар курсы бітіреді де, Алтай аймағының оқу-ағарту бөлімінде қызмет етіп, ойын-сауық істерін ұйымдастырумен айналысады. 1935 жылы Үрімжі қаласындағы қазақ-қырғыз ағарту ұйымы ойын-сауық бөлімінің меңгерушісі және «Шыңжаң» газеті қазақ редакциясында әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

«Аюбай үкірдай» деген пьеса жазып, ол туындысы Сарысүмбе қаласында сахнаға қойылған. Ескі мен жаңаның тартысы жайындағы «Шал

мен баланың айтысы» атты пьесасы 1935 жылы сахналанды.

Режиссер ретінде «Қалқаман – Мамыр», «Қарагөз», «Жалбыр» пьесаларын сахнаға шығарды.

1932 жылы «Шәкерімнің қайғылы өліміне байланысты арнау», 1935 жылы «Қоңырат» туындыларын жазған.

1937 жылы жаламен ұсталып, хабар-ошарсыз кетеді.

ШӘКЕЕВ НҮРҒАЗЫ



Жазушы, аудармашы.

1929 жылы 10 маусымда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданына қарасты Кіндікті деген жерде туған.

ҚазПИ-дің филология факультетін бітіріп, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакциясында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Бірнеше жыл «Мектеп» баспасының, сатиралық «Ара» – «Шмель» журналының, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бас редакторы және осы комитеттің алқа мүшесі болып істеді. «Қазақ Совет Энциклопедиясында» жауапты хатшы, «Кітап жаршысы» газетінің бас редакторы болды.

Очерктері 1965 жылы «Менің таныстарым» деген атпен жеке кітап болып шықты. Көркем әдебиет, баспасөз мәселелеріне, тіл мәдениетіне арналған әдеби сын, проблемалық мақалалары «Журналист және өмір», «Тіл мәдениеті және баспасөз» кітаптарында жарияланды. Н. Гогольдің, И. Тургеневтің, Н. Тихоновтың шығармаларын, армян жазушысы Нар-Достың, венгр жазушысы Т. Деридің, болгар жазушысы С. Продевтің, үнді жазушысы К. Чандрдың әңгіме-повестерін, А. Лупаның «Таң сәрі» романын, Н. Лесковтың таңдамалы шығармаларын тәржімалаған.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, «Тың жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталған. Қазақ КСР-інің еңбек

сіңірген мәдениет қызметкері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

2008 жылы қайтыс болды.

ШӘРІПЖАН ТОҚТАРХАН

Акын, жазушы, фельетоншы.

1938 жылы Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының Кіндіктөбе аулында туған.

1975 жылы ҚазМУ-ді бітірген.

1963-1965 жылдары Самар аудандық «Жаңа өмір» газетінің әдеби қызметкері, жауапты хатшысы, 1965-1967 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің меншікті тілшісі, 1967-1978 жылдары осы газеттің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, 1978-1986 жылдары Семей облыстық «Семей таңы» газетінде хабар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті.

Көркем әңгімелері мен өлеңдері, фельетондары көптеген жинақтарға енген. «Сокқы», «Алтын арқау» жеке жинақтары жарық көрген.

Әуесқой композитор ретінде де танымал.

ШӘРІПОВ ӘДИ



Жазушы, әдебиеттанушы.

1912 жылы 19 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Мариновка ауылында туған.

ҚазПИ-дің түлегі. Түрікмен КСР-індегі Красноводск педтехникумында оқу ісінің

меңгерушісі, Алматы облысының Қаскелең орта мектебінде мұғалімдік қызметтер атқарған. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап Кеңес Армиясының қатарында болған. Беларусь жеріндегі, Смоленск, Орлов облыстарындағы партизан отрядтарының құрамында шайқасты. 1943 жылдың желтоқсанынан 1944 жылдың мамырына дейін партизан қозғалысының Смоленск штабында жұмыс істеді.

Соғыстан кейінгі уақытта Қазақ КСР Оқу министрінің орынбасары, Қазақ КСР Оқу министрі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының

орынбасары, Қазақ КСР Сыртқы істер министрі, 1966-1971 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы және КСРО Жазушылар одағының хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметтерін атқарды.

«Партизан қызы», «Ормандағы от», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар» атты шығармалардың, «Сахара қызы», «Дос сыры» романдарының авторы. «Орман хикаясы» атты киносценарийі бойынша түсірілген көркемсуретті фильм Ташкент қаласында өткен Азия және Африка елдерінің кинофестивалі мен Алматыда өткен бүкілодақтық кинофестивальде КСРО Қорғаныс министрінің арнаулы жүлдесіне ие болды.

«Ж. Саиннің өмірі мен творчествосы» (1964), «Қазіргі дәуір және қазақ әдебиеті дамуының проблемалары» (1974), «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық» (1984), «Сырбай Мәуленов творчествосы» (1985) атты монографиялардың, әдебиеттану мен педагогика салаларына қатысты көптеген мақалалардың авторы. Екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көрген (1982).

Филология ғылымдарының докторы. Ленин, екі рет Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі.

1993 жылы қайтыс болды.

ШМИДТ АЛЕКСАНДР



Акын.

1949 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жанасемей ауданының Новопокровка ауылында туған.

1968 жылы ҚазМУ-дің физика факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылдан осы университеттің журналистика факультетінде

оқиды.

Талдықорған және Семей облыстық телерадиокомитеттерінде істеген. 1981-1984 жылдары «Жалын» баспасында редактор, бөлім

менгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында орыс поэзиясы жөніндегі әдеби кеңесші, «Жазушы» баспасында аға редактор болды.

«Земная осьь» (1980), «Родство» (1983) жыр жинақтары шыққан.

ШОНДЫБАЕВ УӘЙІС

Ақын, композитор.

1873 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында туған.

Абай шәкірттерінің бірі. 1894 жылдан бастап Көкбай, Ақылбай, Мағауия сияқты дарынды ақындар тобына қосылып, ұлы Абайдың ақындық мектебінен өтеді. Халық арасына кең тараған «Перуайым», «Шұбартау», «Шыңғыстау», «Бозқараған», «Ақбөкен», тағы басқа әндері бар.

Шығармаларының ел аузында, көшірме қолжазбаларда және мұрағат қорында сақталып жеткендері: орыс ақыны П.П. Ершовтың әйгілі «Конек-Горбунок» ертегі-дастанының оқиғасын пайдаланып жазған «Иванушка-дурачок» поэмасы, «Жошы – Алаша хан» («Ақсак құлан» аңызының бір нұсқасы) дастаны, «Қырық уәзір» әңгімесінен алынып жазылған «Бір қыздың оқиғасы» атты дастаны мен бірнеше өлендері. Өлең-жырларының көпшілігі саяси-әлеуметтік лирика жанрында жазылған. Шығармалары 1987 жылы жеке кітап болып басылып шықты.

1923 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында өмірден өтті.





ЩЕРБАКОВ БОРИС



Жазушы.

1939 жылы 20 шілдеде Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында туған.

1977 жылы Өскемен педагогтік институтының биология факультетін бітірген. ҚР ҰҒА-ның Зоология институтында орни-

толог болды.

«Айлы мекеннің тұрғыны», «Қоңыраулы өзеннің жағасында», «Күздің алтын соқпақтары», «Жасыл үй», «Таусылмас соқпақтар» секілді прозалық кітаптардың авторы.

Биология ғылымдарының кандидаты.





Ы

ЫБЫРАЕВ ЖҮНІС



Жазушы, аудармашы.

1928 жылы 12 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Макпал ауылында туған.

1959 жылы ҚазМУ-дің филология факультетінің журналистика бөлімін бітірген. Шығыс Қазақстан

облыстық «Коммунизм туы», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде, «Агропромышленный комплекс Казахстана» – «Қазақстан агроөнеркәсібі» журналында жауапты қызметтер атқарған. «Қазақстан» баспасында бөлім меңгерушісі болған.

Бірқатар көркем очерк кітаптарының авторы, көптеген жинақтар құрастырған. М. Слуцкистің, А. Курчаткиннің роман, әңгімелерін қазақшаға аударып, кітап етіп бастырған.

2002 жылы дүниеден өтті.

ЫБЫРАЕВ МЕРҒАЛИ

Ақын, композитор.

1942 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1965 жылы Семей пединститутын бітірген. Ауылдық мектептерде мұғалім, Абай аудандық «Совхоз туы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі,



«Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Семей облысы бойынша меншікті тілшісі, «Семей таңы» газеті мен «Абай» журналының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

«Темір тұлпар», «Өнегелі өркен», «Судағы сәуле», «Күміс

тау» өлең жинақтарының авторы. Баспа бетін көрмеген екі томдық «Жоғалған өзен» атты романы бар. «Шәкерім» пьесасы 1989 жылдан бастап Абай атындағы Семей драма театрында қойылып келеді.

Көптеген әндердің авторы. «Қалқаман – Мамыр» спектаклінің музыкасын жазған.

Б. Кенжебаев атындағы республикалық сыйлықтың иегері.

1997 жылы дүниеден озды.

ЫСҚАҚ ҚАЛИХАН

Жазушы, драматург.

1935 жылы 14 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Топқайың ауылында туған.

ҚазМУ-дің журналистика факультетін, Мәскеудегі Мемкино жанындағы режиссерлер мен сценарийшілердің жоғары курсы бітірген. «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Халық конгресі» газеттерінде тілші, «Мәдениет және тұрмыс» журналында бөлім меңгерушісі, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы үшінші шығармашылық бірлестігінде бас ре-



дактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, М. Әуезов атындағы академиялық драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған.

«Дос хикаясы», «Менің ағаларым», «Бұқтырма сарыны», «Күреңсе», «Қоңыр күз еді» повестер жинағы, «Березовая роща», «Кедры высокие» жинақтары, «Тұйық», «Қара орман», «Ақсу – Жер жаннаты» романдары, «Жарық дүние», «Қазақтар» пьеса жинақтары жарық көрген.

«Қараша қаздар қайтқанда», «Таңғы жаңғырық», «Есеней – Ұлпан», «Жан қимақ», «Саботаж!», «Қылкөпір», «Мазар», «Революция сарбазы», «Ерліктің екі сағаты», «Приказ остается в силе», «Двое в степи», «Апатай», «Жәке-жәкетай», «Сайкының тұқымдары» секілді жиырмаға жуық пьесасы республикалық, облыстық драма театрларының репертуарына енді.

Бүкілодақтық экранға шыққан «Ұшы-қиырсыз жол», «Саршатамыз», «Охран бастығы», «Қараша қаздар қайтқанда» толықметражды фильмдерінің сценарийін жазған. Шығармалары өзбек, қырғыз, тәжік, татар, башқұрт, шешен, орыс, украин, словак, болгар тілдерінде жарық көрген. Екі томдық таңдамалысы 1997 жылы оқырман қолына тиді.

Л.Н. Толстойдың, А.П. Чеховтың, И.С. Тургеневтің, А.И. Куприннің, И.А. Буниннің шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады. Нобель сыйлығының иегері болған жеті драматургтің пьесаларын қазақшалаған.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Халықаралық Жамбыл атындағы және Ғ. Мүсірепов атындағы әдеби сыйлықтардың иегері. «Парасат» орденімен марапатталған.

ЫСҚАҚҰЛЫ КӘКІТАЙ

Ақын, Абай мұрасын тұңғыш бастырушы.

1868 жылы бұрынғы Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген.

8 жасынан бастап ауыл молдасынан 4 жылдай оқып, түрікше, арабша хат таныған. Кәкітайдың ерекше зеректігін байқаған Абай 1882 жылы оны өз бауырына басып, Мағауиямен бірге тәрбиелеген. Семейге ертіп барып, білім алуына көмектескен. Абайдың ақыл-кеңесімен Тұрағұл екеуі қара сөз, аударма, көңіл күй тақырыбындағы қысқа өлеңдер жазады.



1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия, ілешала ұлы ақынның өзі, одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қайғыға душар болғанда барлық ауыртпалықты Кәкітай бірге көтеріседі. Жидебайда бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікеұлына бұрыннан жинап жүрген Абай шығармаларын көшіртіп жазғызады. Абайдың баласы Тұрағұлмен бірге ақын мұрасын жинастырып, баспаға әзірлейді. Әлихан Бөкейханов Абайдың тұңғыш өмірбаянын жазып, онда ақын өміріне қатысты барлық деректерді Кәкітай бергенін атап өткен. 1905 жылы Әлиханның кеңесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлейді. 1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағы «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлені» (бастырған: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбайұғыландары) деген тақырыппен Санкт-Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейдегі Кәкітайға жіберіледі де, сол жерден бүкіл қазақ даласына тарайды. Кәкітайдың осы жинақта жариялаған Абай туралы өмірбаяндық мақаласын М. Әуезов жоғары бағалаған.

1915 жылы қайтыс болған.

ЫСҚАҚОВ АХМЕДИ



Тілтанушы.

1910 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық әкімдігі аумағында туған.


ҚазПИ-ді бітіргеннен кейін КСРО халықтары тіл және жазу институтының аспирантурасында оқыды. Алғашқы еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болудан

бастап, 1941-1942 жылдары «Халық мұғалімі» журналының редакторы, 1942-1947 жылдары ҚазПИ директорының орынбасары, 1947-1951 жылдары Қазақ қыздар педагогтік институтында кафедра меңгерушісі, 1951-1956 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында, 1961 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның Тіл білімі институтында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Ғылыми зерттеулерінің саласы әр алуан. Әсіресе қазақ тілінің морфологиясын, сөз таптарын жан-жақты зерттеп, саралау жолындағы ізденістерінің қазақ тіл білімінде, тіпті түркология ғылымында мәні ерекше. Жалпы қазақ тілі мәселелері арналған 200-ден астам еңбектің авторы болып табылатын ғалымның «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер» (1950), «Тыныс белгілері» (1951, телавт.), «Қазіргі қазақ тілі» (1964) ізденістері қазақ тілі морфологиясының көптеген қыр-сырларын сөз еткен іргелі еңбектердің қатарына қосылды. Алғашқы «Қазақша-орысша, Орысша-қазақша» (1954) сөздіктерінің құрастырушы редакторы болды және оның басқаруымен «Абай тілі сөздігі», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» жарық көрді (1974-1986).

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1988). «Құрмет Белгісі», Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен марапатталған. Филология ғылымдарының докторы (1964), профессор (1968), Қазақ КСР ҒА-ның академигі (1972), Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1956).

1996 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.







ІЛИЯСҰЛЫ ҚАЖЫТАЙ



Акын, сатирик.

1939 жылы туған.


Қытайдағы Шыңжаң Тіл институтын бітірген. «Шыңжаң» газеті редакциясында аудармашы, сол газеттің Іле, Тарбағатай аймағындағы меншікті тілшісі болып қызмет істеген. 1969 жылы ҚазМУ-ді тәмамдап,

«Ара» – «Шмель» журналында, «Лениншіл жас» газетінде фельетоншы, бөлім бастығы, Қазақ теледидарында аға редактор, Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бас редакциясында, «Жазушы» баспасында редактор, «Азамат», «Астана», «Астана дауысы» – «Голос Астаны» газеттерінде бас редактор қызметін атқарған. Қазір Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер.

«Дастархан» атты алғашқы өлеңі «Шыңжаң» газетінде 1959 жылы жарияланған. Лирикалық, сатиралық өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1965 жылдан жарияланып келеді. «Қайран жастық» (1974); «Усойқы» (1978); «Маймылдың мәдениеті» (1981); «Біле білсен» (1985); «Қалақай камшы» (2001); «Тасжарған» (2001) кітаптары жарық көрген.

21 ән мен 3 күйдің авторы.

«Сорос – Қазақстан» қоры өткізген жыр мүшәйрасының жүлдегері. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері (2003).





Ю



ЮРОВСКАЯ ОЛЬГА



Жазушы, ақын.

1939 жылы 28 ақпанда Семей қаласында дүниеге келген.

1961 жылы Семей пединститутын бітірген. «Прииртышская правда», «Знамя коммунизма» облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, Өскемен облыстық телерадио-

комитетінің, «Қазақстан» баспасының редакторы, «Вечерняя Алма-Ата» газетінің тілшісі, бөлім меңгерушісі болып істеген.

«Все в той же галактике» новеллалар жинағы, «Открытию равно» деректі повесі, «Лелька» повесі, «Дана мне радость», «Ливень» жыр жинақтары шыққан.

Бірнеше медальдармен марапатталған.

ЮСУП КЕҢЕС

Жазушы, аудармашы.

1941 жылы 30 маусымда Шығыс Қазақстан облысының Таврия ауданындағы Баймұр ауылында дүниеге келген.

1958 жылы Өскемен қаласының Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Семейдегі өзеншілер училищесін тәмамдап, Жоғарғы Ертіс кеме шаруашылығында еңбек етеді. ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқыған. Шығыс Қазақстан облыстық «Комму-



низм туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, «Қазақстан коммунисті», «Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі болып істеді. Мемлекеттік басқару органдарында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз қызметінің бас сарапшысы болған. Қазір Астана қаласында шығатын «Әлем әдебиеті», «Литературный Казахстан» журналдарының бас редакторы.

«Ақиқат сапар» (1977), «Қарашадағы көктем» (1981), «Охапка полевых цветов» (1983) повестер мен әңгімелер жинақтарының, «Желқайық» кітабының (2000) авторы. Терминология, қазақ тілінде іс жүргізу мәселелеріне арналған «Құжат тілі» кітабы 2001 жылы Павлодар облыстық «Алтын тіл» бағдарламасы аясында жарық көрді. «Анықтама сөздігі» (1992), «Екі тілде іс жүргізу» (1994) кітаптары шыққан.

Г.Г. Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» романын (1983), жас болгар жазушыларының повестері мен әңгімелері жинағын («Гүлжазира», 1987) аударып бастырды.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. «Құжат тілі» кітабы «Жалын» баспасы ұйымдастырған бәйгенің екінші жүлдесін иеленген.











МЭДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ





АБДУЛЛИН МҮСІЛІМ

Опера әншісі.

1916 жылы 14 наурызда Өскемен қаласында дүниеге келген.

1936-1965 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрында әнші, 1965 жылдан өмірінің соңына дейін «Қазақконцерт» бірлестігінің көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарды.

Өз шығармашылық жолында лирикалық кейіптегі опералық бейнелерді, мәселен, Төлеген, Қайрақбай, Балпан, Арыстан (Е. Бруси-



ловскийдің «Қыз Жібек», «Жалбыр», «Ер Тарғын» және «Айман – Шолпанында»), Ленский (П. Чайковскийдің «Евгений Онегинінде»), Серік (М. Төлебаевтың «Біржан – Сарасында»), Зілқара (Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың «Амангелдісінде»), Тұяқбай (Е. Рахмадиевтің «Қамар сұлуында»), Әзім (А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абайында»), тағы басқа кейіпкерлерді сомдаған.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Қазақтың халық әндерімен бірге отандық және шетелдік композиторлардың ерекше нақышпен орындаған ән-романстары ән өнерінің биігінен көрінген.

Қазақстанның халық әртісі (1947).

1996 жылы 7 желтоқсанда Алматы қаласында дүниеден озды.

АБДУЛЛИН РИШАТ

Опера әншісі.

1916 жылы 14 наурызда Өскемен қаласында дүниеге келген.

1936 жылдан Қазақ академиялық опера және балет театрының сахнасында Тарғын, Думан (Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғыны» мен «Дудар-айда»), Амангелді (Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың осы аттас опера-



сында), Абай (А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абайында»), Онегин (П. Чайковскийдің «Евгений Онегинінде»), Жермон (Дж. Вердидің «Травиатасында»), Киэзо (З. Палиашвилидің «Даисинінде») партияларын орындап, қазақ опера өнерінің өркендеуіне зор үлес қосты.

1936, 1958 жылдары Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндіктеріне қатысты. 1958 жылғы онкүндікте Үлкен театр сахнасында басты рөлді Ришат Абдуллин орындаған «Абай» операсы зор құрметке ие болды.

Өнер әлемінде өзіндік жол қалдырған дарынды дауылпаздың есімі қазақтың музыкалық өнері тарихында мәңгілік жазылып қалды. Оның репертуарынан халық әндерімен қатар замандас композиторлардың туындылары да кеңінен орын алды. Бірқатар шетел театрлары сахналарында өнер көрсетіп, қазақ әнінің қуатын танытты.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Қазан Революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған. Қазақстан (1947) және КСРО халық әртісі (1967).

1988 жылы 12 қарашада Алматы қаласында қайтыс болды.

АВВАКУМОВ ВИКТОР



Режиссер.

1956 жылы 21 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Белоусовка кентінде дүниеге келген.

Алтай мемлекеттік мәдениет институтының мәдени-ағарту жұмыстар әдістемесі мен оны ұйымдастыру,

көпшіліктік ойын-сауық және қойылымдар режиссурасы факультетін бітірген. 1975 жылдан А. Александров атындағы ән-би ансамблінің әртісі, 1985 жылдан Павлодар облыстық кәсіподақтары мәдени орталығының директоры, 1997 жылдан А. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театрының директоры әрі көркемдік жетекшісі болды.

Қазақстан Театр қайраткерлері одағы басқармасының мүшесі (2003). «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2000). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2005).

АЗУБАЕВ ГИБРАТ



Әнші, хореограф.

Семей облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1983 жылы орта мектепті бітіріп, осы жылы Шымкенттің әл-Фараби атындағы өнер институтына түскен. 1987-1989 жылдары әскер қатарында азаматтық борышын өтеген соң Ленинградтың (Санкт-

Петербург) мәдени-ағарту институтында оқуын қайта жалғастырып, 1991 жылы бітірген.

Жолдама бойынша Ташкент қаласындағы «Бахор» мемлекеттік би ансамблінде жұмыс істеген. 1991 жылдан Абай ауданына келіп, «Балдәурен» балалар ансамблін құрып, «Қаламқас» ансамблінде балетмейстер, көркемдік жетекші болып еңбек етті. «Көңіл толқыны», «СОНАР», «Сельские зори», «Балдәурен» ансамбльдерінің құрылуына атсалысып, осы ансамбльдермен бірге 18 мемлекетті аралап, Еуропада, Қытайда, Кубада өнер көрсеткен. 1993 жылы жаңадан ашылған Абыралы ауданына арнайы шақыртумен барып, ансамбльдер құрып, мәдениет бөлімінің бастығы қызметін атқарды. Қазір Санкт-Петербургтегі «Солнечный круг» үлкен фестивалін өткізу қоғамының Азия аймағы бойынша жауапты мүшесі.

1994 жылы Қытайда, 1995 жылы Түркияда өткен «Навруз» дүниежүзілік түркі тілдес халықтардың фестиваліне қатысып, Гран-приді жеңіп алған.

АЙДАБОЛОВ УӘЛИ

Композитор, педагог.

1930 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Былқылдақ ауылында дүниеге келген.

Қ. Алтынбаевтың өлеңіне жазылған «Туған жер» әні, К. Шалқаров, Т. Әбдірахманованың өлеңдеріне жазылған «Алыстадың, арманым», «Дос қандай?» әндері кеңінен танымал. Елу жылдан астам уақыт педагогтік жұмыспен айналысқан. Аудан мәдениетінің дамуына

өзіндік үлесін қосты. «Скотовод» кеңшарында халық аспаптар оркестрін құрған.

Халық ағарту ісінің озық қызметкері. ҚР Мәдениет, Оқу-ағарту министрліктерінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

2000 жылы дүниеден өтті.

АЙМАҒАМБЕТОВ АҚКЕНЖЕ

«Еңлік – Кебек» пьесасының ең алғашқы қойылымына қатысушылардың бірі.

1896 жылы бұрынғы Семей уезінің Шыңғыс болысындағы 4-ауылда туған.

Ауыл мектебінде мұсылманша оқып білім алған. 1917 жылдан кейін Қазақстанның әлеуметтік ісіне араласып, уездік, облыстық қазақ комитетінің жұмысына қолғабыс жасады, қаржылай жәрдем берді. Шыңғыстағы «Талап» игілік ұйымының құрылтайшысы болды.

М. Әуезовтің басшылығымен әрі режиссерлігімен киіз үйде алғаш қойылған «Еңлік – Кебек» спектаклінде Кебектің рөлін ойнады. Алашорда жасақтары қатарында болған азамат. Алаш әскерін көлікпен, ақшалай қаражатпен жабдықтауға зор үлес қосты. Қызылдармен шайқаста қол бастап, ерлігімен көзге түсті. 1928 жылы тәркіленіп, отбасымен Сырдария округіне жер аударылды.

1932 жылы Сырдария округінде қайтыс болған.

АЙНАҒҰЛОВА КҮЛШАРА

Кинотанушы, сценарийші.

1948 жылы 21 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Лениногор қаласында дүниеге келген.

1971 жылы Мәскеу қаласындағы кинематография институтын профессор Н. Туманованың сыныбы бойынша бітірді. 1971-1974 жылдары «Жаңа фильм» жарнамалық кино бюллетені редакциясында редактор, 1974-1987 жылдары Әдебиет және өнер институтының театр, кино бөлімінде кіші ғылыми қызметкер, 1990-1996 жылдары КСРО Кино қоры жанындағы «Кинопрокат» шығармашылық-өндірістік бірлестігі Қазақ бөлімшесінің төрағасы қызметін атқарған. 2001 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында оқытушы.

Деректі кино мәселесі, М. Бегалин, Ш. Ай-

манов, тағы басқа кино қайраткерлері жайында зерттеу еңбектер, кино туралы көптеген мақалалар мен деректі фильм сценарийлерін жазды.

АЛЕКСАНДРОВ НИКОЛАЙ

Монументті өнер шебері, мүсінші.

1924 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданындағы Верхубинка ауылында туған.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1951 жылы Алматы көркемсурет және 1957 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) көркем өнеркәсіп училищесін бітірген.

«Түбіт шәлі» (1967), «Қымыз» (1968) сияқты графикалық жұмыстардың және «Жарық ебелегі» (1978), «Бостандық – жан тебіренертер жақсы сөз» (1985), тағы басқа мүсіндік еңбектердің авторы. Әр түрлі монументті өнер туындылары бар.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, медальдармен марапатталған.

АЛИБАСОВ БАРИ



Әнші, продюсер.

Бұрынғы Семей облысының Жарма ауданындағы Шар станциясында туған.

1965 жылы орта мектепті бітірді. 1963 жылы «Интеграл» ансамблін құрған. «На-На» тобының продюссер-ұйымдас-тырушысы.

Талантымен бүкіл әлем қошеметіне бөленген өнерпаз.

Шарлықтар Бари Алибасовқа ерекше құрмет көрсетіп, елді мекендегі бұрынғы Бейбітшілік көшесін оның есімімен атады.

1994 жылы «Мәскеу дворяндарының графы» титулы берілді.

1995 жылы Ресей Президентінің «Бүркіт» орденімен марапатталды. Жарма ауданының Құрметті азаматы.

АЛПЫСБАЕВ АХМЕТХАН

Композитор, сыбызғышы.

1950 жылы 15 маусымда дүниеге келген.

1967 жылы Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Баршатас орта мектебін бітірген. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Семейдегі М. Төлебаев атындағы музыка училищесінің баян сыныбын тәмамдаған. Шымкент қаласындағы әл-Фараби атындағы педагогтік-мәдениет институтының халық аспаптары бөлімін тәмамдаған.

1975-1980 жылдары Шұбартау ауданының жеті жылдық балалар музыка мектебінде ұстаздық етті. 1980-1994 жылдары аудандық Мәдениет үйінде директор бола жүріп, «Шұбартау сазы» ұлт-аспаптар оркестрін құрып, жетекшілік жасады. Оркестр 1991 жылы Павлодар қаласында өткен халық аспаптары оркестрлерінің республикалық байқауына қатысып, аймақ бойынша бірінші, республика бойынша екінші орынды иеленген.

1973 жылы М. Төлебаев атындағы музыка училищесі оркестрінің құрамында, Абай ауданы «Қаламқас» ансамблінің атынан, Чехославакияда өткен «Халықтар достығы» халықаралық фестиваліне қатысты. 1996 жылдан «Көңіл толқыны» оркестрінің жетекшісі. Қазіргі таңда Үржар аудандық Мәдениет үйі жанындағы «Баркытбел» фольклорлық ансамблінің жетекшісі.

Балалар мен жастарға арналған 50 шақты әннің авторы.

2007 жылы балаларға арналған «Балдәурен» республикалық ән байқауына қатысып, Ә. Бейсеуов атындағы жүлдеге ие болды. КСРО Мәдениет министрлігінің «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

АПРЫМОВ СЕРІК

Кинорежиссер.

1960 жылы 28 қазанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ақсуат ауданындағы Ақсуат ауылында дүниеге келген.

1989 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтының режиссерлік бөлімін бітірген. «Қазақфильм» киностудиясында жүргізуші, режиссердің ассистенті болып жұмыс істеген. 1989-1992 жылдары ағылшындық BBC компаниясының арнайы шақыруымен Лондон



қаласында режиссердің ассистенті қызметін атқарған.

«Қиян» (1989), «Ақсуат» (1997), «Ағайынды үшеу» (1998), тағы басқа фильмдері бар.

Режиссердің фильмдері халықаралық кинофестивальдердің 20-дан астам жүлдесін жеңіп алған. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының, «Тарлан» сыйлығының иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

АРАЛБАЙ ТӨЛЕУБЕК

Актер.

1950 жылы 18 наурыз күні Семей қаласында дүниеге келген.

1976 жылы Қазақ академиялық драма театрының жанындағы студияны, 1994 жылы Өнер академиясының режиссерлік бөлімін бітірген.

Семей облыстық драма театрында, Қазақ академиялық драма театрында актер болып



Т. Аралбай «Ғасырдан да ұзақ күн» спектакліндегі Едіге ролінде, 1990 ж.

қызмет атқарады. Дарынды актер 40-қа жуық басты рөлдерді, мысалы, У. Шекспирдің «Корлианында» – Корлиан, И. Ғайыптың «Мен ішпеген у бармасында» – Абай, Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күнінде» – Едіге, Ғ. Мүсіреповтің «Амангелдісінде» – Амангелді, тағы басқа рөлдерді сомдаған. Гастрольдік сапармен Иран, Мысыр, Германия, Ресейде болып, өнер көрсеткен. «Қарашегіртке» телехикаясына және «Аждаһа жылы» (Қытай) көркем фильміне түскен. Алматы эстрада және цирк өнері колледжінде дәріс береді.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1995).

АТАХАНОВ НУРИТДИН

Актер.

1905 жылы 12 ақпанда Өскемен қаласында дүниеге келген.

1924-1934 жылдары әр түрлі орындарда қызмет атқарған. Сахналық жолын 1922 жылы Өскемен қаласындағы қазақ-татар труппасының спектакльдеріне қатысудан бастады. 1930-1940 жылдары Алматы, Қарқаралы, Қарағанды, Семей, Павлодардағы қазақ театрларында жұмыс істеген. Ол сомдаған бейнелер ұлттық бояуының айқындығымен, табиғи шынайылығымен ерекшеленеді. Абай (М. Әуезовтің «Абай» трагедиясында), Кебек («Еңлік – Кебекте»), Казанцев («Түнгі сарында»), Құнанбай («Абай» бойынша), Амангелді (Б. Майлин мен Ғ. Мүсіреповтің «Амангелдісінде»), Қодар, Қарабай, Науан («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқтысында»), Бекзад (Н. Хикметтің «Махаббат жайындағы аңызында»), тағы басқа рөлдерді ойнады.

Режиссерлік жұмыспен айналысып, Әуезовтің «Айман – Шолпан» (1936) мен «Түнгі сарын» (1937), Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді», Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» (1946) пьесаларын және Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларын қойған. 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

Ұлы Отан соғысының ардагері. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Қазақстанның халық әртісі (1958).

1974 жылы Семей қаласында қайтыс болған.

АХМЕТЖАНОВ АРҒЫНБЕК

Композитор.

1936 жылы 5 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында туған.

Семей педучилищесін бітіріп, Абай ауданының Қасқабұлақ ауылдық мектебінде ән-күй пәнінің мұғалімі болған. Семей пединститутын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген.

Абай ауданында, Семей облыстық газеті мен облыстық телерадиокомпаниясында ұстаздық, комсомол-партиялық, журналистік қызметтерді атқара жүріп, 40 жыл бойы қазақтың қолөнер шеберлігі, музыкалық, ақындық, журналистік шығармашылық еңбектерімен шұғылданады. Ұлы Абайдың 30-дан астам өлеңіне ән-романс, басқа ақындар мен өз өлеңдеріне әндер жазып, танымал болды. «Шыңғыстау», «Абай ұрпақтарының үні», Абай өлеңіне жазған «Тотықұс түсті көбелек» әндері – автордың тұсаукесер шығармалары. Әндері «Әнің болып төгілемін», «Құлақтан кіріп, бойды алар» секілді жинақтарға еніп, Қазақ радиосының «Алтын қорына» қабылданған. 1999 жылы «Сазды сапар» атты өмірбаяндық кітабы басылып шықты. Ш. Құдайбердіұлының өнер жолын кеңінен зерттеп жүр.

Әр деңгейдегі ән байқауларының бірнеше дүркін жүлдегері.

АХМЕТОВА (МОЛОДОВА) ГҮЛЖАЗИРА

Хор дирижері, педагог.

1930 жылы 20 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Георгиевка ауылында туған.

1956 жылы Алматы музыкалық училищесін профессор Б. Лебедевтің сыныбы бойынша және Мәскеу консерваториясының хор-дирижерлік бөлімін бітірген. 1956 жылдан Қазақстан хор капелласының дирижері болды. 1961-1967 жылдары Алматы музыкалық училищесінде, 1967-1969 жылдары Қазақтың мемлекеттік қыздар пединститутында, 1970 жылдан Алматы консерваториясында (аға оқытушы, 1979 жылдан доцент, 1985 жылдан профессор) ұстаздық қызмет етеді.

Халықтар Достығы орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен

марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1967).

АХМЕТОВА ШАЙЗА (ШАҒИЗАДА)

Актриса.

1948 жылы 8 наурызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Георгиевка ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Алматы өнер институтын бітірген. Қазақ академиялық драма театры құрамында жұмыс істеген. Алғашқы ойнаған рөлі Н.В. Гогольдің «Үйлену» комедиясы бойынша қойылған спектакльдегі Агафья Тихоновна болды. Одан кейін Насихат (Қ. Аманжоловтың «Досымның үйленуінде»), Сүжде (Қ. Бекхожиннің «Ұлан асуында»), Марфуға (Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасында»), Қарлыға, Қарагөз (М. Әуезовтің «Қара кыпшақ Қобыландысы» мен «Қарагөзінде»), Айша



М. Бұлғаков, «Жендеттер», Арманда – Ш.Ахметова, Жан Батист – Н. Жантөрин, 1980 ж.

(Қ. Мұқашевтің «Парторгында»), Адела (Г. Лорканың «Қасіретті катындарында»), Электра (Л. Дюрканың «Электра – сүйіктім меніңде»), Катерина (У. Шекспирдің «Асауға тұсауында»), тағы басқа рөлдерді орындады.

Республикалық театр жастары байқауының дипломанты. Қазақстанның халық әртісі (1998).

АЮХАНОВ (ҚУАТОВ) БОЛАТ

Балет өнерінің шебері, танымал биші.


1938 жылы 13 қыркүйек күні Семей қаласында дүниеге келген.

1955 жылы Алматы хореографиялық училищесін А. Селезневтің сыныбы бойынша, 1957 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) хореографиялық училищесінің шеберлікті ұштау курсы, 1964 жылы Мәскеу қаласындағы Театр өнері институтының балетмейстерлік бөлімін бітірген. 1957-1959 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театры құрамында балет әртісі, 1964-1965 жылдары осында балетмейстер болған.

1965 жылы биші И. Манскаямен бірлесіп «Екі актер театрын» ұйымдастырды. Мұнда «Қазақ эпосының беттері» деген жалпы атпен «Қарлыға Бершімбайдың жекпе-жегі», «Біржан – Сара айтысы», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу мазары маңында» секілді дуэттік би бағдарламаларын қойды.

1967 жылы «Қазақконцерттің» жанынан «Жас балет» хореографиялық ансамблін (1975 жылдан Қазақстанның классикалық би ансамблі) ұйымдастырып, 1967-1975 жылдары өзі осы ансамбльдің көркемдік жетекшісі





әрі бас балетмейстері болды. Мұнда балеттік билер, хореографиялық композициялар мен шағын әктілі балеттер қойып, басты партияларды биледі. 1976-1991 жылдары Қазақстанның классикалық би ансамблінің директоры әрі көркемдік жетекшісі болды, ал 1991 жылдан осы ансамбльдің көркемдік жағын басқарады.

Дарынды бишінің репертуарынан өзі қойған «Ақындар биі», «Жігіттер биі», халық музыкасына қойылған «Айжан қыз», «Ақ сиса», «Күн сәулелі Қазақстан биі» және «Шашу»

билері, Қазақстан композиторларының туындыларына жасалған әр алуан концерттік бағдарламалар орын алды. Сонымен қатар әр жылдары Я. Сибелиустің «Мұңды вальсін» (1962), Ф. Шуберттің «Аве Мариясын» (1967), М. Мусоргскийдің «Мыстан кемпірін» (1969), П. Чайковскийдің – М. Плетневтің «Татьяна Ларинасын» (1976, 1985), И. Стравинскийдің «Петрушкасын» (1981, 1982), Н. Тілендиевтің «Бүркіт пен түлкісін» (1967), Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегін» (1967, Ш. Жиенқұловамен бірле-

сіп қойған; 2-нұсқасы 1985), В. Булгаровский-дің «Қазақ сувенирін» (1970), Т. Қажығалиевтің «Керуенін» (1979), А. Бестібаевтың «Азия дауысын» (1998), тағы басқа балеттік-би туындыларын қойды. 1967 жылдан педагогтік қызметпен де айналысады. Бірнеше рет киноға түскен. Гастрольдік сапармен шетелдерде өнер көрсетті.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1972), «Арабеска-92» халықаралық балет әртістері байқауының (1992) және «Тарлан» сыйлығының (2000) иегері. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Қазақстанның халық әртісі (1973). Хореография профессоры (1996).









ӘБДІРАХМАНОВА ГҮЛСІМ



Актриса.

1917 жылы 12 желтоқсанда дүниеге келген.

1937 жылы Алматы театр-көркемсурет училищесін бітірген. Сол жылдан өмірінің соңына дейін Семей театрында актер болды. Осы театрда әр кезеңде қойылған, М. Әуезов

қаламынан туған «Еңлік – Кебектегі» – Еңлік, «Қара қыпшақ Қобыландыдағы» – Қарлыға, «Айман – Шолпандағы» – Айман, Теңге, «Түнгі сарындағы» – Жүзтайлақ, «Қаракөздегі» – Мөржан, Ә. Тәжібаевпен бірігіп жазған «Ақ қайындағы» Алтыншаш рөлдерін ойнаған.

Актрисаның әншілік өнері көптеген музыкалық қойылымдарда ойнауға мүмкіндік берді. Олардың ішінде Софья (Б. Александровтың «Малиновкадағы тойында»), Ақжүніс (С. Камалов пен Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Телли (У. Гаджибековтің «Аршин мен аланында»), Клементина мен Елена (И. Дунаевскийдің «Еркін желі» мен «Шалқар теңізінде»), тағы басқа рөлдердің актрисаның шығармашылық жолында ерекше орны бар.

Қазақстанның халық әртісі (1964).

1970 жылы дүниеден өтті.

ӘБУҒАЗЫ МҰРАТ



Домбырашы, күйші-зерттеуші.

1974 жылы 5 желтоқсанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген.

1990-1994 жылдары П. Чайковский

атындағы Алматы музыка училищесінде Қ. Рақышеваның сыныбында, 1994-1999 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында дәріс алады. 1999-2002 жылдар аралығында А. Жұбанов атындағы арнаулы музыка мектебінде домбырашы мамандығы бойынша мұғалім, 2003 жылдан Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі халық бөлімінің ұстазы, 2000 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық әні кафедрасында домбыра пәнінің оқытушысы, сонымен қатар кафедра меңгерушісі міндетін атқарушы болған.

«Құрманғазы» (2005), «Тәттімбет және Арқа күйлері» (2005), «Сүгір. Қаратау шертпесі» (2006), «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008), «Әшім және Іле аймағының күйлері» (2008), «Сарыарқа әндері» (2009), «Шығыстың шыңырау күйлері» (2010) ноталар жинақтарының құрастырушысы. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» (2009), «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» (2010) антологияларын құрастыруға атсалысты. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік өнері жөнінде оқыған баяндамалары ғылыми мақалалар жинағында жарық көрген.

Күйші-орындаушы ретінде дәстүрлі музыка фестивальдері, республикалық телеарналар арқылы күйшілік өнерді насихаттап келеді. Орындаған күйлері Қазақ радиосының «Алтын қорына» енген.

ҚР мәдениет қайраткері. ҚР білім беру ісінің үздігі.

ӘБІШЕВ ОРАЗ

Кинорежиссер, қазақ деректі фильмдерінің көшбастаушысы.



1916 жылы 1 мамыр күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қайнар ауылында дүниеге келген.

1938 жылы Алматыда Қазақ музыкалық театры (қазіргі Қазақ академиялық опера және балет театры) жанындағы студияны бітірген. 1938-1939 жылдары театр құрамында әнші, 1939 жылдан кино өнерімен айналысады. 1944 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында режиссер болып, көптеген шежірелік-деректі, ғылыми-көпшілік фильмдер түсірді. Олардың қатарында «Кеншілер қаласы», «Дина Нұрпейісова» (екеуі де 1945), «Шалғай жайылымдар» (1950), «Абай» (1953), «Сәлем саған, Москва» (1958), «Денсаулық аралы» (1961), «Апа», «Ашылған алақанның құпиясы», «Тастағы таңба» (бәрі де 1968), «Бір хаттың ізімен» (1971), «Тарихпен тілдесу» (1972), «Мәукен даласы» (1976), «Талғаттың зеңгір аспаны» (1979), «Ертегішілер» (1983), тағы басқа фильмдер бар.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1974). Қазан Революциясы және 2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақстанның халық әртісі (1996).

ӘКЕЛЕЕВ САХАН

Актер, режиссер, сазгер.

1958 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Тасбастау ауылында дүниеге келген.

Шілікті орта мектебін бітірген. Әскери борышын өтеп оралып, 1979-1980 жылдары Өскемен мәдени-кәсіптік училищесінде режиссер мамандығы бойынша оқыды. 1981-1983 жылдары «Қазақстан» телеарнасында жүргізуші болды. Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтын профессор Асқар Токпановтың сыныбы бойынша бітірді. Алматы мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясында Бекен Жылысбаевтың сыныбы бойынша тәлім алды. Консерваторияны бітірген соң халық әні кафедрасында ұстаздық етті.

ҚР Қорғаныс министрлігінің Орталық ансамблін ұйымдастыруға атсалысып, сол ансамбльдің көркемдік жетекшісі болған. Же-



текші бола жүріп, 1994 жылы осы аталған әскери ансамбльде «Сарбаздар» фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрды. Бұл өнер ұжымы бірнеше әскери ән фестивальдарының лауреаты атанған.

2005-2006 жылдары Шымкент қаласындағы Ж. Шанин атындағы музыкалық драма театрының актері болып, музыкалық, драмалық рөлдерді сомдады. Бірнеше көркем фильмдерде әр түрлі рольдерді ойнады.

2006 жылы «ТұранӘлемБанкінің» «Әлем-АРТ», «Ақсарай» мюзикл театрында актерлерге дауыс қоюдан дәріс берген. Сонымен қатар Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы театр өнері факультетінің жеке ән салу кафедрасында аға оқытушы болды. Бүгінде Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театрының директоры және көркемдік жетекшісі.

С. Әкелеевтің «Ұлыма», «Жастық дәурен», «Мөлдір сезім», «Жас ұлан», «Қазақстаным» атты әндері бар.

2009 жылы 12 желтоқсанда Алматыдағы Республика сарайында өткен «Шығыс жұлдыздары» жобасының авторы әрі продюсері, 2010 жылы 23 ақпанда Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Б. Момышұлының 100 жылдығына арналған «Батыр Бауыржан» атты үлкен кештің режиссері әрі сценарисі болды.

С. Әкелеев – ТМД елдері саяси әндер фестивалінің, республикалық бірнеше әскери-саяси патриоттық ән фестивальдерінің, халықаралық ән байқауының лауреаты. ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен марапатталған.

2011 жылдың наурыз айында Ресей Федерациясы Мордовия Республикасының Саранск қаласында өткізілген VI халықаралық театр фестиваліне Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театрының шығармашылық тобы театрдың директоры және көркемдік жетекшісі С. Әкелеевтің басшылығымен қатысып, Балтық және ТМД елдерінің орыс драма театрлары арасында жүлделі бірінші орынға ие болды.

ӘКІМОВ ДІНМҰХАМЕД

Кино және театр актері.

1948 жылы 8 тамызда Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданы Ақтоғай ауылында дүниеге келген.

1968 жылы «Қазақфильм» киностудиясы жанындағы актерлік студияны, 1974 жылы Бүкілодақтық кинематография институтын бітірген.

Дарынды актер кинода 100-ге жуық рөлдер орындап, «Қош бол, Медеу!» (1981), «Адамды қарсы алыңдар» (1984), «Ауылым Алатаудың баурайында» (1986), «Бейбарыс сұлтан» (1989), «Қайсар» (1991), «Отырардың күйреуі» (1991), тағы басқа фильмдерге түсті. Алыс-жақын шетел фильмдеріне де қатысып жүр.

ҚР Кинематографистер одағының мүшесі (1979), Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1990).

ӘУЕЗБАЕВА РАУШАН

Актриса.

1936 жылы 13 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Қабай ауылында дүниеге келген.

1959 жылы Алматы өнер институтын профессор А. Токпановтың жетекшілігімен бітірген. 1958-1959 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театры құрамында хор әртісі, 1960 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ академиялық драма театрында актриса болды.



Актрисаның ойнаған рөлдері қатарында Шәріпжамал (Қ. Мұхамеджановтың «Құдағи келіптісінде»), Нұрсұлу (Қ. Байсейітов пен Қ. Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-айында»), Айнаш, Майра (Ә. Тәжібаевтың «Той болардасында»), Өнке (З. Ақышевтің «Жаяу Мұсасында»), Торғай (Қ. Сатыбалдиннің «Қабаған итінде»), Еңлік, Айман (М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» және «Айман – Шолпанында»), Сәруар (Ж. Файзидің «Башмағымында»), Қыз (Н. Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ерінде»), Арина Пантелеймоновна (Н. Гогольдің «Үйленуінде»), Анарда (Лопе де Веганың «Қызғаныштан махаббатында»), тағы басқалары бар.

1958 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

1963 жылдан киноға («Менің атым Қожа», «Даладағы қуғын», т.б.) түскен. Радиоқойылымдарға және дубляжға қатысқан. 1966 жылдан Қазақ академиялық драма театры жанындағы театр студиясында педагогтік қызметпен айналысты.

Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

1984 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

ӘШІМБЕКОВ САПАРБЕК

Композитор.

1942 жылы 24 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Абыралы ауданындағы «Қоныстан» ұжымшарының 7-ауылында туған.

1959 жылы Аягөз ауданы Сергиополь мектеп-интернатын бітірді. 1962-1966 жылдары М. Төлебаев атындағы музыка училищесінде оқыды. Абай атындағы мемлекеттік театрдың екі жылдық студиясын бітіріп, актер мамандығын да алды.

Еңбек жолын 1966 жылы Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрында бастады. Сондан бері осы өнер ордасында қызмет етіп келеді. Театр жанындағы екі жылдық студияны бітірген соң жиырма жылға жуық оның музыка

бөлімін басқарды. Бұрынғы драма театрының музыкалық драма театры болып қалыптасуына өзіндік үлес қосты.

«Досымның үйленуі», «Үйленгім келмейді», «Тойым – той», «Әнім сен едің», «Менің атым Қожа», «Махаббат неге оянбады?» сияқты көптеген спектакльдердің музыкасын жазды. 150-ден астам әндері мен күйлері бар. 1974-1976 жылдары «Мелодия» фирмасынан 14 күйтабағы жарыққа шықты.

1975 жылы КСРО Мәдениет министрлігінің «Мәдениет саласының озық қызметкері» белгісімен марапатталды. ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Ертіс өңірі Композиторлар одағының мүшесі.

ӘШІРБАЕВ БОЛАТ



Әнші, композитор, халық әндерін насихаттаушы.

Көп қырлы өнерпаз жұртшылыққа кең тынысты әнші ғана емес, бірталай әндердің авторы ретінде танымал. Халық әндерін зерттеп, оларды насихаттау жо-

лындағы еңбегі де зор.

1993-2000 жылдары Тарбағатай ауданындағы №3 қазақ орта мектебінің жанынан ашылған өнер мектебінің директоры болған. Бүгінде Новояленка ауылының орта мектебінде тәрбие ісінің меңгерушісі.









БАЕВА ТАТЬЯНА

Театр актрисасы, режиссер, драматург.

1966 жылы дүниеге келген.

1986 жылы мәдени-ағарту училищесін бітіріп, Жамбыл атындағы облыстық драма театрына актриса болып қабылданды.

1997 жылы Алтай мемлекеттік мәдениет және өнер институтын театр режиссері, педагог мамандығы бойынша тәмамдады.

2002-2005 жылдары Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық академиясында драма театрының режиссері мамандығы бойынша білім алды.

2002 жылы Швейцарияда Маркус Цонердің шеберлік сыныбын бітірді.

Театр сахнасында 40-тан астам түрлі рөлдерді ойнаған.

2003 жылдан қоюшы режиссер қызметіне ауысып, 7 жыл ішінде түрлі жанрдағы 14 спектакльді сахнаға шығарған.



Балаларға арналған бірнеше ертегі спектакльдің авторы.

2003 жылы Р. Мұқанованың шығармасы бойынша дайындаған «Ләйлә – ай кызы» спектаклі «Ресейдегі Қазақстан жылдарын өткізу бағдарламасына» қосылды.

БАЗАРБАЕВ ТЕМІРЖАН

Композитор.

1935 жылы 13 наурыз күні дүниеге келген.

1961 жылы Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын профессор Қ. Қожамировтың сыныбы бойынша бітірген.

1961 жылдан М. Төлебаев атындағы Семей музыкалық училищесі теория бөлімшесінің меңгерушісі әрі оқытушысы болып қызмет атқарды. 1979-1982 жылдары Қазақстан Композиторлар одағының Ертіс бойы бөлімшесін басқарды.

Композитор шығармашылығында Отан, туған өлкенің әсемдігі мен халқының тарихы сияқты азаматтық тақырыптар басты орын алған. «Қаздар қайтқанда», «Студенттік кештер», «Ауылым», «Отан таңы», «Семей жастары», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Белгісіз солдат анасы», «Қурган бессмертия», «Шалқыма», «Әнсіз қазақ болмаған», «Қазақстан», «Мен – коммунистпін», тағы басқа шығармалары – қазақ музыкасының асыл қорына қосылған еңбектер.

Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері.

2006 жылдың 26 ақпанында қайтыс болған.

БАЙДАЛИНА РОЗА

Әнші.

1936 жылы 21 қаңтарда Семей қаласында туған.

Семей педучилищесінде дәріс алған. Музыка колледжінің ән бөлімін бітіріп, облыстық Ә. Қашаубаев атындағы филармонияда әнші болып өзінің еңбек жолын бастаған.

Әншінің репертуары кең және әр салалы. Әлемдік классик композиторлардың, орыс және



ТМД композиторларының шығармаларын, қазақтың халық әндерін де келістіре орындайды. Мысалы, орыс классиктерінен Доргомыжскийдің, Рахманиновтың, Чайковскийдің, Римский-Корсаковтың романстарын орындады. Шетел композиторларынан Гриктің, Листтің, Аренскийдің, Сенсанстың; қазақ композиторларынан С. Мұхамеджановтың, М. Төлебаевтың, Т. Базарбаевтың, Н. Тілендиевтің әндері мен романстарын шырқады.

Ауыл еңбекшілеріне мәдени қызмет көрсетудің үздігі, «Тыңның 10 жылдығы» медалімен, ҚР Мәдениет министрлігінің Грамотасымен марапатталған. 1969 жылы эстрада әншілерінің республикалық байқауында лауреат атанды.

БАЙЖАНБАЕВ ӘНУАРБЕК

Әйгілі диктор.

1923 жылы 26 наурыз күні Семей қаласында дүниеге келген.

1939-1941 жылдары Алматыдағы Коммунистік журналистика институтында оқыды. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1944 жылы елге оралып, Қазақ радиосында диктор болып жұмыс істеген. ҚазМУ-ді бітірген (1949).

1958-1964 жылдары Қазақ теледидарында диктор болды. «Қазақфильм» киностудиясында көптеген деректі және шежірелік фильмдерді дубляждау ісіне қатысты. Бірқатар көркем фильмге түскен. С. Жақанова, З. Бекетова, Ж. Асқарова, М. Сержанов, М. Қуатбеков, Ә. Бөлебаев, тағы басқа қазақ дикторларына ұстаздық еткен.



КСРО-ның құрметті радисі (1958). Қазақстанның халық әртісі (1973), 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. 1990 жылы Алматы қаласында Қабанбай батыр көшесінің 55-үйі қабырғасына Ә. Байжанбаевқа арналған ескерткіш-тақта орнатылды. Таңдаулы журналистерге берілетін Ә. Байжанбаев атындағы республикалық сыйлық белгіленген.

1989 жылы 27 қазанда Алматы қаласында қайтыс болды.

БАЙКЕНОВ РАЙЫСХАН

Актер.

1906 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Ұшқұлақ ауылында дүниеге келген.

1938 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) театр училищесін бітірді. 1935 жылдан Шымкент облыстық драма театрында жұмыс істеген. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Актер талантының сан қыры Б. Майлиннің «Шұғасында» – Әбіштің, Ж. Шаниннің «Арқалық батырында» – Әжіханның, Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатында» – Миллердің, М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегінде» – Көбейдің, «Қара қыпшақ Қобыландысында» – Қобыландының, «Түнгі сарынында» – Қыдырбайдың, Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында» – Науан хазіреттің, Н. Гогольдің «Ревизорында» – судяның, тағы басқалардың рөлдерінде сәтті көрінді.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1944).

1978 жылы Шымкент қаласында қайтыс болған.

БАЙМАҒАМБЕТОВ РАМАЗАН

Актер, режиссер.

1949 жылы бұрынғы Семей облысы Абыралы ауданының «Дегелен» кеңшарында дүниеге келген.

Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, аудандық, облыстық сайыстарда көзге түсті. Қарағандының Тәттімбет атындағы музыкалық училищесінде тәлім алды. Училищеде оқи жүріп драма театрында өнер көрсете бастайды. Ақыры өнердің осы саласына біржола бет бұрып, сахнада «Дос – Бедел Достығы» Жаппас, «Ақкемедегі» Момын шал, «Жақсы кісідегі»

Ахмет Хазин, «Мұрагерлердегі» Сызғанов, «Ата парызындағы» Өсербай, «Құлыным меніңдегі» «Бозтайлақ, «Отыз ұлың болғаншадағы» Агабо, «Волоколамск тас жолындағы» Панфилов, «Ұлпандағы» Есеней, «Алдар Көседегі» Шығайбай, «Күйеу болса, қыз дайындағы» көрші, «Әділет азабындағы» Бостон, «Таңғы жаңғырықтағы» Жарасбай бейнелерін сомдады.

Қарағандының С. Сейфуллин атындағы, Ақмоладағы Қ. Қуанышбаев атындағы драма театрында еңбек еткен Рамазан кейін актерлікпен қоса режиссерлік мамандықты игеріп, «Танакөз», «Ғашықтар болмайтын ғасыр», «Қаздауысты Қазыбек», «Алпамыс», «Мазар», «Әйел махаббаты» сияқты спектакльдерді сахналады.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі.

2008 жылдың 2 шілдесінде дүниеден өтті.

БАЙЫРМАНОВ ХАСЕН

Актер, әнші.

1905 жылы туған.

Мәскеудегі Орталық өнер техникумын бітірген.

1930 жылы Қазақ драма театрына қабылданып, М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегіндегі» Жапалдың, Ж. Шаниннің «Шахтасы» мен «Торсықбайындағы» жалшының рөлдерін ойнап, актерлік өнерге бейімділік танытады. 1934 жылы ашылған Семей театрында өмірінің соңына дейін еңбек етті. Мұнда М. Әуезовтің пьесалары бойынша қойылған қойылымдардың бәріне қатысып, Жантық, Қараменде би, Төлеген, Қоңқай, Қарабай және тағы басқа рөлдерде ойнаған.

Халық әндерін орындауда өз ерекшелігімен танылды. Иса Байзақовтың «Желдірмесін» өзгеше айтатын әншілердің бірі болған.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі.

1986 жылы қайтыс болды.

БЕГАЛИН МӘЖИТ

Кинорежиссер.

1922 жылы 22 ақпанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Дегелең ауылында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1948 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтын бітірген. 1950-1978 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында режиссер болып, өз



замандастары тура-

лы «Бұл шұғылада болған еді» (1955), «Жерге қайта оралу» (1959), «Тұлпардың ізі» (1964) көркем фильмдерін қойды. Ш. Уәлиханов тура-

лы «Оның күні туады», Б.Момышұлы жайында «Артымызда Мәскеу» кинола-

рының сценарий авторы.

1968 жылы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында өткен Орта Азия мен Қазақстан кино өнері байқауының бас жүлдесі мен 1-дәрежелі дипломын, «Мәншүк туралы баллада» фильмі үшін 1970 жылы Минск қаласында өткен Бүкілодақтық кинобәйгеде КСРО Қорғаныс министрлігінің бас жүлдесін иеленген. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1966). Режиссерлік шығармалар туралы «Мәжит Бегалин» атты деректі фильм (1981) түсірілген. Алматыдағы № 120 гимназия бүгінде М. Бегалин атымен аталады.

1978 жылы 5 мамырда Алматыда қайтыс болған.

БЕЙСЕМБЕКОВ АЙМҰХАМЕТ

Әнші.

1948 жылы 18 қыркүйекте туған.

1966 жылы орта мектепті бітіріп, аудандық халық театрында еңбек жолын бастады. Семейдің М.Төлебаев атындағы музыка училищесін 1971 жылы бітіріп,



сол жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның ән факультетіне оқуға түсті. Консерваторияда профессор Б. Жылысбаевтың сыныбында әншілік өнердің қыр-сырын үйрене жүріп, 1971-1976 жылдары Жамбыл атындағы республикалық филармонияда, Абай атындағы академиялық опера және балет театрында еңбек етті. 1976 жылы консерваторияны бітіріп, Семейдің М. Төлебаев атындағы саз колледжіне жолдама алды.

«Қазақстан – Отаным менің», «Отан», «Анаңнан асыл бар ма екен?» «Махаббат серенадасы», тағы басқа ән-романстардың авторы.

Қоғамдық қызметте де белсенділік танытып, «Невада – Семей» қозғалысының мүшесі ретінде Семей полигонын жабу жолындағы күрестің бел ортасында жүрді.

Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының жүлдегері, 1968 жылы Мәскеуде өткен арнаулы орта оқу орындары студенттерінің бүкілодақтық көркемөнерпаздар фестивалінде 1-дәрежелі дипломға ие болды. Қазақстанның мәдениет қайраткері, республикалық «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының бас жүлдегері, республикалық музыкатанушылар байқауында жүлдеге ие болған.

БЕКХОЖИНА ТАЛИҒА

Музыкатанушы, әнші.

1919 жылы 11 желтоқсан күні Семей қаласында дүниеге келген.

1963 жылы Алматы консерваториясын бітірген.

Дарынды өнер зерттеушісі шығармашылығын әнші болудан бастады. 1941-1958 жылдары Қазақ филармониясының әншісі болды, Ұлы Отан соғысы жылдарында концерттік бригада құрамында жауынгерлерге өнер көрсетті. 1962-1980 жылдары Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтының музыка бөлімінде кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеді.

Көп жылдар бойы фольклорлық экспедиция құрамында болған ол Қазақстанның және Өзбекстанның жергілікті тұрғындары арасынан бұрын белгісіз болып келген көптеген әндерді (1500-ден астам) нотаға түсіріп, жазып алды, халық шығармашылығының орындаушылары жайында деректер жинады. Ақын әрі композитор Ш. Құдайбердіұлының әндерін жинап, ноталық негізін алғаш қағазға түсіріп, өзі алғы сөзін жазды.


1995 жылы 17 қыркүйекте Алматыда қайтыс болды.

БЕЛБАЕВ БАЙКЕНЖЕ

Театр және кино актері.

1951 жылы 19 қазанда бұрынғы Семей облысының Аягөз қаласында дүниеге келген.

Щепкин атындағы Мәскеу театр училищесінің актерлік факультетін бітірген (1974). 1974



жылдан Ш. Айманов атындағы «Қазақфилм» киностудиясының актері.

ҚР Кинематографистер одағының мүшесі (1987). ҚР еңбек сіңірген қайраткері (2003).

БЕЛОСЛЮДОВ ВИКТОР



Суретші, этнограф. 1883 жылы Семей қаласында дүниеге келген.

Семей бастауыш училищесін бітірген.

1899-1906 жылдары Мәскеудегі Строганов училищесінде оқиды. 1906 жылы Семейге оралып, бастауыш училищесінде,

гимназияда сурет пәнінен дәріс береді.

Суретшінің туындылары қазақтардың өмірі мен тұрмысына, табиғатына арналған. «Семей», «Киіз үй», «Қазақ әйелі», «Қымыз ішіп отырған қазақтар», «Қазақ отбасы», «Ертісте», «Күз кезіндегі орман», тағы басқа шығармалары бар.

Белослюдов суреттерінің үлкен циклі қазақ ертегілеріне иллюстрация ретінде пайдаланылған. 1910 жылы Томскіде басылып шыққан поляк жазушысы Г. Зелинскийдің «Қырғыз» поэмасы суретшінің 50-ге тарта суретімен көркемделген.

1916 жылы 23 наурызда Барнаулда қайтыс болды.

БИРЮКОВ ВАСИЛИЙ

Инженер-сәулетші.

1907 жылы 30 желтоқсанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданында туған.

1932 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) азаматтық инженерлер институтын бітірді. 1933 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ мемлекеттік жобалау (кейін «Казгорстройпроект») институтында қызмет атқарды. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Сәулетшінің жобасы бойынша Ақтөбе, Қостанай, Шымкент пединституттары, Алматыдағы қыздар пединституты, Финанс және Ішкі істер министрліктерінің ғимараттары салынған. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып сейсмикалық жағдайдағы құрылыс беріктігін зерттеумен шұғылданды.

1966 жылы 1 қыркүйекте Алматыда дүние салды.

БОЛТАЕВА ХАЙНА

Қобызшы.

1957 жылы 2 шілдеде Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданында дүниеге келген.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының оркестрлік факультетін бітірген.

1979 жылдан Құрманғазы атындағы Қазақ академиялық оркестрінің, 1995 жылдан «Салтанат» мемлекеттік би ансамблінің әртісі болды. 1996 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қ. Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінде қобыз тобының солисі, концертмейстері.

Аспапшылардың Құрманғазы атындағы І республикалық байқауының лауреаты (1983). ҚР еңбек сіңірген әртісі (1994).

БОРАНБАЕВ ӨМІРБЕК

Драматург.

1950 жылы 15 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында туған.

1973 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік өнер институтының театр факультетін бітірген. Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінде, ҚР Мәдениет министрлігінде жауапты қызметтер атқарып, 1985-1995 жылдары Республикалық эстрада-цирк училищесінің директоры болды. 1978 жылы «Жалын» баспасынан «Өрімтал» атты әңгімелер жинағы жарық көрді. Драматург ретінде «Оң жамбас...» (комедия), «Дымың ішінде болсын» (комедия), «Бәрінен күшті – қорқақ көжек» (ертегі), «Хан ием, Айкүн мен Тазша бала» (музыкалы қойылым), «Қаңбақ шал» (ертегі), «Сотанайдың соңғы үйленуі» (водевиль), «Біздің ауылдың көктемі» (драма), «Шәукен» (комедия), «Көк бөрі» (мистикалық драма), «Дүние жалған» (фарс) сияқты екі актілі пьесалар жазған. Бұл шығармалардың барлығы республика театрларында сахналанған.

Ұлттық «Астана-Бәйтерек» байқауларының лауреаты (2003, 2007), Орта Азия жаңа пьесалар фестивалінің Сертификат иегері (2006), Қазақстан Республикасының мемлекеттік грант иегері (2007), Қазақстан авторлар қоғамының драматургия саласынан лауреаты (2008).





Ғ



ҒАББАСОВА ГҮЛМИРА ЖӘНЕ ГҮЛНАРА



Биші, хореографтар, балет әртістері.

1968 жылдың 4 сәуірінде Семей қаласында туған.

Дүние есігін бірге ашқан (егіз) Гүлмира мен Гүлнаның өмір және өнер жолдары да қатар өріліп келеді. 1986 жылы Алматы хореографиялық училищесін балет әртісі,

1999 жылы Т. Жүргенов атындағы өнер академиясын режиссер-хореограф мамандығы бойынша тәмамдаған. 2004 жылы Германияның Дрезден қаласындағы хореографияның жоғары мектебінде білім алды.

1994 жылдан бері Мемлекеттік академиялық би театрында Б. Аюхановтың жетекшілігімен қызмет етеді, бұл жерде қазіргі заманғы хореографияның үздік үлгілері: «Геометрия чувств», «Блуждающие во тьме», «Дежавю», «Мираколло», «История одной женщины», «Соседки», «Время», «Собаки женского пола», «Тамыр» секілді билерді қойды.

1999 жылдан бері Республикалық неміс драма театрының да актрисалары болып қызмет атқарады, сондай-ақ, осы жылдан бері Алматы қаласындағы А.В. Селезнев атындағы хореографиялық училищеде қазіргі заманғы би бойынша дәріс беріп, дарынды студенттерді халықаралық балет байқауларына дайындайды.

Т. Жүргенов атындағы мемлекеттік ұлттық өнер академиясында сабақ береді.

2003 жылы Петербургте, 2004 жылы Венада, Францияда, Анкарада, 2005 жылы Францияда өткен фестивальдерге қатысқан.

ҒАБИТОВ ТҮРСЫН



Мәдениеттанушы.

1947 жылы 20 қарашада қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Көкпекті ауданында туған.

1971 жылы ҚазМУ-ді бітірген.

1971-1986 жылдары ҚазМУ-де оқытушы, 1986-1988 жылдары Кабул университетінде кеңесші қызметін атқарды.

1990-1995 жылдары ҚазМУ-де мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі болды.

Қазақ мәдениетінің теориялық мәселелерін, типологиялық ерекшеліктерін зерттеуге үлес қосты. Қазақ халқының дүниетанымдық, адамгершілік, эстетикалық құндылықтарының мәдени-типологиялық сараптамасын жасады. Кәсіпкерлік және құқықтық этика салаларында көлемді еңбектер жариялады. Қазақстан өркениетінің архетиптік негіздерін, даму тенденциялары мен перспективаларын айқындауда өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

200-ге жуық жұмыстың авторы, олардың 35-і – жеке және ұжымдық монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары. Ғалымның басшылығымен 3 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты диссертация қорғады.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының (2007), Қазақстанның білім мен ғылым саласына қосқан үлесі үшін президенттік ғылыми стипендияның иегері. «Үздік автор» байқауының, республикамыздың ғылым, білім және техника саласына қосқан үлесі үшін «Қазақстанның ғалымдар одағы» байқауының лауреаты. «Мәдениеттану» оқулығы Мәдениет және ақпарат министрлігінің байқауында «Қазақстан онжылдығының үздік кітабы» (2001) атанып, «Ұлы Жібек жолы» халықаралық кітап жәрмеңкесінің лауреаты (2006) болды. Көптеген оқулықтары ҚР Жоғары

оқу орындары қауымдастығының шешімімен Қазақстанның ең танымал оқулықтарының қатарына енді.

Философия ғылымдарының докторы (1997), профессор (1997). 2001 жылдан ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері (2008). «ҚР ғылым саласына қосқан үлесі үшін» (2007), А. Байтұрсынов атындағы (2004) медальдардың иегері.

ГАЗИЗҰЛЫ АЙДАРБЕК



Суретші, карикату-
рашы.

1958 жылы 17 сә-
уірде Шығыс Қазақ-
стан облысы Күршім
ауданының Теректі-
бұлақ ауылында дү-
ниеге келген.

Отан алдындағы
өз азаматтық боры-
шын өтеп, 1980-1988
жылдары Өскемен

қорғасын-мырыш комбинатында жұмысшы, кейін көркемдеуші-суретші болып істеді. 1990 жылы О. Таңсықбаев атындағы Алматы жоғары көркемсурет училищесін тәмамдайды. 1995 жылға дейін «Халық кеңесі» газетінде қызмет етті. Еңбек жолын «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жалғастырып келеді. Қазақ карикатурасына өзінің қайталанбас қолтаңбасымен үлес қосып жүрген танымал суретші.

1989 жылы «Өнер» баспасынан «Айтпаса да түсінікті» атты сықақ суреттері жинағы жарық көрді.

Еңбектері 2008 жылы Бакуде жарық көрген «Әлемнің танымал карикатушылары» катологына енді. 2010 жылы Түркияда өткен «Қожанасыр» халықаралық көрмесінің 30 жылдық мерейтойына дүние жүзі бойынша іріктеліп шақырылған ең таңдаулы 30 суреткердің сапында Орта Азиядан жалғыз өзі қатысты. Еңбектері 100-ден астам республикалық, бірнеше шетелдік газет-журналдарда жарияланған. 30-ға тарта республикалық және Ресей, Литва, Корея, Чехия, Түркия, Италия, Польша, Германия, Украина, Израиль, Сирия, Сербия, Франция, Әзірбайжан, Болгария, Хорватия, Иран, Кипр,

Босния және Герцеговина, Испания, Венгрия, Словения, Қытай, Португалия мемлекеттерінде өткен халықаралық байқауларға қатысқан. Олардың каталогтарына еніп, оннан астам республикалық және халықаралық жүлделер мен марапаттауларға ие болды. 1994 жылы Қазақстан Жастар одағы сыйлығының лауреаты атанды.

ҒАФУРОВ ҚАЙЫРЛЫ



Әнші.

1976 жылы 18 қа-
занда Шығыс Қа-
зақстан облысы Тар-
бағатай ауданының
Ақжар ауылында дү-
ниеге келген.

1998 жылы Ақан
сері атындағы Көк-
шетау өнер колледжін
қазақ халық аспапта-
ры мамандығы бо-
йынша, 2001 жылы Солтүстік Қазақстан мем-

лекеттік университетінің музыка-педагогика факультетін, 2007 жылы Қазақ ұлттық музыка академиясын дәстүрлі ән салу мамандығы бо-
йынша бітірген.

2000 жылдан Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясында «Есіл» қазақ халық аспаптары оркестрінің әртісі болды, 2008 жылы осы оркестрдің көркемдік жетекшісі және дирижері болып тағайындалды. «Өнер колледжі – дарынды балалар өнер мектебі» кешенінде қазақ халық аспаптары бөлімінің меңгерушісі. Оның басқаруындағы «Арманым» фольклорлық балалар ансамблі Қарағанды қаласында өткен республикалық жас музыканттар байқауында лауреат атанды.

2001 жылы I республикалық «Жас толқын» фестивалінде өнер көрсетіп, лауреат атанды. 2003 жылы Үндістанда өткен Орта Азия халықтарының өнері фестиваліне қатысты.









ДӘРМЕНҚҰЛОВ МЕЙРАМҒАЛИ

Режиссер.

1969 жылы 5 наурызда бұрынғы Семей облысы Үржар ауданының Қарамойыл ауылында туған.

1986 жылы Үржар ауылындағы Абай атындағы орта мектепті бітірді. Ақсу қаласындағы Жаяу Мұса атындағы мәдениет училищесінің мәдени іс-шараларды ұйымдастыру бөлімін тәмамдап, осы училищеде ұстаздық етті. Кейінірек Ресейдің Барнаул қаласындағы Алтай мемлекеттік мәдениет институтында режиссер мамандығы бойынша оқыған.

1997-1998 жылдары Семей облыстық мәдениет басқармасында бас маман болып жұмыс істеді. А. Құнанбайұлының 150 жылдығына, Үржар ауданының 80 жылдығына арналған, тағы басқа көптеген мәдени іс-шаралардың сценарийлерін жазып, қойылымдардың режиссерлігін атқарды.



2010 жылы Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театрында, мәдениет басқармасының шақыруымен, әлем классигі Жан Батист Мольердің шығармасы бойынша спектакль қойып қайтты.

2008 жылы Үржар аудандық Мәдениет үйінің жанына құрылған «Керуен» театрына жетекшілік етіп келеді. Аталмыш театр өнердегі жетістіктері үшін «Халықтық театр» атағын иеленді. Театр сахнасында қазақ және шетел драматургтерінің шығармалары қойылып келеді.

ДӘСТЕНОВ (ЖОЛДЫБАЙ) ЖОЛАН

Композитор.

1943 жылы 8 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай ауданы Өндіріс ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Алматы консерваториясын профессор Қ. Қожамияровтың сыныбы бойынша бітірген.

1969-1970 жылдары Қазақ филармониясында лектор, 1971-1982 жылдары Алматы консерваториясында оқытушы, 1975-1979 жылдары Қазақ телевизиясында музыкалық бағдарламалардың бас редакторы, 1982 жылдан Қазақстан Композиторлар одағының Ертіс өңірі бойынша бөлімшесінің төрағасы болды.

Балаларға арналған алғашқы «Қаңбақшал» атты операның (1979) авторы. «Мамаев қорғанында» (1969), «Тауда» (1972), «Отырардың ақырғы күні» (1980, 2-нұсқасы 1982) атты симфониялық поэмаларын, балет сюитасын (1973), оркестрге арналған екі концерт (1975, 1978), фортепьяноға арналған «Кешкі ертегі» сюитасын, «Достық гимні» хор поэмасын (1978), әндер, романстар, тағы басқа музыкалық шығармалар жазды. Ең соңғы ірі шығармасы – Абайдың аттас поэмасы бойынша жазылған «Ескендір» симфониялық поэмасы.

Қазақстан Комсомолы сыйлығының иегері (1976).

1991 жылы 10 қазанда өмірден озды.

ДОСМАҒАМБЕТОВА ГҮЛШАРА

Суретші-қышкер.

1952 жылы 21 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Зырянск қаласында дүниеге келген.

1979 жылы Мәскеудегі жоғары көркемсурет-өнеркәсіп училищесінің сән өнері факультетін бітірген.

«Пионер» журналының көркемдеуші редакторы, Алматы көркем қыш зауытының суретші-қышкері, Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде көркем қыш бойынша аға ұстаз, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында көркем қыш кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушысы болды.

Бейнелеу өнеріндегі мәнері – қыштағы монументті-сәнді мүсін. Жұмыстары Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайының, ҚР Президенті Резиденциясының (Астана) корларында, Дижона қаласы әкімшілігінің мұражайында (Франция), Рига (Латвия) мен Киевтің (Украина) ұлттық мұражайларында, Алматы көркем қыш зауытының мұражайында, сондай-ақ Италияның, Ресейдің, Қазақстанның, Францияның, Латвияның, Эстонияның, Үндістанның жеке коллекцияларында сақталуда.

Халықаралық деңгейдегі бірталай көрмелердің дипломдарымен марапатталған. Қазақстан Суретшілер одағы Монументтілік секциясының мүшесі.

ДОСЫМЖАНОВ БАЙҒАЛИ



Әнші, режиссер.

1922 жылы қаңтар айында Семей қаласында дүниеге келген.

1936-1939 жылдары Алматы музыкалық училищесінде, 1939-1941 жылдары Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясында оқыған, 1947 жылы Алматы консерваториясын

бітірген.

1941 жылы Қазақ опера және балет театрының, 1942 жылы ішкі істер жауынгерлерінің, кейін (1943) шекарашылар ән-би ансамбльдерінің жанындағы жеке дауыстағы әншісі болды. 1944 жылдан Қазақ академиялық опера және балет театрында Төлеген (Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Біржан (М. Төлебаевтың «Біржан – Сарасында»), Айдар (А. Жұбанов

пен Л. Хамидидің «Абайында»), тағы басқа партияларды орындап, ұлттық өнердің дамуына елеулі үлес қосты. Қазақ халық әндері мен халық композиторларының әндерін («Жиырма бес», «Бурылтай», «Ақбақай», «Сырымбет», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Ғайни», т.б.) насихаттады.

1960 жылдан режиссерлік қызметпен айналыса бастады. Е. Рахмадиевтің «Қамар сұлу», «Алпамыс», Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» (Қ. Байсейітовпен бірге), З. Исмагиловтың «Құдаша», Д. Вердидің «Балмаскарад», тағы басқа операларын сахналады. 1975-1976 жылдары «Біржан – Сара» және «Абай» операларын қайта қойды. 1975 жылдан Алматы консерваториясы опералық даярлық кафедрасының меңгерушісі болды. Көптеген дарынды әншілерді даярлап, көркемөнерпаздықты дамытуға үлес қосты.

Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту және «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Қазақстанның халық әртісі (1954), КСРО (1949) және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1978).

1998 жылы 9 шілдеде Алматы қаласында қайтыс болды.

ДОСЫМЖАНОВ ҚАДЫР



Дүйсең-добыраны.

1912 жылы бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданына қарасты Қызылқосы ауылында туған.

Семейдегі М. Телібаев атындағы музыкалық училищенің Қ. Рахымовтың добыра сынабы бойынша, Алматы мемлекеттік консерваториясы Т. Мейрамғалиевтың добыра сынабы бойынша бітірген.

Семей музыкалық училищесінде қызмет атқару кезінде «Дулино», «Әсет», «Қазына» ансамбльдерінің құрамында негіз көрсетті.

«Қазына», «Айып аты», («Айыпқосса»), «Семей сазы», «Беттегі сазы», «Бет ерісі», «Менің Қызылқосым» атындағылар бар.

«Айна қатпа», «Дастарға», «Байбеген», «Менің атам», «Бұршақсыз студенттер маршы», «Сәбиет», «Сақатты балалар», «Қосмылағандар», т.б. басқа әндер шығарған.

Қазақстан Республикасының әбес сипірге кірген.

ДҮЙСЕКОВ ГАЛИ

Ақсерік аманжол, дүйсе.

190 жылы ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданында дүниеге келген.

1938 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) саяси негізгі техникумының алма студентіне бітірген.

1939-1945 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық драма театрында актер болды. Арыстан, Кебек, Есен, Айып, М. Әсетовтің «Айна - Шолпан» мен «Айна - Кебектегі», Жансейіт Төлесовтің «А. Әсетовтің «Абай» пьесаларына қатысы бойынша, Бүрші (Ф. Шиллердің «Дулино» мен «Абай» пьесаларында), Заманшар (Н. Гогольдің «А. Әсетовтің»), т.б. басқа рөлдері сомдады.

Мәдениет қызметінде 275 бет әңгімелер, 4 атына, 6 әресті музыкалық жазды. 7-се музыкалық ән-бейне тіркеліміне бұқалықастық «Абай» драмасына қатысты шығарған.

Қазақстанның әбес сипірге кірген (1943).

1978 жылы Т. аманжол дүйсе Шығыс Қазақстан облысы болды.



Туған қалам Семейім!





ЕЛЕУКЕНОВА ГҮЛЖАУҒАР

Өнертанушы, педагог.

1954 жылы 4 наурыз күні Өскемен қаласында дүниеге келген.

1979 жылы Ленинградтың (Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институтын бітірген. Сол жылдан өмірінің соңына дейін Алматы театр және көркемсурет институтында педагогтік қызметпен айналысты.

Бейнелеу өнері бойынша жазған отыздан аса ғылыми мақалалары республикалық және бұрынғы одақтық мерзімді басылымдарда жарық көрді.

Өнертану ғылымдарының кандидаты (1992).

1999 жылдың 1 желтоқсаны күні Алматыда қайтыс болды.

ЕРҒАЛИЕВА РАЙХАН



Өнертанушы.

1954 жылы 26 наурыз күні Өскемен қаласында дүниеге келген.

1976 жылы Ленинградтың (Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және сәулет институтын (профессор В.И. Плотниковтан дәріс алды), 1983

жылы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген.

1976 жылдан Әдебиет және өнер институтының бейнелеу, сәулет және колөнер тарихы бөлімінде кіші, аға ғылыми қызметкер, кейіннен осы бөлімнің меңгерушісі, ал 2000 жылдан фольклор бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері болып істеді.

Көптеген ғылыми зерттеулері республикалық және шетелдерде жарық көрген ұжымдық жинақтарда, кітаптар мен каталогтарда, журналдар мен газеттерде жарияланды. Қазақстан және Орта Азияның бейнелеу өнері туралы монография мен жүзге тарта мақалалардың авторы.

1995 жылдан Халықаралық көркемөнер сыншылары ассоциациясының мүшесі. Өнертану ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі. Ғылым мен техниканың дамуына қосқан үлесі үшін тағайындалатын ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері.

ЕРУОВА КҮЛШАТ

Әнші.

1955 жылы туған.

1973 жылы Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданындағы Калинин атындағы орта мектепті бітіріп, сол ауданда комсомол-жастар бригадасында еңбек жолын бастаған. 1977 жылдан Семейдің Ә. Қашаубаев атындағы филармониясының әншісі.

Репертуары өте бай. Бүгінгі таңда шығып жатқан әндерді эстрадалық аспапқа қосылып орындап, өзіндік ізденісте жүр. Гастрольдік сапармен Қазақстанның барлық облыстарында және Өзбекстанда, Қырғызстанда өнер көрсетті.

ЕСДӘУЛЕТОВА БАҒДАТ



Композитор, педагог.

1952 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келді.

1971 жылы Өскемен пединститутының музыка факультетіне оқуға түсіп, бітір-

геннен кейін Зайсан қаласының музыка мектебінде оқытушы болды. 2002 жылдан Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театрында жұмыс істейді.

Көп жылдық оқытушылық еңбегінің нәтижесінде жалпы білім беретін мектептерде музыка мен ән салу пәні бойынша авторлық бағдарлама құрастырған. Оны қазақстандық ғалымдар мақұлдап, 1999 жылы «Қазақстан мектебі» журналында жарияланды. Бағдарлама тәжірибе жүзінде қолданыла бастады.

Жаңашыл педагог әрі талантты композитор – бүгінде кеңінен танылған елуден астам әннің, Өскеменнің 280 жылдығына арнап жазылған қала әнұранының авторы.

Музыкалық шығармашылықпен бірге қазақтың музыкалық өнер мұраларын зерттеумен, қоғамдық жұмыстармен айналысады.

ЕСДӘУЛЕТ РҮСТЕМ

Режиссер, театр және кино актері, ақын.
1977 жылы туған.

Шығыс Қазақстан облыстық Жамбыл атындағы драма театрының директоры әрі бас режиссері қызметін атқара жүріп, қазақ ұлттық сахна өнерінің дамуына елеулі үлес қосты. Жас



режиссердің жетекшілігіндегі театр ұжымы бірнеше рет халықаралық байқаулардың жеңімпазы атанған.

Қазақ көрермені үшін Рүстем актер ретінде де танымал. Белгілі «Лаве» фильміне түскен.

«Бөрінама» жыр жинағының авторы. Өлеңдері «XXI ғасыр ақындарының антологиясына» және басқа да ұжымдық жинақтарға енген.

Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері. 2007 жылы «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалінде «Бес тиын» көркем шығармасы үшін арнайы марапатқа ие болды.

2009 жылы өмірден озды.

ЕСЕНГЕЛДИНОВА САЯ

Әнші.

1976 жылы туған.

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесіне үзбей қатысып, А. Жұбановтың «Ақ көгершін» әнін орындап, аудан, облыста өткен оқушылар арасындағы байқауларда жүлдегер атанған. Алғаш рет Ә. Еспаевтің «Ұстазым» әнін облыста бас қосқан мұғалімдердің мәжілісінде орындап, «Ең үздік жас әнші» деген грамотамен марапатталған.

Орта мектепті 1983 жылы бітіріп, Алматы мемлекеттік қыздар педагогтік институтына түседі.

2002 жылдан Семейдің Ә. Қашаубаев атындағы филармониясында әнші.

2001 жылғы Алматы облыстық әншілер байқауының, Ақан серіге арналған «Ата мұра» әншілер байқауының лауреаты. Шығыс Қазақстан облыстық Ә. Қашаубаев атындағы және Ә. Найманбаев атындағы 2003 жылы өткен байқаулардың бірінші жүлдесінің иегері.

Қазақ радиосының «Алтын қорына» әндері жазылған.

ЕСЕНҒҰЛОВА ШАХАРБАНУМ

Актриса.

1946 жылы 16 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында дүниеге келген.

КСРО мемлекеттік Ленин орденді академиялық кіші театры жанындағы И. Щепкин атындағы театр училищесінің драмалық театр және кино факультетін бітірген (1972).

1964-1967 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданындағы орта мектепте музыка пәнінен сабақ берді. Торғай, Жезқазған, Орал облыстық қазақ драма театрларында актриса болды. 2001 жылдан Қостанай облыстық І. Омаров атындағы қазақ драма театрының актрисасы.

ҚР еңбек сіңірген әртісі (1980).

ЕШЕКЕЕВ МӘДЕНИЕТ



Әнші.

1936 жылы 16 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының Бородулиха ауылында дүниеге келген.

1957-1964 жылдары Семей облыстық концерттік-эстрада бюросында, 1965-1975 жылдары «Қа-


зақконцертте», 1975 жылдан өмірінің соңына дейін Семей облыстық филармониясында әнші болды.

Ж. Елебековтің алғашқы шәкірттерінің бірі. Репертуарында халық әндерімен бірге Біржан салдың, Ақан серінің, Жаяу Мұсаның, Балван Шолақтың, Абайдың, тағы басқа халық композиторларының әндері кең орын алды.

Өнер дүлдүлінің орындауындағы бірқатар әндер Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылып алынған.

Қазақстанның халық әртісі (1987).

1997 жылдың 2 тамызы күні Семейде қайтыс болды.







ЖАМАҚАЕВ БЕКЕН (БЕКЕНҒАЛИ)

Диктор, актер, композитор.

1931 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Саржал ауылында дүниеге келген.

1950 жылы Семей педучилищесін бітірген. Жасынан өз бетінше әр түрлі музыкалық аспаптарда (домбыра, гармонь, баян, т.б.) ойнауды үйреніп, шебер музыкант атанған.

1946-1948 жылдары Семей драма театрының (қазіргі Семей музыкалық драма театрының) құрамында актер, 1951-1952 жылдары Семей облыстық радиокомитетінде әдеби қызметкер, 1952-1957 жылдары цензор, 1958-1960 жылдары диктор, тағы басқа қызметтер істеді.

Халыққа кең танымал «Сұлу сары», «Сауыншы», «Махаббат вальсі», «Қоштасу», «Түн сыры», «Гүлім қайда?», «Ертіс әні», «Жалғыздық тойы» секілді әндердің авторы.

Семей және Алматы қалаларында Б. Жамакаевтың есімімен аталатын көшелер бар.

1972 жылы қаңтарда Семей қаласында дүниеден өтті.

ЖАНБОЛАТОВ МҰРАТБЕК

Мүсінші.

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген.

1966 жылы Абай орта мектебін тәмамдап, Алматыдағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне оқуға қабылданған. Араға төрт жыл салып қолына диплом алған маман Семейдегі Абай атындағы қазақ музыкалық драма театры-



на жұмысқа орналасады.

Кәсіби мүсінші болуды мұрат еткен ол бұдан соң В. Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік академиялық көркемсурет институтына оқуға түседі. Мұнда Ресейдің небір тума дарындарынан дәріс алады, Италияның Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері мен қылқалам шеберлерінің шығармаларымен кеңінен танысады.

Қазақстан Суретшілер одағы Семей бөлімшесінің төрағасы болған.

КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері.

Суретшілер одағының Семейдегі ғимараты қабырғасына мүсіншіге арнап ескерткіш-такта орнатылған.

2006 жылы дүниеден өтті.

ЖАНИЯРОВ ОЛЕГ



Әнші, композитор.

1945 жылы 5 наурызда Шығыс Қазақстан облысындағы «Лесная пристань» стансасында туған.

Алматы консерваториясын профессор Е. Рахмадиевтің композиция сыныбы бойынша бітірген.

«Бүркіт әні», «Бұл баяғы Қожанасыр» сияқты опералары, «Мерекелік увертюра» атты үлкен симфониялық оркестрге арналған симфониялық поэмасы, «Интернационал туралы», «Адам және жұлдыздар» кантаталары күрделі музыкалық жанрларға құлаш ұрған тұлғалы композитор ретінде танымал етті. Баритон мен фортепьяноға лайықталған «Микеланджело мемориалы» атты вокалдық циклі мен «Петрарконьң сонеттері» атты кларнетке арналған сонатасы да тыңдаушылар жүрегінен берік орын алды.

ЖАҢБЫРБАЕВ ӘБІЛҚАСЫМ



Актер, режиссер.
1927 жылы 1 қаңтар күні Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

Өнер жолын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастады. 1942 жылы Семей облыстық музыкалық драма театрына қабылданды.

Алғашқы рөлі – Молда бейнесі (Б. Майлиннің «Жалбырында»). Сырым, Кебек (М. Әуезовтің «Қарагөзі» мен «Еңлік – Кебегінде»), Науан, Қарабай (Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Дүрбіт (Ә. Тәжібаевтың «Майрасында»), Арыстан (Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасында»), Алдаркөсе (Ш. Құсайыновтың осы аттас пьесасында), Хлестаков (Н. Гогольдің «Ревизорында»), Труффальдино (К. Гольдониің «Екі кожайынға бір қызметшісінде»), Диуана (М. Кәрімнің «Ай тұтылған түнінде»), Аршин (У. Гаджибековтің «Аршин мал аланында»), тағы басқа көптеген сахналық тұлғаларды сомдады. Режиссер ретінде С. Адамбековтің «Аюбайдың ажалы», А. Шамкеновтің «Адасқан қаз», Б. Мұқайдың «Қош бол, менің ертегім» секілді пьесаларды сахналады.

Бірнеше кинофильмдерге түсіп, Құдайменде («Қан мен терде»), Орақбай («Жаушыда»), Ержан («Көгілдір тұмарда») рөлдерін орындады.

Қазақстанның халық әртісі (1970), «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.


ЖОЛЖАҚСЫНОВ ДОСХАН

Актер, әнші.

1951 жылы 7 қазанда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Балықшы ауылында дүниеге келген.

1973 жылы Алматы консерваториясын профессор Х. Бөкееваның сыныбы бойынша бітірген.

1971 жылдан қазіргі Балалар мен жасөс-



пірімдер театрының актері. 1995-2001 жылдары осы театрдың директоры әрі көркемдік жетекшісі болды.

Өнерпаз театр мен кинода 200-ден астам бейнелер сомдады. Театрда ойнаған рөлдері арасында Ақан, Сәмет (Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында»), «Қазақ солдаты» романы бойыншада), Глумов (А. Островскийдің «Адам аласы ішіндесінде»), Әзберген (Ә. Таразидің «Індетінде») бейнелері бар.




Біржан салдың ролінде

Ұлттық кино өнерінің дамуына үлес қосып, Әскербек («Гауһартаста»), Хамит («Даладағы қуғында»), Мұрат («Алтын күзде»), Мұндызбай («Ақ барыстың ұрпақтары», соңғы екеуі «Қырғызфильмде»), Дәуір («Омпада»), тағы басқа рөлдерді орындады.

Халық әндері мен қазіргі қазақ композиторлары әндерін шебер орындаушы ретінде де кеңінен танымал.

Түркі тілдес халықтар театрлары байқауының бас жүлдесін иеленген (1998). Қазақстанның халық әртісі (1995), Қырғызстанның еңбек сіңірген әртісі (1996). Қазақстан Комсомолы сыйлығының (1982) және ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1996).

ЖОЛЖАҚСЫНОВ ЕРІК



Театр және кино актері.

1959 жылы 15 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Қаракас ауылында дүниеге келген.

1977 жылы Мәскеудің Луначарский атындағы театр өнері институтын аяқтаған.

1982 жылдан Қазақ мемлекеттік М. Әуезов атындағы академиялық драма театрында еңбек етті, 1989 жылдан осы уақытқа дейін Ш. Айма-

нов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының актері.

КСРО Кинематографистер одағының мүшесі (1989). Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1998).

ЖҰМАҒҰЛОВ ОРАЗҒАЛИ

Актер, әнші.

1911 жылы Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

1935 жылы Қазақ драма театрының студиясын бітірген. 1930 жылдары Риддердің қорғасын зауытында жұмысшы бола жүріп, осындағы Жұмысшы жастар театрының спектакльдеріне қатысады. 1933-1941 жылдары Қазақ академиялық драма театрында актер болды.

Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы Қозы рөлінің тұңғыш орындаушысы. Ойнаған рөлдері қатарында Жағыпар (С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларында»), Серік (Б. Майлин мен Мүсіреповтің «Амангелдісінде»), Вася (Н. Погодиннің «Менің досымда»), тағы басқа бейнелер бар.

Даңк орденімен марапатталған.

1944 жылы 11 маусым күні майданда ерлікпен қаза тапты.

ЖҮНДІБАЙҰЛЫ НАЗАРОЛЛА (АҒАШАЯҚ)

Әнші, акын, көп қырлы өнерпаз.

1818 жылы бұрынғы Семей губерниясы Өскемен уезі Делбегетей болысының Сапак ауылында дүниеге келген.

Жастайынан қолына домбыра ұстап, ән айтып, серілік құрған. Өлеңді серік қылған ол 18 жасында әнші, акын, сері, балуан деген атаққа ие болады. Екі бақан таңып аттылы адаммен жарысқа түсуі оны ел ішінде Ағашаяқ атандырады. Өнерпаз түрлі аң-құстың әуеніне салған, бет әлпетін құбылтып, неше алуан күлдіргі ойындар көрсеткен.

«Беташар», «Билерге», «Баласы Жүндібайдың атым Назар», тағы басқа мысқыл өлеңдерінде әділетсіз атқамінерлерді шенесе, «Атандым өзім Назар Ағашаяқ», «Жарқылдадым жас күнде», «Кәрілік» секілді өлеңдерінде көңіл күйін, өмірден көріп-түйгенін тақпақ, нақыл

сөздер арқылы білдіреді. Оның «Қаражорға», «Ау, жаным, Жәнікей-ау», «Сары өзен» әндері ел ішіне кең тараған. Өлеңдері Әдебиет және өнер институтының колжазбалар орталығында сақтаулы.

1898 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Саттық қыстағында қайтыс болған.

ЖҮНИСОВ ҚАНАТ



Әнші, актер.

1974 жылы 22 ақпанда бұрынғы Семей облысы Аякөз ауданының Тарбағатай ауылында дүниеге келген.

1991-1994 жылдары Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк училищесінде дәріс

алды. 1994-1998 жылдары Т. Жүргенов атындағы театр және кино институтының музыкалық драма актері бөлімінде оқыды.

1998-2007 жылдары Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дәріс берді. Қазіргі уақытта Қазақстан авторлар қоғамының Астана қаласындағы филиалының төрағасы және Қ. Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрында әдеби бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейді.

Театр сахнасында Үкілі Ыбырайдың, С. Сейфуллиннің, тағы басқа кейіпкерлердің бейнесін сомдаған. «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Біржан сал» фильмінде Біржан салдың шәкіртінің рөлін ойнады.

«Ғашықтар хикаясы», «Махаббат мелодрамасы», «Әншінің пірі Әміре», «Алғашқы махаббат» секілді пьесалары Қазақстанның көптеген театрларында қойылуда.

2006 жылы «Ханшайым» атты алғашқы ән жинағы жарыққа шықты.

Астана радиосында тұрақты өтетін «Хит-парад – Үздік әндер» байқауында Қ. Жүнісов сөзін жазған отызға жуық ән жеңімпаз деп танылған. Республикалық дәстүрлі әншілер байқауының жүлдегері. 2007 жылы «Музыкалық мәдениеттің дамуына қосқан үлесі үшін» атты арнайы дипломмен марапатталды.

ЖҮНИСОВ УАТХАН



1954 жылғы 27 маусымда дүниеге келген.

Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны бітірген.

«Ұланым» (2008), «Ұстазға арнау» (2009), «Домбыра аспабында ойнау шеберлігін арттыруға арналған жаттығулар» (2010) ән-күй жинақтарының авторы.

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-де оқытушы қызметін атқарады. ҚР Музыка қайраткерлері одағының, ҚР Композиторлар одағы Өңірлік өкілдігінің мүшесі.

ЖЫЛЫСБАЕВ БЕКЕН

Әнші.

1923 жылы 9 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Бірбет ауылында дүниеге келген.

1951 жылы Алматы консерваториясын бітірген (Қазақ ұлттық консерваториясы). 1946-1951 жылдары Қазақ радиосы мен Қазақ филармониясында әнші болды. 1951 жылдан Алматы консерваториясында ұстаздық етті.

Қазақ халық әндерін, орыс классиктері мен шетел композиторларының ән-романстарын шебер орындаушылардың бірі. Репертуарында М. Төлебаевтың «Тос мені, тос», «Кестелі ормал», «Қазақстан оттары», Е. Рахмадиевтің «Алматы кеші», «Таң самалы» секілді белгілі әндер бар.

Ленин, 1, 2-дәрежелі Отан соғысы және Еңбек Даңқы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Қазақстанның халық әртісі (1977), професор (1973).





3



ЗАБИРОВА ТОЛҚЫН



Эстрада әншісі.

1970 жылы 17 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында туған.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын және аспирантурасын бітірген.

1993-1995 жылдары Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік

филармониясында қызмет істеді. 1995 жылдан қазіргі уақытқа дейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының вокалдық өнер кафедрасында вокалдық-педагогикалық практика пәнінің оқытушысы.

«Янтарный соловей» (Калининград қаласы, 1996) және «Әлібек Дінішевтің театры» (Алматы қаласы, 1998) атты халықаралық байқаулардың, бірнеше халықаралық эстрада байқауларының лауреаты.







ИМАХАНОВ БЕКЕН



Актер.

1936 жылы 20 қараша күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

1959 жылы Алматы консерваториясын бітірген.

1959 жылдан Семей облыстық музыкалық драма театрының сахнасында өнер көрсетеді. Тұңғыш ойнаған рөлі – Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектакліндегі Қодар. Талантты өнерпаз сахнада Ақан, Бекежан (Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы» мен «Қыз Жібегінде»), Абай (М. Әуезов пен Л. Соболевтің осы аттас трагедиясында), Қобыланды, Кебек (Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыландысы» мен «Еңлік – Кебегінде»), Б. Момышұлы (А. Бектің «Волоколам тас жолы» бойынша қойылған спектакльде), Дуанбасы (Н. Гогольдің «Ревизорында»), Құрманғазы (М. Ибраевтың «Кісен ашқанында»), тағы басқа басты рөлдерді орындады.

1971-1972 жылғы театр маусымында Қазақ академиялық драма театрына шақырылып, бірнеше спектакльге (Файзидің «Башмағымында» Тыңшы рөлі, т.б.) қатысты. «Шәкерімнің соңғы күзі» атты толық метражды фильмде Шәкерім бейнесін жасады.

Қазақстанның халық әртісі (1981).

ИІСОВА ТҰРАТАЙ



Актриса.

1931 жылы 15 қазанда дүниеге келген.

1953 жылы Қазақ драма театры жанындағы театр студиясын бітірген.

1956 жылдан өмірінің соңына дейін Семей қазақ музыкалық драма театрында актриса болды.

М. Әуезовтің «Қара қыпшақ Қобыландысында» – Қарлыға, «Еңлік – Кебегінде» – Еңлік, «Абайда» – Әйгерім, Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында» – Ақтоқты, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында» – Мақпал, Ш. Айтматовтың «Жәмиләсында» – Жәмилә, «Ана – Жер-анасында» – Әлиман, Б. Майлиннің «Шұғасында» – Күлзипа, А. Штейннің «Толасында» – Тата Нерадова, Д. Исабековтің «Әпкесінде» – Әпке, тағы басқа көптеген классикалық, трагедиялық, комедиялық, психологиялық, драмалық бейнелерді сомдады.

Қазақстанның халық әртісі.

1994 жылы 10 шілдеде Семей қаласында қайтыс болған.







КАКИЕВ АРЫСТАНБЕК



Әнші, композитор.

1967 жылы 3 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дүниеге келген.

1974-1982 жылдары Зайсан қаласындағы М. Ломоносов атындағы орта мектепті және Балалар музыка мектебін фортепьяно аспабы бойынша тәмамдады. 1982-1986 жылдары Өскемен музыкалық училищесінің үрмелі аспаптар бөлімінде труба аспабы бойынша білім алды.

1986-1988 жылдары Украинаның Луганск қаласындағы №6633 әскери бөлімінде азаматтық борышын өтеп, полктік оркестр мүшесі болды. 1989-1993 жылдары Зайсан қаласының №2017 әскери шекара гарнизонындағы оркестрде қызмет атқарды. 1993-1995 жылдары Зайсан қаласындағы музыка мектебінде мұғалім және аудандық Мәдениет үйі «Айнакөл» ансамблінің жетекшісі, 1995-1999 жылдары Ұлан ауданының «Бескөл» фольклорлық ансамблінің жетекшісі және Ұлан аудандық мәдениет бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1999 жылы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетін музыка пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп, 1999-2005 жылдары Өскемен қаласындағы Достық үйінде әдіскер, бас маман және көркемдік жетекші болды. Бүгінгі күні С. Аманжолов атындағы

ШҚМУ-дің музыкалық білім кафедрасында оқытушы.

Оңтүстік Кореядан шыққан «Қазақ авторлық әндері» атты караоке-дискісіне 11 әні енгізілген.

VI республикалық «Елім менің» атты патриоттық әндер байқауы «Аманат» номинациясының 1-орын иегері (2010). Тараз, Астана қалаларындағы халықаралық байқаулардың (1997, 2001), Алматы қаласындағы Ә. Бейсеуов атындағы «Армандастар» (1999) және «Жаңа ғасырға – жаңа ән» (2000) республикалық байқауларының әнші-сазгер номинациясы бойынша дипломанты. Облыстық және қалалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты (1998, 1999, 2000, 2002, 2004, 2005).

КӘРМЕНОВ ЖӘНІБЕК

Әнші, жазушы.

1949 жылы 22 наурыз күні Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келді.

Алматы эстрада-цирк өнері студиясын Ж. Елебековтің сыныбы бойынша және ҚазМУ-ді бітірген. Дарынды әнші «Өнер» баспасында редактор, Алматы консерваториясында кафедра меңгерушісі қызметін атқарған.

Ән өнерінде ерекше орны бар, артына өшпейтұғын із қалдырған күміс көмей әнші көптеген халық композиторларының шығармашылық өмірі мен мұрасын насихаттау және олардың ұмытылған ән мәтіндерін қалпына келтіру ісіне мол үлес қосты. Кезінде Қазақ радиосы мен теледидары арқылы А. Сейдімбекпен





Ж. Қарменов пен Қ. Байбосынов

бірге халық әншілері мен әншілік дәстүр туралы хабарлар жүргізді. Өнер тақырыбына арналған «Ақылбайдың әні», «Ғашықтың тілі», «Махабат әні», тағы басқа кітаптары жарық көрді.

Қазақстан Комсомолы сыйлығының (1984) иегері. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1990). 1996 жылы есімі Қарауыл ауылындағы музыка мектебіне берілді.

1992 жылы 22 маусымда дүниеден озды.

КЕТЕГЕНОВА НҮРИЯ (АЛТЫН)

Өнертанушы.

1937 жылы 16 ақпан күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында дүниеге келген.

Алматы мемлекеттік консерваториясын және аспирантурасын бітірген. 1959 жылдан осы консерваторияда оқытушы болды.

Қазақстан композиторлары мен музыкатанушылары туралы анықтамалықтардың (1968, 1973), «Қазақ музыкасының абызы» (1999), «Өнер өрінде» (2000), «Ерлікке толы өмір» (2002), «Қазақ музыка әдебиеті» (1995, 2000, Ү. Жұмаковамен бірге) атты еңбектердің, мақалалар мен телерадиохабарлардың авторы.

Өнертану ғылымдарының кандидаты (1967), профессор (1995).

КӨПЕНҮЛЫ БЕРІКБОЛ (АҒАШАЯҚ)

Әнші, домбырашы, сан қырлы өнерпаз.

1861 жыл шамасында қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында туған.

Өз заманының серісі өнердің көптеген түрлерін меңгерген. Екі аяғына бақан байлап желген аттыға ілесу, шапқан аттың сауырында аяғын жоғары көтеріп тұру, тұғырда отырып жерден тақия алу сияқты цирктік ойындарды шебер орындаған. Неше түрлі жан-жануардың, құстардың даусын, жүріс-тұрысын, мінезін айнытпай бейнелеген. Домбыраны алдына, артына ұстап, тіпті башпайларымен де тартатын шебер болған. Арқаның 8 пернелі домбырасына 2 перне қосып, 10 пернелі, 3 ішекті домбырада ойнаған.

Репертуарында «Абылайдың кара жорғасы», «Ақсақ құлан», «Алты қаз», «Бозайғыр», «Саймақтың сары өзені», тағы басқа халық әндері мен күйлері болған. Өзінің төл шығармаларынан «Аяғым-ай», «Ахахау-ахау», «Ой, жиырма бес», «Жиырма жеті қыз», «Жетім әні», «Құдіреттің кер тайы-ай» секілді бірқатар әні сақталған.

1932 жыл шамасында қайтыс болған.

КӨШЕРОВ ОРАЛХАН

Әнші, композитор.

1959 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Топтерек ауылында туған.

Еңбек жолын аудандық мәдениет бөлімінде әнші болып бастаған. Өмірінің соңғы 10 жылында ән жазумен айналысты. Артында елуге тарта әсем әні қалды.

Әйгілі «Достарға» әнін белгілі әнші Мақпал Жүнісова нәшіне келтіре орындап, республикаға танытты.

Алматыдағы «Мәлікә» студиясынан марқұмның бірнеше әні жазылған ұнтаспасы, 2005 жылы «Есіңе мені алғайсың» атты ән жинағы шықты.

2001 жылы қайтыс болған.

КІШКЕЙҮЛЫ ИТЕШ

Би, шешен.

1825 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында дүниеге келген.

Ақшәулі болысына қарасты тоғыз старшын ауылды басқарған би болған. Сөз сайысы, билік-тартыста Итеш ешкімге дес бермеген.

Тайлақ төремен жиі сөз қағыстырады екен. Екеуінің шешендік сөз сайысын жұрт әдейі іздеп барып тыңдаған деседі. Ел арасындағы түрлі даулы мәселелердің әділ шешілуіне қатысып, төрелік айтқан. Ел аузында Итештің шешендік сөздері көп сақталған.

1905 жылы дүниеден озған.







ҚАБЫЛБАЕВ МӘДЕНИЕТ

Сәулетші.

1936 жылы 12 мамыр күні Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген.

1966 жылы қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университетін бітірген. 1967-1974 жылдары «Алматыгипрогор» жобалау институтында сәулетші және жобалаудың бас сәулетшісі қызметін атқарған. 1974 жылдан «Казгипроторг» жобалау институтының директоры болды.

Алматы қаласындағы бұрынғы Жайылым шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының, Қазақстан Жазушылар одағы Шығармашылық үйінің, «Интурист» қонақүйінің және басқа да көптеген ғимараттардың сәулетшісі.

ҚАЗЫХАНОВА БӘТЕШ

Мәдениеттанушы.

1929 жылы 14 наурыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

1951 жылы ҚазМУ-ді бітірген.

1968-1996 жылдары Алматы консерваториясында элеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Консерваториядағы 40 жылдан аса қызметінде философия, эстетика, қазақ мәдениетінің тарихы саласындағы ғылыми ізденістері мен қоғамдық жұмыстарда өзін жоғары санаттағы кәсіби маман ретінде таныта білді. Қазақстандық эстетикалық мектептің негізін қалаушылардың бірі.

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен эстетикасы жайында 50-ден астам ғылыми мақала жария-

лады, жиырма шақты ғылыми жинақтардың қосымша авторы болды, 2 ғылым докторы, 5 ғылым кандидатына жетекшілік етті. «Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті», «Халықтың эстетикалық тәрбиесіндегі көркемдік мұраның орны», тағы басқа еңбектері бар.

Медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Философия ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі.

ҚАМБАРОВ ЖҰМАБЕК

Әнші, композитор, драматург.

1950 жылы 1 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында туған.

Өнер мектебінің әншілер даярлайтын бөліміндегі Ж. Елебековтің сыныбында дәріс алды.

1975 жылы Абай атындағы музыкалық драма театрына қабылданды. Әнші ретінде Абай, Біржан, Естай, Ақан сері әндерін асқақатата шырқап, құлақ құрышын қандырған өнерпаз «Қаракөзде» – Асан, «Менің атым Қожада» – Қожа, «Еңлік – Кебекте» – Жапал, «Кісінейді құлындарда» – Дулат, тағы басқа рөлдерді сомдады.

Түрлі мақала жазу арқылы қаламын ұштаған өнер иесі 1975 жылы «Аққу әні» пьесасын жазды. Содан бері үлкенді-кішілі оннан аса пьесаны дүниеге әкелді. «Жер-ана неге күрсінеді?», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Жаралы жүрек», «Желтоқсан жаңғырығы» сияқты туындыларын жұртшылық жылы қабылдады. Семей полигоны тақырыбына да алғаш рет драмалық шығарма жазған.

1980 жылы Семей облыстық телерадиокомпаниясы әдебиет-өнер редакциясына қызметке шақырады. Осында жүріп талай жас таланттың тұсауын кесті. Ол дайындаған «Халық таланттары», «Самал», «Өнеге», «Ән әлемі» сияқты әдеби-музыкалық хабарлар республикалық эфирге де шықты.

Елуден астам әннің, «Мұхтар асуы», «Сахнагер» кітаптарының авторы.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚАШАУБАЕВ ӘМІРЕ



Біртуар әнші, актер әрі музыкант.

1888 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қайнар ауылында дүниеге келген.

1921-1924 жылдары Семейде құрылған қазақ жастарының ағарту ұйымы «Ес-аймаққа» мүше болып, әншілік өнерін шындай түсті. 1924 жылы осы қалада ұйымдастырылған халық өнерпаздарының байқауында әншілер сайысына қатысып, Қ. Байжановпен бірге бас бәйгеге ие болды. 1925 жылы Қызылордада өткен Қазақстан Кеңестерінің V съезіне делегат болып әрі делегаттар үшін ұйымдастырылған концертке қатысты.

1925 жылы Париж қаласында өткен Бүкіл-дүниежүзілік көрмеде этнографиялық концертке қатысып, «Ағашаяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қос балапан», тағы басқа әндерді орындап, 2-бәйге мен күміс медальді иеленді. «Париж апталығы» газеті мен «Ле музыкаль» журналы Әміренің сирек кездесетін талант екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа (күйтабаққа) Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алған.

Әміре шетелде өнер көрсеткен тұңғыш қазақ әншісі болды. Арнайы шақыртумен кел-

ген әнші 1927 жылы сәуір айында Мәскеу консерваториясының залында қазақ әндерін шырқады. Сол жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында өткен халықаралық музыкалық көрмеде концертке қатысып, тағы да қазақтың халық әндерін әлемге паш етті.

Әміренің әндерін дүние жүзі мәдениетінің ірі өкілдері Р. Роллан, А. Барбюс, А. Луначарский, тағы басқалар жоғары бағалаған. А. Затаевич Әміреден көптеген әндерді («Балқадіша», «Дудар-ай», «Бес қарагер», «Көк көбелек», т.б.) жазып алып, «Қазақтың 500 әні мен күйі» (1931) жинағында жариялады.

1925 жылы Мәскеуде Әміренің орындауында фонографқа жазылып алынған «Жалғыз арша», «Үш дос», «Ағашаяқ», «Дудар-ай», «Бесқарагер» әндерін 1974 жылы музыка зерттеуші әрі күйші-домбырашы Ж. Шәкәрімов тауып, олар техникалық өңдеуден өткеннен кейін қайтадан күйтабаққа түсірілді.

Әміре – әнші ғана емес, қазақтың ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі. 1925 жылы Қызылордада ашылған Қазақ мемлекеттік драма театрының алғашқы актерлерінің қатарында болды. Осы театрда 1926 жылы Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясы алғаш қойылғанда Жапал ролінде ойнады. Кейіннен Қоскелді, Қойшы, Жарас, Ақын (М. Әуезовтің «Қарагөз», «Бәйбіше – тоқал» және «Айман – Шолпанында»), тағы басқа әр алуан кейіпкерлердің бейнесін сомдады.

1933 жылға дейін театрда әнші-актер болған Әміре 1934 жылы музыкалық театрға (қазіргі Қазақ академиялық опера және балет театры) ауысады.

Әншінің өмірі мен шығармашылығы туралы Ж. Шәкәрімовтің «Әміре» (1973), «Ән жұлдызы» (1978), «Әміре Қашаубаев» (1980) атты зерттеу еңбектері, Қ. Жармағамбетовтің «Әнші азамат» (1951) және М. Токжігітовтің «Ән атасы – Әміре» (1972), Н. Ановтың «Ән қанаты» (1956) кітаптары жарық көрді.

Ән атасы атанған бірегей тұлға 1934 жылы 6 желтоқсанда қайтыс болды.

ҚОЖАБЕРГЕНОВ ОСПАНҒАЛИ

Дәстүрлі сыбызғышы.

1906 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданында дүниеге келген.

Дарынды өнер иесі сыбызғыны 12-13 жасында сол өңірге белгілі сыбызғышы Мұсадан үйренген. 1957 жылы Республикалық халық шығармашылығы үйінің арнайы шақыруымен Алматыға келіп, «Ақсақ кой», «Сары өзен», «Жорға аю», «Күйсандық», «Жетім қыз», «Өрелі көк», «Жетім бала», «Кенес күйі», «Көк бұқа», «Боз інген», «Аққабаның толқыны», «Желкен», «Балжынкер» деген күйлер жаздырды.

1957-1958 жылдары Алматы консерваториясында сабақ берді. Өнерпаз домбыраға арналған күйлерді де жете меңгеріп, сыбызғы күйлерін екі аспапта да тарта білген.

1966 жылы дүниеден озды.

ҚУАНДЫҚОВ ҚАЖЫҒҰМАР

Театр сыншысы.

1927 жылы 19 қыркүйек күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шар ауданындағы Қараш ауылында дүниеге келген.

1954 жылы Мәскеу театр өнері институтының казак студиясын бітірген.

1954-1956 жылдары Қазақ академиялық драма театрының труппасында актер болды. Бұдан кейін бұрынғы Республикалық халық шығармашылығы үйі (1956-1958) мен Әдебиет және өнер институтында (1961-1963), «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында (1964-1967) қызмет етті. 1968-1971 жылдары «Қазақ Кеңес Энциклопедиясының» бас редакциясында аға ғылыми редактор болды.

«Серке Қожамқұлов», «Тұңғыш ұлт театры», «Театрда туған ойлар» атты кітаптары жарық көрген. 1950 жылдары театр сынымен шұғылданып, пьесалар мен спектакльдердің, жеке театрлар мен актерлер шығармашылығының мәселесін сөз ететін көптеген сын мақалалар жазды. Өзге ел драматургтерінің пьесаларын қазақшаға аударды.

1971 жылы 17 наурызда Алматы қаласында қайтыс болды.

ҚҰЖЫМАНОВ ЕРЛАН

Әнші.

1969 жылы 4 ақпанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген.



1986 жылы орта мектепті бітіріп, 1986-1994 жылдары Қарағанды пединститутының көркемсурет факультетінде білім алды.

1994-1996 жылдары осы институтта, 1996-2004 жылдары Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің философия-психология факультетінде ұстаздық етті. Қазақ философиясының тарихы, мәдениеттану, дінтану пәндерінен дәріс оқыған. 2004-2007 жылдар аралығында Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің музыка факультетін тәмамдады.

Арқа өңірінің әлі де халыққа танылмай жатқан ақын-композиторларының шығармаларын зерттеп, Қазақ радиосының «Алтын қорына» тапсырған. Дүниежүзілік өнер фестивальдерінде (Франция, Австрия, Германия, Түркия, Оңтүстік Корея) қазақ өнерін, мәдениетін насихаттап келеді.

1992 жылы Алматы қаласында студенттер арасында өткен «Студенттер көктемі» атты республикалық ән байқауында бас жүлдені жеңіп алған. 1995 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық Ә. Қашаубаев атындағы, 1997 жылы Тараз қаласында өткен халықаралық Ш. Қалдаяқов атындағы әншілер байқауларының жеңімпазы. 1998 жылғы «Шабыт» фестивалінде ән байқауы бойынша 1-орын алып, Ж. Елебеков атындағы республикалық әншілер байқауында лауреат атанды. Республикалық М. Бапиұлы атындағы байқаудың жеңімпазы.

ҚҰЖЫМАНОВ ЖОЛАМАН

Әнші.

1958 жылы 17 наурызда дүниеге келген. Семей технологиялық институтын бітірген.



Семей облысының Абай атындағы сазды драма театрында қызмет істеп, Әміре Қашаубаев атындағы филармониясында әнші болған. Қазір Алматы қаласы «Сазген сазы» ансамблінің әншісі.

Республикалық өнер байқауларының лауреаты.

ҚҰЖЫМАНОВ ТЕЛЬМАН

Әнші.

1966 жылы 15 желтоқсанда бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келген.

1974-1984 жылдары Ақсуат қазақ орта мектебінде оқып, 1985-1987 жылдары әскери



борышын өтеген. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің өнер және музыка факультетін тәмамдаған.

1987-1989 жылдары Семейдегі Ә. Қашаубаев атындағы облыстық филармонияда әнші болды. 1989-1991 жылдары Ж. Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк студиясында Қ. Байбосыновтың сыныбында оқыған. 1991-1994 жылдары «Отырар сазы» оркестрінде әнші болып, 1994-1998 жылдары Ықылас Дүкенұлы атындағы ұлт-аспаптар мұражайында қызмет еткен. 1998 жылдан Астана қаласы мемлекеттік филармониясының әншісі.

1992 жылы Шымкент қаласында өткен республикалық Ә. Қашаубаев атындағы әншілер байқауының лауреаты.

ҚҰМАҚАЙҰЛЫ КӘЛЕК

Сыбызғышы.

1930 жылы 20 мамырда дүниеге келген.

Сыбызғыны 8 жасынан үйрене бастаған Кәлек үшін бұл өнер жеті атасынан бері үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі үрдіс еді. Әкесі Құмақай да, Өтеміс, Делдал және тағы басқа арғы аталары да елге сыбызғышы ретінде мәлім болған. Мәселен, әкесі Құмақай Шамғынұлы 1944 жылы Алтай қазақтарының көтерілісіне қатысып, Оспан батырды қолдауға Моңғолиядан әскер қатарында барады. Осы соғыста жүргенде





ел-жұртын аңсап «Сағыныш» деген күй шығарады. Оспан батырдың ұйымдастыруымен өткен бір алқалы жиында Құрыш деген атакты сыбызғышымен күй сайысына түсіп, жеңіп шығады. Кейін «Құрбыма», «Кең жайлау» сияқты күйлерді дүниеге әкеледі. Құмақайдан тәлім алған Кәбетай Уатханұлы, Жұмайхан Ташынұлы, Нағашыбай сияқты шәкірттері оның өнерін жалғастырған. Ал Делдал Сасанұлы Алтай, Қобда аймағына аты шыққан сыбызғышы және батыр, қамшыгер адам екен. Оның «Жаяу Делдал», «Жеті атым» күйлері бүгінге дейін жетіп, орындалып жүр.

Ал Баян Өлгий аймағының Тұлба ауылындағы сегіз жылдық мектепті бітірген бозбала Кәлек ел арасындағы той-томалақтарда сыбызғы тартып, елге кең таныла бастайды. 1958 жылы жаңадан ашылған аймақтық музыкалық драма театрына шақырылып, халық аспаптар оркестріне сыбызғышы болып орналасқан.

Осы ұжымда қызмет атқара жүріп музыкалық білімін жетілдіре түседі. 1960 жылы Баян Өлгий аймағының 20, театрдың 10 жылдығына арналған өнер байқауларында өнер көрсетіп, үлкен сахна төрінде халық қошеметіне бөленген. Аймақтың танымал өнерпазына айналған Кәлек Монғолияның он сегіз аймағында, 1965 жылы Тыва АССР-інде, 1967 жылы Таулы Алтайда, 1974 жылы Қырғызстан, Польша, Германия, Чехия және Мәскеу сахналарында өнер көрсетеді. 1967 жылы Таулы Алтайда зерттеуші ғалым Б. Сарыбаевпен кездесіп, ұнтаспаға сыбызғы күйлерін жазып береді. Еліміздің сол кездегі астанасы Алматыға келіп, музыка фестивальдеріне қатысады.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауылында тұратын К. Құмақайұлы – Баян Өлгийдегі сыбызғы дәстүрінің бірегей мұрагері. Қазақ еліне жүзге тарта сыбызғы күйлерін жеткізіп, еліміздің мәдени қорына өзінің мол мұрасын қосып отыр. Көпшілікке белгісіз күйлерді орындаумен қатар олардың шығу тарихына байланысты аңыз-әңгімелерді де жетік біледі. Қазақстанда тұңғыш рет сыбызғы күйлеріне арналған кітаптың шығуына қосқан үлесі өте зор. Жинақтағы аңыздар мен күйлердің барлығы дерлік сол кісінің айтуы, орындауы бойынша жазылып алынған және оған Кәлек күйшінің өзі шығарған «Арман», «Бақыт құшағында», «Шопан сазы» атты күйлері енгізілген.

Монғолияның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

ҚҰРМАНҒАЛИЕВА ЖАННА

Сценарийші.

1969 жылы 24 наурызда Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

1993 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философия факультетін саясаттану мамандығы бойынша үздік бітірген. Жапонияда «Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар және масс-медиа» бағдарламасы бойынша мамандық алған (2004).

1993-1998 жылдары Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппаратында қызмет атқарды. 1998-2000 жылдары Шығыс Қазақстан облысы бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасын басқарды. 2000-2002 жылдары ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім



министрлігінің электрондық БАҚ бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 2002-2004 жылдары ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі БАҚ департаментінің директоры. 2004 жылдың тамыз айынан бастап сектор меңгерушісі, ҚР Президенті баспасөз қызметінің бас инспекторы болды. 2005 жылдың маусым айында ҚР Президенті баспасөз қызметі басшысының орынбасары, 2008 жылдың наурыз айынан бастап ҚР Президенті баспасөз хатшысының орынбасары, 2008 жылғы 27 мамырдан ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы қызметтерін атқарды. 2010 жылғы 19 наурыздан бастап ҚР Мәдениет министрлігінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалды.

20-дан астам деректі фильм сценарийлерінің авторы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ҚЫДЫРАЛИН СІЛӘМБЕК

Актер.

1908 жылы 20 қазан күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында дүниеге келген.

1927-1930 жылдары Семейдегі қазақ мектебінде білім алып, ауылдық мектепте бала оқытты. Семейдегі мұғалімдер даярлайтын курста дәріс алды (1933). Осында жүріп қаладағы драма үйірмесіне қатысты.



1934 жылы Семейде облыстық қазақ драма театры (қазіргі облыстық қазақ музыкалық драма театры) ұйымдастырылғанда осы ұжымда еңбек етті. Кебек, Еспембет, Қобыланды, Абай (М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегінде»), «Қара қыпшақ Қобыландысында»

және Л. Соболевпен бірге жазған «Абайында»), Тарғын, Бекежан (Е. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Қыз Жібегінде»), Балуан (Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында»), Дуанбасы (Н. Гогольдің «Ревизорында»), Назар (А. Александровтың «Малиновкадағы үйлену тойында») секілді көптеген кейіпкерлер бейнесін сомдады. Кино өнеріне де атсалысты.

Қазақстанның халық әртісі (1954). «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған.

1983 жылы 27 ақпанда Семей қаласында қайтыс болды.









МАҚСҰТОВ МҰРАТ

Театр суретшісі.

1946 жылы 1 қаңтар күні Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Есенгелді ауылында дүниеге келген.

1972 жылы Алматының көркемсурет училищесін бітірген. Сол жылдан бастап Қарағанды облыстық драма театрында суретші, бас суретші болып, көптеген спектакльді көркемдеді.

Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» комедиясы – дарынды өнерпаздың театр сахнасында алғаш көркемдеген спектаклі (1972). М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек» (1973) пен «Дос – Бедел дос» (1981), Д. Исабековтің «Әпке» (1980), С. Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» (1982), С. Жүнісовтің «Өліара» (1982), Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1984), М. Кәрімнің «Ай тұтылған түні», А. Островскийдің «Найзағай» (1975), Н. Гогольдің «Үйлену» (1976), У. Шекспирдің «Макбет» (1979) пен «Асауға тұсау» (1984), «Отыз ұлың болғанша...» («Арбаң аман болсын», 1984), тағы басқа спектакльдердің декорациясын жасады.

1997 жылдан Акмола облыстық қазақ музыкалық драма театрында қызмет етеді.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1986).

МАНАП МҰХТАРХАН

Театр және кино актері.

1943 жылы 15 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Сарыөлең ауылында дүниеге келген.

М. Щепкин атындағы КСРО академиялық кіші театры жанындағы театр училищесінің актерлік факультетін бітірген (1972).

1958 жылдан кеңшарда жұмысшы, жүргізуші және 1972 жылдан Жезқазған, 1990 жылдан Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театрларының әртісі болды. 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін Ж. Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театрының директоры.

ҚР Театр қайраткерлері одағының мүшесі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған (1975). Қазақ КСР-інің Құрмет кітабына енген (1976). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі (1978).

МАЦИПУЛО ОЛЕГ



Актер, режиссер.

1948 жылы 17 ақпанда дүниеге келген.

1974 жылы Владивостоктағы театр және өнер институтының режиссерлік бөлімін бітірген.

Жамбыл атындағы Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының режиссері.

Бірнеше пьесаның, 50-ге тақау актерлік, 40-тан астам режиссерлік жұмыстың авторы. С. Аманжолов атындағы ШҚМУ студенттік театрының көркемдік жетекшісі.

Мемлекеттік мәдениет және өнерді қолдау қорының құрмет белгісімен марапатталған. ҚР мәдениет қайраткері.

МӘЛІКОВ ЕРНАР

Продюсер.

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай өңірінде дүниеге келген.



Павлодар индустриалдық институтын, Алматы энергетика институтын, экономика және консалтинг университетін бітірген.

1994 жылы Алматы қалалық мәслихатының депутаты болды. ҚР Президентінің Адам құқығы жайлы

эксперттік комиссиясының мүшесі.

Бүгінде «MG Production» кинокомпаниясының бас продюсері, «Баспана-кредит» орталығының басшысы, «ASI-A» құрылыс компаниясы басшыларының бірі.

МЕКІШЕВ БАХТАЖАР

Мәдениеттанушы, тарихшы, қаламгер.

1927 жылы 12 сәуірде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абыралы ауданының Қайнар ауылында дүниеге келген.

Мәскеу мемлекеттік университетін (1949), осы университеттің аспирантурасын бітірген (1952).

1952-1954 жылдары Мәскеу қаласындағы ХШЖК-де экскурсия жүргізуші-аудармашы ретінде қызмет етті. 1957-1960 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болды, 1960-1999 жылдары ҚазМУ-де «Жеті муза» қоғамын ұйымдастырды.

«Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театры», «Әлемнің жеті кереметі», «Өнер әлеміне саяхат», «Достық мектебі», тағы басқа кітаптардың авторы.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1984).

МҰҚАНОВ ФЛОБЕР

Суретші.

1939 жылы 14 желтоқсанда Семей қаласында дүниеге келген.

1960 жылы Алматы көркемсурет училищесін, 1978 жылы Мәскеудегі МКАТ студиясының қоюшы-суретшілік бөлімін бітірген. Сол жыл-

дан Қазақ академиялық драма театрында суретші болып еңбек етті.

Қазақ сценография өнерінің дамуына мол үлес қосқан суретші «Майра» (Ә. Тәжібаев), «Шыңғыс хан» (Иран-Ғайып), «Абай», «Хан Кене» (М. Әуезов), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» (Ғ. Мүсірепов) секілді спектакльдердің декорациясын жасады. Орыс және ұйғыр театрларындағы көптеген спектакльдердің де қоюшы-суретшісі болды.

Пейзаж жанрында да өзіндік қолтаңбасы бар. Графика, акварель, темперада салған шығармалары мемлекеттік және жеке қорларда сақтаулы.

Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген өнер қайраткері (1988). КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының (1978), Халықаралық сценографтар қауымдастығы мен ҚР Театр қайраткерлері одағының мүшесі.

МҰҚЫШЕВ ТАЛҒАТ

Сыбызғышы.

1962 жылы бұрынғы Семей облысы Ақсуат ауылында туған.

1992 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің жолдамасымен сыбызғы аспабын дамыту мақсатында Башқұртстандағы Уфа мемлекеттік консерваториясының курай-сыбызғы сыныбы-



на білім алуға жіберіледі. 1995 жылы еліміздегі алғашқы кәсіби сыбызғышы ретінде Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптары факультетіне оқытушылыққа қабылданады. Кезінде академик А. Жұбанов, зерттеуші ғалым Б. Сарыбаев сынды өнер қайраткерлері бастаған игі шаралар қайта жанданып, оқу орнында сыбызғы сыныбын ашуға мүмкіндік туады.

1997-2000 жылдары Республикалық Ұлан президенттік оркестрінде жеке орындаушы-сыбызғышы болды. Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрі және Н. Тілендиев атындағы академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрлермен көптеген концерттерге шығып, өнер көрсетті. 1995 жылдан Қазақ ұлттық консерваториясында сыбызғы сыныбы бойынша аға оқытушы болып келеді.

Оның орындауындағы сыбызғы күйлері Қазақ радиосының «Алтын қорына» енген. «Естайдың Қорланы» атты спектакльді, «Көшпенділер» кинофильмін сыбызғы үнімен дыбыстандырды. 2003 жылы сыбызғы күйлерінен өз орындауында «Сыбызғы сыры» атты ұнтаспа шығарды. 2007 жылы «Мәңгілік сарын» атты сыбызғы-қобыз күйлер жинағының және 2010 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» атты күйлер жинақтарының кіріспесін жазып, көптеген сыбызғы күйлерін жинап, осы антологияның құрастырушылары қатарында болды. 2005 жылы жарық көрген «Сыбызғы сазы» атты кітаптың авторы.

Өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚР мәдениет қайраткері. Республикалық және халықаралық фестивальдардың лауреаты. Америка, Франция, Германия, Италия, Швейцария, Мысыр, Оңтүстік Корея, Қытай, Түркия, Ресей, Башқұртстан, Өзбекстан, Қырғызстан, тағы басқа елдерде өткен халықаралық музыка фестивальдеріне қатысып, бірнеше рет жүлдегер атанды.

МҰХАМЕДЖАНОВ ТӨЛЕГЕН

Композитор, қоғам қайраткері.

1948 жылы 27 шілде күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының Бөген ауылында туған.

1969 жылы Семей пединститутын бітіріп, осы қаладағы педагогтік училищеде оқытушы (1969-1973) болды. Алматы мемлекеттік консер-



ваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірді.

1980-1982 жылдары Мәскеу консерваториясында ассистент-стажер болып, 1982-1986 жылдары Алматы консерваториясында педагогтік қызметпен айналысты. 1987-1988 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрының директоры, 1990-1992 жылдары «Азия дауысы» халықаралық байқауының бас директоры, 1992-1996 жылдары «Мәдениет арқылы бейбітшілік» халықаралық ассоциациясы Қазақстан бөлімшесінің төрағасы, 1996-1998 жылдары «Рухани келісім конгресі» халықаралық қоғамдық қорының президенті, Астана қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

12 жасынан ән шығара бастаған музыка майталманы әр алуан музыкалық жанрларда жемісті еңбек етті. Хорға арналған күй (1977) мен симфониялық оркестрге арналған «Күй толғаудың» (1978), «Махамбет» симфониялық поэмасының (1979), «Алдаркөсе» операсы мен «Ғажайыптар елі» зонг-операсының (екеуі де 1980), кинофильмдер мен спектакльдерге арналған музыканың және бірталай әндердің авторы. Көптеген әндері Р. Бағланованың («Іңкәрім»), Р. Рымбаеваның («Заман-ай»), Н. Үсенбаеваның («Ақжелкен») және Г. Сикымбаеваның («Мен деп ойла»), басқа да айтулы әншілердің репертуарынан орын алды.

«Парасат» орденімен марапатталған. ҚР Парламенті Сенатының депутаты.



МҰХАМЕДИЯРОВА РАИСА



Актриса.

1939 жылы 11 шілдеде бұрынғы Семей облысының Көкпекті ауылында дүниеге келген.

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік пединституты шетел тілдері факультетінің ағылшын бөлімін бітірген (1962).

1960 жылдан «Қазақфильм» киностудиясында, 1995 жылдан Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік жасөспірімдер мен балалар театрында актриса болды.

ҚР Кинематографистер одағының мүшесі (1962). ҚР еңбек сіңірген әртісі (1990).

МҰХАМЕДҚИЗИ МАЙРА



Әнші.

1969 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келген.

Қытай халықтары Орталық университетін үздік бітірген.

Го Шу Жень Пекин консерваториясында тәжірибеден өткен, Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының аспирантурасын профессор Н. Шәріпованың жетекшілігімен аяқтаған.

2002-2004 жылдары Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі. 2004-2005 жылдары Гранд-опера солисі (Париж). 2005 жылдан келісімшарт бойынша Ұлттық операда жұмыс істейді (Вашингтон).

ҚР еңбек сіңірген әртісі. «Тарлан» сыйлығының (2001), «Қазақстан Жыл таңдауы» ұлттық фестиваль-байқауы «Жыл адамы» атағының иегері (2004). Әлемдік және халықаралық деңгейдегі көптеген өнер байқауларының жеңімпазы және жүлдегері.

МҰХАМЕТСАДЫҚОВ СЕРАЛЫ

Көне ұлттық аспаптарды зерттеуші және шебер орындаушы.

1978 жылы 8 қазанда Шығыс Қазақстан облысының Есім ауылында дүниеге келген.



1995 жылы Семейдегі №16 мектепті бітіріп, 1996-1998 жылдары Құнанбай қажы медресесін тәмамдаған. 1999-2004 жылдары М. Әуезов атындағы Семей мемлекеттік университетінде дәріс алды.

Шаңқобыз, қылқобыз, шертер, абызғы, дауылпаз, сазсырнай аспаптарын меңгерген. Қазақтың көне сақ-түркіден келе жатқан күркіреме-көмей әуенін тұңғыш орындап, зерттеуші.

1995 жылғы облыстық «Жігіт сұлтаны» сайысының бас жүлдегері. 1999 жылғы республикалық «Шабыт» фестивалінің, 2009 жылы Ресей Федерациясының Алтай Республикасында өткен халықаралық қарахыр-көмей әуені бойынша байқауының, Моңғолия, Хакасия, Саха елдерінде өткен фестивальдардың лауреаты. 2000 жылғы «Жас қанат» байқауындағы «Алтын қобыз» сыйлығының, Алтай Республикасының Чорос-Гуркин атындағы сыйлығының иегері.

МЫРЖЫҚБАЙ КЕНЖЕҒАЛИ

Әнші, өнертанушы.

1953 жылдың 3 сәуірінде Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген.

1970 жылы Абай ауданындағы Сарыжал орта мектебін бітіріп, Семей қаласындағы М. Төлебаев атындағы музыка училищесінде оқыған. 1972 жылы Алматы консерваториясына түсіп, 1976 жылы Ленинград консерваториясына ауысады. Оны 1981 жылы опера әншісі, камералық концерттік әнші және оқытушы мамандықтары бойынша аяқтайды. 1996 жылы Т. Жүргенов атындағы өнер академиясын музы-



ка театрының режиссері мамандығы бойынша бітірген.

1981-1996 жылдары Абай атындағы опера және балет академиялық театрында жетекші әнші, 1996-1997 жылдары Л. Гумилев атындағы Еуразия университетінде доцент, 1997-1998 жылдары Ақмола облыстық филармониясының директоры, 1998-2007 жылдары Қазақ ұлттық музыка академиясында жеке дауысты әншілер кафедрасының меңгерушісі, 2007-2009 жылдары Шығыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының бастығы болған. 2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік филармониясының директоры.

ҚР еңбек сіңірген әртісі (1991). Өнертану профессоры (2003).







НАЗАРБЕК КЕНТАУ

Әнші, композитор.

1965 жылы 5 наурызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген.

1982 жылы Абай атындағы орта мектепті бітірген. 1986 жылы Семейдің Шәкерім атындағы пединститутының көркемсурет факультетіне түсіп, 1991 жылы тәмамдаған.

1992 жылы облыстық жастар комитетіне қызметке тұрып, жастар өміріне белсене араласады. 1994 жылдан қалалық мәдениет басқармасын басқарды.

Алпысқа жуық әннің, соның ішінде халық көкейінен шыққан «Бір бәйтерек, бір шынар» атты әннің авторы бүгінде шығармашылық өрлеу шағында.

1993 жылғы «Үкілі үміт» атты республикалық композиторлар байқауының, Ұлы Абайдың



150 жылдық мерейтойына арналған қалалық, республикалық композиторлар байқауының жүлдегері.

НОҒАЙБАЕВА ГҮЛДАНА



Әнші.

1979 жылы 3 шілдеде бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданында туған. Семей қаласындағы Шәкерім атындағы мектеп-гимназияны, Семей мемлекеттік қаржы институтын экономист-қаржыгер мамандығы бойынша бітірген.

2001 жылдан Мәдениет сарайында әнші.

1998 жылы Шымкент қаласында өткен халықаралық Ш. Қалдаяқов атындағы әншілер байқауының 2-орын жүлдегері, 1999 жылғы «Татар жыры-99» байқауының лауреаты. 2000 жылы республикалық «Жас қанат» байқауында дипломант, 2002 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалі мен республикалық Е. Хасанғалиев байқауының лауреаты болды.

НҰРАЗХАН АЛМАС

Мәдениеттанушы.

1964 жылы Зайсан қаласында дүниеге келген.

1979-1983 жылдары Васнецов атындағы Абрамцево көркемөнер-өндіріс училищесінде (Ресей), 1987-1992 жылдары Т. Жүргенов атындағы театр және көркемөнер институтында, 2004-2006 жылдары Қазақ құқық және халықаралық қатынастар институтында білім алды.

1992-1996 жылдары Алматы қаласындағы «Алас» кооперативінің, 1997-1998 жылдары «Балалар мен жасөспірімдердің өнер орталығы» қоғамдық бірлестігінің директоры болды. 1998-2000 жылдары ҚР Суретшілер одағы төрағасының орынбасары, 2000-2004 жылдары Абай атындағы ҚҰУ көркемөнер-графика факультеті сәндік-қолданбалы өнер кафедрасының меңгерушісі болса, 2004-2007 жылдары «Дарын-Арт» ЖШС көркемөнер-өндірістік компаниясының, 2007-2009 жылдары Астана қаласында орналасқан Мәдениет пен өнерді қолдау мемлекеттік қорының директоры қызметтерін атқарды. 2009 жылдан Астана қаласындағы «Қазақстан халқын рухани дамыту қоры» АҚ президенті.

Педагогика ғылымдарының кандидаты.

ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркемөнер академиясының академигі.

НҰРАЗХАН ЕРКІН

Суретші, өнертанушы.

1953 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Жалғызтал ауылында туған.



1974-1978 жылдары Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде, 1978-1986 жылдары Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтында оқыған.

1982-1992 жылдары «Балдырған» журналының көркемдеуші редакторы; 1993-2002 жылдары «Түркістан» қоғамдық-саяси апталығының суретшісі, бөлім меңгерушісі; 2002-2005 жылдары «Өнер» баспасының бас редакторы болды. 2006-2007 жылдары Ә. Қастеев атындағы Өнер мұражайында бөлім меңгерушісі, бүгінгі күні осы мұражай директорының орынбасары.

«Ұлт пен рух» мақалалар жинағы (2003), «Кімге күлеміз?» сатиралық суреттер альбомы (2005) жарық көрген.


Қазақстан Суретшілер және Журналистер одағының мүшесі. ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

НҰРМҰХАМЕДОВ НАҒЫМБЕК

Кескіндемеші, өнертанушы.

1924 жылы 6 қараша күні туған.

1940-1942 жылдары Алматы театр-көркемсурет училищесінде, 1947-1953 жылдары Ленинградтағы (Санкт-Петербург) кескіндеме,



мүсін және сәулет институтында оқыды. 1961 жылы А. Герасимовтың шеберханасы бойынша КСРО Көркемсурет академиясы жанындағы аспирантураны бітірген. Ұлы Отан соғысының ардагері.

Қондырғылы кескіндеменің әр түрлі жанрында жұмыс істеп, оқиғалы картина саласында «Даладағы өрт» (1959-1963), «Әкем келе жатыр» (1960), «Бес қаруың сай болсын» (1965), тағы басқа шығармаларын; «Кенес Одағы Әскеритеніз флотының адмиралы И.С. Исаков» (1964-1965), «Кенес Одағының Батыры М. Ғабдуллин» (1969) портреттерін; «Теміртау су қоймасы» (1959), «Алатау беткейінде» (1966) пейзаждарын салды. Бүкілодақтық және республикалық көрмелерге қатысты. Жеке өзінің 7 көрмесі болды. Еңбектері Канадада, Бельгияда, Югославияда, Финляндияда көрмелерге қойылды. Қазақстанның бейнелеу өнері жөніндегі бірнеше кітаптар мен альбомдардың авторы.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1978). 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Қазақстанның халық суретшісі (1974), өнертану ғылымдарының кандидаты (1961).

1986 жылы 17 желтоқсан күні қайтыс болды.

НҮРПЕЙІС БАҚЫТ

Театртанушы.

1970 жылы 14 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Қаратал ауылында дүниеге келген.

1995 жылы Алматы мемлекеттік театр және кино институтының театртану факультетін профессор Б. Құндақбайұлының жетекшілігімен бітірген. Сол жылдан Әдебиет және өнер институтының театр, кино және теледидар бөлімінде ғылыми қызметкер болды.

Театр өнері, спектакльдер мен сахна шеберлері жайында жазылған отыздан астам мақалалары республикалық газет-журналдарда, ұжымдық жинақтарда жарық көрді.

1997 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында педагогтік қызметпен (2004 жылдан доцент, кафедра меңгерушісі) айналысады.

Өнертану ғылымдарының кандидаты (1999).







ОМАРОВ АҚЫШ

Актер.

1955 жылы 15 қазанда бұрынғы Семей облысы Көкпекті ауданының Үлкен Бөкен ауылында дүниеге келген.

Алматы қаласындағы театр және көркемөнер институтын бітірген.

1982-1985 жылдары Семейдің Абай атындағы драма театрында, 1985-2003 жылдары Алматы қаласындағы М. Әуезов атындағы драма театрында, 2003-2005 жылдары Астана қаласындағы М. Горький атындағы орыс драма театрында еңбек етті. 2005 жылдан Астана қаласының Қ. Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театрында жұмыс істеп келеді.

1992 жылы Е. Аманшаевтың «Үзілген бесік жыры» спектакліндегі жетістігі үшін Жастар сыйлығының иегері атанды. 2001 жылы ҚР Президентінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Мәдениет қайраткері.

ОМАРОВ БЕРІК

Әнші.

1975 жылы бұрынғы Семей облысының Аягөз ауданында туған.

1992 жылы Семей қаласындағы Ш. Құдайбердиев атындағы орта мектепті, 1997 жылы Алматыдағы Өнер академиясын бітірген.

1997-2000 жылдары Семей қаласындағы Ә. Қашаубаев атындағы филармонияда әнші, 2000-2005 жылдары өндіріс орындарында мәдени іс-шаралар жөніндегі аға маман болып



қызмет етті. 2005 жылдан Семейдегі облыстық «Еураз-шоу» ән театрында солист әнші.

2007 жылы Алматыда «Ел» продюсерлік орталығы өткізген «Инжу-маржан» концертінде, «Алтыбақан», «Дала-думан», «Жеті саз», «Ауылдың алты ауызы» бағдарламаларында ән шырқады.

Ж. Елебеков, К. Әзірбаев, Ә. Қашаубаев, Ә. Найманбаев атындағы республикалық байқаулардың және «Шабыт», «Ертіс әуендері» фестивальдерінің, тағы басқа ән сайыстарының лауреаты.

ОРАЗБЕКОВ ӘЛІМБЕК




Режиссер.

1953 жылы 27 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақжар қаласында дүниеге келген.

Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының театр факультетін (1975), Алматы мемлекеттік Т. Жүргенов атындағы театр-көркемсурет институтының актерлік факультетін драма режиссері мамандығы бойынша (1993) бітірген.

1975 жылдан Талдықорған драма театрының актері болды. 1994 жылдан қазіргі уақытқа дейін С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының бас режиссері.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2000). ҚР Мәдениет министрлігінің Құрмет Грамотасымен (2002) марапатталған.





ӨГІЗБАЕВ ЖАҒДА (ЖАҒУДА)



Актер.

1912 жылы 1 қаңтар күні Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

1935 жылы Қазақ академиялық драма театры жанындағы студияны бітірген. Сахналық жолын 1931 жылы Риддердің Жұмысшы жастар театрынан бастады. 1933-1962 жылда-

ры Қазақ академиялық драма театрында еңбек етіп, Кебек, Жүніс, Сапар, Ербол, Алшағыр (М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Түнгі сарын», «Тастүлектер», «Сын сағатта» және «Қара қыпшақ Қобыландысында»), Махамбет (М. Ақынжановтың «Исатай – Махамбетінде»), Жанбозов (М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің «Намыс гвардиясында»), Айбас (Ә. Әбішевтің «Қырағылығында») сияқты күрделі, сан алуан сахналық рөлдерді орындады.

Кино өнерінде Толағай («Алып туралы әнде», 1942), Әбіш («Абай әнінде», 1945), Малбағар («Дала қызында», 1954), Өтеш («Бұл Шұғылада болған едіде», 1955) бейнелерін сомдады.

1948 жылдан Қазақ академиялық драма театры студиясында педагогтік қызметпен шұғылданды. 1958 жылы Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты.

2 рет «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1962).

1962 жылы 8 қазанда Алматы қаласында қайтыс болған.

ӨЛМЕСЕКОВ КЕЛДЕНБАЙ



Әнші.

1953 жылы 25 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында дүниеге келген.

Қаратоғай орта мектебін бітіріп, әскери міндетін өтейді. Республикалық эстрада студиясының

әншілер бөлімін 1977 жылы бітіріп шығады. Қазақ өнерінің қос бәйтерегі Жүсіпбек Елебеков пен Бекен Жылысбаевтан дәріс алып, олардың баулуында болған. Еңбек жолын Өскемен филармониясынан бастап, 1978 жылы Семейдің Ә. Қашаубаев атындағы филармониясына қызметке келді. Бүгінде репертуарында 300-ге тарта халық әндері, Абай, Ақылбай, Ақан, Біржан, Ағашаяқ, Үкілі Ыбырай, Мұхаметжан, Майбасар, Уәйіс, Міржақып, Жаяу Мұсаның және бүгінгі композиторлардың әндері бар. Бұлардың арасында Шәкерім, Шәкір әндері бір төбе.

Келденбай – бүкіл республикада Шәкерім әндерінің бірден-бір орындаушысы. Шәкерім әндерінің ноталық негізін алғаш қағазға түсірген Талиға Бекхожина болса, олардың түпнұсқаға ең жақын орындаушысы – Ниязбек Алдажаровтан кейін – Келденбай. Қазір әнші Шәкерімнің жиырмадан астам ән-күйлерін орындайды. Тек орындаушы ғана емес, терең білімді шәкерімтанушы, әрбір әннің шығу тарихын, туу себебін тыңдаушыға жете түсіндіре алатын тамаша насихатшы. «Шәкерімнің музыкалық мұрасы» және «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» атты лекция-концерттерімен кең-байтақ елімізді аралап жүр.

Әншінің 25 әні Ілия Жақановтың редакторлығымен шыққалы жатқан лазерлі дискілі қазақ әндерінің антологиясына енді.

Республикалық Әміре Қашаубаев атындағы халық әндерін орындаушылар байқауының лауреаты (1980), Алматыда өткен музыка

зерттеушілері байқауының дипломанты (1990). ҚР Президентінің Грамотасымен, ҚР Мәдениет министрлігінің «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

ӨМІРЗАҚОВА ӘМИНА



Әйгілі актриса.

1919 жылы 8 наурыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген.

1938 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) сахна өнері техникумының қазақ студиясын бітірген. 1938-1940 жылдары Шымкент облыстық драма театрының труппасында,



«Тақиялы періште» фильмінің кадры: Ә. Өмірзақова мен Б. Төлегенова

1942-1949 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында қызмет істеді. 1949 жылдан Қазақ академиялық жастар мен балалар театрының актрисасы болды. Ойнаған рөлдері қатарында Баян (Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Луиза (Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатында»), Смерильдина (К. Гольдониінің «Екі мырзаға бір қызметкерінде»), Шәуәли (М. Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсаринінде»), Қалампыр шешей (Ш. Уәлихановтың «Тағдырында»), Глумова (А. Островскийдің «Адам аласы ішіндесінде»), тағы басқалар бар.

1942 жылдан киноға түсіп, Ажар («Абай әнінде», 1945), Мұғалима («Қанатты сыйлықта», 1956), Айша («Бір ауданда», 1960), Ана («Ана туралы аңызда», 1963), Тана («Тақиялы періштеде», 1968), тағы басқа кейіпкерлерді бейнелеген. Әмина Өмірзақова қатысқан 30-дан аса фильм әлі күнге көрерменнің қошеметіне бөленіп, кино өнерінің алтын қазынасына айналуға.

Қазақстан және Орта Азия республикаларының кино өнері бойынша өткен байқауларының сыйлығын екі мәрте иеленген. Қазақстанның халық әртісі (1965). Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1966), «Тарлан» сыйлығының иегері (2001). Көптеген орден-медальдармен марапатталған.

Кино әлемінің қайталанбас тұлғасы 2006 жылы 26 қыркүйекте дүниеден озды.

ӨТЕПБЕРГЕНОВ МЕҢТАЙ

Киноактер.

1946 жылы 7 тамыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының Беген ауылында дүниеге келген.



1968 жылы Мәскеу цирк училищесі Алматыдағы филиалының клоунада және пантомима бөлімін, 1974 жылы Бүкілодақтық кинематография институтын бітірген.

1969-1970 жылдары «Гүлдер» ансамбліде өнер көрсетті. 1974 жылдан «Қазақфильм» киностудиясының актері. 40-тан астам киноға түскен. «Біз – ересектер» (1980), «Жаушы» (1980), «Ақ шаман» (1983), «Жеңімпаз» (1984), «Интердевочка» (1991), «Шанхай» (1996), тағы басқа фильмдерде ойнаған.

«Маркалардағы әлем киносының тарихы» атты кітаптың авторы. Бұл кітаптың тұсаукесер рәсімі Канн қаласындағы халықаралық кинофестивальде өтті.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1996). ҚР Кинематография одағының ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін «Құлагер-2009» ұлттық кинематография жұлдесінің иегері.







ПОПОВ ЕВГЕНИЙ

Актер.


1928 жылы 1 сәуір күні Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының Үлкен Нарым ауылында дүниеге келген.

1948 жылы Орыс академиялық драма театры жанындағы студияны бітірген. Сол жылдан Орыс академиялық драма театрында актер болды. Осы театрдағы 40 жылдан астам уақыт ішінде орыс, қазақ және шетел драматургтерінің пьесаларында ойнады. Ипполит, Дороднов (А. Островскийдің «Мысыққа күнде той бола бермесі» мен «Кешіккен махаббатында»), Гогин, Нил, Яков Бардин (М. Горькийдің «Жауыздар», «Тоғышарлар», «Жауларында»), Хлестаков (Н. Гогольдің «Ревизорында»), Жүніс (М. Әуезовтің «Түнгі сарынында»), Освальд (У. Шекспирдің «Король Лирінде») секілді көптеген кейіпкерлерді сахнаға шығарды.

«Дала қызы» (1954), «Мазасыз көктем» (1956), «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Ән шақырады» (1961), «Көкжиек» (1972), тағы басқа киноларға түсіп, бұл өнер саласында да шеберлігімен танылды.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1960).

1997 жылы 7 сәуірде қайтыс болды.





Р



РАҚЫМОВ ӘУБӘКІР



Режиссер.

1950 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Таскескен ауылында туған.

1968 жылы Қазақ академиялық драма театры жанындағы актерлік студияны бітіреді.

1968-1970 жылдары Жамбыл облыстық драма театрында актер, 1972-1974 жылдары Қызылорда облыстық қазақ драма театрында актер, режиссердің ассистенті болып еңбек етті. 1979 жылы Мәскеудегі театр өнері институтын бітірген. Сол жылдан Қазақ академиялық драма театрында режиссер болды. Бүгінде Қазақ ұлттық өнер академиясында ұстаздық етеді.

Елуден астам спектакльдерді, соның ішінде Р. Сәрсенбаевтың «Түнгі диалог»; Н. Хикметтің «Фархад – Шырын»; А. Сүлейменовтің «Төрт тақта – жайнамаз», «Жетінші палата», «Кек»; С. Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр», Ж. Мольердің «Ақымақ болған басым-ай» драмаларын; М. Әуезовтің «Қилы заманы», Б. Майлиннің әңгімелері бойынша әзірленген қойылымдарды сахналаған. Олардың бірқатары республикалық театр фестивальдерінің жүлделерін иеленген.

Махамбет атындағы сыйлықтың иегері (1996). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998).

РАҚЫМОВ ХАЙДАР

Кескіндемеші.

1917 жылы 17 тамызда Өскемен қаласында дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1948 жылы Алматы көркемсурет училищесін және 1965 жылы ҚазПИ-ді бітірді.

«Абайдың туған жерінде» (1949), «Бұқтырма СЭС-і» (1958) «Ульбаның жаңа көпірі», «Комбайншы Ұрқымбаевтың портреті», «Кенді Алтай» (1964), «Балықшылар», «Менің Қазақстаным» (1965), «Шұғыл тапсырма», «Тың көтерген «Чапаев» кеңшары» (1970) сияқты картиналар топтамасы – өнер иесінің қабілет-қарымын дәлелдеген шығармалар.

Қызыл Жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.

1980 жылы 9 мамырда қайтыс болды.

РАХИМОВ ТҮРСЫНҒАЗЫ

Әнші, актер, композитор.

1951 жылы 15 қазанда бұрынғы Семей облысы Аягөз ауданының Малтыкөл ауылында дүниеге келді.

Алматыдағы эстрадалық-цирк колледжін бітірді. 1994 жылы «Сәби болғым келеді» деген атпен әндер жинағы шықты.

«Дариға, домбырамды берші маған», «Отыздан асып барамын», «Мен сені сағынғанда», «Санаулы күн, санаулы ай, санаулы жыл», «Сәби



болғым келеді» секілді тамаша әндерді жазған композитордың барлығы жүзге тарта әні бар.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. М. Мақатаев атындағы сыйлықтың иегері. Республикалық деңгейдегі бірталай өнер байқауларының лауреаты.

РАХМАДИЕВ ЕРКЕҒАЛИ



Композитор, педагог, қоғам қайраткері.

1932 жылы 1 тамыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген. *үмір - 9.04.2013г.*

1952 жылы Алматы музыка училищесін, 1957 жылы Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірді. 1957-1958 жылдары Мәскеу қаласында КСРО Композиторлар одағы жанындағы мамандық жетілдіру курсына оқыды.

1959 жылы Қазақ филормониясының көркемдік жетекшісі, 1961-1965 жылдары Қазақстан Мәдениет министрлігінің өнер істері бас басқармасының бастығы, 1966-1967 жылдары Қазақ академиялық опера және балет театрының директоры, 1967-1975 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры, 1968 жылдан Қазақстан Композиторлар одағы

басқармасының хатшысы, 1990-1993 жылдары Қазақстан Мәдениет министрі болды. 1993 жылдан шығармашылық жұмыста.

Е. Рахмадиевтің шығармашылығынан қаһармандық-патриоттық тақырып негізгі орын алды. Композитор өз шығармашылығында қазақ халық музыкасының бай мұрасы мен классикалық музыкалық өнер жетістіктерін шебер пайдалана білді. Симфониялық, опералық, вокалдық-аспаптық, камералық шығармалары кәсіби ұлттық өнердің өрісін кенейтіп, жанрлық салаларын байытты.

Көрнекті композитор «Қамар сұлу» (1963), «Алпамыс» (1972), «Тың тынысы» (1980) операларының; «Амангелді» (1956), «Толғау» (1960), «Дайрабай күйі» (1961), «Мейрам күйі» (1966), «Құдаша-думан» (1973), «Ортпа» (1977) атты симфониялық поэмалардың; «Сәлем саған, Айастан» (1968), «Мерекелік кантата» (1970), «Конституция туралы поэма» (1977) канталарының; хорға арналған «Балқаштағы кеш» (1962), «Көктем үні» (1977) атты вокалдық-хореографиялық шығармалардың және «Таң самалы» (1963), «Туған ел», «Өз елім», тағы басқа ән-романстардың авторы.

1971 жылы Мәскеуде өткен Дүниежүзілік музыка кеңесі 4-конгресінің делегаты. Еңбек Қызыл Ту және Халықтар достығы ордендерімен марапатталған. Қазақстанның (1975) және КСРО (1981) халық әртісі, профессор (1979). Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының «Древо жизни» халықаралық сыйлығының (2010) иегері. Еңбек Ері (2010).

РАХЫМБАЕВ МӘУЛЕТ

Композитор.

1948 жылы 7 наурызда Семей қаласында туған.

1966 жылы орта мектепті бітіріп, М. Төлебаев атындағы музыка училищесінің музыка теориясы бөлімінде оқыды. 1969 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияға профессор Қ. Қожамияровтың композиция сыныбына оқуға қабылданды.

Оның авторлығымен алыт аспабына арналған «Соната», «Күй», виолончельге арналған «Монолог» және С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы бойынша жазылған «Азап вагоны» атты поэмалық шығармалары дүниеге

келді. Үлкен симфониялық оркестр үшін сюита және поэма, қазақтың ұлттық ақындарының өлеңдеріне отыздан аса әндер мен романстар жазды. Бұл шығармалары түрлі концерттерде жиі орындалады.

Семей қалалық концерттік-гастрольдік дирекциясының көркемдік кеңесінің төрағасы, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі.

РЫМБАЕВА РОЗА

Әйгілі эстрада әншісі.

1957 жылы 28 қазанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының Жалғызтөбе стансасында дүниеге келген.

1984 жылы Алматы театр-көркемсурет институтын бітірген.

1976-1979 жылдары республикалық «Гүлдер» эстрадалық жастар ансамблінің, 1979 жылдан «Қазақконцерт» бірлестігінің солисі.

Күміс көмей әншінің репертуарында қазақ әндерінен басқа ТМД елдерінің, шетел халықтарының әндері бар. 1976 жылдан бері гастрольдік сапармен Болгарияда, Венгрияда, Германияда, Кубада, Польшада, Чехословакияда, Ауғанстанда, Америкада, Франция-



«Әлия». Орындайтын Р. Рымбаева





да, Түркияда, тағы басқа елдерде болды. Осы заманғы композиторлардың шығармаларымен қатар халық әндерін де («Бір бала», «Сәулем-ай», «Кебек», «Назқоңыр», «Әгугай», т.б.) өзіндік үн-бояуымен нақышына келтіре орындайды.

1977 жылы Болгарияда өткен эстрада әншілерінің дәстүрлі халықаралық байқауына қазақстандықтардың ішінен тұңғыш рет қатысып, бас бәйге – «Алтын Орфей» жүлдесін жеңіп алды. 1977 жылы Сопотта, 1979 жылы Стамбулда өткен халықаралық байқаулардың лауреаты, 1983 жылы Кубада өткен «Гала-83» халықаралық байқауының бас жүлдегері болды.

Қазақстанның халық әртісі (1986). Бүкілодақтық (1985) және Қазақстан Комсомолы сыйлығының (1976), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (2004). «Парасат» орденімен (2001) марапатталған. Көптеген халықаралық сыйлықтар мен атақтарды иеленген.

РЫСҚАЛИ ЕРЛАН

Әнші.

1982 жылы 15 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Қосағаш ауылында дүниеге келген.

1995-2001 жылдары А. Жұбанов атындағы республикалық арнаулы музыкалық мектеп-интернатында білім алған. 2001-2005 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық әні кафедрасында оқыған. Аталған оқу орнының ассистент-стажерлығын Қайрат Байбосыновтың сыныбы бойынша бітірген.

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында жеке орындаушы, әнші, республикалық «Қазақстан» ұлттық телеарнасында редактор-жүргізуші болды. Қазіргі таңда Қазақ радиосының редактор-жүргізушісі.

Сегіз сері, Біржан сал, Ақан серілерден бастау алған Арқа әншілік мектебінің жалғастырушы өкілі.

М. Уәлиқызы атындағы халықаралық, Ж. Елебеков атындағы республикалық, Ә. Найманбаев атындағы аймақтық және «Асыл мұра», М. Бапиұлы атындағы байқаулардың жүлдегері. Н. Тілендиев атындағы II халықаралық әнші-күйшілер байқауы мен Әміре Қашаубаев атындағы VII республикалық дәстүрлі әншілер байқауында лауреат атанды.









САҒЫМБАЕВ МАУЛҰТХАН

Кинооператор.

1916 жылы қараша айында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында туған.

1936 жылы Алматы киношежіре студиясының кинооператор бөлімінде оқиды. Сол жылдан бастап деректі фильмдер түсірумен айналысып, 40 жылдан астам уақыт ішінде «Комсомолға 25 жыл!» (1946), «Қазақстан шабындықтары мен жайылымдары» (1956), «Каспий аңыздары» (1958), «Сәлем, Мәскеу!» (1959), «Қазақстанның алғашқы шойыны» (1960), «Ертістегі қала» (1962), «Қазақ даласының аңыздары» (1967), «Бибігүл ән шырқайды» (1969), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1969), «М. Әуезов туралы сыр» (1975), «Бүгінгі Қазақстан» (1986), «Сәтбаев әлемі» (1988) және тағы басқа деректі фильмдердің кинооператоры болды.

«Құрмет Белгісі» орденімен, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1969).

САҒЫМБАЕВА БАЯН

Әнші.

1951 жылы 14 наурызда бұрынғы Семей облысының Абай ауданында туған.

16 жасында М. Әуезовтің «Қаракөзінде» Қаракөз рөлін ойнап танымал болды. Келесі жылы одақтық байқауға қатысып, Б. Майлиннің «Жалбыр» пьесасында Қадишаның рөлін сомдады.

Сексенінші жылдар басында «Қазақконцертте» алты жыл еңбек етіп, Өзбекстан, Түрікмен-



стан, Башқұртстан, Удмуртия, Қарақалпақстан елдерінде гастрольдік сапарларда болды.

Қазір Семей қаласындағы М. Төлебаев атындағы саз колледжінде ұстаздық етеді.

Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Бүкілодақтық жастар сыйлығының иегері. БЛКЖО Орталық Комитетінің, Мәдениет министрлігінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған. Есімі Абай ауданының Құрмет тақтасына жазылған. Көптеген ән сайыстарының жеңімпазы және жүлдегері.

САДЫҚОВА УӘСИЛА

Өнертанушы, педагог.

1931 жылы 19 қыркүйекте Семей қаласында туған.

1953 жылы Қазақ қыздар педнститутын бітіріп, орта мектепте мұғалім болды.

1956-1960 жылдары ҚР Мәдениет министрлігінде аға инспектор, 1961-1970 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, 1971-1977 жылдары Мәдениет министрінің орынбасары, 1977-1987 жылдары Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап сауда істері жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары, 1987-1992 жылдары Қазақстан Орталық мұражайында музыка мәдениеті бөлімінің меңгерушісі болып жауапты қызметтер атқарды. 1987 жылдан одақтық дәрежедегі зейнеткер.

КСРО Баспа ісінің үздігі (1981). Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен және «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Өнертану ғылымдарының кандидаты (1973), Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1981).

САЙЫРОВ ЕРЛАН



Өнертанушы.
1970 жылы 25 шілдеде дүниеге келген.

Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын тәмамдаған.

Астана қалалық ішкі саясат департаментінің директоры, Парламент Мәжілісі

ақпарат-сараптама бөлімінің меңгерушісі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі қоғамдық-саяси департаментінің директоры, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдени саясат және өнертану институтының директоры қызметтерін атқарған.

Саяси ғылымдар кандидаты.

САҚАТОВ МАРАТ



Режиссер.

1947 жылы 27 тамызда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Ақбұлақ ауылында дүниеге келген.

1966 жылы Боран орта мектебін бітіріп, 1970 жылдарға дейін ішкі істер бөлімінде

қызмет етті. 1976 жылы Мәскеудегі жоғарғы театр училищесін сырттай бітірді.

1975-1977 жылдары Марқакөл халықтық драма театрында режиссер болып, сахнаға «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Абай», «Ақан сері – Ақтоқты», тағы басқа кесек туындыларды шығарды. Марқакөл аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Өскемен мәдени-ағарту училищесінің оқытушысы, Семей облыстық драма театрының режиссері ретінде де өзін таныта білді.

1987 жылы Алматы қаласына қоныс аударып, Қазақ драма театрында редактор қызметін атқарды. Ал 1990 жылдан өмірінің соңына дейін «Тамаша», «Бауыржан-шоу» ойын-сықақ отауларында режиссер болды.

Сықақтары бірнеше кітап болып жарық көрген.

2000 жылдың 1 наурызында Алматы қаласында дүниеден өтті.

САЛЫҚОВ МАҚСҰТ



Актер.

1927 жылы 26 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған.

1952 жылы Алматы театр училищесін бітірді. 1952-1956 жылдары Семей музыкалық драма театрында, 1957 жылдан

өмірінің соңына дейін Жамбыл облыстық драма театрында актер болды.

Қодар, фон Эберсман, Мирошкин (Ф. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Амангелді» және «Қазақ солдаттында»), Базаралы, Қазан, Көтібар (М. Әуезовтің «Абай», «Қара кыпшақ Қобыланды» мен «Айман – Шолпанында»), Мәлік (Ә. Тәжібаевтың «Көңілдерінде»), Тағдыр (Ә. Әбішевтің «Белгісіз батырында»), Таласбай (Ш. Құсайыновтың «Тоты – Тамиласында»), Хасен (Қ. Байсейітов пен Қ. Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-айында»), Забелин (Н. Погодиннің «Кремль куранттарында»), Дуанбасы, Яичница (Н. Гогольдің «Ревизоры» мен «Үйленуінде»), басқа да көптеген рөлдерді орындаған.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1966).

1977 жылы 25 тамызда қайтыс болды.

САЛЫҚОВ МЕДЕТ



Әнші.

1977 жылы Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданының Тарбағатай ауылында дүниеге келді.

1992 жылы орта мектепті тәмамдап, Семей қаласындағы М. Төлебаев атында-

ғы музыка колледжінде, содан соң Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында Б. Тілеуханның сыныбы бойынша сабақ алады.

2000 жылдан Астана қаласындағы Президенттік оркестрде қызмет істейді.

«Жібек сезім», «Ақ орамал», «Аяла», «Нағашыма», «Өмір өлшемі» секілді бірқатар әннің авторы.

Д. Рақышев атындағы республикалық байқаудың лауреаты.

САРИН ЕРБОЛ

Дәстүрлі әнші.

Ол 1962 жылы 2 қазанда бұрынғы Семей облысы Абай ауданының Архат ауылында дүниеге келген.

1985 жылы Алматы қаласындағы эстрадалық өнер студиясына (қазіргі Ж. Елебеков атындағы колледж) атақты әнші-композитор, жазушы, Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс Ж. Кәріменовтің сыныбына түсіп, 1987 жылы оқып бітірді.

Өнердегі ең алғашқы жолын Целиноград облысының мемлекеттік филармониясында бастады. Осы филармонияда еңбек ете жүріп, 1988 жылы Алматыда өткен Ә. Қашаубаев атындағы ІІ республикалық әншілер байқауына қатысып лауреат атанды. 1992 жылы Целиноград музыкалық училищесінде домбырамен ән салу сыныбын ашу мақсатында қосымша жұмысқа шақырылды. 1993 жылы С. Сейфуллин атындағы пединститутқа түсіп, 1997 жылы Л.Н. Гуми-



лев атындағы Еуразия ұлттық университетін бітірді.

1998 жылы Президенттің қолдауымен ашылған, әлем әртісі, профессор А. Мұсақожаева басшылық еткен ҚазҰМА-ға аға ұстаздыққа қалдырылды.

Қазақстан Республикасының әншілік өнерін дамыту жолына қосқан еңбегі үшін Құрмет Грамоталарымен марапатталды. Қазіргі кезде Қазақ ұлттық өнер университеті Дәстүрлі ән департаментінің доценті.

САРИНА ГҮЛМИРА



1972 жылы туған.

2002 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген.

1996 жылы «Алты қырдың астынан ән шырқаймын, Естісе замандасым келер ме екен?..» атты тұңғыш концертін өткізген.

1999 жылғы «Шабыт» фестивалінің лауреаты.

2002 жылғы Әміре Қашаубаев атындағы дәстүрлі орындаушылар байқауының лауреаты.

2007 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

2007 жылдан ҚР Президенттік мәдениет орталығында театр және концерт қызметінің театр солисі болып қызмет атқарады.

САЯБӨЛЕКҰЛЫ БАҒАНАЛЫ

Домбырашы.

1895 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында дүниеге келген.

Шығыс Қазақстан мен Арқа өңіріндегі халық композиторлары күйлерін шебер орындаған. Майталман домбырашының орындауында Тәттімбет, Тока, Раздық, Байжігіт, тағы басқа күйші-композиторлардың туындылары өз ерекшелігімен кейінгі ұрпаққа жетті.

1937 жылы Алматыда өткен халық өнерпаздарының I-слетіне қатысқан.

Қайтыс болған жылы белгісіз.

СӘКИЕВА КҮЛӘШ



Актриса, әнші.

1920 жылы 15 ақпанда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында туған.

1941 жылы Алматы театр училищесін бітірген. Актерлік қадамын сол жылы Жамбыл облыстық драма театрында М. Әуезовтің «Қара

қыпшақ Қобыланды» спектаклінде Күнікейдің рөлін ойнаудан бастады. Осы театр сахнасында М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегінде» – Еңлік; Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» мен «Қыз Жібегінде» – Баян, Қыз Жібек; Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатында» Луиза рөлдерін сәтті ойнап, көрермендер сүйіспеншілігіне бөленді. 1952 жылы Семейдің музыкалық драма театрына ауысып, содан былай осы ұжымда жемісті еңбек еткен.

Әнші ретінде ол кең дауыс тілейтін халық әндерін шебер, нақышпен орындауымен танылған.

2 мәрте «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

1958 жылдан Қазақ КСР-інің халық әртісі.

СЕЙІТҚАЗИН ОРАЗҒАЛИ

Қобызшы-ұстаз, дирижер.

1950 жылы туған.

Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда қылқобыздан дәріс алды. Профессор Б. Сарыбаевтың халқымыздың көне музыкалық аспаптар ансамбліне мүше болды.

Қылқобызда шебер ойнауы арқасында «Қыз Жібек», «Құлагер» сияқты танымал фильмдерді музыкалық жағынан көркемдеді.

Семейдегі музыкалық колледжде республикалық деңгейдегі қылқобыз сыныбын ашты. 1975 жылы «Әсем» ансамблінің құрамында Франция жұртшылығын домбыра мен қобыз үніне таңғалдырып қайтты. Бұл күнде Шәкерім атындағы Семей мемлекеттік университеті музыка кафедрасының аға оқытушысы.

Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі.

СЕМБАЕВ ТОЛҒАНБАЙ

Әнші.

1964 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданында туған.

Ж. Елебеков атындағы колледжді бітірген. 1989 жылдан Семей филармониясында әнші.

Орындаған әндері Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылып, «Мәңгілік сарын» күйтабағына кірді. 2009 жылы Республика сарайында өткен «Шығыс жұлдыздары» концертіне қатысты.

2002 жылы Қытай Халық Республикасы Тарбағатай аймағының қалаларында, 2006 жылы Алтай аймағының қала-аудандарында семейлік



өнерпаздармен бірге өнер көрсетті. 2010 жылы түркі тілдес халықтардың «Ұлы дала сазы» дәстүрлі өнер орындаушылары халықаралық фестивалінде арнайы сыйлықпен және дипломмен марапатталды. 2010 жылы шыққан «Қазактың 1000 әні» атты кітап пен күйтабаққа Т. Сембаев орындаған Ә. Найманбаевтың «Инжу-Маржан» әні және халық әні «Жан ерке» енгізілді. Ә. Қашаубаев атындағы республикалық байқаудың 1992 жылғы дипломанты, 1995 жылғы лауреаты. Ә. Найманбаев атындағы 2002 жылғы облыстық әншілер байқауының бас жүлдегері. «Жасұлан» әскери әндер байқауының лауреаты. ҚР мәдениет қайраткері.

СЕРІК ТОҚТАР

Әнші.

1975 жылы 16 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген.

1999 жылы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірген. Қазақтың халық әндері мен халық композиторларының, қазіргі композиторлардың шығармаларын шебер орындаушы.

Бірқатар әндердің («Ерке қыз», т.б.) авторы.

2001 жылғы Ш. Қалдаяқов атындағы әншілер байқауының, 2002 жылғы «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының лауреаты.

Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері.



СМАҒҰЛОВ (ЫСМАҒҰЛОВ) БАҚЫТЖАН



Балет әртісі.

1965 жылы 4 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Шар ауданында туған.

1984 жылы Ленинградтың (Санкт-Петербург) А. Ваганова атындағы мемлекеттік хореография училищесін бітірген.

1984-1995 жылдары Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры құрамында соло-биші болып, осы театрда әр жылдары қойылған А. Рыбников, А. Хачатурян, Л. Минкус пен А. Аданның тағы басқа композиторлардың балеттерінде негізгі партияларды орындады.

1988 жылғы республикалық «Жігер» фестивалінің, Мәскеуде өткен бүкілодақтық жас бишілер мен балетмейстерлер байқауының, сондай-ақ Варна мен Парижде өткен халықаралық бишілер байқауының лауреаты.

1995 жылдан Қазақстанның халық әртісі.

СТЕПАНОВ АНАТОЛИЙ



Суретші.

1940 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Маралды ауыда туған.

Мәскеудің Суриков атындағы мемлекеттік академиялық институтын тәмамдаған.

Сурет өнерімен 40 жылдан астам айналысады. Полотнолары мейірімділік пен ізгілікке толы. Суретшінің тума таланты, шығармашылығындағы өзіндік ерекшелігі жанына жақын екі жанрда – пейзаж бен натюрмортта толық ашылған.

Дербес көрмелері Қазақстанның түрлі қалаларында, Дания, Грекия, Италия, Панама, Нидерландия, Ұлыбритания тәрізді шетелдерде өткізілді.

СҮЛЕЙМЕНОВ ҒАБДӨШ (ҒАБДОЛЛА)

Актер.

1928 жылы 18 қаңтарда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданындағы Қазаншұңқыр елді мекенінің Алайғыр ауылында туған.

1949 жылы Алматы театр училищесін, 1952 жылы Ташкенттің театр-көркемсурет институтын бітірген. Қазақ академиялық драма театрына актер болып қабылданып, өмірінің соңына дейін аталмыш театрда жемісті еңбек етті.

Актердің ойнаған рөлдері қатарында Қозы, Қодар, Қарабай (Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Әзімхан (М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абайында»), Еспембет, Көбікті, Нарша (М. Әуезовтің «Еңлік – Кебек»), «Қара қыпшақ Қобыланды» мен «Қарагөзінде»), Хасен (Қ. Байсейітов пен Қ. Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-айында») секілді кейіпкерлер бар.

Киноға да түсіп, «Кездеспей кеткен бір бейне», «Қара маржан», «Омпа», тағы басқа фильмдерде рөлдер ойнады.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1976).

1998 жылы 11 шілде күні Алматыда қайтыс болған.

СЫБАНОВ БОЛАТ

Актер, әнші-композитор.

1938 жылы 10 қаңтар күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жаңа Семей ауданы Изатолла ауылында туған.

1957 жылы Семей облыстық музыкалық драма театрына қабылданады. Қозы, Төлеген (Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібегінде»), Асан (М. Әуезовтің «Қарагөзінде»), Әбіш (Б. Майлиннің «Шұғасында»), Жаяу Мұса (З. Ақышевтің осы аттас спектаклінде), Досым (Қ. Аманжоловтың «Досымның үйленуінде»), Елисатов (К. Треневтің «Любовь Яроваясында»), Иван Позднышев (А. Штейннің «Толасында»), Әскер (У. Гаджибековтің «Аршин мал аланында»), басқа да көптеген рөлдерді орындады.

1977 жылы өткен республикалық әншілер байқауының лауреаты. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1987).

1998 жылы Семей қаласында дүниеден өтті.

СЫЗДЫҚОВ СЕКЕН



Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында 1963 жылы 3 желтоқсанда дүниеге келген.

Астана қаласы мемлекеттік филармониясының әншісі, дәстүрлі ән бөлімінің жетекшісі.

1988 жылғы республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты.









ТАУДАНБЕКҰЛЫ ДӘУІТБАЙ



Күйші, композитор, ақын.

1873 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің бойында дүниеге келген.

Бала кезінен домбыра мен сыбызғыны қатар ұстап, бозбала шағында құрбы-құрдастарына, жеңгелеріне арнап күй шығара бастаған. Жиырма жасында ауқаттылау үйдің қызына ғашық болып, бірақ қыз әкесі оң шырай бермеген соң ол қызды алып қашып, Баян Өлгий жағындағы нағашы жұртына өтіп кетеді. Сол жақта ел ісіне белсене араласады.

«Жалама айдаған», «Ертіс толқыны», «Арна», «Жаяу солдат», «Қайран Бежен», «Тарту», «Арнау» секілді күйлері бар. 1991 жылы жарық көрген «Күй керуен» атты Қарасұлы Сақайдың

кітабында Дәуітбайдың күйшілігі туралы деректер берілген.

1937 жылы қайтыс болған.

ТӘПЕНОВ ЕРСАЙЫН



Режиссер.

1945 жылы 16 қазан күні Семей қаласында дүниеге келген.

1968 жылы Мәскеу қаласындағы театр өнері институтының режиссерлік бөлімін бітірді.

1974-1976 жылдары Мәскеудің сатира театрында еңбек етті.

1968-1974 жылдары қазіргі Семей музыкалық драма театрында режиссер, 1976-1979 жылдары бұрынғы Торғай, 1979-1990 жылдары Қарағанды, 1990 жылдан Павлодар облыстық драма театрларының бас режиссері болды.

М. Әуезовтің «Айман – Шолпаны» мен «Дос – Бедел досын», Ф. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысы» мен «Қозы Көрпеш – Баян сұлуын» («Махаббат туралы поэма» деген атпен), Б. Майлиннің «Шұғасын», Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасын», Т. Ахтановтың «Махаббат мұңы» мен «Күшік күйеуін», Ә. Таразидің «Жақсы кісісін», Д. Исабековтің «Әпкесін», О. Сүлейменов пен Б. Мұқаевтың «Заманақырын», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын», А. Штейннің «Толасын», О. Иоселианидің «Арбаң аман болсынын», Н. Гогольдің «Үйленуін», Еврипидтің «Медеясын», У. Шекспирдің «Асауға тұсауын», басқа да бірталай туындыларды сахналады.

Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1986). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1995).

ТОЙКЕНОВ МАХМҰТ

Әнші.

1963 жылғы 1 маусымда бұрынғы Семей облысы Мақаншы ауданының Бакты ауылында дүниеге келген.

1991 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын концерт әншісі,




2007 жылы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын музыка театрының режиссері мамандығы бойынша тәмамдаған.

2000-2003 жылдары Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы директорының орынбасары, 2003-2009 жылдары К. Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры директорының орынбасары болды. 2009 жылғы 1 маусымда Шығыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының бастығы болып тағайындалды.

Өнер және мәдениет саласындағы ұстаздық тәжірибесі мол.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

ТОКАРЕВ МИХАИЛ



Актер.

1948 жылы 28 тамызда Семей қаласында дүниеге келген.

1970 жылы Новосибирск театр училищесін тәмамдаған. ҚазМУ-ді бітірген.

1973 жылдан Орыс академиялық драма театрының актері. Театр қайраткерлері одағының вице-президенти қызметін атқарған.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі.

ТОЛҒАНБАЕВ ӘЙТІКЕШ

Музыкант, скрипкашы.

1924 жылы бұрынғы Семей облысы Шығыстау ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген.

Арғы тегі Ырғызбайдан тарайды. Өскенбай, Мырзатай, Өсер, Жортар бірге туысады. Өскенбайдан – Құнанбай, одан – Абай, ал Мырзатайдан – Жұман, одан – Толғанбай, яғни Әйтікештің әкесі туады.

1936 жылы Семейде өткен облыстық көркемөнерпаздар олимпиадасында табиғи дарын иесі Әйтікеш бірінші орынды жеңіп алған. Сол жылы Алматыдағы музыкалық-драмалық техникумға оқуға қабылданып, музыка, оның ішінде скрипка әлеміне бойлай түседі.

1941 жылы майданға аттанады. Моздок түбінде жараланып, тұтқынға түседі. Немістер оның музыкант екенін біліп, Бахтың, Моцарттың, Гайднның, Бетховеннің шығармаларын тыңдап, оның орындаушылық шеберлігіне таңғалып, тәнті болысады. Лагерьдің коменданты үлкен талант иесіне бас иіп, оның тірі қалуына жағдай жасап, Германияға жібереді. Тағдыр тәлкегімен Батыс Еуропаны аралып, көптеген қиыншылықтарды басынан өткізген Әйтікеш 1946 жылы еліне оралғанда «Отанын сатқан» деген айып тағылып, 1947 жылы 25 жылға Магаданға айдалады.

Қазақстан Республикасы кәсіпқой скрипка мектебінің негізін салушы, Алматы мемлекеттік консерваториясының бұрынғы доценті, талай тар жол, тайғақ кешуден өткен Ә. Толғанбаевтың сүйегі өз өсиеті бойынша туған жеріне жерленген.

ТӨЛЕГЕНОВА БИБІГҮЛ

Әйгілі әнші.

1929 жылы 16 желтоқсанда Семей қаласында туған.

1954 жылы Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) Н. Самышинаның сыныбы бойынша бітірген.

Ән айтуды көркемөнерпаздар үйірмесінен бастады. Өнер жолына түсуіне бағыт сілтеген әрі тұңғыш дәріс берген орыс жазушысы Г. Серебрякова (сол кезде Семей қаласында тұрған) болды.

1951-1953 жылдары Қазақ радиосының, 1954-1956 жылдары Қазақ академиялық опе-



ра және балет театрының, 1956-1971 жылдары Қазақ филармониясының әнші-солисі болды. 1971 жылдан Қазақ академиялық опера және балет театрында еңбек етіп, 1979 жылдан Алматы консерваториясында педагогтік қызметпен шұғылданды.

Бұлбұл үнді әншінің алуан тақырыпты репертуарында қазақтың халық әндері («Гауһар-тас», «Жиырма бес», т. б.), Қазақстан композиторларының шығармалары (Л. Хамидидің «Бұлбұлы», Е. Брусиловскийдің «Қос қарлығашы», М. Төлебаевтың «Еске алуы», С. Мұхамеджановтың «Көктем вальсі», Н. Тілендиевтің «Кел, еркем, Алатауымасы» т. б.), П. Чайковский мен С. Рахманиновтың романстары, Н. Римский-Корсаковтың операларынан ариялар және



Батыс Еуропа композиторларының (Г. Доницетти, Э. Григ, Ф. Шуберт, т. б.) вокалдық шығармалары бар.

Ән әлемінің бөлек болмысты, ерекше хас шебері өзінің концерттік-орындаушылық өнерін классикалық дәрежеге жеткізді және опера жанрына да елеулі үлес қосты. Жібек (Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде»), Гүлбаршын (Е. Рахмадиевтің «Алпамысында»), Еңлік (Ғ. Жұбанованың «Еңлік – Кебегінде»), Джильда, Виолетта (Дж. Вердидің «Риголеттосы» мен «Травиатасында»), Церлина (В. Моцарттың «Дон Жуанында»), Розина (Дж. Россинидің «Севиль шаштаразысында») партиялары – әншінің опера өнеріндегі жетістіктері.

Біртуар өнерпаз «Дала кызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Бұл Шұғылада болған еді», «Тақиялы періште», тағы басқа фильмдерде өз замандастарының бейнесін жасады. Гастрольдік сапармен Польша, Чехия, Үндістан, Алжир,



Египет, Сирия, Вьетнам, АҚШ-та, басқа да шетелдерде болды.

1957 және 1958 жылдары Мәскеу қаласында өткен әншілер байқауының лауреаты. КСРО (1970) және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1966) иегері. Социалистік Еңбек Ері (1991), Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. Қазақстан (1958) және КСРО (1967) халық әртісі. Профессор.

ТӨЛЕНБАЕВ ЖАНҚАЛДЫБЕК

Актер.

1973 жылы 3 маусымда бұрынғы Семей облысының Ақсуат ауданында дүниеге келген.

1980-1990 жылдары Ақсуат орта мектебінде оқиды.



1990-1991 жылдары аудандық Мәдениет үйінде кино-механик болған. 1995-1999 жылдары Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институтында Р. Машурованың сыныбы бойынша оқыған.

1999 жылдан Қ.Қуанышбаев атындағы Астана музыка-

лық драма театрында қызмет істеп келеді. 2004 жылдан «Астана-думан» әзіл-сықақ театрында және 2006 жылдан Президенттік мәдениет орталығының Ұлттық дәстүрлі театрында қосымша қызмет атқарады. 2007 жылдан «Астана» телеарнасындағы «Езутартар» бағдарламасын жүргізуші.

2001 жылғы халықаралық «Шабьт» фестивалінің лауреаты, 2002 жылғы «Тазша бала» байқауының Гран-при иегері. 2004 жылы Қазақстан Театр қайраткерлері одағының, 2007 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет Грамоталарымен марапатталған.

ТӨЛЕНБАЕВА КЛАРА



Әнші.

1976 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылында дүниеге келді.

Ақсуат балалар музыка мектебінде баян сыныбы бойынша оқыған. 1993 жылы орта мектепті аяқтап, Семейдегі М. Әуезов атындағы педколледжге түсті. 1996 жылы аталған оқуды тәмамдап, Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияға дәстүрлі ән бөлімі бойынша Б. Тілеуханның сыныбына қабылданды. 2003 жылы осы оқу орнындағы аспирантураны бітірді. Қазіргі таңда Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер уиверситетінде дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуде. Шәкірттері халықаралық және республика көлеміндегі байқауларда жүлделі орынға ие болып жүр.

М. Уәлиқызы атындағы халықаралық байқаудың, К.Әзірбаев атындағы республикалық байқаудың бас жүлдегері. Халықаралық «Шабьт» фестивалінің, Ә. Қашаубаев атындағы республикалық әншілер байқауының 1-орын иегері.

ТҰРАРОВА ПЕРИЗАТ

Әнші.

1984 жылы 25 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында дүниеге келген.



2001 жылы орта мектепті бітіріп, 2002-2008 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында дәріс алған. Қазіргі таңда Астана қаласының мемлекеттік филармониясында солист.

Республикалық «Асыл мұра» және Д. Рақышев атындағы байқаулардың лауреаты. Ә. Қашаубаев атындағы республикалық байқаудың бас жүлдегері. 2009 жылы Сауд Арабиясының Әр-Риад және Джидда қалаларында өткен Қазақстанның мәдениеті күндерінде, 2010 жылы Шанхай қаласында өткен «Шанхай экспо» дүниежүзілік көрмесінде өнер көрсеткен.

ТҰРҒАНБАЕВ ӘДІЛ



Әнші.

Шығыс Қазақстан облысының тумасы.

Орта мектепті Күршім ауылынан бітіріп, 1992-1995 жылдар аралығында Семей қаласындағы музыкалық училищеде, 1995-1999 жылдары Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның халық әні кафедрасында білім алды.

С. Тұрысбековтің «Секеннің саз отауы» ансамблінде, «Көпен келе жатыр» театрында, Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінде, «Серпер» тобында өнер көрсетті. Республикалық «Қазақстан», «Хабар» телеарналары ұйымдастырған «Тамаша», «Алтыбақан», «Ән мен әнші», «Шаншар» бағдарламаларына қатысты. Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларында, Моңғол Халық Республикасының Баян Өлгий аймағында, Қы-

тай Халық Республикасының Алтай аймағында өнер сапарында болған.

ТҰРДЫҒҰЛОВ ЖОЛАУШЫ

Суретші, ұлттық саз аспаптарын жасау шебері.

1950 жылы 15 шілдеде Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл ауданында дүниеге келген.

1974-1977 жылдары Н. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін театрдың қоюшы-суретшісі мамандығы бойынша үздік дипломмен, 1992 жылы Абай атындағы ҚазМПУ-дің көркемсурет-графика факультетін бейнелеу өнері, сызу және еңбек мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

1977-1985 жылдар аралығында Марқакөл ауданының мәдениет бөлімінде халық театрының қоюшы-суретшісі болды. 1985-1992 жылдары Алматы қаласы «Казреставрация» бірлестігінің қалпына келтіруші-суретшісі. 1993 жылдан қазіргі уақытқа дейін Абай атындағы ҚазҰПУ-де көркемсурет-графика факультетінің қолөнер кафедрасында еңбек етуде.

Осы уақытқа дейін 2000-ға тарта домбыра, 100-ге жуық қылқобыз және 20 жетіген, тағы басқа ұлттық саз аспаптарын жасады.



ҚР мәдениет қайраткері. ҚР Суретшілер одағының мүшесі. 1989 жылы КСРО Мәдениет министрлігі мен Мәдениет қызметкерлері кәсіподағы орталық комитетінің Грамотасымен марапатталған. 1996 жылы «Үкілі домбыра» үшінші республикалық сайысында бас жүлдені иеленіп, «Алтын домбыра» арнайы сыйлығының жеңімпазы атанды. 1998 жылы Австрияның Мольн қаласында өткен варгандық музыканың III халықаралық конгресінің лауреаты. 2006 жылы қылқобыз жасаушылардың үздік шеберін анықтауға арналған «Дана қобыз» республикалық байқау-бәйгесінің бас жүлдегері және «Алтын қобыз» арнайы сыйлығының тұңғыш иегері. 2009 жылы Түрікменстанның Ашхабад қаласында өткен «Әлем жауһарлары» атты халықаралық ғылыми-шығармашылық фестивалінің лауреаты.

ТҰРЫСБЕКОВ СЕКЕН

Күйші.

1961 жылы 12 наурыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының 1 Май ауылында дүниеге келген.

Семей музыка училищесінде дәріс алды. Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) М. Әубәкіровтің жетекшілігімен бітірді. «Сазген» ансамблі құрамында еңбек етті. Еуразия университеті жанындағы «Қоңыр қаз» ансамблінің және «Ақ жауын»



мемлекеттік камералық оркестрінің көркемдік жетекшісі.

«Көңіл толқыны», «Ақ жауын», «Балауса», «Дарабоз», тағы басқа күйлердің және «Аққу сазы», «Ерке құсым», «Көктемім менің», «Қоңыр қаз», «Шағала» әндерінің авторы.

Қазақстан Комсомолы сыйлығының, 1985 жылғы республикалық «Жігер» фестивалінің, Мәскеуде өткен жастар мен студенттердің XII дүниежүзілік фестивалінің лауреаты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі.



«Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінің ұжымы







ҮДЕРБАЕВА БАҚЫТ



Әнші.

1950 жылы туған.

Сегіз жылдық мектепті бітіріп, 1967 жылы М. Төлебаев атындағы музыка училищесіне оқуға түседі.

Шығармашылық жолын 1970 жылы Семей облыстық филар-

мониясында әнші болып бастайды.

«Бақыт Үдербаева ән шырқайды» атты күйтабағы мен телефильмі жарыққа шыққан.

1975 жылы бүкілодақтық әншілер байқауының дипломанты, 1980 жылы Ә. Қашаубаев атындағы республикалық әншілер байқауының бірінші жүлдегері болды.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1989). «Кұрмет» орденінің иегері.







ШӘЖЕНОВ ХАЛЕЛ

Актер, режиссер.

1908 жылы 25 наурыз күні қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында дүниеге келген.

1932-1934 жылдары ҚазПИ-де оқыды. 1938 жылы Ленинград (Санкт-Петербург) сахна өнері техникумының қазақ студиясын бітірді. Сол жылы Шымкент облыстық қазақ драма театрына қабылданды. Осы театрда актер, кейіннен режиссер болып қызмет етті.

Театрда қойылған спектакльдерде Чапаев (Д. Фурмановтың осы аттас спектаклінде), Президент (Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатында»), Березовский (М. Әуезов пен Ә. Тәжібаевтың «Ақ қайынында»), Бекежан (Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібегінде»), тағы басқа рөлдерді орындады.

Режиссер ретінде М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегін», «Айман – Шолпанын», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуын», «Ақан сері – Ақтоқтысын», М. Ақынжановтың «Исатай – Махамбетін» сахналады.

Ұлы Отан соғысына қатысқан.

1943 жылдың 25 шілдесінде Украина жеріндегі Харьков қаласының маңында қайтыс болған.

ШӘКӘРІМ ЖАРҚЫН

Домбырашы, музыка зерттеуші.

1947 жылы 4 мамыр күні Шығыс Қазақстан облысының Аягөз қаласында туған.



1968 жылы Қарағанды музыкалық училищесін, 1973 жылы Алматы консерваториясын бітірген.

1973-1976 жылдары Мәскеудегі Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасының Алматы күйтабаққа жазу студиясында аға редактор, 1976-1980 жылдары «Жалын» баспасында редактор, 1980-1982 жылдары Республикалық музыка аспаптары мұражайының директоры, 1982-1983 жылдары Қазақ филармониясында күйші-лектор болды. 1983 жылдан Қазақ теледидарының музыка бағдарламалары бас редакциясының редакторы, бөлім меңгерушісі бола жүріп «Замана бұлбұлдары», «Домбыра сазы», «Терме», «Шашу», «Музыкалық киножылнама», «Күй-шежіре», «Инжу-маржан» тәрізді хабарларды жарыққа шығарды. «Сазген» фольклорлық ансамблін ұйымдастырушы (1980), алғашқы көркемдік жетекшісі.

Әміре Қашаубаевтың фонографқа жазылған (1925) «Ағашаяқ», «Смет», «Бесқарагер», «Жалғыз арша», «Үш дос», «Балкадиша», «Дударай» әндері ұнтаспасын Мәскеудің Орталық мұрағатынан тауып (1974), С. Қожамқұлов, Ә. Марғұлан, С. Бегалин, Ж. Елебеков, Ә. Байжанбаевтардың қатысуымен күйтабағын автор ретінде шығарды (1975). «Әміре» (1977), «Ән жұлдызы» (1978), «Амре Қашаубаев» (орыс тілінде, 1980), «Малайсары биден Шәмілге дейін» (1997), «Ән асқары» (1998), «Құрманғазы» (ғылыми кеңесші, 1998), «Нұрғиса Тілендиев» (Дариға Тілендікелінімен бірлесіп жазған, 2003) кітаптарының авторы. «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы АҚ жобасы бойынша жарыққа шыққан «Мәңгілік сарын» деп аталатын қазақ күйлерінің антологиясын (255 күй топтастырылған) шығаруға үлес қосып (2005), жауапты редактор болды.

Ұмытыла бастаған көне саз аспабы – үш ішекті домбырада шебер орындаушы, насихаттаушы. Репертуарында «Жорға аю», «Көктобел», «Кеңес», «Үзбе», «Толғау», «Қыз мұңы», «Қабанбай» сияқты халық күйлері, Нұрғалидың «Көк қаршыға» күйі, өзі шығарған «Анадан аманат», «Абыралыдағы ата зары», «Дүние кезек», тағы басқа күйлер бар.

Мәскеуде өткен XII дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің (1985) дипломанты, КСРО Бүкілодақтық «Білім» қоғамының медалімен марапатталған (1989). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998).

ШҮКІМАНОВ ЕРКІН


Әнші.

1973 жылы 5 қыркүйекте бұрынғы Семей облысы Мақаншы ауданының Жарбұлақ ауылында туған.

1990 жылы Ақсуат ауданы Сұлутал ауылында Қ. Сәтбаев атындағы орта мектепті бітіріп, 1991-1996 жылдары Шәкерім атындағы Семей университетінің филология факультетінде оқыған. 1996 жылы Алматыдағы Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне Қ. Байбосыновтың сыныбына қабылданды. 1999-2004 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халық әні кафедрасында Б. Тілеухановтың сыныбы бойынша оқыған. 1999 жылдан «Қазақконцерт» бірлестігінің әншісі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұстаздық етеді.

«Біржан сал» фильміне Б. Қожағұлұлының «Айтбай», «Жалғыз арша», «Сырғақты», «Ләйлім шырақ», «Жанбота», «Теміртас» әндері Еркін Шүкімановтың орындауында енген.

1998 жылы республикалық Ж. Елебеков атындағы әншілер байқауының, 2000 жылы халықаралық «Шабыт» фестивалінің, 2002 жылы республикалық Ә. Қашаубаев атындағы әншілер байқауының лауреаты атанды. ҚР мәдениет қайраткері.







Ы



ЫБЫРАЕВ ТҰРАШ

Актер, радио және телевизия режиссері.

1929 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Шұбартау ауданының Шұбартау ауылында дүниеге келген.

1954 жылы Мәскеу қаласындағы театр өнері институтының қазақ студиясын бітіргеннен кейін Қазақ академиялық драма театры құрамында актер болды. 1960 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ радиосы мен телевизиясында қызмет етіп, «Сенім», «Құрманғазы», «Ақ автомобиль», «Жаз да аяқталып келеді» телефильмдерін, 2 бөлімді «Еңлік – Кебек» пен «Беу, қыздар-ай» фильм-спектаклін, 50-ден аса деректі телефильм түсірген.

Қазақстанның халық әртісі (1989).

1991 жылдың 7 қарашасында Алматыда қайтыс болған.

ЫНТЫҚБАЕВ ЕРКЕН



Композитор, продюсер.

1960 жылғы 2 тамызда Өскемен қаласында дүниеге келген.

1974 жылы музыка мектебінің фортепьяно сыныбын бітірген. 1974-1979 жылдары музыкалық училищеде, 1979-1985 жылда

Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда білім алды.

1985 жылдан Қазақ мемлекеттік облыстық филармониясының жанындағы «Арқас» тобында, 1987 жылдан «Дос-Мұқасан» тобының, 1989 жылдан «Арай» тобының құрамында музыкант болды. 1999 жылдан Т. Жүргенов атындағы академияда, К. Байсейітова атындағы мектепте ұстаздық етті.

1997 жылы «Мэри Лонг», 1998 жылы «Аян» топтарын құрды (бұл топтар республикалық, халықаралық фестивальдерге қатысып, байқаулардың жүлдегері атанды).

Бірнеше деректі фильмдерге музыка жазды.

«Анажан», «Алматым – Астанам», «Жерім – жаннатым», «Қазақ елі», «Жұлдызды жылдар», «Ертегіге – ертеңіме сенемін», «Арманға арнау», «Күлімдеген көздер», «Анық-қанығым», «Алтын сағым», «Қара маған, кара», «Бұлбұл сайрасын», «Арман-ай», «Ән канатым», «Алматым менің», «Ақ ордам – Астанам», «Мәңгі іздеймін», «Өмірде мына сен барсын», «Закон разлук», «Белый стих», «Королева», «Цветы», «Я тебя люблю», тағы басқа да көптеген әндердің; «Жанель», «Анель» фортепьяноға арналған пьесаларының; «Откровение», «Прикосновение», «Моим друзьям» аспаптық шығармаларының авторы.

1974 жылы Алматы қаласында өткен республикалық пианиношылар байқауының I орын иегері, 2001 жылы «Алтын диск» жүлдесінің «Ең үздік ән» аталымы бойынша «Қазақ елі» әні үшін жеңімпаз атанды. 2005 жылы «Алматы туралы ең үздік ән» байқауында «Алматым менің әні» үшін дипломға, 2007 жылы Астана қаласының 10 жылдығына арналған әндер байқауында «Ақ ордам – Астанам» әні үшін арнайы сыйлыққа ие болды.







ИЛИЯСОВА МАЙРА




Әнші, продюсер.

1956 жылы дүниеге келген.

«Майра» продюсерлік орталығының жетекшісі.

Түрлі деңгейдегі көптеген ән байқауларының жеңімпазы және жүлдегері.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
«Құрмет» орденінің иегері.











М А З М У Н Ы

Ұлт ұлылары ұшқан ұя4

Сөз зергерлері

Абай.....	10
Абайұлы Ақылбай.....	15
Абайұлы Мағауия.....	15
Абайұлы Мекайыл (Мекеш).....	15
Абайұлы Тұрағұл.....	16
Абылқасымов Айжарық.....	16
Абылқасымов Болатжан.....	16
Айтұлы Несіпбек.....	16
Ақатай Сәбетқазы.....	17
Ақтайлақ би.....	18
Ақтамберді жырау.....	18
Ақынжанов Мұсатай.....	18
Алексеев Николай.....	18
Алтай Асқар.....	19
Алтынбаев Қалихан.....	19
Аманжол Қасым.....	20
Аманжолов Алтай.....	20
Аманжолов Сәрсен.....	21
Ақылбайұлы Әубәкір.....	22
Ақыш Нұрдәулет.....	22
Алшынбаев Тұрдыбек.....	23
Апашбайұлы Арғынбек.....	23
Асқаров Әлібек.....	23
Асылбек Еділ.....	24
Аханов Кәкен.....	24
Ахметжан Талаптан.....	24
Ахметжанова Зәуреш.....	25
Ахметов Ержан.....	25
Ахметов Ерлан.....	26
Ахметов Заки.....	26
Ахметова Сакина.....	27
Әблешев Заманбек.....	30
Әбенев Шәкір.....	30
Әбдікәкімов Тыныштықбек.....	31
Әбдірайым Толымбек.....	31
Әбдірахманов Төкен.....	31
Әбдірахманова Тұрсынхан.....	32
Әбішева Сайраш.....	32
Әдібаев Хасен.....	32
Әзімжанова Гүлсім.....	33
Әлжанов Отыншы.....	33
Әлімбетов Сапарғали.....	33





Әміренов Тәңірберген	33
Әріпжан Токтархан	34
Әсемқұлов Таласбек	34
Әскербекқызы Жанат	34
Әубәкіртегі Қарлығаш	35
Әуезов Мұхтар	36
Әукебаев Есет	38
Әшімханұлы Дидахмет	39
Бабатайұлы Дулат	42
Байбатыров Ғалым	42
Байбатырұлы Имашхан	42
Байғара би	43
Байғотан би	43
Баймұратов Нұрлыбек	43
Байхонов Серік	44
Балшабеков Хамит	44
Батыр Дәлелбек	44
Бегалин Сапарғали	44
Бегеш шешен	45
Бейсенов Жабайыл	45
Бейсенова Шәрбану	46
Беков Орынбек	46
Бердіұлы Есентай	46
Берікқажыұлы Дәурен	47
Боқаев Қуанбек	47
Бөжеев Мұратбек	48
Бөжеев Оралхан	48
Буланова Зоя	49
Бүркітбайұлы Жүніскан	49
Бікеұлы Мүрсейіт	50
Васильев Павел	52
Волков Александр	52
Гребенщиков Георгий	54
Ғаббасов Сабыржан	56
Ғаббасов Советхан	56
Ғабдуллаұлы Серік	57
Ғафуров Аслан	57
Дүйсенғазин Серікзат	60
Егеубаев Асқар	62
Егоров Александр	62
Елгезек Ақберен	63
Елғон Елтай	63
Елеукенов Шериаздан	63
Елікбаев Серік	64
Елубай Оңдасын	64
Ережекызы Әсем	65
Еремеев Сергей	65
Ерқасов Көпен	65
Есдәулет Ұлықбек	65
Есдәулетов Айтмұханбет	66
Еспенбетов Арап	67
Есімжанов Төлеуғали	67
Ешенұлы Талғат	67
Жақиянов Серікхан	70
Жаксылыков Аслан	70
Жақып Бауыржан	71
Жақыпов Есенгелді	71

Жанболат Серікбек.....	71
Жанғалиев Төлеген.....	72
Жанпейісов Ербол.....	72
Жанұзакова Фарида.....	72
Жанұзақұлы Әрімжан.....	73
Жаппасұлы Еркін.....	73
Жанұзақ.....	73
Жанатайұлы Көкбай.....	74
Жәкенов Заманбек.....	74
Жәнібек Қызыр.....	74
Жетпісбаева Бигүл.....	75
Жобалай би.....	75
Жомартбаев Тайыр.....	75
Жұмаділов Қабдеш.....	76
Жұматов Серік.....	77
Жұмаханов Жекен.....	77
Жұртбай Тұрсын.....	78
Жүнісова Күлиман.....	78
Жүнісов Ахмет.....	79
Жүсіпов Нартай.....	79
Зайтов Ринат.....	82
Законұлы Тұрсынхан.....	82
Заутдин Шәмші.....	82
Зәкенов Кенесхан.....	82
Ибраев Әділ.....	86
Ибраева Ғалия.....	86
Ибрагимов Төкен.....	86
Иванов Анатолий.....	87
Игісін Құсыман.....	87
Игісінов Жұмағазы.....	88
Исабайұлы Бекен.....	88
Исақанова Ғалия.....	89
Исмаилов Төлеужан.....	90
Исса (Исабаев) Сая.....	90
Кәкенов Абаш.....	92
Кәпұлы Дәулеткерей.....	92
Кәріпжанәулеті Аманғазы.....	93
Кемелбаева Айгүл.....	93
Кенжеғұлова Нарбин.....	94
Кенжеғұл шешен.....	94
Кенесбаев Талғат.....	94
Кенгірбай би.....	94
Кереева-Қанафиева Қалсім.....	95
Көбдіков Төлеу.....	95
Көксегенов Акаш.....	95
Кузнецов Павел.....	96
Курдаков Евгений.....	96
Қабанбайұлы Марат.....	98
Қабышұлы Ғаббас.....	98
Қайран Әбубәкір.....	99
Қайсенов Қасым.....	99
Қайырбеков Әділғазы.....	101
Қайыртайұлы Рүстем.....	101
Қалиев Ғабдолла.....	101
Қалиев Серік.....	102
Қамшыгер Саят.....	102
Қантарбаев Әлібек.....	102





Қараев Мылтықбай.....	103
Қарамендин Сейітқали	103
Қасенұлы Тұрлықан.....	103
Қасиманов Садық.....	103
Қасқабасов Сейіт.....	104
Қасымов Айтмұхамбет	105
Қойтанұлы Жәке	105
Қоңыров Тұрағұл	105
Қорабай Серікқазы	105
Қордабаев Төлеубай.....	106
Қуантайұлы Нұржан	106
Құдайбердіұлы Шәкерім	107
Құлахмет Ғабиден.....	109
Құмарбеков Мүсілім	109
Құмарұлы Кәп	110
Құнанбайұлы Есенсары.....	110
Құсанбаев Серік	110
Қыдырханұлы Уақап	111
Қызықбай Тоқтарбек	111
Мағауин Мұхтар.....	114
Мамыраев Бейбіт	114
Маратұлы Фархат.....	115
Матайұлы Сейітқазы	115
Матыжанов Кенжехан.....	115
Машаков Сәду	116
Мәзібаев Талғат.....	116
Мәукенұлы Нұрлан	117
Мироголов Виктор.....	117
Молдажанов Ілияс	117
Молдаханов Әдебиет	118
Мусин Меңғали	118
Мұқамәдиқызы Егеухан	118
Мұхамедханов Қайым	119
Мұқанова Роза	120
Мұсаұлы Ырысхан	120
Мұстанбаев Ыдырыс	121
Мұхаметқалиқызы Алмахан	121
Нақтыбайұлы Есімжан	124
Назырбаев Қайырды	124
Найманбайұлы Әсет	125
Немцов Михаил	126
Нұқай Тұрғазы	126
Нұрғалиев Рымғали	126
Нұрқасым Құсмілия.....	128
Нұршайықов Әзілхан.....	128
Нілібаев Әубәкір	129
Олжай Қайнар	132
Омарбаева Дәметкен.....	132
Омар Құралай.....	133
Оразалин Кәмен	133
Оразалинов Сұлтан.....	133
Оразбек Мактағұл	134
Оспанов Мұратбек	134
Оспанов Омарғазы	134
Өскенбайұлы Құнанбай.....	136
Пермитин Ефим.....	138
Раисова Бакытжан.....	140

Рақымжанұлы Төлеген	140
Рамазан Айгүл	140
Рамазан Думан	140
Рахымжанов Келіс	141
Рәш Мыңбай	141
Рымжанов Таулық	142
Сабырбайқызы Қуандық	144
Сағындықұлы Жанак	144
Сақабайұлы Көкей	144
Салықбай Гүлнар	144
Сапаев Ғазиз	145
Сапаралы Бейбіт	145
Сарин Қалқаман	145
Сасан би	146
Сахариев Баламер	146
Сәрсекке Медеу	146
Сәукетай Тұрысбек	147
Сегізбай Кәдірбек	147
Сейсенбаев Роллан	148
Сейітжан Зұфар	148
Сейітханов Амангелді	149
Сұлтанбеков Мұрат	149
Табеев Қайым-Мұнар	152
Тасқараұлы Азамат	152
Тастағанов Мұрат	153
Тауасаров Әділбек	153
Тәнірбергенов Әріп	153
Тоқтамысова Сара	153
Төгісов Көлбай	154
Туғанбаев Қашаф	154
Тұңғатарұлы Кәрібай	155
Тұрсынбаева Айнұр	155
Тұрсынбаев Бәдел	155
Түгел Сәдібек	155
Тілегенов Бекежан	156
Тілеужан Нұртай	156
Тілеужанұлы Зейнолла	157
Тілеуханов Төлек	157
Ұзақбаева Күләнда	160
Филатов Валентин	162
Хамзин Тоқтарбек	164
Хасенов Мұхамметқали	164
Хасенов Нұркенже	164
Черепанов Дмитрий	166
Черных Станислав	166
Шабданұлы Қажығұмар	168
Шанбай Тұрдықұл	168
Шәкерімұлы Ахат	169
Шәкерімұлы Зият	169
Шәкеев Нұрғазы	169
Шәріпжан Тоқтархан	170
Шәріпов Әди	170
Шмидт Александр	170
Шондыбаев Уәйс	171
Щербаков Борис	172
Ыбыраев Жүніс	174
Ыбыраев Мерғали	174






Ысқақ Қалихан	174
Ысқақұлы Кәкітай.....	175
Ысқақов Ахмеди	176
Ілиясұлы Қажытай	178
Юровская Ольга	180
Юсуп Кеңес	180

Мәдениет майталмандары

Абдуллин Мүсілім	186
Абдуллин Ришат	186
Аввакумов Виктор	187
Азубаев Гибрат.....	187
Айдаболов Уәли	187
Аймағамбетов Ақкенже.....	188
Айнағұлова Күлшара	188
Александров Николай	188
Алибасов Бари	188
Алпысбаев Ахметхан.....	189
Апрымов Серік.....	189
Аралбай Төлеубек	189
Атаханов Нуритдин	190
Ахметжанов Арғынбек.....	190
Ахметова (Молодова) Гүлжазира	190
Ахметова Шайза (Шаһизада)	191
Аюханов (Қуатов) Болат	191
Әбдірахманова Гүлсім.....	196
Әбуғазы Мұрат	196
Әбішев Ораз.....	196
Әкелеев Сахан	197
Әкімов Дінмұхамед	198
Әуезбаева Раушан	198
Әшімбаев Сапарбек.....	198
Әшірбаев Болат	199
Баева Татьяна	202
Базарбаев Теміржан	202
Байдалина Роза.....	202
Байжанбаев Әнуарбек	203
Байкенов Райысхан	203
Баймағамбетов Рамазан.....	203
Байырманов Хасен	204
Бегалин Мәжит	204
Бейсембеков Аймұхамет	204
Бекхожина Талига	205
Белбаев Байкенже	205
Белослюдов Виктор	205
Бирюков Василий	206
Болтаева Хайна	206
Боранбаев Өмірбек.....	206
Фаббасова Гүлмира және Гүлнара	208
Ғабитов Тұрсын	208
Ғазизұлы Айдарбек	209
Ғафуров Қайырлы	209
Дәрменқұлов Мейрамғали.....	212
Дәстенов (Жолдыбай) Жолан.....	212
Досмағамбетова Гүлшара.....	212

Досымжанов Байгали	213
Досымжанов Қадыр	213
Дүйсеков Ғали	214
ЕлеуKENOVA Гүлжауһар	216
Ерғалиева Райхан	216
Еруова Күлшат	216
Есдәулетова Бағдат	216
Есдәулет Рүстем	217
Есенгелдинова Сая	217
Есенғұлова Шахарбанум	217
Ешкеев Мәдениет	218
Жамақаев Бекен (Бекенғали)	220
Жанболатов Мұратбек	220
Жанияров Олег	220
Жаңбырбаев Әбілқасым	221
Жолжақсынов Досхан	221
Жолжақсынов Ерік	222
Жұмағұлов Оразғали	222
Жүндібайұлы Назаролла (Ағашаяк)	222
Жүнісов Қанат	223
Жүнісов Уатхан	223
Жылысбаев Бекен	223
Забирова Толқын	226
Имаханов Бекен	228
Иісова Тұратай	228
Какиев Арыстанбек	230
Кәрменов Жәнібек	230
Кетегенова Нұрия (Алтын)	231
Көпенұлы Берікбол (Ағашаяк)	231
Көшерев Оралхан	231
Кішкейұлы Итеш	231
Қабылбаев Мәдениет	234
Қазыханова Бәтеш	234
Қамбаров Жұмабек	234
Қашаубаев Әміре	235
Қожабергенев Оспанғали	235
Қуандықов Қажығұмар	236
Құжыманов Ерлан	236
Құжыманов Жоламан	236
Құжыманов Тельман	237
Құмақайұлы Кәлек	237
Құрманғалиева Жанна	238
Қыдыралин Сіләмбек	239
Максұтов Мұрат	242
Манап Мұхтархан	242
Мащипуло Олег	242
Мәліков Ернар	242
Мекішев Бахтажар	243
Мұқанов Флобер	243
Мұқышев Талғат	243
Мұхамеджанов Төлеген	244
Мұхамедиярова Раиса	245
Мұхамедқызы Майра	245
Мұхаметсадықов Сералы	245
Мыржықбай Кенжеғали	246
Назарбек Кентау	248
Ноғайбаева Гүлдана	248



Нұразхан Алмас	248
Нұразхан Еркін	249
Нұрмұхамедов Нағымбек	249
Нұрпейіс Бақыт	250
Омаров Ақыш	252
Омаров Берік	252
Оразбеков Әлімбек	252
Өгізбаев Жағда (Жаһуда)	254
Өлмесеков Келденбай	254
Өмірзакова Әмина	255
Өтепбергенов Меңтай	255
Попов Евгений	258
Рақымов Әубәкір	260
Рақымов Хайдар	260
Рахимов Тұрсынғазы	260
Рахмадиев Еркеғали	261
Рахымбаев Мәулет	261
Рымбаева Роза	262
Рысқали Ерлан	263
Сағымбаев Маулұтхан	266
Сағымбаева Баян	266
Садықова Уәсила	266
Сайыров Ерлан	267
Сакатов Марат	267
Салыков Максұт	267
Салыков Медет	267
Сарин Ербол	268
Сарина Гүлмира	268
Саябөлекұлы Бағаналы	268
Сәкиева Күләш	269
Сейітқазин Оразғали	269
Сембаев Толғанбай	269
Серік Токтар	270
Смағұлов (Ысмағұлов) Бақытжан	270
Степанов Анатолий	270
Сүлейменов Ғабдәш (Ғабдолла)	271
Сыбанов Болат	271
Сыздықов Секен	271
Тауданбекұлы Дәуітбай	274
Тәпенев Ерсайын	274
Тойкенов Махмұт	274
Токарев Михаил	275
Толғанбаев Әйткеш	275
Төлегенова Бибігүл	275
Төленбаев Жанқалдыбек	276
Төленбаева Клара	277
Тұрарова Перизат	277
Тұрғанбаев Әділ	278
Тұрдығұлов Жолаушы	278
Тұрысбеков Секен	279
Үдербаева Бақыт	282
Шәженов Халел	284
Шәкәрім Жарқын	284
Шүкіманов Еркін	285
Ыбыраев Тұраш	288
Ынтықбаев Еркен	288
Ілиясова Майра	290



УДК 94(57,4+031)
ББК 63,3(5Қаз)8я2
Ш97

Ш97 Шығыс жұлдыздары.

Энциклопедиялық анықтамалық.

Т.1. – 304 б. – Астана: Фолиант, 2011.

ISBN 978-601-292-358-2

Қасиетті қазақ жерінің шұрайлы да шырайлы Шығыс өңірі тек таңғажайып табиғатымен, жерінің асты-үстіндегі қазына-байлығымен немесе әлеуметтік-экономикалық әлеуетімен ғана ерекшеленбейді. Шығыс Қазақстан – әрісі әлемдік деңгейде, берісі республика көлемінде кең танымал талант иелерінің, туған өлкенің ғана емес, тұтас ел-жұртының мерей-мәртебесіне айналған тұғырлы тұлғалардың құтты ордасы. Яғни, бұл өлке ең алдымен тамаша перзенттерімен, өрелі өрендерімен маркаяды. Әрі олар қай саладан да көптеп табылады.

«Шығыс жұлдыздары» деп аталатын бұл екі томдық энциклопедиялық анықтамалыққа, міне, өңірдің осындай танымал таланттары, әр саладағы өзіндік үні бар өкілдері, арғы-бергі тарихтағы көрнекті адамдары жайлы қысқаша өмірбаяндық деректер топтастырылды.

Анықтамалықтың қолдарыңыздағы бірінші томы сөз өнері мен мәдениет өкілдері туралы мәліметтерді қамтиды.

Еңбек пен ерлікті құрметтеуге, тарихты түгендей түсуге қызмет ететін және ұрпақ тәрбиесіне сөзсіз игі әсері бар анықтамалық көпшілік қауымның қажетіне жарап, туған өлкенің толағай тұлғалары туралы таным-түсінігін кеңейтуге сеп болары күмәнсіз.

УДК 94(57,4+031)
ББК 63,3(5Қаз)8я2

ISBN 978-601-292-358-2
ISBN 978-601-292-357-5

© «Фолиант» баспасы, 2011



Шызыс жұлдыздары

Энциклопедиялық анықтамалық

1-том

СӨЗ ЗЕРГЕРЛЕРІ

•
МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ

Құрастырушылар: *Ұлықбек Есдәулет, Қуат Құрмансейіт, Дәулеткерей Кәпұлы*

Шығарылымға жауапты *Р. Тұрлынова*

Техникалық редакторы *Э. Заманбек*

Редакторлары *Қ. Құрмансейіт, М. Абсалықова, Г. Оспанова*

Дизайнері *Ж. Қазанқаров*

Корректоры *А. Рысқұлқызы*

Компьютерде беттеген *Д. Кенжебекова*

Кітапта Әлібек Асқаров, Дидар Әлібек, Аслан Жуасов, Ерлан Карин, Жеңіс Кәкенұлы, Қайырды Назырбаев, Есімхан Орынбаев түсірген фотосуреттер қолданылды

Басуға 26.04.2011 қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 35,34. Тапсырыс № 104. Таралымы 1000 дана.

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана, Ш. Айманов көшесі, 13; тел./факс: 8 /7172/ 39-54-59;

e-mail: foliant@foliant.kz

www.foliant.kz